

АБАЙДЫҢ ТАКСОНОМИЯСЫ

Білу, түсіну және қолдану

Абай институтының
электрондық басылымдары
1-том

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

АБАЙДЫҢ ТАКСОНОМИЯСЫ

Білу, түсіну және қолдану

Абай институтының
электрондық басылымдары
1-том

Алматы
Абай институты
2022

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

А13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының
Ғылыми-редакциялық кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 20 қыркүйек 2022 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), С. Ашимханова, Қ. Әбдезұлы, Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали,
Т. Есембеков, Б. Жақып, А. Жақсылықов, Б. Жолдасбекова, Қ. Мәдібаева,
Л. Мұсалы, З. Сейітжанов, Ө. Тарак, Т. Тұяқбай, А. Темірболат, Д. Ысқақұлы

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Әбдезұлы

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Электрондық басылымды дайындағандар:

Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы

Авторлар ұжымы:

Ж. Дәдебаев, Д. Ысқақұлы, Қ. Мәдібаева,
С. Жусанбаева, Р. Әбдіқұлова, Л. Мұсалы, Б. Даутова

А13 **Абайдың** таксономиясы. Білу, түсіну және қолдану: монография / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев; электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022. – 263 б.

ISBN 978-601-04-6043-0

«Абайдың таксономиясы» деп аталған ұжымдық монографияда «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасы бойынша орындалған зерттеу жұмыстарының басты нәтижелері жарияланған. Онда Абай ілімінің, оны білудің, түсінудің және қолданудың танымдық деңгейлері иерархиясының өзекті, маңызды мәселелері қарастырылған.

Еңбек жоғары оқу орындарында білім алушыларға, жас ғалымдарға, жоғары мектеп оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне пайдалы болады деп күтіледі.

Монография №АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасы негізінде жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-6043-0

© Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022

© Авторлар ұжымы, 2022

КІРІСПЕ

Монографияда Абай ілімінің қазіргі таңдағы аса өзекті, әлеуметтік мәні зор іргелі мәселелері қарастырылған. Монография авторлары – «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (2020-2022) деп аталатын ғылыми жобаның орындаушылары. Зерттеу еңбекте осы аталған жоба бойынша орындалған жұмыстардың негізгі нәтижелері көрініс тапқан. Жоба мазмұнының жүйесін ұстап тұрған тірек ұғымдар – Абай ілімі, білу, түсіну, қолдану. Білу, түсіну, қолдану – Абай ілімінде негізделген танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесінің басты құрамдастары. Ықшамдап айтқанда, оны *Абай таксономиясы* деп атауға болады. Монография тараулары Абай таксономиясы мәселелерімен бірлікте, байланыста.

Монография кіріспе мен қорытындыдан (кіріспе мен қорытындыны Ж.Дәдебаев жазды), сегіз тараудан тұрады. Бірінші тарау «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» деп аталады. Тарауды жазған – Ж.Дәдебаев. Тарауда жоба бойынша орындалған жұмыстардың басты нәтижелері жинақталып, олардың жаңалығы, ғылыми және практикалық маңызы көрсетілген. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің, ғылыми-әдістемелік тетіктерінің логикалық модельдері монографияның соңында бірінші тарауға қосымша ретінде ұсынылды.

«Абайдың таксономиясы» деп аталатын екінші тарауда *білу, түсіну және қолдану* үдерісіндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесі Абай ілімінің өзегіндегі қағидалар негізінде тарихи, ғылыми-теориялық, әлеуметтік тұрғыда зерттелген. Тарауды жазған – Ж.Дәдебаев. Зерттеу нысаны – Абай ілімінің қағидалар жүйесіндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясы. Зерттеу нәтижесінде қол жеткен жетістіктер сарапталып, «Абай таксономиясы» деп аталды.

«Абайға абай болайық» деп аталатын үшінші тарау Абайдың шығармашылығын, ақындық тұлғасын, даналық ойлары мен қағидаларын білу, түсіну және бағалау бағытындағы кереғар пікірлер туралы.

Тарауды жазған – Д.Ысқақұлы. Тарау авторы зерттеу алдына қойылған міндеттерді жоғары методологиялық деңгейде саралаған.

Төртінші тарау («Абайды білу мен түсінудің дерекнамалық негізі») абайтану ғылымы тарихындағы дерекнамалық негіз және оны зерттеудегі өзекті ұстанымдар жайында. Бұл – Абай ілімін білу, түсіну және қолдану жүйесіндегі аса маңызды ғылыми мәселе. Абай ілімі, Абайдың шығармашылық мұрасы бойынша осы күнге дейін ғылыми-теориялық деңгейде шешімін таппай келе жатқан жайлардың бірқатары – дерекнамалық негіздің тереңіне бойлай алмаудың салдары. Тарауда бұл мәселе бүгінгі талаптарға сай деңгейде шешімін тапқан. Тарауды жазған – Қ.Мәдібаева.

Бесінші тарау Абай шығармашылығын оқу мен оқытудың, білу мен түсінудің дидактикалық тетіктерін негіздеуге арналған. Тарауды жазған – С.Жусанбаева. Тарауда пәннің мазмұны мен мақсатын анықтаудың, оны оқу мен оқытудың, түсіну мен түсіндірудің дидактикалық құралдары мен тетіктері, модельдері, негіздері қарастырылған.

«Абай ілімі: герменевтикалық аспектілері» деп аталатын алтыншы тараудың да ғылыми және практикалық маңызы үлкен. Онда Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың теориялық мәселелері пайымдалған. Тарауды жазған – Р.Әбдіқұлова.

Жетінші тарауды Л.Мұсалы жазған. Онда Абай шығармаларының поэтикалық қырларына назар аударылады, ақынның шығармаларындағы бернелеу мен бейнелеу өрнектері қабылдау, түсіну, зерделеу мәселелері тұрғысынан анықталады.

Б.Даутованың зерттеуі монографиялық еңбекке сегізінші тарау болып қосылған. Онда Абай өлеңдеріндегі хронотоптың қызметі мен поэтикасын білу, түсіну, бағалау мәселелері пайымдалады.

Аталған тарауларда Абай ілімінің поэтикалық кеңістігі оны білу, түсіну және қолдану тұрғысында арнайы қарастырылған. Бұл бағыттағы ізденіс жұмыстарын жаңа деңгейде жалғастырудың өзектілігі, практикалық маңызы зор.

Монографияның соңында қосымшалар берілген:

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» (XXXVI-L томдар) сериялық басылымының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған библиографиялық анықтамалық;

«Абайтану антологиясы / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев (Алматы: Қазақ университеті, 2021. – I-X томдар) сериялық басылымының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған библиографиялық анықтамалық.

Библиографиялық анықтамаларды Б. Даутова дайындаған.

Жоба орындаушыларының сегіз тараудан тұратын «Абайдың таксономиясы» атты монографиясында Абай ілімінің бүгінгі күнгі аса өзекті, әлеуметтік маңызы зор іргелі ғылыми мәселесі заманауи талаптарға сай жоғары методологиялық деңгейде шешілген.

Бірінші тарау

АБАЙ ІЛІМІН БІЛУДІҢ, ТҮСІНУДІҢ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ

Басым бағыттың атауы: «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер).

Мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы:
6.3. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер. 6.3.6. Абайтану. Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық білім жүйесіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы.

Зерттеу мақсаты: Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін анықтау.

Жобаның басталатын және аяқталатын күні, орындалу мерзімі: 01.10.2020 ж. – 31.12.2022 ж. (27 ай).

1. Зерттеудің жалпы сипаттамасы

Өзектілігі мен жаңалығы: Қазақстанның қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында Абайдың өмірі, шығармашылық өмірбаяны, шығармашылығының жалпы мәселелері жақсы зерттелгенімен, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері абайтану ғылымында немесе пәнаралық зерттеу саласында осы күнге дейін қарастырылған емес. Қазақстан Республикасында Абайдың ілімі туралы бір шама ойлар қоры жинақталды.

Жоба жетекшісі 2015-2017 жылдары 3979/ГФ4 – «Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» жобасына жетекшілік жасап, пәнаралық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижелері негізінде «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы 50 том болып жарық көрді, абайтану ғылымы бойынша ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер өндірген

білімдерге негізделген дербес ғылыми-ақпараттық база жасалды. №АРО-8855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасын орындауда аталған база басты зерттеу негізі қызметін атқарды және жаңа дерек көздерімен толықты.

«Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» тақырыбы іргелі және пән-аралық сипатымен ерекшеленеді. Әлемде және Қазақстан Республикасында оның аналогы, баламасы жоқ. Абай ілімі – қазіргі қоғамдық-гуманитарлық білім жүйесіндегі аса іргелі, тек деңгейіндегі құбылыс. Тек деңгейіндегі құбылыс ретінде Абай ілімінің құрамдас бөлімдерін, негіздерін, категорияларын анықтау, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негізі мен теориялық тетіктерін жасау – аса маңызды және өзекті, іргелі әрі пән-аралық ғылыми мәселе. Бұл бағытта арнайы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу өтінім берушінің жобасында алғаш рет қолға алынып отыр.

Маңызы: Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың маңызы зор екенінде сөз жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [1,5], – деген сөзі қоғам дамуының қазіргі кезеңі үшін ауадай қажетті рухани құндылықты дәл танып, терең пайымдаудан туған сындарлы сөз әрі Қазақстанның ғылым мен білім жүйесінің алдына қойылған аса маңызды және зор міндет. Зерттеудің маңызы Республика Президентінің ғылым мен білім жүйесінің алдына қойған осы міндетін іс жүзіне асыруға бағытталуында. Осы орайда мынадай болжам жасалады: 1) зерттеу нәтижелері абайтану саласында инновациялық білімнің өндірілуіне қол жеткізеді; 2) зерттеу барысында абайтану саласында қол жеткен инновациялық білім Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуына негіз болады; 3) Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуы

Қазақстан Республикасының рухани және зияткерлік әлеуетінің дамуы мен артуына жаңа серпін береді. Абай ілімін, оның өзегіндегі әлеуметтік нормаларды білудің, түсінудің және қоғамдық өмірдің барлық салалары мен деңгейлерінде қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін жасау Қазақстанның ғылымы мен білімі саласында бұрын-соңды болмаған жаңа, инновациялық білімнің өндірілуіне негіз болады.

Күтілетін нәтижелер: Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін зерттеудің қағидалары анықталады. Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің құрылым-жүйесі мен негіздері пайымдалады. Абай ілімінің басты категориялары, олардың мазмұны, өзара байланыстары жүйеленеді. Қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салалары мен деңгейлері үшін Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері ашылады. Абай ілімінің өлшеу құралы сарапталады, оның құрылымы анықталады, ғылыми сипаттамасы беріледі. Абай ілімінің, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдерінің жүйесі жасалады. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктері жасалады.

Күтілетін нәтижелердің өлшемді көрсеткіштері:

1) Концепция (теориялық, методологиялық ұстанымдар, қағидалар) 1 (бір);

2) 1 (бірінші) не 2 (екінші) не 3 (үшінші) квартильдерге кіретін, Web of Science халықаралық деректер базасымен индекстелетін немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базасына кіретін немесе Scopus базасында cite Score бойынша процентилі кемінде 35 (отыз бес) болатын рецензияланатын ғылыми басылымда 1 (бір) мақала немесе шолу;

3) рецензияланатын шетелдік немесе БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда нөлдік емес импакт-факторы бар 5 (бес) мақала немесе шолу;

4) отандық баспада кемінде 1 (бір) монография;

5) отандық баспада кемінде 2 (екі) мақала жинағы;

6) отандық баспада кемінде 4 (төрт) оқу құралы;

7) конференция материалдарының жинағы кемінде 1 (бір);

8) авторлық куәлік 1 (бір);

9) теориялық модель 1 (бір);

10) ғылыми-әдістемелік база 1 (бір).

Қолданылу нысандары: тәрбие, білім беру ісінің барлық деңгейлері; қоғамдық-гуманитарлық ғылым жүйесі; пәнаралық зерттеулер; әдебиеттану ғылымы; абайтану ғылымы; тіл білімі; оқыту теориясы мен методологиясы; мемлекеттік басқару, отбасы институттары.

Қолданысқа енгізу мүмкіншіліктері: Абай ілімін білудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері – іргелі және пәнаралық зерттеу нысаны. Оны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер мақалалар, монография, кітаптар, оқу пәні, оқу құралдары, тұжырымдамалар, әдіс, тәсіл, модель, ғылыми-ақпараттық база түрінде құжатталады деп күтіледі. Сонымен қатар мына жайды атап өту қажет деп білеміз: Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-теориялық негіздері мен тетіктерін жасау тиісті технология негізін жасаумен шектеседі. Ол – Абай ілімін білудің, түсіну мен қолданудың ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген технологиясы. Ол да тиісті тәртіпте құжатталады деп күтіледі. Жобаның тақырыбында кездесетін «қолдану» сөзіне қарап, оны қолданбалы сипатта екен деп ойлап қалуға болмайды. Бірақ оны қолданудың әлеуметтік маңызы зор. Сондықтан зерттеу нәтижелерін қолданудың механизмдері мен тетіктері жасалады (Абайтану семинарлары; е-ресурстар базасы; Абайдың шығармалар жинағы; Абайдың кісілік кодексі, т.б.). Зерттеу нәтижелерін оқу процесіне жаңа оқу пәні ретінде енгізу, оны оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету көзделеді.

Жоба жетекшісінің басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған және көпшіліктің пайдалануына ұсынылған абайтану ғылымының ғылыми-ақпараттық базасының негізі қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ақпараттарды қамтиды. Абай ілімін білудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін жасауға қажетті дерек көздері осында жинақталған. Олардың қатарында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 50 томы, он томдық «Абайтану антологиясы» бар. Бұлар – зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуге, қолдануға қажетті орта, жағдай жасаудың басты көрсеткіші. Осы орта, жағдай аясында зерттеу нәтижелерін

тәрбие, білім беру деңгейлерінің бәрінде қолданудың негіздері, құралдары мен тетіктері жасалуда.

Зерттеу нәтижелерінің таралуы. Зерттеу нәтижелерінің мүдделі тұтынушылар, ғылыми қауым және көпшілік арасында кеңінен таралуы мынадай құралдар арқылы жүзеге асырылады:

а) жазбаша коммуникация құралдары: монографиялар; оқу құралдары; ұжымдық монографиялардың, оқу құралдарының бөлімдері, тараулары; ғылыми мақалалар; ғылыми мақалалар жинақтары; конференциялардың, симпозиумдардың, дөңгелек үстелдер мен семинарлардың материалдары; «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы; «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы; Абай институтының веб-сайты <http://abai.kaznu.kz/>; зерттеу нәтижелері негізінде дайындалған және тәрбие, білім берудің барлық деңгейлері мен қоғамдық өмірдің барлық салаларына арналған құралдар мен оқу құралдары.

ә) ауызша коммуникация құралдары: конференциялардағы, семинарлардағы, симпозиумдардағы баяндамалар, сөздер, хабарламалар, пікір алмасулар; жоба нәтижелері негізінде дайындалған және оқылған лекциялар мен бейне лекциялар.

Тұтынушылар:

- а) пән деңгейінде ғылыми жұмыстар жүргізетін зерттеушілер;
- ә) пәнаралық деңгейде ғылыми жұмыстар жүргізетін зерттеушілер;
- б) мәдениетаралық деңгейде ғылыми жұмыстар жүргізетін зерттеушілер;
- в) кәсіби қызметі зерттеу нәтижелерін мамандар даярлау ісінде пайдалануға дайындаумен байланысты мамандар;
- г) тұтынушылардың бөлек бір тобын оқушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар, ғалымдар, сондай-ақ отбасы институты, ата-аналар құрайды.

Зерттеу нәтижелерін қолдану тәрбие, білім беру ісінің барлық деңгейлері мен қоғамдық өмірдің барлық салаларында пайдалы, игілікті болмақ.

Жобаның бәсекелестік қабілеті мен коммерциализациялануы: Әлемде және Қазақстан Республикасында жобаның аналогы, баламасы жоқ. Зерттеу нәтижелері концепция, мақалалар, оқу құралдары, монография, дидактикалық қағидалар, оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісіндегі танымдық ойлау

деңгейлерінің иерархиялық жүйесі, Абай таксономиясы, дидактикалық өлшеу құралдары, оқу кітаптары, оқу пәні түрінде дайындалды. Олар коммерциализациялау нысандары қатарына жатпайды, олар тәрбие, білім беру ісінің барлық деңгейлері бойынша е-ресурстар базасы арқылы пайдалануға ашық, қолжетімді форматта ұсынылады. Зерттеу нәтижелерінің сапалық артықшылықтары бар.

Қорғау құжаттары:

•авторлық куәлік № 16745, 2021 жылғы «19» сәуір. Дадебаев Ж. «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану тұжырымдамасы»;

•авторлық куәлік № 18670, 2021 жылғы «14» маусым. Абдикулова Р.М. «Абайдың қара сөздері жанры: білу, түсіну, бағалау парадигмалары»;

•авторлық куәлік № 27243, 2022 жылғы «15 маусым. Дадебаев Ж. «Абайдың таксономиясы».

Өндіріспен және бизнеспен келісім-шарттардың болуы:

Гранттық қаржыландыру бойынша № 343 келісім-шарт («25» қараша 2020 ж.). Тапсырыс беруші – ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті. Орындаушы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1. Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нысаны. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері.

Зерттеу мақсаты. Жобаның мақсаты Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін анықтау болып табылады. Жоба мақсатына сай мына мәселелерді зерттеу көзделеді:

1) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін зерттеудің методологиялық қағидаларын анықтау: ғылыми қордағы теориялық қағидаларды саралау; зерттеудің методологиялық ұстанымдары мен қағидаларын негіздеу;

2) Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің құрылым-жүйесі мен негіздерін пайымдау: а) Абай ілімінің құрамдастары мен негіздері туралы теориялық ойлар мен пікірлерді сараптау; в) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерін анықтау; с) Абай ілімінің

құрамдас бөлімдері мен негіздерінің құрылым-жүйесін негіздеу.

3) Абай ілімінің басты категорияларының мазмұнын, өзара байланыстарын жүйелеу: а) Абай ілімінің басты категорияларын анықтау; в) Абай ілімінің басты категорияларының мазмұнын анықтау; с) Абай ілімінің басты категорияларының өзара байланыстарын жүйелеу.

4) Қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салалары мен деңгейлері үшін Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздерін зерттеу: а) Абай ілімін білу, түсіну және қолдану мақсаттарының иерархиялық жүйесін анықтау; в) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың қоғамдық-әлеуметтік өмірдің әр саласы мен деңгейіне арналған мағыналық-құрылымдық модельдерін жасаудың ғылыми негіздерін анықтау.

5) Абай ілімінің өлшеу құралын сараптау, оның құрылымын анықтау, ғылыми сипаттамасын жасау: а) Абай ілімінің өлшеу құралының құрылысын сипаттау; в) Абай ілімінің өлшеу құралының жұмыс ретінің ғылыми жүйесін анықтау.

6) Абай ілімінің, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдерінің теориялық сипаттамасын жасау: а) мағыналық-құрылымдық модельдер теориясын негіздеу; в) мағыналық-құрылымдық модельдің ғылыми сипаттамасы; с) мағыналық-құрылымдық модельдің үлгісі.

7) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін жасау: а) ғылыми-әдістемелік тетіктердің қызметін қамтамасыз ету амалдарын негіздеу; в) ғылыми әдістемелік тетіктердің жұмыс үдерісі кезеңдерінің логикалық жүйесін анықтау; с) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін жасау.

8) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-ақпараттық ресурстар базасының әдістемелік негізін жасау: а) ақпараттық ресурстар базасының ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастыру.

Зерттеу әдістері. Тарихи-салыстырмалы талдау әдісі. Пәнаралық зерттеу; Жүйелі зерттеу әдісі. Кешенді зерттеу әдісі.

Қол жеткен нәтижелер және олардың жаңалығы. Ғылыми талдама. Әдіс. База. Модель. Абайтану ғылымында ғылыми ойлар мен қағидалардың мол қоры бар. Бірақ Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен тетіктері біртұтас іргелі, күрделі құбылыс ретінде бұған дейін ғылыми жобаларда арнайы мақсат немесе зерттеу нысаны ретінде қарастырылған емес. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен тетіктерін зерттеу мақсаты пәнаралық мазмұнымен маңызды. Онда қоғамдық-гуманитарлық ғылымның барлық салаларының мәселелері тоғысқан. Зерттеуде пәнаралық зерттеудің методологиялық принциптерінің қолданылуының мәнісі осында. Жобаны орындау пәнаралық зерттеу ұстанымдарын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу кезеңдерінде әр мәселе бірнеше тұрғыдан сараланды: стратегиялық тұрғыдан; тактикалық тұрғыдан; концептуалдық тұрғыдан; методологиялық тұрғыдан. Зерттеу жұмысын осындай ретпен жүргізу жоба нысанын пәнаралық бірбүтін күрделі құбылыс ретінде саралап, қойылған мақсат пен міндеттерді тиянақты шешуге қол жеткізді.

Өндіріске енгізілу деңгейі. Зерттеу нәтижелері ғылыми басылымдарда мақала, монография, жинақ түрінде жарық көреді, білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалану мақсатында сынақтан өтуде.

Тиімділік. Зерттеу нәтижелері қоғамдық сананың кемелденуіне, қоғамның интеллектуалдық және тұрақты дамуына қызмет етеді.

Қолданылу аясы. Білім және ғылым саласы.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен тетіктерін зерттеуде қажетті ғылыми әдісті дұрыс таңдау мен дұрыс қолданудың маңызы айрықша зор.

Зерттеу жұмыстары жоғарыда көрсетілген мақсат пен міндеттер шегінде жүргізілді.

Жоба аясында көрсетілген міндеттерді шешудің маңызы өте зор. Негізделген әр міндетті шешудің нәтижелері келесі міндеттерді шешудің негізі және шарты болып табылады. Осы реттен келгенде, жоба бойынша күтілетін түпкі нәтижеге жетуде алға қойылған міндеттердің әрқайсысын тиісті

методологиялық, ғылыми және практикалық талаптарға сай шешудің әлеуметтік маңызы үлкен.

Зерттеудің өлшемді көрсеткіштерінде зерттелген мәселелердің әрқайсысы бойынша аналитикалық талдау негізінде қол жеткен нәтижелер жинақталып, лайықты түрде көрініс тапты. Зерттеу нәтижелері бұрын зерттеу нысаны болмаған жаңа және өзекті ғылыми мәселелердің баламасы жоқ шешімі болып табылады.

Жобаның күнтізбелік жоспарына сай орындалған жұмыстардың жалпы сипаттамасы мынадай: Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін зерттеудің методологиялық қағидалары анықталды; ғылыми қордағы теориялық қағидалар сараланды; зерттеудің методологиялық ұстанымдары мен қағидалары негізделді; зерттеу нәтижелері жинақталды; Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің құрылым-жүйесі мен негіздері пайымдалды; Абай ілімінің құрамдастары мен негіздері туралы теориялық ойлар мен пікірлер сарапталды; Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері анықталды; Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің құрылым-жүйесі негізделді.

Көрсетілген міндеттерді шешу мақсатында орындалған жұмыстардың нәтижелеріне назар аударайық.

1 Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін зерттеудің методологиялық қағидаларын анықтау

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми қордағы теориялық қағидаларын анықтау өзара тығыз байланысты үш сала бойынша жүргізілді: а) ғылыми қордағы теориялық қағидаларды саралау; б) зерттеудің методологиялық ұстанымдары мен қағидаларын негіздеу; в) зерттеу нәтижелерін жинақтау.

а) Ғылыми қордағы теориялық қағидаларды саралау жүйелеудің жалпы теориясы аясында жүргізілді. Талдау нысанына алынған теориялық қағидалардың құрамындағы ұғымдардың мәні, олардың өзара қатынасы онтологиялық және гносеологиялық тұрғылар негізінде сараланды. Талданып отырған

нақты қағида аясындағы категориялық мәні бар ұғымдардың жалпы және жалқы сипаттары, олардың өзара байланыстары мен қатынастарындағы бір деңгейлі, әр деңгейлі сатылардың ерекшеліктері пайымдалды. Осы ерекшеліктерді талдау, олардың әрқайсысына тән басты белгілердің мәнісін ашу және мағыналық көлемін анықтау жүйелі талдау талаптары бойынша жүргізілді.

Абай ілімі жүйесінде маңызды орын алатын «Имани гүл», оның құрамдастары туралы ұғымдарды түсінуде жүйелеу методологиясының заңдылықтарына сыймайтын тұрғы барына назар аударылды. Сол секілді ақынның «Сегіз аяқ» өлеңінің алғашқы шумағындағы «алыстан сермеу», «жүректен тербеу», «шымырлап бойға жайылу», «қиуадан шабу», «қисынның табу», «тағыны жетіп қайыру» ұғымдарының астарында халықтың дәстүрлі мәдениеті, дәстүрлі дүниетанымы аясында ғана дұрыс біліп, дұрыс түсінуге болатын мән бары, оның абайтану ғылымында терең пайымдалмай, қайбір жағдайларда жалаң, лайықсыз, тіпті теріс түсіндіріліп келе жатқанына сын айтылды, методологиялық тұрғыда жаңа тұжырым жасалды. Белгілі бір бүтін құбылыстың құрамдастарын ұғым, ұғымдық аппарат кеңістігінде сипаттау жүйелеудің жалпы теориялық әрі терең мәнді заңдылықтары негізінде жүзеге асуы қажеттігі тиянақталды. Олай болмаған жағдайда бүтін мен бөлшек, жалпы мен жалқы сипаттағы ұғымдардың ара-жігі, логикалық жүйесі сақталмайтыны дәйектелді.

Зерттеудің методологиялық ұстанымдары мен қағидалары негізделді. Зерттеу нәтижелері жинақталды. Бөлім бойынша орындалған жұмыстардың нәтижелері мақала (БҒСҚК), монографиялық тарау, концепция түрінде дайындалды.

Зерттеу жұмыстары барысында Абайдың рухани мұрасының, ілімінің қазіргі өркениеттегі орны мен маңызын пайымдау біздің заманымыздың, біздің қоғамымыздың аса өзекті, көкейкесті ғылыми мәселесі екені туралы қағида дәйектелді.

Ғылыми қордағы теориялық қағидаларды саралау барысында Абай ілімін белгілі бір ұғым немесе ұғымдар тобы, олардың нақты мағынасы негізінде анықтаудың ғылыми-теориялық, методологиялық тиянағы жеткіліксіз екені туралы қорытынды жасалды. Абай ілімінің аясында жекелеген

ұғымдарды эмпирикалық түсінік кеңістігінде аңғару және соның негізінде болжам деңгейінде ой түйю, пікір ұсыну тәжірибесі сыншылдық тұрғыдан пайымдалды. Абай ілімі сияқты күрделі және көп қырлы құбылыс туралы пікірлерді жүйелі түрде жүргізілген ғылыми пайымдау нәтижесінде дәйектеп, дәлелдеу қажеттігі туралы методологиялық талап ұсынылды. Күрделі және көпқырлы бірбүтін құбылысты зерттеудің методологиялық негізі де күрделі және көпқырлы болатыны сарапталды.

Абай ілімінің жүйесін анықтауда тиісті ұғымдардың жалпы және дара мағыналық сипаттарын өзара сабақтас, өзара байланысты, өзара шектес құрамдастарының бірбүтін күрделі тұтастығы мен қызметі кеңістігінде саралау туралы қағида ұсынылды.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін зерттеудің қағидаларын анықтау зерттеудің теориялық, методологиялық тәсілдерін негіздеуге алып келді. Оның нақты өлшемді нәтижелері теориялық, методологиялық ұстанымдар, концептуалдық тұжырымдар түрінде «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың концепциясында» көрініс тапты. Концепция он екі бөлімнен тұрады: 1) Тұжырымдама туралы жалпы мәліметтер; 2) Абай ілімінің жалпы сипаттамасы; 3) Абай ілімін қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білудің, түсінудің және қолданудың өзектілігі; 4) Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың зәрулігі; 5) Ағымдағы жағдай және Абай ілімін қоғам өмірінің барлық салалары мен деңгейлерінде білуді, қолдануды тежейтін факторлар; 6) Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың тиянақты жолы; 7) Абай іліміндегі танымдық үдеріс психологиясының иерархиялық жүйесі; 8) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен тетіктерін жасаудың методологиялық ұстанымдары; 9) Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері; 10) Тұжырымдаманы жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер; 11) Тұжырымдаманы жүзеге асырудан күтілетін нәтижелердің әлеуметтік маңызы; 12) Тұжырымдаманы жүзеге асыру кезеңдері мен іс-шаралар.

2 Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің құрылым-жүйесі мен негіздерін пайымдау

Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің құрылым жүйесі мен негіздерін пайымдау үш тақырыпша аясында жүзеге асырылды: а) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері туралы теориялық ойлар мен пікірлерді сараптау; в) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерін анықтау; с) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің құрылым-жүйесін негіздеу.

Бөлім бойынша Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері туралы теориялық ойлар мен пікірлер сарапталды. Абай ілімінің үш құрамдас бөлімі мен үш негізі анықталды. Абай ілімінің өлшеу құралының жүйесі анықталды, ғылыми сипаттамасы жасалды. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің құрылым-жүйесі негізделді.

а) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері. Абайтану ғылымында бір ізге түспеген, түрлі ойлардың айтылуына негіз болып келе жатқан, түпкілікті шешілмеген мәселелердің бірі – Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері. Ілім ұғымын таңдап-талғап, ақыл таразысына салып және абайлап қолданған дұрыс. «Абайдың адамгершілік ілімі», «Абайдың толық адам ілімі», «Абайдың әділеттілік туралы ілімі» және басқа осы секілді атаулар қолданылып келеді. Ал Абай ілімінің құрамдас бөлімдері, негіздері туралы ойлар мен пікірлер осы күнге дейін жүйеленген емес.

в) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері. Зерттеуде Абай ілімінің құрамдас бөлімдері ақынның өз шығармаларында тұжырымдалған қағидалары негізінде жүйеленді және мынадай үш бөлімнен тұратыны дәйектелді: 1) ақыл; 2) қайрат; 3) жүрек. Абай ілімінің құрамдас үш бөлімінің әрқайсысына ғылыми сипаттама берілді. Абайтану ғылымында орныққан ғылыми қағидалар сарапталып, нәтижесінде Абай ілімінің мынадай үш негізі туралы тұжырым жасалды: 1) қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті; 2) шығыс халықтарының әдебиеті мен мәдениеті; 3) батыс халықтарының әдебиеті мен мәдениеті. Ақын іліміне негіз болған құндылықтар осындай арналар бойынша анықталып, бағаланды.

с) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің құрылым-жүйесі. Көрсетілген ұғым атаулары және осы ұғымдардың Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері жүйесіндегі өзара қатынастары, байланыстары сараланды. Күрделі, бірбүтін құбылыстың құрамдастарын, олардың ұғымдық атауларын таптастыру теориясы жүйесінде Абай ілімі туралы ұғымдар мен олардың атаулары арнайы қарастырылды, тиісті қорытындылар жасалды. Абай ілімі ұғымы тек деңгейіндегі түсінікті білдіретіні дәлелденді. Осы және осы секілді басқа да шектес, шендес ұғымдар мен олар туралы теориялық ойларды, пікірлерді сараптай келіп, жоба орындаушылары «Абай ілімі» деген бір ғана атауды қабылдаудың ғылыми тұрғыда дәйектілігі туралы қағида негіздеді.

Зерттеу барысында Абай ілімінің құрамдас бөлімдері зерттеліп, анықталды және теориялық жағынан дәйектелген тұжырымдар жасалды. Абай ілімінің қайнар көздері, негіздері қарастырылып, жаңа ғылыми тұжырымдар тиянақталды. Абай ілімінің негіздері аясында Абай мен Әл-Фараби, Абай мен Махмұд Қашқари, Абай мен Жүсіп Баласағұн, Абай мен Мұхаммед Хайдар Дулати арасындағы рухани үндестік жайы пайымдалды, Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздері және ислам мәдениетінің құндылықтары сабақтас сараланды, ертедегі грек, қытай данышпандарының ілімдері де ескерілді. Абай ілімі мен Арситотель, Платон, Конфуций ілімдері арасындағы үндес сарындарға назар аударылды.

Абай ілімінің бөлімдері мен негіздері құрамдастарының әрқайсысына ғылыми сипаттама берілді. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің құрылым жүйесінің өрнегі жасалды және зерттеу тақырыбы бойынша жарық көрген «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (2021) деп аталатын жинақта жарияланды. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің басты категориялары анықталды, олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама берілді.

Орындалған жұмыс нәтижелерінің басты теориялық қағидалары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырып өткізген «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен

маңызы» атты халықаралық ғылыми-теориялық онлайн конференцияда сарапталды. Онда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында Абай сөзінің, Абай мұрасының бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармашылығынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөлісе отырып, әлеуметтік маңызы зор, өзекті қағидалар жүйесін ұсынғанына назар аударылды. Президенттің: «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» [1], – деген сияқты сындарлы сөздері мен орнықты ойларының жүйесі қоғамдық санамыздың, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, әлеуметтік өміріміздің жаңғыруына жаңа серпін бергені аталып өтті.

Ақын шығармашылығынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек», – деген қағидасының негізінде Абайдың шығармаларын, Абайдың ілімін білу, түсіну және қолдану туралы өмірлік маңызы зор өзекті ойлардың жүйесі бары туралы маңызды пікір түйілді. Абай ілімін оқу, білу, түсіну және қолдану бір-бірінен ажыратуға келмейтін, бір-бірінен ажыратуға болмайтын ұғымдар ретінде сипатталды. Бұлардың бірі болмаған жерде қалғандары да болмайтыны туралы терең ой ұсынылды.

Конференция барысында Абайдың рухани мұрасының, ілімінің қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы туралы ғылыми, әлеуметтік маңызы бар жаңа ойлар, тұжырымдар талқыланды, ғылыми және әлеуметтік маңызы жоғары көптеген ойлар, тұжырымдар, ұсыныстар, бағалы мәліметтер жинақталды. Жоба орындаушыларының басты табысы конференция бағыты бойынша ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан ғылым мен білім қайраткерлерінің еларалық кеңістікте бас қосып, пікірлесуі болды. Конференция материалдары жеке жинақ болып жарық көрді.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін зерттеуде әл-Фараби мен

Абайдың рухани мұрасының қазіргі өркениеттегі орны мен маңызын пайымдау – қазіргі заманның, қазіргі қоғамның аса өзекті, көкейкесті ғылыми мәселелерінің бірі.

3 Абай ілімінің басты категорияларын, олардың мазмұнын, өзара байланыстарын жүйелеу

Абай ілімінің басты категорияларын, олардың мазмұнын, өзара байланыстарын жүйелеу бір-бірімен тығыз байланысты үш тақырыпша бойынша жүргізілді: а) Абай ілімінің категорияларын анықтау; б) Абай ілімі категорияларының мазмұнын анықтау; в) Абай ілімі категорияларының өзара байланыстарын жүйелеу.

а) Абай ілімінің категориялары екі деңгейде анықталды: 1) Абай ілімінің жалпы жүйесі деңгейінде; 2) Абай ілімінің құрамдас бөлімдері деңгейінде. Бірінші деңгейде Абай ілімінің басты категориялары топтастырылды. Олар – Абай көрсеткен бес жақсы іс (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) пен бес жаман іс (өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) шегіндегі қасиеттер. Жақсы мен жаман – Абайдың мораль философиясындағы басты категориялар. Олардың әрқайсысының құрамдастарын анықтап, саралап көрсету Абай ілімінің категориялары жүйесіндегі басты құндылық.

Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің (*ақыл, қайрат, жүрек*) әрқайсысына тән категориялар тобы анықталып, тиісті тәртіпте жүйеленді. Мысалы, Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің аясындағы категориялар ақын шығармашылығындағы ұғымдар, құндылықтар, қағидалар жүйесіне қарай анықталып, жүйеленді. Мысалы, Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің бірі *ақыл* шеңберіндегі категориялар төрт сала болып парықталды: 1) таным; 2) білім; 3) терең ой; 4) даналық. Абай ілімінің келесі құрамдас бөлімі *қайрат* мынадай категорияларымен сипатталатыны көрсетілді: 1) тоқтаулылық; 2) талаптылық; 3) шыдамдылық. Жүрекке тән категориялар қатары мынадай болып түзілді: 1) әділет; 2) ынсап; 3) ұят; 4) рақым; 5) мейірбандылық.

Аталған категориялар бір орында қозғалмай, сіресіп тұрмайды. Абай ілімінің басты категорияларының қайбірі Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің категориялары қатарына енеді.

Мұндай категориялардың Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің категориялары ретінде берілуі олардың Абай ілімінің жалпы жүйесінде, ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің бірлескен қызметі аясында көрінуіне қайшы емес.

Абай ілімінің категорияларын жүйелеу бағытында орындалған жұмыстардың елеулі бір нәтижесі – Абайдың кісілік кодексі. Абайдың кісілік, адамшылық негіздері туралы айтқан терең мәнді, жалпы сипатты қағидаларын саралау, сараптау, пайымдау нәтижесінде түзілген бұл кодексте Абайдың он сегіз қағидасы берілген. Олар «Абайдың кісілік кодексі» деген атаумен бірнеше форматта дайындалды: А4 форматында; А2 форматында; плакат форматында. Бұл ретте «Абайдың кісілік кодексінің» көпшілік қауымның пайдалануына, қолдануына ыңғайлы болуы көзделді.

Абай ілімінің құрамдас бөлімдерін, Абай ілімінің категорияларын жүйелеу, олардың өзара байланыстарын саралау – бұған дейін зерттеу нысаны болмаған, анықтайтын, айқындайтын қырлары мен сырлары көп, аса маңызды ғылыми мәселе. Абай ілімінің категорияларын анықтау мен логикалық жүйелеу біздің зерттеуімізде алғаш рет қарастырылып, қол жеткен нәтижелер ғылыми қауымның назарына ұсынылды.

Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің категориялары туралы ұғым жоба жетекшісінің зерттеулерінде алғаш рет ғылыми мәселе деңгейінде негізделген. Бұл бағыттағы ойлар тереңдетілді. Қайбір категориялар Абай ілімінің жүйесінде концепция деңгейінде жинақталды. Солардың бірі – білім категориясы. Зерттеу барысында Абай ілімі жүйесінде білім категориясы арнайы концепция ретінде бағаланды, оның арнайы концепция ретінде пайымдалуы категория ретінде қарастырылуына қайшы келмейтіні туралы ғылыми қағидалар негізделді. Ақынның білім концепциясының танымдық, эпистемологиялық, акмеологиялық мәселелері бойынша ғылыми тұжырымдар негізделді.

б) Абай ілімінің басты категорияларының мазмұнын анықтау. Абай ілімінің басты категорияларын анықтау олардың әрқайсысының мазмұндық-мағыналық өрісінің шеңберін анықтап білумен сабақтас жүргізілді. Біздің зерттеуімізде категория ретінде анықталған *әділет* ұғымы кейбір ғалымдардың еңбектерінде ілім деңгейінде қарастырылуының методологиялық негізі жеткілікті

болмады. Ілім, категория, концепция ұғымдарының мазмұны құбылыстарды, ұғымдарды таптастырудың, классификациялаудың методологиясы мен теориясына сай сарапталуға тиіс. в) Абай ілімінің басты категорияларының өзара байланыстарын жүйелеу. Абай ілімінің категорияларында, олардың өзара байланыстарында өмір құбылыстарын көркемдік ойлау кеңістігінде танудың, оларды шығармашылықпен пайымдаудың өзіндік заңдылықтары көрініс тапқан. Бұл заңдылықтардың мәнісі, олардың тармақтарының мағынасы, Абай ілімінің жүйесіндегі орны, маңызы үлкен.

Жоба аясындағы жұмыстар пәнаралық зерттеу принциптері негізінде жүргізілді. Абайдың ілімі – өз алдына бірбүтін және күрделі жүйе, сондықтан оның категориялары да өз өрісінде бірбүтін, күрделі сипатымен ерекшеленеді.

Абай ілімі жүйесінің, оның құрамдас бөлімдері мен категорияларының көптеген өзекті жайлары, солардың ішінде методологиялық мәселелері Абайтану ғылымында бұған дейін қарастырылмай келді. Абай ілімінің жүйесін, құрамдас бөлімдерін, категорияларын анықтаудың өлшемдері, ұстанымдары, принциптері зерттеу аясында орындалған жұмыстардың нәтижесінде алғаш рет тиянақталды. Абай ілімінің категориялары Абайдың шығармашылық ойлау әлемінде әрдайым бір қалыпта тұратын статистикалық құбылыс емес. Абай ілімі категорияларының өзара және шектес тұрған өзге құбылыстармен де байланысын, олардың мәнісін, мезгілдік және мекендік өрістерін саралап білу Абай ілімінің бірбүтін жүйесін анықтауға мүмкіншілік береді.

Орындалған жұмыстар нәтижесінде Абай ілімі категорияларының теориялық негізі сараланып, категория ұғымының мәні Абай ілімінің бірбүтін жүйесіне қатысы тұрғысынан пайымдалды, Абай ілімінің категориялары ұғымының мазмұны тиянақталды, Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің аясында анықталған құбылыстарды категория деп атаудың ғылыми негізі дәйектелді. Абай ілімінің категорияларын топтастырудың, жүйелеудің методологиялық ұстанымдары негізделді, олардың өзара байланыстары, ортақ және дара ерекшеліктері сипатталды. Абай ілімінің жалпы жүйесінде асыл іске бастайтын бес қасиет пен жаман іске бастайтын бес қасиет екі топ болып, Абай ілімінің

басты категориялары ретінде негізделді. Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің әрқайсысына тән категориялар жүйесі анықталды. Сипатталған категориялар Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың, оның құрылым жүйесін зерттеу мен саралаудың теориялық тетігі қызметін атқаратыны дәйектелді.

4 Қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салалары мен деңгейлері үшін Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздерін зерттеу

Қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салалары мен деңгейлері үшін Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері сараланды. Зерттеу барысында екі міндет шешілді: а) Абай ілімін білу, түсіну және қолдану мақсаттарының иерархиялық жүйесін анықтау; в) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың қоғамдық-әлеуметтік өмірдің әр саласы мен деңгейіне арналған мағыналық-құрылымдық модельдерін жасаудың ғылыми негіздерін анықтау.

а) Абай ілімін білу, түсіну және қолдану мақсаттарының иерархиялық жүйесін анықтау аясында орындалған жұмыстардың нәтижелері негізінде Абайдың білім концепциясы сараланды. Ақынның білім концепциясы жүйесінде білім мәселесінің танымдық, эпистемологиялық, акмеологиялық мәселелері бойынша құнды ғылыми қағидалар негізделгені анықталды. Білу үдерісі адамның бүкіл өмірі бойында тоқтамайтыны, тоқтауға тиіс емес екендігі туралы Абайдың ойлары қазіргі білім беру ісінің теориясы мен практикасында аса маңызды екені дәйектелді. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану мақсаттарының жүйесін анықтау барысында ақынның шығармашылық мұрасы жаңаша пайымдалып, білім алушылардың танымында кезең-кезеңімен қалыптасатын ойлау дағдыларының, білім алушылардың білім мазмұнын меңгеруінің, білу процесінің кезеңдері, танымдық сатылары нақты талданды, сараланды. Атқарылған осындай жұмыс нәтижелері негізінде Абай таксономиясының иерархиялық моделі жасалды. Абай таксономиясының иерархиялық моделі мынадай логикалық үлгіге түсірілді:

ТАЛАП→ҚАБЫЛДАУ→БІЛУ→ТҮСІНУ→ЕСТЕ САҚТАУ→ҚОЛДАНУ.

Абай таксономиясы, Абай таксономиясының иерархиялық моделі ұғымдары отандық зерттеушілердің қайбірі үшін түсініксіз, ұғымға ауыр сияқты көрінуі ғажап емес. Абай таксономиясы, Абай таксономиясының иерархиялы моделі Абайдың өз шығармашылығының өзегінде өрілген ойлар желісі негізінде сипатталды. Таксономия құрамдастарының маңызы мен мәні, иерархиялық жүйедегі орны, қызметі Абайдың қағидаларына, өзекті ойларына жасалған нақты талдаулар нәтижесінде парықталды.

Абай таксономиясы – отандық оқу теориясы, оқу мен оқытудағы танымдық үдерістер психологиясы саласында пәнаралық деңгейде арнайы жүргізілетін зерттеу жұмыстары мен білім беру ісіне теориялық негіз болғандай ерекше маңызды құндылық.

Абайдың білім концепциясында бірнеше құндылықтар жүйесі бар: 1) білім алушының, тыңдаушының ішкі-сыртқы қалпының бастапқы сипаттамасы; 2) танымдық үдерістердің иерархиясы; 3) танымдық үдерістерді қамтамасыз етуші тетіктер (амал-тәсілдер); 4) білу, түсіну, қолдану нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер сипаты. Бұлардың әрқайсысының ғылыми және өмірлік маңызы бар. Абайдың білім концепциясында негізделген, нақты көрініс тапқан осы құндылықтар жүйесі отандық білім беру ісінде, отандық білім беру технологияларында, отандық дидактикада алдағы уақытта ескерілуі маңызды.

в) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың қоғамдық-әлеуметтік өмірдің әр саласы мен деңгейіне арналған мағыналық-құрылымдық модельдерін жасаудың ғылыми негіздері анықталды. Абай ілімінің қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас сипаты туралы қағидаларының мәнісі қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі мынадай қарым-қатынастар бойынша ашылды:

- ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- аға мен іні арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- дос пен дос арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- дос пен дұшпан арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- басшы мен бағынышты арасындағы қарым-қатынас сипаты;

- адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- жеке адам мен көп арасындағы қарым-қатынас сипаты;
- адамдар арасындағы қарым-қатынас сипаты

Абай ілімін білім және тәрбие берудің барлық деңгейлері бойынша жалғастық ұстанымын сақтай отырып қолданысқа енгізудің ғылыми-әдістемелік негізі жобаланды. Бұл бағытта орындалған жұмыстар негізінде нақты нәтижелерге қол жетті.

5 Абай ілімінің өлшеу құралын сараптау, оның құрылымын анықтау, ғылыми сипаттамасын жасау

Абай ілімінің өлшеу құралын сараптау, оның құрылымын анықтау, ғылыми сипаттамасын жасау – бүгінгі күннің өзекті, көкейкесті міндеттерінің бірі. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары мынадай құрамдас екі мәселе бойынша жүргізілді: а) Абай ілімінің өлшеу құралының құрылысын сипаттау; в) Абай ілімінің өлшеу құралының жұмыс ретінің ғылыми жүйесін анықтау. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Абай ілімінің өлшеу құралы сарапталды, оның құрылымы анықталды, ғылыми сипаттамасы жасалды, жұмыс ретінің жүйесі анықталды.

Абайдың: «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса, жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс» [7, 222], – деген тұжырымды ойында үлкен мән бар.

Абай әрбір жақсы іс пен оның қарама-қарсы шектеріндегі істер жүйесінде көрінетін адамшылық қасиеттердің өлшеуінің логикалық негізін тиянақтады, логикалық-мағыналық үлгі-моделін жасады. Абайдың өлшеу құралының моделі іс-әрекеттің үш түрлі халіне сай үш деңгейді көрсетеді: а) басы (ортадан кем шамасы); ә) ортасы (орта шамасы); б) аяғы (ортадан асық шамасы). Абай: «Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар» [7, 222], – дейді. Бұл істердің әрқайсысының өлшеуі Абайдың өлшеу құралы арқылы анықталады. Ішпек-жемек жақсы екен деп, ішіп-жеудің шегінен шығу, артық ішу, артық жеу – құстырады. Сол секілді күлмек, көңіл көтермек жақсы екен деп, тоқтаусыз, тынымсыз күлу, тоқтаусыз, тынымсыз көңіл көтеру кісіні адамшылықтан кетіреді.

Бірінші және үшінші деңгейлер іс-әрекеттің қарама-қарсы мәндегі шеткергі екі шегін білдіреді, ал қарама-қарсы мәндегі шеткергі екі шектің орта шамасы іс-әрекеттің жақсы деуге лайықты деңгейін көрсетеді. Осы ұштағанды Абай өз іліміндегі әр жақсы нәрсені өлшеудің құралына негіз етіп алды. Абайдың әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі туралы қағидасының нақты дәлел-дәйегі оның өзі өмір сүрген заманның шындық құбылыстарына негізделген.

Істің, әрекеттің шеткі екі шегін білудің өмірлік маңызы зор. Істің, әрекеттің шеткі екі шегін білу бұл екі қиыр шектің орта шамасын білуге мүмкіншілік береді. Ал іс-әрекеттің шеткі екі шегін, бұл екі шектің орта шамасын білу оның қиыр екі шегінің де, орта шамасының да мәнін танып-білуге негіз болады. Іс-әрекет екі қиыр шегінің бірінен екіншісіне қарай жылжығанда, оның жай-күйі де өзгеріп отырады. Оның қозғалысының әр нүктесіндегі жай-күйін, өзгеру деңгейлерін анықтап, бағалау арқылы оның қай шамада игілікті, пайдалы болатынына көз жеткізуге болады.

Іс-әрекеттің тең орта дерлік шамасын анықтауда мына жайларды білу шарт:

- әрекеттің мәнісі;
- әрекеттің болған кезі;
- әрекеттің болған жері;
- әрекеттің иесі;
- әрекеттің кімге, неге бағытталғаны;
- әрекеттің мақсаты;
- әрекеттің құралы;
- әрекеттің амалы;
- әрекеттің себебі;
- әрекеттің салдары.

Іс-әрекеттің, жақсы деген нәрсенің екі қиыр шегінің арасындағы белгілі бір нүктедегі жайын осы шарттарды толық анықтау арқылы пайымдауға болады.

Абайдың өлшеу құралына салғанда, әр жақсы нәрсе орта шамада жақсы болады да, орта шамаға жетпеген немесе одан асып кеткен жағдайда, жақсыға қарама-қарсы мәндегі құбылысқа айналады. Абай насихат еткен бес жақсы істің әрқайсысын (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) осы өлшеу үлгісіне салып, таразылауға болады. Мысалы, «ойланбақ жақсы,

іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып кеткені» [7, 222] жақсы емес. Ал еңбек еткен жақсы екен деп, күні-түні тыным таппай еңбек ете беру кісінің күш-қуатын кемітеді, біраз уақыт осылай еңбектенген соң, кісі еңбек етуге күш-қуат таппай қалады. Бұл жақсы емес. «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуін» білмеудің аяғы осындай болады.

«Игілікті болып табылатын әрекеттер – екі қарама-қарсы шектің арасындағы ұнамды істер, ал ол екі шектің екеуі де – жаман әрекеттер» [8, 202], – дейді әл-Фараби. Әл-Фарабидің алдындағы Аристотель де тура осындай пікір айтады [10, 168]. Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі туралы концептуалдық ойларында Абай әл-Фарабимен, одан әрідегі Аристотельмен шектеседі.

Лұқман хәкім баласына арнап айтқан сөздерінің бірінде: «Жүрісінде орташа бол. Даусыңды бәсеңдет» [Құран 31:19], – деген. Жүруге қарама-қарсы шек – жүрмеу, жүрмей бір орында тұру. Ал жүру қарқынының екі шегінің бірі – баяу жүру, екіншісі – жылдам жүру. Бұл екі шектің орта шамасы – баяу да емес, жылдам да емес, орташа. Лұқманның сөйлегендегі дауыс күшіне қатысты ескертуінде де осындай мән бар. Оның мәнісі сыбырлап сөйлеу мен айқайлап немесе дабырлап сөйлеудің орта шамасын ұстау туралы кеңесте. «Өлшеуде шектен шықпандар» [Құран 55:8], – деген қағиданың мәні де зор. «Гартуды әділетпен орындандар, таразыда кемітпендер» [Құран 55:9], – деген талап та өлшеуде артық кетпей, кем түспей, шамадан ауытқымай, таразының екі басын тең ұстаумен, тепе-теңдікті сақтаумен байланысты.

Низам әл-Мүлк «Сиасет-наме» кітабында былай дейді: Кісі барлық істе өлшемді болуы керек. Пайғамбар (с.а.с): «Іс біткеннің жақсысы – олардың орта шамасы» [11, 236], – деген.

Өлшеу дегенді білмей, әр нәрсенің орта шамасын таппай, артық, кемді ажыратпай кетуден асқан жамандық, терістік болмайды.

«Ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?» [7, 149], – дегенде, Абай осындай күйге тап болудан сақтандырады.

Абайдың өлшеу құралы адамның іс-әрекеттеріндегі жақсы немесе жаман сипаттарды анықтаумен қатар адамның мінез-құлқындағы әрбір жақсы қасиеттердің де өлшеуі бола алады.

Мысалы, әл-Фарабидің айтуынша, ер жүректілік – жақсы адамшылық қасиет, «бұған қатерлі істердің тұсында біршама батылдық жасау арқылы... жетуге болады» [8, 18]. Батылдықтың да екі қиыр шегі бар. Бірі – батылдықтың жоқтығы немесе жетіспеуі. Екінші қиыр шегі – шектен тыс батылдық. Бұлардың біріншісі қорқақтыққа соқтырады, екіншісі көзсіз батырлыққа ұрындырады. Бұл екеуі де – жаман адамгершілік сапа. Ер жүректілік осы екі жаман сапаның ортасындағы шамаға сәйкес келеді. Жомарттық – жақсы адамшылық сапа. Оның да өлшеуі бар. Өлшеуінен асса немесе өлшеуінен кем болса, жаман сапаға айналады. «Ақшаны үнемдеуге және жұмсауда көрсететін шамаға қарай жомарттық туады. Шектен тыс үнемшілдік, ақшаны кем жұмсау сараңдыққа соқтырады, шектен тыс артық жұмсау ысырапшылыққа соқтырады» [8, 18]. Адамның мінез-құлқындағы осындай сапалық қасиеттер тиісті әрекеттердің жасалуына алып келеді.

Әрбір нәрсенің, әрекеттің өлшеуі туралы даналық ойдың негізі тереңде. Оның желісі Конфуций, Платон мен Аристотельден әл-Фарабиге, одан Абайға жалғасты.

Абай ілімі жүйесінде әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі туралы қағидалардың алатын орны үлкен. Бұл саладағы қағидалардың жүйесі Абай ілімінің концептуалдық негіздерінің маңызды саласын түзеді.

6 Абай ілімінің, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдерінің теориялық сипаттамасын жасау

Модель латынның *modulus* деген сөзінен шыққан. Мағынасы *үлгі* дегенді білдіреді.

Абай ілімінің, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдері ақынның шығармашылығында белгілі бір үлгі, пішін, өрнек түрінде бейнеленбеген. Ол образы анық, нақты құбылыс емес. Сондықтан да Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық модельдері ақпараттық үлгілер қатарына жатады.

Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық модельдерін пішіндеу – ақын ілімін білдің, түсінудің және қолданудың оңтайлы әдісі әрі қолайлы құралы. Осы орайда жасалған мағыналық-құрылымдық модельдер Абайдың шығармашылығымен, ілімімен

тығыз бірлікте қолданылады. Бұл модельдер өздігінше жеке-дара тұрып Абайдың шығармашылығының, Абайдың ілімінің маңызы мен мәнін таныта алмайды, тануға, танытуға септігін тигізетін көрнекі үлгі қызметін атқарады.

Абай ілімі ұғымының өзіне келетін болсақ, Абайдың шығармашылық мұрасының өн бойында түрлі жағдайларға байланысты айтылған қағидалардың бүкіл қорын бірбүтін тұтастық ретінде анықтауға, оның құрамдастарын, олардың арасындағы байланыстардың жүйесін саралап білуге тура келеді. Бұл жүйеде Абай ілімі үшін маңызды деген қағидалардың бәрін анықтап, олардың әрқайсысына тән мағыналық ерекшеліктерді табу, сөйтіп неғұрлым іргелі ұғымдарды даралау, белгілі бір ұстаным бойынша белгілі бір қасиеттеріне қарай топтастыру үлкен ізденісті қажет етеді. Өйткені бұл мәселе ақынның шығармашылық және логикалық ойлау машығын танумен, таным кеңістігін білумен тікелей байланысты шешіледі. Ал ақынның шығармашылық ойлау машығын терең тану, таным кеңістігін толық білу таным теориясы, ойлау психологиясы, логика сияқты ғылым салаларымен сабақтасады.

Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық модельдері, олардың жүйесі, теориялық сипаттамасы Абай ілімін білу, түсіну және қолдану үшін аса маңызды. Біздің зерттеуімізге дейін Абай ілімі жайында бірқатар ойлар, пікірлер айтылды. Алайда Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық модельдері, олардың жүйесі қарастырылмады.

Зерттеу тобы жүргізген жұмыстардың нәтижесінде осындай дерексіз, нақты пішіні, образы анықталмаған шығармашылық ойлау үдерістерін, ол үдерістердің құрамдастарын логикалық үлгіде пішіндеуге, ол пішіннің теориялық сипаттамасын жасауға қол жетті. Әрбір мағыналық-құрылымдық модель Абайдың шығармашылығында көрініс тапқан қағидалардың логикалық, мағыналық-құрылымдық бірліктері мен тұтастығына негізделеді.

Абай ілімінің құрамдастары өзара және ішкі мағыналық-құрылымдық бірліктер жүйесімен тікелей байланысты. Зерттеу нысанының мағыналық-құрылымдық бірліктерінің жүйесін анықтамайынша оны модельдеу, пішінге түсіру мүмкін емес. Сөйте тұра зерттеу нысанының мағыналық-құрылымдық моделін жасамайынша оның құрамдастарының жүйесін толық тану, жете білу қиын.

Абайдың шығармашылық мұрасы құрамындағы әрбір шығарманың мағыналық-құрылымдық жүйесі, әрбір шығарманың мағыналық-құрылымдық бірлігінің өзіне тән мағыналық-құрылымдық пішіні бар. Олардың мағыналық-құрылымдық моделін жасау оларды білудің, түсінудің және түсіндірудің басты құралы болып табылады.

Абай ілімінің, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдерінің теориялық сипаттамасын жасау барысында өзара байланысты ұғымдарды жүйелеудің методологиялық ұстанымдарын анықтауға ерекше назар аударылды. Мысалы, Абай ілімі, Абай ілімінің құрамдас бөлімдері, Абай ілімінің концепциялары, Абай ілімінің категориялары сияқты ұғымдардың бірбүтін жүйедегі орнын анықтау мақсатында іргелі ғылыми ізденіс жұмыстары жүргізілді. Басшылыққа алынатын методологиялық ұстанымдар негізделді. Әуелі Абай ілімінің жүйесіндегі қағидалар басты мағыналық сипаттарына қарай тиісті категориялар бойынша сараланды: 1) құндылықтар концепциясы; 2) білім концепциясы; 3) тыңдаушы тұлғасы концепциясы; 4) имани гүл концепциясы; 5) орта шама концепциясы. Бұл қатарды толықтыруға болады: 1) қызыл тіл концепциясы; 2) өзін-өзі тану концепциясы; 3) «толық» адам концепциясы, т.б.

Көрсетілген концепцияларды арнайы қарастыру Абай ілімін, Абай ілімінің құрамдастарын, негіздерін, категорияларын анықтауға және оларды жүйелеуге, ол жүйені үлгіге салуға қажетті жағдай қалыптастыруға алып келді.

Зерттеу жұмыстары барысында алдыңғы бес концепция жеткілікті деңгейде қарастырылды, бұл ретте қол жеткен нәтижелер Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделін жасауға негіз болды.

Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделінің логикалық жүйесі мынадай болып анықталды:

АБАЙ ІЛІМІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МОДЕЛІ

I. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері

1. Ақыл
2. Қайрат
3. Жүрек.

II. Абай ілімінің негіздері

1. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің құндылықтары
2. Шығыс мәдениетінің құндылықтары
3. Батыс мәдениетінің құндылықтары

III. Абай ілімінің басты категориялары

1. Бес асыл іс категориялары

- 1) талап
- 2) еңбек
- 3) терең ой
- 4) қанағат
- 5) рақым

2. Бес жаман іс категориялары

- 1) өсек
- 2) өтірік
- 3) мақтаншақ
- 4) еріншек
- 5) бекер мал шашпақ

АБАЙ ӨЛІМІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІНІҢ СИПАТТАРЫ МЕН КАТЕГОРИЯЛАРЫ

1 Ақыл

1.1 Сипаттары

- 1.1.1 Ақылдың тоқтаулылығы;
- 1.1.2 Ақылдың ар мен ұятқа беріктігі;
- 1.1.3 Ақылсыз пайданы іздеуге болмайды;
- 1.1.4 Ақылсыз залалдан қашып құтылу мүмкін емес;
Ақылсыз ғылымды ұғып, үйрену жоқ;
- 1.1.6 Ақылсыз ешнәрсе табылмайды;
- 1.1.7 Ақыл ненің пайдалы, ненің залалды екенін біледі;
- 1.1.8 Ақыл сөзді ұғады;
- 1.1.9 Ақыл тәңіріні танытады;
- 1.1.10 Ақыл екі дүниенің жайын біледі.

1.1 Категориялары

- 1.2.1 Таным;
- 1.2.2 Білім;
- 1.2.3 Терең ой;
- 1.2.4 Даналық.

2 Қайрат

2.1 Сипаттары

- 2.1.1 Дүниеде ешнәрсе қайратсыз кәметке жетпейді;
- 2.1.2 Адамның білуге ерінбей, жалықпай үйренуі – қайраттың ісі;
- 2.1.3 Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек – қайраттың ісі;
- 2.1.4 Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбекпен табу – қайраттың ісі;
- 2.1.5 Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын – қайрат;
- 2.1.6 Адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын – қайрат;
- 2.1.7 Қаруына қарай қаттылығы да бар;
- 2.1.8 Пайдасы да, залалы да мол;

2.1.9 Кейде жақсылықты берік ұстайды, кейде жамандықты берік ұстайды.

2.2 Категориялары

2.2.1 Тоқтаулылық;

2.2.2 Талаптылық;

2.2.3 Шыдамдылық.

3 Жүрек

3.1 Сипаттары

3.1.1 Жүрек – адамның денесінің патшасы;

3.1.2 Қан жүректен тарайды;

3.1.3 Жан жүректе тұрады;

3.1.4 Жүрексіз тіршілік жоқ;

3.1.5 Адамға жақсылық ойлататын, басқаларға жанын ашытатын – жүрек;

3.1.6 Ұят сақтатып, рақым қылдыратын – жүрек;

3.1.7 Адам баласын алаламайды;

3.1.8 Жақсылыққа елжіреп, ериді;

3.1.9 Жаманшылыққа жиреніп, тулап кетеді;

3.1.10 Махаббат, иман – жүректе.

3.2 Категориялары

3.2.1 Әділет;


3.2.2 Ынсап;

3.2.3 Ұят;

3.3.4 Рақым.

Абай ілімінің біз ұсынып отырған мағыналық-құрылымдық моделі жүйесінде әр құрамдас бөліктің сипаттары, категориялары Абайдың шығармашылық мұрасында көрініс тапқан ұғымдар мен түсініктер негізінде түзілді. Аталған сипаттар мен категориялар өзгермейді, жетілдірілмейді деуге болмайды. Бұл бағытта жасалар жұмыстарға ешкім тежеу қоймайды. Ең бастысы – Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделінің жасалғаны. Жасалған модельге сүйене отырып, Абайдың ілімінің мағыналық-құрылымдық моделін көз алдымызға алып келіп, оны нақты белгілері бойынша саралау мүмкіншілігіне қол жеткізудің өзі – элеуметтік маңызы бар үлкен нәтиже. Сонымен қатар мына жайды ескеруге тура келеді: Абай ілімінің Абайдың

шығармашылық мұрасындағы жүйесін Абай ілімінің біз жасаған мағыналық-құрылымдық моделі алмастыра алмайды.



Модель 1

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау

Шартты белгілердің мәні:

1 – Ақыл

2 – Қайрат

3 – Жүрек

Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделі – шартты, символдық мәндегі теориялық үлгі. Ол – Абай ілімінің Абай шығармашылығындағы жүйесінің жинақталған, тұтасқан, сөйтіп көрнекі үлгіге түскен түрі. Онда Абай ілімінің басты мағыналық-құрылымдық жүйесі көрініс тапқан.

Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің өзара бірлігі мен тұтастығы «Абай үшкілі» үлгісінде сипатталды.

Абай:


Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жаксы» демек [6, 128], –

дейді. Енді бірде ақынның:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [6, 249], –

деп жазатыны бар. Ақынның осы және басқа ойлары мен қағидалары негізінде *ақыл*, *қайрат*, *жүрек* арасындағы қатынасты жоғарыдағыдай «Абай үшкілі» үлгісінде бергенді дұрыс көрдік. Берілген үлгіде *ақыл*, *қайрат*, *жүрек* үшеуі өзара бірдей қатынаста, бірінен екіншісінің немесе үшіншісінің асықтығы, артықшылығы немесе кемдігі жоқ. Қайрат ыстық, ақыл нұрлы, жүрек жылы – бұл қасиеттер маңызды, мәнді. Бірақ бұл үшеуінің қасиеттері қандай маңызды, мәнді болса, олардың адамның тіршілігінде алатын орнының, атқаратын қызметтерінің бірдей болуы да басты шарт.

Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделі бірбүтін күрделі тұтастық болғанда, оның құрамдастары сол бүтіннің бөлшектері түрінде дараланады. Құрылымдық жүйеде осылай екені рас. Ал бұлардың қызметінің арасындағы қатынастан туатын қасиет бөле-жаруға келмейді, ол – бірбүтін.



Модель 2
Ақыл

Шартты белгілердің мәні:

1 – Ақыл

2 – Ақылдың сипаттары

3 – Ақылдың категориялары

Адамның қасиеті ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек үшеуінің өзара жарасымы, келісімі, бірлігі нәтижесінде туады. Бірақ бұлардың ешқайсысы да адамның қасиетін білдіретін бүтіннің бөлшегі бола алмайды.

Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің әрқайсысы «Абай үшкілі» үлгісінде ұсынылды. Мысалы: Ақыл-↔сипаттары-↔-категориялары.


Абайдың Имани гүл концепциясы үш сүюге негізделеді.
Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл... [2, 304] –

дейді. Абайдың Имани гүл концепциясы туралы тарауда Имани гүлдің мәні, құрылым жүйесі арнайы пайымдалды. Имани гүлдің құрамдастары, үш сүюдің мәнісі мен сипаттары, олардың арасындағы қатынастар жүйесі анықталып, жаңа тұжырымдар жасалды. Абайдың Имани гүл концепциясының құрамдастарын Абай үшкілі үлгісінде пішіндеудің дұрыстығы дәйектелді.

Абайтану ғылымында Абайдың Имани гүліндегі үш сүю түрлі тұрғыдан сипатталды. Олар Абайдың Имани гүл концепциясы туралы тарауда кеңінен пайымдалды. Біз ұстанған қағида

бойынша, мұндағы әр сүюдің сүюшісі – әрі сүюші, әрі сүйікті. Осы қағида тұрғысынан пайымдағанда ғана Абайдың Имани гүлі гүліндегі үш сүюдің мәнін дұрыс түсінуге болады.



Модель 3
Имани гүл

Шартты белгілердің мәні:

- 1 – бірінші сүю: Алланың адамды сүюі
- 2 – екінші сүю: адамның Алланы сүюі
- 3 – үшінші сүю: адамның адамзаттың бәрін сүюі

Абайдың сипаттауында Имани гүл болатын үш сүюдің жүйесіндегі үш субъекті де әрі сүюші, әрі сүйікті. Әрі сүюші, әрі сүйікті бола алмайтындар Имани гүл жүйесіне енбейді.

Абайдың Имани гүл концепциясында үш сүю бары көрсетілді. Сүю барда сүюші мен сүйікті бар. Үш сүюдің құрамдас-тарының әрқайсысы әрі сүюші, әрі сүйікті. Абайдың Имани гүлінің ерекшелігі осындай бірбүтін жүйесінде. Бұл жүйедегі сүюші әрі сүйікті құрамдас-тарды басқалармен ауыстыруға немесе алмастыруға болмайды. Бұл үшеуінің Абай үшкіліндегі бірлігі мен тұтастығын бұзуға жол жоқ.

Абай ілімінің, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдерінің теориялық сипаттамасын жасау мақсатындағы жұмыстар мына бағыттар бойынша жүргізілді: а) мағыналық-құрылымдық модельдер теориясын негіздеу; в) мағыналық-құрылымдық модельдің ғылыми сипаттамасы; с) мағыналық-құрылымдық модельдің үлгісі.

7 Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін жасау

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін жасау бойынша зерттеу жұмыстары үш саланы қамтыды: а) ғылыми-әдістемелік тетіктердің қызметін қамтамасыз ету амалдарын негіздеу; в) ғылыми-әдістемелік тетіктердің жұмыс үдерісі кезеңдерінің логикалық жүйесін

анықтау; с) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін жасау.



Модель 4
Абай үшкілі

Абай үшкілінің жалпы мәні Ақжан Машанов зерттеулері негізінде сипатталды. Абайдың: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста», – деген қағдасындағы бірлікті білдіреді. А-Қ, Қ-Ж, А-Ж кесінділерінің ұзындығы бірдей, бұрыштар бірдей. Бұл пішін ақыл, қайрат жүрек үшеуіне бірдей ортақ.

Абай іліміндегі әр жақсы істің өлшемін осы үшкіл негізінде анықтауға болады.


Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін жасау олардың қызметін қамтамасыз ету амалдарына сай жүзеге асырылуы тиіс еді. Соған байланысты Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерінің қызметін қамтамасыз ететін амалдарға назар аударылды.

Аталған тетіктердің қызметін қамтамасыз ететін амалдардың моделі қандай болу керектігін анықтау бойынша ізденіс жұмыстары жүргізілді. Абай ілімінің а) құрамдас үш бөлімі, б) құрамдас үш бөлімінің әрқайсысы, Абай ілімінің в) үш негізі (бастау көздері), с) үш негіздің әрқайсысы, Абай ілімінің асыл іс туралы бес категориясы, бес жаман іс туралы бес категориясы Абай үшкілі үлгісі бойынша пішінге түсірілді, мағыналық-құрылымдық моделі біртұтас жүйе ретінде негізделіп, оның құрамдастарының әрқайсысы Абай үшкілі үлгісінде сараланды.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетігі қызметін қамтамасыз ету амалдарын негіздеу үшін А – Ж сызығына Қ нүктесінен перпендикуляр сызық түсіреміз. Сонда Қ нүктесінен А және Ж сызығына перпендикуляр түскен сызық нүктесі А мен Ж сызығын теңдей екі бөлікке бөледі. А мен Ж нүктелерінің Қ нүктесіне қатысы бірдей болып шығады. Қ нүктесінің А және Ж нүктелеріне

қатысы да бірдей болады. Бұл бірдейлік, айналып келгенде, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаудың кескінін білдіреді. Көрсетілген Абай үшкілі өзінше бір тетік болғанда, оның қызметін қамтамасыз етудің амалы осы қалыпта кескінделеді.

Абай үшкілі ретінде сипатталған тетіктің үлгісі, оның құрамдастарының ерекшеліктері мынадай логикалық жүйеге сай келуі шарт: а) Абай ілімінің тиісті мәніне сәйкес келеді; в) Абай ілімі құрамдастарына, оларға тән ерекшеліктерге сәйкес келеді; с) Абай ілімі құрамдастарының арасындағы логикалық байланыстардың заңдылықтарына сәйкес келеді.



Модель 5
Бес асыл іс
Бес асыл іс категориясының
моделі бес үшкілі жүйесінде
ұсынылды.

Абай үшкілі – Абай іліміндегі басты мағыналық-құрылымдық жүйені білдіреді және зерттеу барысында жиі қолданылатын тетіктердің бірі. Оның жиі қолданылуы Абай ілімі жүйесіндегі қағидалар мен қисындардың мағыналық-құрылымдық ерекшеліктерін білу, түсіну және қолдану мақсатындағы әрекеттерде басты және маңызды үлгі қызметін атқаруымен байланысты. Бұл үлгі Абай ілімінің құрамдас үш бөлімін және олардың әрқайсысының ерекшеліктерін, өзара байланыстарын ашып көрсетуде тиімді қызмет атқарады.


Абай іліміндегі бес асыл іс категорияларын білу, түсіну және қолдану қажеттілігі құрамдас бес үшкілден тұратын бір-бүтін модельдің үлгісін таңдауды талап етті. Осы талапқа бес үшкілден тұратын модель сай келеді.

Абайдың бес асыл ісіндегі әр категория – бір үшкіл. Әр үшкіл және оның мәнісін білдіретін әр категория басқа үшкілдермен және олардың мәнісін білдіретін категориялармен өзара бірлікте, байланыста.

Мысалы: Бес асыл іс категорияларының біріншісі – талап. Талаптың асыл сипаты Абай үшкілінің басты заңдылығын (ақыл,

қайрат, жүректі бірдей ұстау) сақтау арқылы ашылады. Қалған категориялар туралы да осыны айтуға болады.


Бес жаман іс категорияларын саралау үшін де осы үлгі лайықты. Мұндағы ерекшелік үшкілдің үш бұрышындағы ақыл, қайрат, жүрек бірлігінің бұзылуында, ақыл, қайрат, жүрек үшеуін бірдей ұстай алмауда. Оны анықтау үшін де жоғарыда көрсетілген амал қолданылады.



Халықтың дәстүрлі дүниетанымында дүние өз кеңістігінде төрт бөлікке бөлінеді. Оң, Сол, Шығыс, Батыс ұғымдары дүниенің осы төрт бөлігіне сәйкес келеді. «Дүниенің төрт бұрышы», «Төрткіл дүние» халықтың дәстүрлі дүниетанымындағы осындай өлшемдер жүйесін білдіреді. Табиғаттағы, болмыстағы құбылыстардың қасиеттерін осы өлшем үлгісіне салып жүйелеуге, білуге, түсінуге және түсіндіруге болады. Осы өлшем үлгісі Абай ілімін білу, түсіну, қолдану мақсатында тиімді тетік қызметін атқарады. Оның жалпы жұртқа белгілі, түсінікті моделін дидактикалық құрал ретінде пайдаланудың реті бар.

Халықтың дәстүрлі дүниетанымында бұл бөліктер екі еселенген қалыпта да жүйеленген. Дүниенің кеңдігінің басқа өлшемі жоқ. Өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын түгел шарлаған жан ретінде халық аңыздарында Қорқыт ата көрінеді. Қорқыт ата дүниенің төрт бұрышынан өлімнен тыс тұрған алақандай да кеңістік таба алмайды. Төрткіл өлшем дүниенің шексіздігінің халық танымындағы шартты шегі, толық көрінісі болып табылады.


«Төрткіл дүниенің» осы көрінісін өзіне сай пішіндегенде, мынадай модель шығады:



Модель 6
Төрткіл

Төрткіл. Болмыстың, құбылыстың толықтығын, кемелдігін сипаттайды.

Төрткіл дүние халықтың дәстүрлі дүниетанымында екі еселеніп, сегіз бөлікке бөлінеді.



Төрткіл дүниенің екі еселенген моделі өзара тұтасқан екі төрткіл үлгісінде пішінделді:

Модель 7
Еселенген төрткіл

⊗ Төрткіл дүниенің еселенген құрамдастарының моделі

халықтың дәстүрлі дүниетанымында ілкіден келе жатқаны туралы айтылды. Оның үстіне ол тек қазақ халқының танымында ғана емес, дүние жүзі халықтарының танымында да ілгеріден бар. Үлгінің құрылымы, оны анықтаудағы танымдық тұрғы алақандағыдай анық, айқын, түсінікті. Анық, айқын, түсінікті осы құрылымдық үлгіні біз анық емес, айқын да емес, түсінікті де емес құбылыстарды анық білу, айқын қабылдау, терең

түсіну және түсіндіру үшін қолдануға ұсындық. Біздің қолдануымызда бұл үлгі Абай ілімін білу, түсіну және қолдану үдерістері жүйесінде жаңа мәнге иеленеді. Бұл үлгі төрткіл дүниенің төрт бағытын немесе сегіз саласын түсіндіру үшін емес, Абай ілімінің құрамдастарының мәнін білу, түсіну және қолдану үшін қажетті дидактикалық құрал, әдістемелік тетік ретінде жаңартылды. Осы үлгіні жаңа таным кеңістігінде жаңартылған дидактикалық құрал ретінде жаңаша пайдалану Абай ілімін, Абай шығармашылығын жаңа деңгейде танып білудің қолайлы құралы, тиімді тетігі қызметін атқаратын болады.

Берілген үлгі-модельдер Абай шығармашылығын, Абай ілімінің жүйесін білудің, түсінудің және түсіндірудің дидактикалық құралы қызметін атқарады. Бұл – дидактикалық дизайн саласындағы маңызды құралдар. Әдеби шығарманың қандай да белгілі бір мағыналық-құрылымдық бірліктерден тұрады. Олардың маңызды, негізгі қызмет атқаратын құрамдастарын осы модель-үлгіге сай жүйелеп, түсіндіру тиімді.

Абайдың білім концепциясында **Абайдың таксономиясы** деген ұғым бар. Ол Абайдың білім концепциясында негізделген танымдық үдерістердің иерархиялық жүйесі деген түсінікті білдіреді. Оны біз Абайдың білім концепциясында қолданылған қисындар негізінде алты деңгейде үлгіге түсірдік: **ТАЛАП→ҚАБЫЛДАУ→БІЛУ→ТҮСІНУ→ЕСТЕ САҚТАУ →ҚОЛДАНУ.**

Абай ілімінде көрініс тапқан осы деңгейлерді өзгертпей, ықшамдауға бармай, әуелгі қалпында, Абай көрсеткен үлгіде қабылдадық және солай ұсындық.

Абайдың таксономиясын модельдеуде танымдық үдеріс деңгейлерін сипаттауға қолайлы болатын үлгіні таңдадық. Оның моделі мынадай:

Модель 8
Абайдың таксономиясы



Халықтың дәстүрлі дүниетанымында дүние өз кеңістігінде төрт бөлікке бөлінеді. Оң, Сол, Шығыс, Батыс ұғымдары дүниенің осы төрт бөлігіне сәйкес келеді. Халықтың дәстүрлі

дүниетанымында бұл бөліктер екі еселенген қалыпта да жүйеленген. Дүниенің кеңдігінің басқа өлшемі жоқ. Осы өлшемдер дүниенің шексіздігінің халық танымындағы шартты шегі болып табылады. Абайдың таксономиясындағы әр деңгейдің төрткіл және оның еселенген пішіні үлгісінде де осындай кеңдік, толықтық, кемелдік мағынасы бар. Оның үстіне төрткілдің өзі үшкілдің еселенуі нәтижесінде құралады, екі үшкілден тұрады.

Абайдың таксономиясын пішіндеу үшін алынған үлгінің өзі Абай ілімінің жүйесіндегі қисындар мен қағидалардың, Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделінің жүйесіне негізделді. Абай таксономиясындағы танымдық үдеріс деңгейлерінің әрқайсысы осындай кеңдік, толықтық, кемелдік сияқты сипаттарымен ерекшеленеді.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерінің басқа да үлгілері бар. Солардың негізінде Абай ілімін білудің, түсінудің, қолданудың дидактикалық құралдары жасалды. Ол құралдар бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу бағдарламалары аясында Абай ілімі пәнін оқыту барысында сынақтан өтуде.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін жасау олардың қызметін қамтамасыз ететін орта мен амалдарды анықтаумен бірлікте іске асырылды.

Абай ілімін, Абай шығармашылығын оқыту ісінде осы және басқа тетіктерді әдістемелік тұрғыдан тиімді пайдалану білім алушылардың таным деңгейлерінің артуына, алған білімдерін нақты үлгілер бойынша есте сақтауына және қолдануына негіз болады.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктері туралы ойларды қорытуда білім беру ісіндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясына, Абайдың таксономиясына сүйене отырып, тағы бір ірі мәселеге, нақты айтқанда, танымдық үдерістерді жүзеге асыруға қажетті ойлау амалдарына арнайы назар аударылды. Танымдық үдерістерді жүзеге асыру амалдары ретінде біз талдау, жинақтау, бағалау амалдарын негізге алдық.

Абай таксономиясындағы танымдық үдерістерді жүзеге асыруға қажетті ойлау амалдары:



Абайдың таксономиясы



Танымдық үдеріс деңгейлері Абайдың таксономиясында көрініс тапқан қалпында алынды. Әр деңгейдің шартты белгісі ретінде төрткіл үлгісін таңдаудың негізінде халықтың дәстүрлі дүниетанымындағы өлшемдер бар, ол өлшем кеңдік, толықтық, кемелдік мағынасын білдіреді. Абайдың таксономиясындағы әр деңгейдің төрткіл және оның еселенген пішіні үлгісінде де осындай кеңдік, толықтық, кемелдік мағынасы бар. Оның үстіне төрткілдің өзі үшкілдің еселенуі нәтижесінде құралады, екі үшкілден тұрады. Абайдың таксономиясын пішіндеу үшін алынған үлгінің өзі Абай ілімінің жүйесіндегі қисындар мен қағидалардың, Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделінің жүйесіне негізделді. Абай таксономиясындағы танымдық үдеріс деңгейлерінің әрқайсысы кеңдік, толықтық, кемелдік сияқты сипаттарымен ерекшеленеді.

Қазіргі шақта білім беру жүйесінде кеңінен қолданыста жүрген жүйе бойынша, **ТАЛДАУ**, **ЖИНАҚТАУ**, **БАҒАЛАУ** танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясындағы құрамдастар қатарында. Блум таксономиясы осы жүйеде түзілген. Біз білім беру жүйесінде осы таксономияны басшылыққа алдық. Мұның дұрыс болмағаны теориялық логика заңдылықтары шегінде белгілі. Бұдан Абай таксономиясы логикалық жүйесі, танымдық тереңдігі мен толықтығы, практикалық құндылығы жағынан көп ілгері. Абай таксономиясы отандық білім беру жүйесін жетілген, кемелденген деңгейде көрсетеді, білім беру ісіндегі мақсатымыз бен мүддемізге толық сай.

Сөз болып отырған мәселе аясындағы қағидалар жүйесін, үдерістер сатыларын саралау *талдау*, *жинақтау*, *бағалау* сияқты

ойлау амалдарын танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясына алып келіп қосудың дұрыс еместігіне көз жеткізді. **ТАЛДАУ, ЖИНАҚТАУ, БАҒАЛАУ** Абай таксономиясының иерархиялық құрамдастарымен тең дәрежеде үйлесе алмайды. Абай таксономиясының иерархиясында бұл үшеуіне орын жоқ. Бірақ бұл үшеуінің қызметі басқа тұрғыда маңызды: **ТАЛДАУ, ЖИНАҚТАУ, БАҒАЛАУ** Абай таксономиясы жүйесіндегі әр деңгейдің үдерісін қамтамасыз ететін ойлау амалдары қызметін атқарады. **ТАЛДАУ, ЖИНАҚТАУ, БАҒАЛАУ** танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесінің құрамдастары емес. **ТАЛДАУ, ЖИНАҚТАУ, БАҒАЛАУ** – танымдық ойлау амалдары. Абай таксономиясындағы иерархиялық деңгейлердің қайсысы да талдау, жинақтау, бағалау сияқты ойлау амалдары арқылы жүзеге асады.

Ойлау амалдары және ойлау деңгейлері – бұлар өзара бір иерархиялық жүйе құрамдастары бола алмайды. Абайдың иерархиялық жүйесіндегі *білу* үдерісі үшін талдау, жинақтау, бағалау қандай қажетті ойлау амалы болса, қалған үдерістер үшін де олардың қызметі сондай маңызды. Білім беру ісіндегі танымдық ойлаудың иерархиялық деңгейлерінің бәрі де талдау, жинақтау, бағалау сияқты ойлау амалдарының қызметі арқылы жүзеге асады.

Отандық білім беру ісінде Абай таксономиясын білмей, Блум таксономиясын бас иіп қабыл алу теориялық, дидактикалық қателікке жол ашты. Мұны ақылға салып, тиісті қорытынды жасау, соған сәйкес тиісті шешім қабылдау – Қазақстан білім беру ісіндегі өзекті міндет.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерінің басқа да үлгілері бар. Солардың негізінде Абай ілімін білудің, түсінудің, қолданудың дидактикалық құралдары жасалды. Ол құралдар бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу бағдарламалары аясында Абай ілімі пәнін оқыту барысында сынақтан өтуде.

8 Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-ақпараттық базасының әдістемелік негізін жасау

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-ақпараттық ресурстар базасының әдістемелік негізі жасалды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында 2015-2017 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруымен **3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу»** тақырыбында ғылыми жоба орындалды.

Ғылыми жобаны іс жүзіне асыру барысында қол жеткен нәтижелер абайтану саласындағы үлкен және маңызды жетістік болды. Осы жетістіктің ерекше атап өтуді қажет ететін бір қыры бар. Ол – «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес, абайтану ғылымы саласында тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер мен ғалымдардың барлық буындарының жетістіктеріне негізделді.

Абай ғылыми-зерттеу институтының дайындауымен «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» атты ғылыми жобасы аясында жарық көрген құнды еңбектер қазақ руханиятының зор игілігіне айналмақшы. Абайтану ғылымының тарихындағы бүкіл зерттеу еңбектер жүйеленіп, жинақталған көп томдық сериялық басылым қазақ әдебиеттануы, абайтануы тарихындағы ірі нәтиже, айтулы белес болып отыр.

Абайтану ғылымы саласында ғылыми мектептер мен зерттеушілердің барлық буындарының жетістіктеріне негізделген арнайы ғылыми ресурстар қорын жасау жолындағы жұмыстардың нәтижесі әлеуметтік өміріміздегі баламасы жоқ жетістік болады деп күтілді. Жоба аясында үлкен жетістіктерге қол жетті. Алайда бұл жұмыстарды жалғастыру қажеттігі күннен күнге анықтала түсті. Бұл бағыттағы жұмыстар 2020-2022 жылдары жаңа жоба аясында жалғастырылды. Осы мақсатта Абай ғылыми-зерттеу институтында гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер бағыты бойынша **«Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері»** (2020-2022) тақырыбында ғылыми жоба орындалуда. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-ақпараттық ресурстар базасының әдістемелік негізін жасау міндеті бойынша ақпараттық ресурстар базасының ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастыру жұмыстары өз деңгейінде нәтижелі болды.

Аталған екі ғылыми жоба бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде **«АБАЙТАНУ. ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР»** көп

томдық сериялық басылымы (Томдар: 1-50, Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2016-2021 ж.) жарық көрді.

Орындалған жұмыстардың басты нәтижелерінің бір саласы ретінде бүгінде елу том болып баспадан жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық бысылымының әлеуметтік зор маңызы арнайы атап өтуге лайықты. Аталған елу том таңдамалы еңбектер «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес абайтану саласында ғалымдардың талай буынының тәжірибесін, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпараттары мен өндірген білімдерінің мол қорын қамтитын дербес ғылыми базаның негізін қалыптастырды. **«Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері»** (2020-2022) тақырыбындағы ғылыми жобаны орындау барысында он томдық «Абайтану антологиясы» дайындалып, жарық көрді.

Көрсетілген көп томдық басылымдардың негізінде «Абайтану антологиясы» атты интеллектуалдық е-ресурстар базасы құрылды. Аталған интеллектуалдық е-ресурстар базасының ашылуы және университеттің ресми сайтына орналастырылуы туралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің шешімі қабылданды (18.10.2021, № 06-22-1), «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ интеллектуалдық құндылығы екеніне назар аударылды.

Антологияның бірінші томы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласымен ашылған. Сонымен қатар «Абай институтының еңбектері» атты көп томдық сериялық басылымның кітаптары жарық көре бастады. Бүгінде оның 16-томы жарық көрді. Осы және басқа жұмыстардың жинақталған нәтижесі ретінде «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық ресурстар базасы ашылып, университеттің кітапханасында арнайы ашық электронды интеллектуалдық ресурстар қоры ретінде көпшілік оқырманның пайдалануына ұсынылды. Осылайша абайтану ғылымы саласында тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер мен ғалымдардың барлық буындарының жетістіктеріне негізделген арнайы ғылыми ресурстар қорының ғылыми, ғылыми-

ақпараттық, ғылыми-әдістемелік негізі жасалды, тұтынушылардың игілігіне ұсынылды, өндіріске енгізілді.

«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық ресурстар қорымына сілтеме бойынша қолжетімді: [HTTP://ELIBRARY.KAZNU.KZ/RU/NODE/7912](http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/7912)

Абай ғылыми-зерттеу институтының көпшіліктің пайдалануына ұсынған **«АБАЙТАНУ АНТОЛОГИЯСЫ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ Е-РЕСУРСТАР БАЗАСЫ** Қазақстанның білім және ғылым жүйесі үшін, дүние жүзі қазақтары үшін қолжетімді, пайдалы болады деп күтіледі.

Орындалған жұмыстардың нәтижесінде жоғары білім беру бағдарламаларының бірінші циклы бойынша «Абай ілімі» оқу пәні 2021-2022 оқу жылынан бастап өндіріске енгізілді.

«Абай ілімі» пәнінің мазмұны пәнаралық сипатымен маңызды. Пән мазмұнын білім алушылардың толық меңгеруіне қажетті әдістемелік модельдер, дидактикалық құралдар жасалды. Олар бұған дейін қолданыста болған, бар дидактикалық құралдардан түбірімен өзгеше, жаңа және тиімді. Осы ретте арнайы атап өтетін тағы бір жетістік бар. Ол – Абайдың кісілік кодексі.

«Абайдың кісілік кодексі тұтынушылардың жас айырмашылықтарына, әлеуметтік мүмкіншіліктеріне қарай бірнеше форматта жасалды. Онда Абай негіздеген асыл қасиеттердің кісі болған, кісі болам деген адамзат баласы асық болатын бір тобы көрініс тапқан. «Абайдың кісілік кодексі» – кісілік кемелдік жолында жетілуді мақсат еткен үлкен-кіші, кәрі-жастың бәрі үшін маңызды рухани құндылық.

«Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында орындалған жұмыстардың нәтижелері, «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы Қазақстанның білім және ғылым жүйесі үшін, Қазақстан азаматтары мен дүниежүзі қазақтары үшін игілікті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде абайтану ғылымы саласында жасалған және тұтынушылардың пайдалануына ашық ұсынылған интеллектуалдық е-ресурстар базасы Қазақстанның әдебиеті мен мәдениетінің, ғылымы мен білімінің дамуына, зияткерлік әлеуетінің артуына, қоғамдық санасының жаңғыруына қызмет етеді.

ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӨЛШЕМДІ НӘТИЖЕЛЕРІ

БҒСҚК ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар

1) Дадебаев Ж., Айтбаева К.Б. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңін орыс, ағылшын тілдеріне аудару мәселесі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі / Наука и жизнь Казахстана. – №12 (146) 2020. – 174-179-беттер. <https://www.-nau-kaiz-hizn.kz/ru/journals/12-146-2020>

2) Дәдебаев Ж. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2021. – № 4. – 147-155-беттер.

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>

<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/issue/view/69>

<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3633/2807>

3) Musaly L.Zh., Yessembekov T.O., Iskakova G.N. The specifics of the translation analysis of poetic text and discourse // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2021. – № 4. – 201-209-беттер.

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph19>

<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/issue/view/69>

4) Дәдебаев Ж.Д., Жусанбаева С.Б., Баязитов Б.Б. Абай шығармаларының мағыналық-кұрылымдық жүйесі // Керуен. – 2021. – № 73 (4). – 28-38-беттер.

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-02>

<https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/127>

<https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/127/91>

5) Абдикулова Р.М. Абайдың «Қара сөздерінің» жанры: білу, түсіну, бағалау парадигмалары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 2 (186), 2022. <https://doi.org/-10.26577/-EJPh.-2022.v-186.i2.012>

6) Даутова Б.Д., Баязитов Б.Б. Linguistic forms of expression of time and space categories in Abai's poems // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 2 (186), 2022.

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.015>

Қорғау құжаттары

1) Дадебаев Ж. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану тұжырымдамасы // Қазақстан Республикасы Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы ҚУӘЛПК 2021 жылғы «19» сәуір, № 16745. Сілтеме: <https://copyright.kazpatent.kz/> Авторлық куәлік http://abai.kaznu.kz/?attachment_id=4582

2) Абдикулова Р.М. Абайдың «Қара сөздері»: білу, түсіну, бағалау парадигмалары // Қазақстан Республикасы Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы ҚУӘЛПК 2021 жылғы «14» маусым, № 18670. Сілтеме:

<https://copyright.kazpatent.kz/>: Авторлық куәлік http://abai.kaznu.kz/?-attachment_id=4594

3) Дадебаев Ж. Абайдың таксономиясы // Қазақстан Республикасы Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы КУӘЛІК 2022 жылғы «15» маусым, № 27243. Сілтеме: <https://copyright.kazpatent.kz/?!.iD=wQEY> <https://abai.kaznu.kz/?p=5199>

Конференция материалдары

1) «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орнымен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 27 қараша, 2020 жыл / Құраст. және электрон. баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Г. Қасымқын, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 130 б. ISBN 978-601-04-4974-9

<https://abai.kaznu.kz/wpcontent/uploads/%D3%98%D0%BB%0%A4%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%B1%D0%B8%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D1%8B%D2%A3%D1%80%D1%83%D1%85%D0%B%D0%B8%D0%BC%D2%B1%D1%80%D0%B0%D%81%D1%8B%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D1%96%D1%80%D0%B3%D1%96%D3%A9%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82%D1%82%D0%B5%D0%B3%D%96%D0%BE%D1%80%D0%BD%D1%8B%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D0%BC%D0%B0%D2%A3%D1%8B%D0%B7%D1%8B.pdf>

Жинақтар

1) Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері. Мақалалар жинағы / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 254 б. ISBN 978-601-04-5657-0

<https://abai.kaznu.kz/wpcontent/uploads/%D0%9C%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B6%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D2%93%D1%8B.pdf>

2) Дәдебаев Ж. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 34 б. ISBN 978-601-04-5734-8

3) Абайдың кісілік кодексі / Құраст., жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 8 б. ISBN 978-601-04-5767-6

Оқу құралдары

1) Абайтану. Лекциялар (Оқу құралы) / Жалпы ред. басқарған, кіріспесін жазған Ж. Дәдебаев; жауапты ред. Д. Ысқақұлы; құраст. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 304 б. ISBN 978-601-04-5818-5

2) Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. Қазақ мектебінде білім алушы жастарға, олардың ата-аналарына және мұғалімдері мен тәрбиешілеріне арналған / Жалпы ред. басқарған, алғы сөзін жазған Ж. Дәдебаев; жауапты ред. Д. Ысқақұлы; құраст. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 146 б. ISBN 978-601-04-5754-6

2) Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. «Тіл және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру ұйымдарына арналған / Жалпы ред. басқ.

Ж. Дәдебаев; жау. ред., алғы сөзін жазған Д. Ысқақұлы; құраст. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б. ISBN 978-601-04-5763-8

Монографиялық тарау

1) Абай // Дәдебаев Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы. Бірінші бөлім / Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 134-159-беттер. ISBN 978-601-04-5423-1

<https://abai.kaznu.kz/wp-content/uploads/%D0%9A%D0%90-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%8B.pdf>

База

1) «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы:
<http://elibrary.kaznu.kz/kk/node/7912>

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Абайтану антологиясы. Он томдық. I том. Ойлар, толғаныстар, естеліктер / құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымқын; жауапты ред. Б. Жақып; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; антол. бас ред. Ж. Түймебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 3-14 б.; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы [электронды ресурc] – 2020 ж. – URL: <http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
2. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу (аралық). – Алматы, 2015. – 61 б. (Инв. № 0215РК01711).
3. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу (аралық). – Алматы, 2016. – 74 б. (Инв. № 0216РК01830).
4. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу (қорытынды). – Алматы, 2017. – 55 б. (Инв. № 0217РК02354).
5. «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 27 қараша, 2020 жыл / құраст. және электронды баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Г. Қасымқын, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 130 б.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлендер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
8. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Қазақшаға аударғандар: Қ.Сағындықов, М.Жанғалин, М.Ишмұхамедов; аударманың ғылыми редакциясын жасаған А.Тұрғынбаев. – Алматы: Ғылым, 1975. – 455 б.
9. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері. Мақалалар жинағы / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 254 б.
10. Аристотель. Этика. Эстетика. Поэтика. – Минск: Харвест, 2011. – 1280 с.
11. Сиасет-намэ. Книга о правлении вазира XI столетия Низам ал-Мулка / Перевод, введение в изучение памятника и примечания профессора Б.Н. Заходера. – М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1949. – 379 с.

Екінші тарау

АБАЙДЫҢ ТАКСОНОМИЯСЫ (Абайдың білім концепциясындағы танымдық үдерістердің иерархиялық жүйесі)

1

Абайдың білім концепциясы – бір жағынан, абайтану ғылымындағы, Абайдың ілімі жүйесіндегі, екінші жағынан, әлеуметтік эпистемологиядағы аса күрделі, әлеуметтік маңызы зор іргелі ғылыми мәселе. Бұл мәселені арнайы пәнаралық тұрғыда зерттеудің, зерттеу мақсаттары аясында қойылған міндеттерді тиісті методологиялық деңгейде шешудің, қол жеткен нәтижелерді білім беру, оқу үдерісіне енгізуге дайындаудың ғылыми және практикалық маңызы зор.

Абай шығармашылығындағы оқу, тәрбие, білім тақырыбы зерттелді, оқулықтарда арнайы пайымдалды. Бірақ Абай шығармашылығындағы оқу, тәрбие, білім тақырыбы бір басқа да, эпистемологияның теориясы мен тарихында Абайдың білім концепциясының алатын орны – бір басқа мәселе. Біздің зерттеуіміздің пәні – Абайдың білім концепциясы.

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ [1, 94], –

дейді Абай. Ақынның шығармашылығының өзегіндегі басты желі – тіл ұстарту, өнер шашу, үлгі беру. Ақынның шығармашылық қызметінің басты мақсаты осындай болғанда, осы мақсатқа жеткізетін жолды білімнен табады.

Абайдың білім концепциясы аясында *білмекке талап қылу үшін қажетті қасиеттер, білмекке талап, білу, білудегі мақсаттар, білу үдерістері, білу үдерістерінің амалдары мен тетіктері, білу нәтижесінде қол жететін құзыреттілік* концептуалдық тұрғыда және өзара сабақтас бірбүтін жүйе болып тұтасқан. Абайдың білім концепциясы, оның концептуалдық моделі эпистемологиялық тұрғыдан қоғамдық-гуманитарлық

ғылым саласында бірбүтін жүйе ретінде бұған дейін арнайы зерттелген емес.

Абайдың білім концепциясының жалпы сипаттамасы оның білім, ғылым туралы жалпы қағидаларының негізінде пайымдалды. Білім, ғылым – Абайдың ілімінде маңызы зор, мәні терең рухани құндылық.

Ақынның: «Ғылым таппай мақтанба» [1, 65], «Дүние де өзі, мал да өзі – Ғылымға көңіл бөлсеңіз» [1, 66], – сияқты өлең сөздері мен қара сөздерінде, жастарға айтқан ғибратында білім, ғылымды адам өміріндегі маңызы зор, мәні терең рухани құндылық ретінде бағалаған дүниетанымның негізі бар. Ата-анаға арнап айтқан сөзінде де Абай өмірлік мәні зор кеңес береді: «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт» [2, 163].

Білім алуға талаптану үшін «әуелі һауас сәлим (жақсы сипат) һәм тән саулық» болуы шарт. Білім алуға талаптану үшін ақыл-естің, жан мен тәннің саулығы қажет. «Бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» [2, 185]. Абайдың білім концепциясында білім алуға талап қылушының білім алуға дейінгі ішкі-сыртқы қалып-қабілетінен бастап, білім алу үдерісінің сатылары мен кезеңдері толық сипатталады.

Абайдың білім концепциясы жүйесінде өзара сабақтас мынадай бірнеше маңызды мәселелер бар: а) Абайдың білім концепциясына жалпы сипаттама беру; ә) білім алушының ішкі-сыртқы қалпына қатысты қағидалардың мәнін ашу; б) білу үдерістердің иерархиялық жүйесінің моделін пішіндеу; в) білу үдерістерінің амалдары мен тетіктерін жүйелеу; г) білім алушының білу нәтижесінде қол жеткізетін құзыреттілігінің сипаттамасын анықтау.

Ақынның білім концепциясында білім мәселесінің танымдық, эпистемологиялық, акмеологиялық мәселелері бойынша құнды ғылыми қағидалар негізделген. Сонымен қатар онда білім алу үдерісі адамның бүкіл өмірі бойында тоқтамайтыны, тоқтауға тиіс емес екендігі туралы ойлардың маңызы да үлкен.

Абайдың білім концепциясы – бірбүтін жүйе және оның мазмұны мен мәні пәнаралық сипатымен ерекшеленеді. Соған

орай зерттеудің әдістемелік негізіне пәнаралық зерттеу мен жүйелі зерттеу принциптері алынды. Зерттеу нысанының жүйесін анықтаудың өзіндік бір амалы ретінде логикалық модельдеу әдісі қолданылды.

2

Білім беру процесіндегі әуелгі саты – оқу мен оқытудағы мақсаттарды анықтау. Оқу мен оқытудағы мақсаттар білім алушының, білім берушінің, ата-ананың, қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік сұраныстары мен талаптарына сай ғылыми негізде анықталады және тараптар үшін өмірлік маңызының анықтығымен, нақтылығымен, қолжетімділігімен ерекшеленеді.

Қазақстанның білім беру стандарттарында білім беру мақсаттары білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Ол нәтижелер нақты құзыреттіліктер түрінде көрсетілген: 1) біледі; 2) түсінеді; 3) қолданады; 4) талдайды; 5) жинақтайды; 6) бағалайды.

Стандарттарда [3; 4], олардың негізінде жасалған үлгілік оқу бағдарламаларында [5; 6; 7] білім беру ісі аяқталғанда күтілетін нәтижелерді анықтау үшін, оны дамытуды ақпараттандыру үшін қолданылатын негізгі бағыт – Блумның таксономиясы (1956). Қазақстанның мемлекеттік стандарттарында, үлгілік оқу бағдарламаларында оқу мақсаттары мен оқудан күтілетін нәтижелер Блум таксономиясының 1956 жылғы иерархиялық жүйесіне сай бекітілген. Ол жүйе мынадай: 1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау.

Таным процестерінің психологиясы Блумға дейін де зерттеушілердің талай буынының зерттеу нысаны болған және бұл салада теориялық ойлар мен қағидалардың мол қоры жасалған. Блумның жүйесі таным процестерінің психологиясы аясында білім беру-білу процестерінің иерархиялық кезеңдерін қамтиды деп қабылданды.

Абай ілімін білу, түсіну, қолдану бағытында жүргізілген ғылыми-зерттеу нәтижелері білім беру-білу процестерінің иерархиялық кезеңдерін зерделеудің байырғы үлгілері ХІХ ғасырда Абайдың білім концепциясында көрініс тапқанына көз жеткізді.

Абайдың білім концепциясы жүйесінде өзара тығыз қатынастағы мынадай салалар сараланады: 1) білім мәнісі; 2) білім алушы тұлға, оның қабілеттері; 3) білім алушы тұлғаның қабылдау, білу, тану нысаны болатын болмыс; 4) білім алушының білу үдерісі; 5) білу үдерісін қамтамасыз етуге қажетті жағдай, амалдар мен құралдар; 6) білім алушы тұлғаның білім алу үдерісі аяқталғаннан кейінгі қалпы.

Көрсетілген салалар Абайдың білім концепциясында өз алдына өзекті таным нысандары ретінде белгілі бір ғана шығарма көлемінде қарастырылмайды, бұл мәселелер ақынның тұтас шығармашылық мұрасының жүйесінде түрлі әлеуметтік мәселелермен байланысты түрлі деңгейде, түрліше өлшем мен мөлшерде пайымдалады. Оларды эпистемологиялық, акмеологиялық ойлар арнасында анықтау, пайымдау, бір жүйеге түсіру арнайы зерттеу аясында ғана мүмкін.

Абай білімге, білімділікке толық сипаттама бере отырып, білімнің жоқтығына, білімсіздікке де нақты анықтама береді. *Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмағанда денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Дүние сырын танып-білу, білімділік – адамдықтың белгісі, білімғылымның жоқтығы, білімсіздік – надандық, хайуандық* [2, 138].

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сыры – адам санасынан тыс құрған болмыс, ақпараттар көзі. Ол ақпараттар өз алдына өзінше тұрып білім бола алмайды. Олардың көрінген һәм көрінбеген сырларын адамның түгелдеп, денелеп танып-білуінің нәтижесі ғана білім болып табылады. Адамның дүние сырын түгелдеп, денелеп білуі – тоқтамайтын, тоқтауға тиіс емес процесс. Соған орай адамның білімі ұдайы даму, толысу, жетілу үстінде болады. Дүние байлығы тозады, білім байлығы тозбайды. Дүние байлығы пайдаланған сайын азаяды, білім байлығы пайдаланған сайын көбейеді. Абайдың: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» [1, 66], – деуінің мәнісі осында.

Дүниенің «көрінбеген сырын білу» жайына келгенде, Абайдың мына сөзіне көңіл бөлген артық емес: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықбірлән табылады» [2, 186]. Әрбір нәрсенің сыртын көріп білгенмен тоқтамай, оның түбін, тегін, болу себебін білудің маңызы үлкен. Пендеге «өз ақылы жетерлік қадірін ғана

білсем деген әрбір істің себебін іздеу» парыз. Онсыз білім-ғылымның хақиқаты табылмайды, мәні ашылмайды. Нәрсенің «болмысын айқындап беретін шалғай себептерді және таяу себептерді білу», әл-Фарабидың анықтауынша, даналық болып есептеледі [8, 221]. Олай болғанда, нәрсенің болмысын айқындайтын шалғай себептер мен таяу себептерді білу – адам білімінің берік негізі.

Халық даналығы «Талапты ерге нұр жауар» дейді. Осы даналық сөзді Абай толық қабылдайды және өз ойының өзегіне айналдырады. Халықта «Ізденген жетер мұратқа» деген де бар. Абайдың талаптану, талып қылу, іздену туралы ойларының желісінде халық даналығынан туған осы қағиданың да сарыны бар. Бұл жерде «нұр», «мұрат» ұғымдары адамның өмірі үшін маңызды игіліктермен тікелей байланысты түсініктерді білдіреді. Адам баласы өзі мен өзгелер үшін игілікті іс істесе, сол ісінің басы талаптан, талап қылып ізденуден басталады. Кісінің көңілінде әлдебір игілікті іс істеуге талабы болмаса, ешқандай игілікті іс істелмейді. Сондықтан Абай: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» [2, 223], – деген қағида ұсынады. Талап – барлық игі істің негізі. Барлық игі іске адамды білім, ғылым жеткізеді. Адам боламын деген жастың адам болу жолына түспекке, білім, ғылым табуға талабы болу керек. Талап нақты іске бастауы керек. Ол істің нәтижесі ізгі, игілікті болуы керек. *Талаптылық, әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық бозбала үшін аса керекті қасиеттердің қатарына жатады* [1, 59].

Талаптылық, тілемек, қаламақ ұғымдары өзара тектес. Бұлар Жаратқанның қасиетті сипаттарының бірі *Ирадамен* (қалау, қаламақ) сәйкес келеді.

Абай:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге, –

дейді. Ақын өлеңінің осы екі тармағында көрініс тапқан үш қағиданың үшеуінің де өмірлік маңызы үлкен: а) пайда ойлама; ә) ар ойла; б) талап қыл артық білуге. Алдыңғы екі қағиданы қабылдау, түсіну үшінші қағиданы іс жүзіне асыру арқылы мүмкін болады.

Пайда ойлау, мақтан, әрнәрсеге әуесқой болу – ақын бұлардың нәпсімен сабақтас, игілігі жоқ, баянсыз іс екенін ескертеді, «шайтан ісі» ретінде бағалайды. Артық білуге талап қылмайынша, артық білмейінше мұның мәнісін ұғуға жол жоқ. Одан ары қарай ақын:

Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге, –

деп, артық білімнің көзіне бағыт сілтейді. Артық ғылымды ақын білімдіден шыққан сөзбен шендестіреді:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.

Білімнің, білімдіден шыққан сөздің талаптыға кез болуы, талаптының көкірегінде білімдіден шыққан сөздің нұрын, сырын көрерлік көздің болуы – білімнің талаптының көкейіне қонуына қажетті басты шарт. Кісінің «бойында қайрат», «ойында көз» болмаған жағдайда оған сөз айту артық.

Абайдың білім, ғылым туралы концептуалдық ойлары білім алушының ішкі қалпына қатысты қағидалармен ұштасады. Білім алушының ішкі қалпына қатысты қағидалардың мәні «Сөзді ұғар көкірегі болса көзді», «жүрек көзі», «көңіл көзі», «ой көзі» сияқты метафоралық қолданыстағы сөздердің тура мағынасы мен астарлы мағынасы арасындағы қатынастан ашылады. Халықтың дәстүрлі дүниетанымында да осындай ұғым бар. Ақынның: «жүрегі – айна», «жүректе айна жоқ болса», «сәулең болса кеудеңде», «ақылға сәуле қонбаса» сияқты сөздерінде де осындай мән бар.

Абайдың «Ақылға сәуле қонбаса, Хайуанша жүріп күнелтпек» [1, 282], «көкіректе сәуле жоқ» [2, 139], «сәулесі бар жігіттер» [1, 64], «сәулең болса кеудеңде» [1, 124], «көңілінің көзі ашық» [1, 126], «жүректің көзі ашылса» [1, 165], «көкірегінде оты бар» [1, 152] және басқа осылар секілді сөздерінің мағынасы ақылға қатысты ашылады. Ақынның «ақылға сәуле қонбаса», «жүректің көзі», «көңіл көзі» деп отырғаны білімнің сәулесі,

білімнің көзі дегенге келіп саяды. Білімнің сәулесі, білімнің көзі туралы ойлардың негізі тереңде. Білім нұры түспеген адамның көкірегінде сәуле болмайды [Құран 24:40]. Олай болғанда, адамның бойында «ақылға түскен сәуледен», нұрдан ардақты ешнәрсе жоқ. Егерде ақыл бетін ашып, жүзін көрсететін болса, онда оның жарығының қасында, Румидің айтуынша, күндіз қараңғы түндей болып көрінер еді. Ал егерде надандық бетін ашып, кейпін көрсетер болса, онда оның қараңғылығының қасында көзге түртсе көргісіз түн-түнектің өзі жап-жарық болып көрінер еді [9, 2181]. Сәулелі ақылдың, сәулелі көкіректің қасиетін Абай да осындай мағынада бағалайды. Абай айтып отырған «сәуле», «жүрек көзі», «көңіл көзі» – білім. Білім дүниенің шындығын тануға, дүниедегі ғажайыптардың жүзін көріп, сырын білуге, «Алланың хикметін сезуге» жеткізеді. Көкіректе сәуле жоқ болса, көңілде сенім де болмайды.

Абай алдындағы «бойы бұлған, сөзі жылмаң» адамның надандығына «ем таба алмай», «кеудесі қайғыға толғанда», «бетін басып, қатты сасады», «жалмажан тұра қашады» [1:148; 193]. Рухани әлемі бай, адамгершілік болмысы толық, ақылы кемел адамның «ақылына сәуле түспеген» наданнан осылай безінбеске лажы жоқ. Білім-ғылымның жоқтығы адамды, бір жағынан, талапсыздыққа, жігерсіздікке, ұятсыздыққа, кедейлікке ұшыратса, екінші жағынан, жыртқыш хайуан қисабына қосылмаққа ұрындырады. Білім алуға талпынған, талап қылған жасқа ақын осындай өмірлік маңызы зор ойлар ұсынды.

Абайдың наданнан түңілуі, оның істеген ісін көргенде, «бетті басуы», «қатты сасуы», «жалмажан тұра қашуы» айтуға жеңіл болғанмен, түскен жеріне ауыр. Өйткені ақын қайда қашса да, наданнан құтыла алмады: қайда барса да, алдынан надан шықты, қайда қараса да, көргені надан болды... Адам бойындағы мұндай қалыптың себебін ақын жан мен тәннің құмары, жан мен тәннің арақатынасы, ақыл, білім нұры туралы ойларында ашады.

Абай білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға талаптың өзінің біраз шарттарын білуді міндет етіп қояды. Адам болмақты қалаған жастар үшін олардың сол қалаған ісіне жетуге талпынып іс қылуы, білім табуға талаптануы және оның жолдары мен түрлерін білуі басты қажеттілік деп көрсетеді. Ақын өз заманы шегінде білмекке талаптанушының әрекеттері аясында талаптың

бірнеше түрін пайымдайды және соған қарай талаптанаушылар да әртүрлі болатынына назар аударады. Біреу мал табуға талаптанады. Екінші біреу қажы атануды ниет етеді. Үшінші біреу батыр атанбақ. Қу, сұм атануға талап қылатындар да болады [2, 224]. Талап қылушылардың бір парасы жамандық пен жақсылықты айыра алмайды, енді біреулерінің «арын сатып, ант ұрып іздегені бір семіз ат, аяғы бір табақ ас» болады. «Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп, сендіре алмай, сене алмай, сенделетін» [1, 203] талапкерлер де осы топтан шығады. Бұған қарағанда, талап өзі талпынған нәрсенің, істің ізгілігіне байланысты ғана игі болады. Абай адам болмақ мақсатпен білім алуға талап қылған жастар талаптың, талаптанудың шарттарын білуге тиіс деп есептейді және ол шарттарды топтап көрсетіп, әрқайсысына тиісті сипаттама береді.

Білім алуға талап қылу үшін әуелі көңілдің тыныштығын [2, 207] сақтау шарт. Көңілге талап салатын – осы тыныштық. Көңілдің тыныштығы бұзылған жағдайда, кісі бір маңызды, игі нәрсеге талап қылып, белін бекем буа алмайды. Көңілдің тыныштығына жету үшін кісі мынадай істерден аулақ болу қажет: а) адамның адамдығын бұзатын жамандықтан; ә) өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпектен; б) біреуге қастық қылмақтан; в) біреуді қор тұтпақтан; г) біреуді кемітпектен. Аталған істердің адамшылыққа жат болатын себептері, белгілері де анықталады: өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады; біреуге қастық қылмақ, біреуді қор тұтпақ, біреуді кемітпек дұшпандық шақырады [2, 207].

Бұлардың әрқайсысының құрамдас бөліктері болады. Мысалы, адамның өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпегінің бір түрін ақын мақтаншылық деп көрсетеді және мақтаншылықтың бернеше түріне сипаттама береді [2, 156-157]. Ақын адамның адамдығын бұзатын, күллі адам баласын қор қылатын жамандықтарды жинақтап, үш түрге бөледі: а) надандық; еріншектік; залымдық [2, 207].

«Надандық – білім-ғылымның жоқтығы... Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады» [2, 207].

Талапты жас осы істерден қашық болса, оның көңілі де тыныштық табады, орнында болады. Көңілі алаң болған, көңілінің тыныштығы бұзылған, көңілі орнында болмаған адам алдындағы асын да жайланып отырып іше алмайды. Көңілдің тыныш болуы, орнында болуы адамды игі, ізгі істер жасауға талпындырады.

Адам білмек мақсатпен талпынып, талап қылып, *көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп*, тыстағы дүниеден алған әр нәрсенің, хабардың суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түсуі шарт. Ол үшін жүректі *мақтаншақтық, пайдакүнөмдік, жеңілдік, салғырттық* секілді төрт нәрсемен кірлетпей, таза сақтау керек. Жүрек осы төрт нәрсемен кірленбей, таза қалыпта болса, тыстағы дүниеден алған хабар адамның тұла бойына жайылады, ұмытылмайды. Егер жүректің айнасы әлгі төрт нәрсемен кірленген болса, онда ол я қисық, я күңгірт көрсетеді. Кірленген жүрек айнасында қисық я күңгірт көрінген нәрседен дұрыс ұғым тумайды [2, 221-222].

Абайдың білім концепциясында адамның ішкі қалпындағы білуге деген талабы туа біткен мінез шегіндегі қасиеттер қатарында сипатталады. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады, – дейді Абай. – Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе, соған талпынып, жалтұр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [2, 138]. Адам баласының білімге, білуге ұмтылуы жаратылысынан екенін Аристотель «Метафизика» атты еңбегінің бастапқы тарауының басында көрсетеді [10, 65].

«Ішсем, жесем» демектің басын Абай туа біткен қуаттар қатарына жатқызады. «Білсем екен, көрсем екен» демектің басы да адам бойында туа біткен табиғи қуаттар. Ал ақыл, ғылым – жүре келе қалыптасатын кәсіби қуаттар [2, 219].

Абайдың білім концепциясында білу үдерістері үшін білмекке талпынушы жастың ішкі қалпының дұрыс қалыптасуының маңызы жоғары.

Абайдың білім концепциясындағы білу үдерістерінің басы – талап→қабылдау. Адам баласының дүние сырын қабылдауы оның бойына туа біткен қуат көздері арқылы, олардың бірте-бірте жетілуі, кемелденуі нәтижесінде жүзеге асады. Адам білсем екен, көрсем екен деген мақсатпен талпынып, талап қылып, «көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі» [2, 219]. Көңілде жақсы нәрсенің суретімен байланысты жақсы әсер, жаман нәрсенің суретімен байланысты жаман әсер қалады.

Адамның тыстағы дүние құбылыстарын қабылдаудағы қуат көздері, оның жолдары, сатылары туралы ойлар мен қағидалар – Абайдың білім концепциясының өзекті желілері. Олардың эпистемологияда, білім беру, білу мен түсіну теориясының тарихында алатын өз орны бар. Сонымен қатар мынаны ескеру қажет: Абайдың дүние құбылыстарын қабылдаудың, білудің, түсінудің тетіктері, жолдары, сатылары туралы ойлары мен қағидалары оқу мен оқытудың қазіргі заманғы теориясы мен методологиясы аясында да маңызды.

Көңілі тыныштық тапқан жас білім, ғылым үйренбекке талап қылатын болса, ол білім, ғылым үренуге талап қылудың шарттарын білуі қажет.

Әуелі, білім, ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін игілік деп санау шарт. Әр білмеген нәрсені білгенде, көңілде бір рахат күй орнайды. Сол білгенді берік ұстап, білмеген жайды тағы да сондай білсем екен деп құмарланған махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенді, көргенді көңіл жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырады.

Егер көңіл өзге нәрседе, мысалы, мал немесе шен-шекпен табуда болса, ал білім, ғылымды соған себеп қана қылмақ үшін

үйренсе, онда көңілдің білімге мейірімі шала болғаны. Адамның көңілі білімге шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді. Шала мейір шала байқайды.

Екіншіден, білім, ғылымды анық, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек: білуді, білмекті мақсат етіп талап қылу шарт. Егер білуге талап қылған кісінің мақсаты мақтан, біреуден озу, біреуді жеңу болса, онда ондай мақсат оның көңілін тазартпайды, бұзады. Осыдан сақ болу керек.

Үшіншіден, егер белгілі бір істің ізгілігіне, ақиқатына ижди-хатымен көз жеткізсе, соны тұтып, содан айрылмау шарт.

Төртіншіден, білімі мен ғылымын көбейтудің екі құралын ұдайы зорайту жолында болу керек. Ол екі қарудың бірі – пікірленбек (білмек), екіншісі – білгенді ұмытпастық.

«Пікірленбектің соңы ғибратланбақ болса керек» [2, 198], – дейді Абай. Ал ұмытпастыққа төрт түрлі себепті көрсетеді: а) көкірегі байлаулы берік болмақ; ә) нәрсені көргенде я ол туралы естігенде ғибратлану, көңілденіп, тұщынып, ынтамен ұғу; б) сол нәрсені іштен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту; в) ой кеселді нәрселерден қашық болу [2, 173].

Айтылған жайлардан білім алушының есіне тән үдеріс-тердің қатары белгілі болады: 1) ұғу; 2) бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту; 3) пікірлену; 4) ұмытпастық. Ес – білген, түсінген жайлардың санада сәулеленген жүйесі.

Бесінші шартта ақын ой кеселді нәрселерді көрсетеді: уайымсыз салғырттық; ойыншы-күлкішілдік; қайғыға салыну; құмарлыққа салыну. Ақын осы төртеуін күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер деп біледі [2, 173-174]. Бұлардың ішінде уайымсыз салғырттықтан бек сақ болуды ескертеді. Уайымсыз салғырттық, ақын ойынша, – «әуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны» [2, 176].

Алтыншы шарт ғылымды, ақылды сақтайтын сауыт туралы. Оның аты – мінез. «Сол мінез бұзылмасын!.. Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын? Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!» [2, 176].

Білім іздеу, білім алу, білім беру ісіне қатысты осы алты шарт бүгінгі білім беру ісі үшін де маңызды екенінде сөз жоқ. Осы

шарттардың әрқайсысы білім беру ісі туралы ғылымның тарихы мен теориясында өз алдына жеке-жеке категория ретінде қарастырылып, зерттелуге лайықты. Көрсетілген алты шарт айналасындағы қағидаларын Абай өзінің өмірден көріп, білген тәжірибелеріне, таным байлығына сүйеніп негіздеді. Бұл жерде данышпан ақынның шығармашылық ойлауындағы, өмірден көріп, білген тәжірибелеріне, таным байлығына сүйеніп ой қорытуындағы, пікір түюіндегі даралық пен даналық мәйегін аңғаруға болады.

Абай білім, ғылым үренуге талап қылушыларға талаптың өзінің бірнеше шарттарын білу туралы қағидаларында, білім, білу ісіне қатысты басқа тұжырымдарында білім алушылардың ішкі қалпы, білу үдерісі, білу үдерісін қамтамасыз етуші тетіктер (амал-тәсілдер), білу нәтижесінде қалыптасатын құзыреттілік мәселелеріне қатысты ойлары мен пікірлерінің тұтас жүйесін ұсынады. Оларды басты белгілеріне қарай мына ретте топтастыруға болады: 1) *білім алушылардың* білім алуға дейінгі *ішкі-сыртқы қалпы*; 2) *білу үдерістері*; 3) *білу үдерісін қамтамасыз етуші тетіктер (амал-тәсілдер)*; 4) *білу нәтижесінде қалыптасатын құзыреттілік*.

Білім, білу айналасында сипатталған алты шарт пен олармен шектес құбылыстардың әрқайсысы өзара бір-бірімен сабақтас, байланысты. Мұндай байланыс, сабақтастық негізінде пайда болатын тұтастық Абайдың білім туралы ойлары мен қағидаларының күрделілігін, жүйелілігін білдіреді. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың білім, білу туралы ойлары мен қағидалары өз алдына бір іргелі концептуалдық жүйені түзеді. Екінші жағынан, білім, білу туралы осы ұғымдар, түсініктер, қағидалар жүйесінің өзінде әлем данышпандарының еңбектерінде көрініс таппаған толықтық пен тұтастық бар.

Ақын талап қылушылардың тобынан білуді таңдап, білуге талаптанушыларды жеке бөліп алады, солардың білмекке талабын оң көреді, дүние-мүлік байлығына жетуге талаптанушылардың талабының терістігін, баянсыздығын аңғартады. Талаптың махаббаттан шығатыны, ал махаббаттың адамның адамдығы екендігі, оның ақыл, ғылымнан өнетіні, ғылым, білімді қалаудың, білуге талап қылудың кісінің көкірегін аршып, тазартуға бастайтыны туралы қағида ұсынады. «Қашан бір бала

ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» [2, 185-186], – деп, танымдық, тағылымдық маңызы үлкен қорытынды жасайды.

Кісінің талап қылып істемек болған ісінің жақсылығына, нәтижесінің ізгілігі мен игілігіне көзі жетіп тұруы шарт. Талап қылып істемек болған ісінің ізгілігіне, игілігіне көз жеткізбеу, білімсіз талаптану адамды жарға жығуы, қатерге ұшыратуы мүмкін. Одан аман болмақ үшін әр нәрсенің, әр істің алды-артын байқарлық, жақсылықты жамандықтан, ізгілікті зұлымдықтан айырарлық білім, ғылым керек. Сондықтан білімге, хақиқатты, шынды білуге талаптану аса маңызды.

Дүниенің азатын, тозатын, таусылатын нәрселерін қалап, тек қана соларға жету үшін іс қылуға талаптануда, бар өмірін тек осы жолда сарп етуде опа жоқ. Ақын адам болам деген жастарға ондай арзанға алданбай, «талаппен ұшып, талпынып, шартарапты көздеуге» [1, 201] кеңес береді. Талаппен ұшу, талпыну, шартарапты көздеу секілді істердің әрбірінің терең мәні бар. Бұл жерде ақын ойын бейнелі түрде, астарлы мағынада айтқан. Халықтың дәстүрлі мәдениеті тұрғысынан алып қарағанда, олар түгелдей қыран құстың қылықтарын елестетеді. Саятшы қолындағы қыран құсының томағасын алып, ұшырғанда, қыран осындай әрекет жасайды: талаппен ұшады; талпынады; шартарапты көздейді. Осы әрекеттері арқылы ол алыс-жақынды тұтас шолады, керегін күйкентай сияқты ұясының қасынан, іннің басынан емес, шартарапты көздеп табады. Ақын адам болам деген жастың да үйдің іргесінде қалып қоймай, алысқа, биікке талпынып, керегін шартарапты көздеп табуын насихат етеді.

Абай «пайда ойламай, ар ойлаудың», «артық білуге талап қылудың» махаббаттан шығатынын айтады дедік. Бұлар пікір, ой ғана емес, бұлар – Абайдың іліміндегі біртұтас қағидалар жүйесінің басты тіректері. Қағидалар жүйесінің мәні адам болам деген, білім іздеген кісінің талабының махаббаттан шығуы, ақылға сай, ардың гүлін ашатын игілікті іске бастауы, ақылға қайшы, арға жат істен аулақ болуы туралы тағылымды тұжырымдар, ойлар мен пікірлер аясында ашылады.

Абай адам болам деген кісінің асық болатын «бес асыл ісінің» ішінде талапты бірінші атайды. Әңгіме бес асыл нәрсенің қайсысын бірінші атауда емес, олардың әрқайсысының «бес асыл

іс» тобында атқаратын қызметінің мәнінде. «Бес асылдың» басы, бастаушысы – талап. Талап жоқ жерде өнер үйрену де, білім табу да, еңбек ету де жоқ, талапсыз ешқандай асыл нәрсеге қол жеткізіп болмайды. Абайдың ілімінде талапқа, білуге деген талапқа осы тұрғыдан толық сипаттама беріледі. Оның өзі талаппен негіздес, сабақтас бірнеше әлеуметтік-этикалық ұғымдармен байланыста жүзеге асады. а) *талаптың мағынасы, мәні* ашылады; ә) *талаптың маңызы* анықталады; б) *талап пен талап қылушылардың түрлері* сипатталады; в) *талаптанудың шарттары көрсетіледі*; г) *талаптанудың мақсаты* жүйеленеді. Осы сипаттамалардың өзегінде білім, білім табудағы мақсаттар, білім табушының құзыреттілік сипаттамасы жатады. Ақын білім алу, білім табудағы мақсаттар жүйесін, ол мақсаттарға жетудің шарттарын, ол мақсаттарға жеткенде білім алушының ойы мен бойына қонатын құзыреттілік жайын саралай отырып, негізгі ойларының қуатын білім алушының жеке тұлғасына бағыттап ашады. Жеке тұлғаның білім алу нәтижесінде қол жеткізген немесе қол жеткізетін нәтижелерін саралап келіп, оның құзыреттілік сипаттамасын жасайды. Бұл ұлттық білім беру жүйесінің тарихы мен теориясында күні бүгінге дейін ешкім назар аудармаған, ғылыми зерттеу нысаны болмаған аса ірі дидактикалық мәселенің шешімі еді.

Абайдың білім концепциясында негізделген қағидалардың бір саласы білу, оқу, үйрену процестерінің иерархиялық жүйесін түзеді. Бұл жүйенің бірқатар құрамдастары жоғарыда сипатталды. Олардың әуелгісі – талап → қабылдау.

Абайдың дүние сырын қабылдау адам бойына туа біткен қуат көздері арқылы, олардың бірте-бірте жетілуі, кемелденуі нәтижесінде жүзеге асатыны туралы қағидасына жоғарыда тоқталдық. Ол қағида бойынша, адам білсем екен, көрсем екен деген мақсатпен талпынып, талап қылып, «көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі» [2, 219].

Тыстағы дүниеден хабар алатын қуат, Абайдың танымы бойынша, бес түрлі:

- көзбен көру;

- құлақпен есту;
- мұрынмен иіскеу;
- тілмен тату;
- қолмен ұстап түйсіну.

Көңілде жақсы нәрсенің суретімен байланысты жақсы әсер, жаман нәрсенің суретімен байланысты жаман әсер қалады. Білім тиісті ақпарат түрінде осылай қабылданады. Адам бойындағы бес сезім арқылы қабылдау нәтижелері көңілде, ақыл-ес кеңістігінде өзіндік бай ақпарат әлеміне айналады. Бұл – өзінше бір танымдық үдеріс, когнитивтік процесс. Оның өзіндік қуаттары бар. Ол қуаттарды Абай жанның жибили қуаттары деп біледі. Олар да бесеу:

- қиялдау қуаты;
- ойлау қуаты;
- елестету қуаты;
- есте сақтау қуаты;
- ескеру қуаты;

Бұлардың әрқайсысының өзіне тән қызметі бар. Мысалы, қиялдау, ойлау, елестету, есте сақтау қуаттары арқылы тапқан, меңгерген өнерді ұдайы тексеру, ескеру қажет. Олай етпеген, «көп заман ескермеген адамнан бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады» [2, 221].

Абайдың айтып отырған қағидасының негізінде өмірлік тәжірибеден түйген ойлар бар деуге тура келеді. Өйткені белгілі бір өнерді меңгерген адам сол өнерін елеусіз қалдырса, уақыт өткен сайын ол өнер де бірте-бірте ұмытыла бастайды, енді біраздан соң өнерге тән қасиеттер жойылып, әлгі кісі бойындағы өнерін мүлде жоғалтып алады, қайтып өнер жасай алмайды. Өмірлік тәжірибеде бар, көзбен көріп, ақылмен білуге болатын осы шындыққа пайымды кісілердің әрқайсысының да көзі жетеді. Ал ғылыми ойлар жүйесінде мұндай қорытындыға Аристотель де, әл-Фараби де келген. Әл-Фараби: «Қайсыбір тұрғыдан алғанда аса тамаша және өте-мөте абзал қасиеттер болуы мүмкін, бірақ оларды елеусіз қалдырып, арнаулы амалдармен ол қасиетті дамытпаса, тиісті нәрселермен баулымаса, осының нәтижесінде уақытын өткізіп алса, онда ол қасиетті жойып алуға болады» [8, 129], – дейді. Өз заманының, өз өмірінің шындығына, өмір

тәжірибесіне сүйене отырып, Абай да осындай пікір түйеді. Абай сипаттаған бес сезім жайы да осындай.

Абай сипаттап отырған үдеріс барысында жүзеге асатын ерекше екі әрекет бар. Ол – дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын *түгелдеп*, ең болмаса *денелеп* білу [2, 138]. Бұл жерде ақын ұсынып отырған қағида негізіндегі мына екі ұғымға назар аудару қажет: а) түгелдеп білу: ә) денелеп білу. Бұл екі ұғым а) *бүтіндеп білу*, ә) *бөліктеп білу* деген ұғымдармен сәйкес келеді. Бұл екеуі өз кезегінде а) *жинақтау*, ә) *талдау* деген ұғымдармен астасады.

Осы орайда Абайдың тағы бірнеше қағидасындағы мәнге терендеу парыз. Біріншісі – «не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпен ұғып, ұққандықпен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады – сол екі жағына ақылды жіберіп қарамақ» [2, 221]. Мұның мәнісі өмірдің шындық құбылыстарының арасындағы себеп-салдар сипатындағы қатынастар мен байланыстардың сырын біліп, ұғу, түсіну дегенді білдіреді. «Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда бермейді» [2, 221]. Екіншісі – «бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, кәзір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандары бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей тыншымау» [2, 221]. Бұл қағида адамның бес сезім арқылы өз көңіліне қонған және қонатын нәрселерді, олардың суреттерін тиісті белгілеріне қарай саралап, ортақ белгілері бойынша топтастырып тану дегенді білдіреді. Болмыстағы құбылыстар туралы жаңа ақпарат алғанда, оны тиісті белгілері бойынша көңілде, есте бұрыннан бар, жинақталған ақпараттармен салыстырып, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін тану негізінде таптастыру – абстрақтылы ойлау деңгейінде жүзеге асатын іс. Бұл – ақылдың қызметі. Мұның өзіне тән теориясы, методологиясы бар. Үшіншісі – «кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп, бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз» [2, 219-220]. Естіп, көріп білгендерін «сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табу» – ақылдың көп салалы қиялдау, ойлау әрекеттерінің нәтижесі. Бұл

әрекеттер аясында салыстыру, саралау, сұрыптау, талдау, топтастыру, жинақтау сияқты танымдық ойлау құралдарының қызметі айқындалады.

Абайдың «білгені, көргені көп болған адамның білімді» [2, 155] екені туралы қағидасында да маңызды мән бар. Осындағы «көп жиғаны бар адам», «білгені, көргені көп болған адам» ұғымдарының негізінде көп білгені бар, білімі бар адам туралы түсінік жатыр. Сырттан «естіп білу», «көріп білу» дегенде білім алудың нәтижесі ғана емес, білудің құралы, білудің көзі туралы ұғым да қамтылған. Қабылдау, білу, білгенді түсіну жайы Абайдың осы қағидаларының аясында нақтылана түседі. Онда білуге, білгенді түсінуге қажетті амалдар, тиісті тетіктер (талдау, жинақтау) қызметі де маңызды екені көрсетілген.

Болмыстың көрінген және көрінбеген сырларын көңілге түгел жайғастырып алу мүмкін емес. Абай: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды» [2, 189], – дейді. Абайдың білім концепциясында көрініс тапқан құбылыстар да шектеулі екені түсінікті, бірақ бұл құбылыстар, олардың құрамдастары, олардың өзара байланыстары, қызметтері – өз алдына бірбүтін және мейлінше күрделі жүйе. Олардың әрқайсысының мәнін, қырлары мен сырларын, ерекшеліктерін, өзара байланыстарын, қызметтерін белгілі бір ұғымдар, теориялық қағидалар, құрылымдық жүйелер арқылы түгелдеп, денелеп білу – бірбүтін күрделі болмысты, біртұтас жүйені танып-білудің басты жолы, амалы. Біз сипаттап отырған бірбүтін күрделі болмыстың біртұтас жүйесі Абайдың бір шығармасында емес, бүкіл шығармашылық мұрасында түрлі жағдайларға байланысты көрініс тапқан.

Абайдың білім концепциясында қабылдау, білу, түсіну, есте сақтау – иерархиялық жүйедегі танымдық ойлау үдерістерінің деңгейлері. Абайдың білім концепциясында танымдық үдерістірдің иерархиялық жүйесі мына үлгіде өрнектеледі: **талап→қабылдау→білу→түсіну→есте сақтау.**

Абайдың танымдық үдерістер иерархиясында есте сақтау кезеңіне қатысы бар мына қағидаға назар аударайық: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан

сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады» [2, 155].

Білу, түсіну, білген, түсінген, есте сақтаған жақсы нәрселерді ескеру, іске жарату қағидасы аса маңызды. Адамның адамдығының өзі білген, есте сақтаған жақсы нәрселерді ескеріп, іске жаратуда. Білген білімді, естегі жақсы нәрселерді ескеру, іске жарату *қолдану* деген ұғымды білдіреді. Осыны негізге алғанда, Абайдың иерархиялық жүйесіне *қолдану* деген тағы бір процесті қосу орынды.

Талап→қабылдау→білу→түсіну→есте сақтау Абайдың білім концепциясындағы танымдық процестер сатыларын білдіреді. *Қолдану* элементтері осы танымдық процестердің бәрінде де азды-көпті болады. Солай бола тұра Абай *талап, қабылдау, білу, түсіну, есте сақтау* арқылы білген жақсы нәрселерді ескеруге, іске жаратуға, қолдануға аса зор мән береді. Алдыңғы процестерде жинақталған жақсы деген қазына-байлықтың бар маңызы мен мәні оны іске жаратуда, іс жүзінде қолдануда екендігі туралы қағида ұсынады. Бұл қағиданың өмірлік маңызы бар. Егер білім алған кісі сол алған білімін өзінің, айналасының, елдің игілігі үшін пайдаланбайтын болса, онда ол білімді емес, ол білімі жоқ адаммен тең. Осы қағида негізінде Абайдың білім концепциясындағы танымдық үдерістер иерархиясын *қолдану* процесімен түйіндеу қисынды деп білеміз. Сонда Абайдың білім концепциясында танымдық үдерістердің иерархиялық жүйесі мына үлгіде өрнектеледі: **ТАЛАП → ҚАБЫЛДАУ → БІЛУ → ТҮСІНУ → ЕСТЕ САҚТАУ → ҚОЛДАНУ.**

Абайдың таксономиясы құрамдастарының иерархиясын ықшамдау қажеттігі туралы ой тууы мүмкін. Мысалы, Блум таксономиясы бойынша жұмыс жасап дағдыланып қалған мамандарға Абай таксономиясы иерархиясынан үш үдеріс жеткілікті болып көрінуі ғажап емес: *білу→түсіну→қолдану*. Олай болғанда, қалған үдерістер ойда тұрады дегенмен, мұндай ықшамдау Абай таксономиясының иерархиялық жүйесінің қалған құрамдастарының бірте-бірте ойдан да шығып қалуына, сөйтіп, Абай таксономиясының толық жүйесінің бірте-бірте ұмыт болуына алып келетін болады. Бұған жол беруге болмайды.

Өйткені Абай таксономиясы – білім беру ісіндегі, білім беруді мемлекеттік басқарудағы, ұлттық білім беру тарихы мен теориясындағы баға жетпес құндылық.

Абай негіздеген танымдық үдерістердің иерархиялық жүйесі – толымды, кемел жүйе. Бүгінгі күн үшін оның тарихи мәні терең, теориялық негізі берік, әлеуметтік маңызы зор. Бұл жүйенің құрамдастарының орнын ауыстыруға, бірін алып тастауға, басқа бірдеңені қосуға болмайды.

Абайдың таксономиясы



Қазіргі ғылыми танымда оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесін Блумның таксономиясы бойынша мына үлгіде өрнектеу бар дедік: *білу* → *түсіну* → *қолдану* → *талдау* → *жинақтау* → *бағалау*. Қазақстанның білім беру ісінде осы таксономия ресми түрде кеңінен қолданысқа енгізілді. Мұның Абайдың таксономиясынан артықшылығы жоқ, кемістігі бар.

Абайдың жүйесі өзіне тән ерекшеліктермен, құрамдастарының сатылы деңгейде сабақтасқан иерархиялық сипатымен ерекшеленетін болса, Блум таксономиясының құрамдастары құрылымынан ондай қатынас табылмайды. Вертикалдық, сатылы, иерархиялық қатынастағы құбылыстарды жүйелеудің теориясы мен методологиясы Блум таксономиясының қалыптасқан талаптарға қайшылығын көрсетеді. Олай болатын себебі мынада: *білу*→*түсіну*→*қолдану* және *талдау*→*жинақтау*→*бағалау* өзара сатылы деңгейде сабақтасқан иерархиялық жүйе құрамдастары емес. *Талдау*→*жинақтау*→*бағалау* Абай негіздеген иерархиялық жүйенің әр құрамдасында және тұтас жүйеде азды-көпті бірдей жүзеге асатын ойлау әрекеттері. Мысалы, *талдау* Абайдың иерархиялық жүйесіндегі танымдық әрекеттердің әрқайсысында және бәрінде жүзеге асады. *Талдаусыз, талдау элементтерінсіз* талап та, қабылдау да, білу де, түсіну де, есте сақтау, қолдану да болмайды. *Жинақтау, бағалау* жайы да осындай.

С.Л. Рубинштейн *талдау* мен *жинақтауды* ойлау әрекеттерінің деңгейлеріне емес, ойлау операцияларының түрлері

қатарына жатқызады [12, 377-378]. Талдау мен жинақтау, бағалау танымдық ойлау операцияларының түрлері қатарына жататыны туралы пікірдің теориялық, методологиялық негізі берік. Білу, түсіну, есте сақтау – иерархиялық жүйедегі үдерістер. Бұл үдерістер талдау, жинақтау, бағалау сияқты ойлау операциялары, ойлау құралдары арқылы жүзеге асады. Талдау, жинақтау, бағалау сияқты ойлау операциялары болмаған жағдайда білу, түсіну, есте сақтау сияқты иерархиялық жүйе құрамдастарының ешқайсысына қол жетпейді. Осы тұрғыдан мынадай тұжырым жасауға болады: *талдау*, *жинақтау*, *бағалау* – танымдық ойлау үдерістері иерархиясының құрамдастары бола алмайды. *Талдау*, *жинақтау*, *бағалау* – танымдық ойлау әрекеттерінің түрлері. Олар – Абайдың иерархиялық жүйесіндегі танымдық ойлау деңгейлерінің үдерісін жүзеге асырудың амалдары мен құралдары, тетіктері қызметін атқаратын ойлау әрекеттері.

Абай өз жүйесінде сипатталған кейбір қосалқы ұғымдардың өзін саралап көрсетеді. Мысалы, кісінің білімі мен ғылымын көбейтуінің екі құралының бірі білгенді ұмытпастық десе, осы құралдың қуатын зорайтудың мынадай шарттарын қоса көрсетеді: а) көкірегі байлаулы берік болмақ; ә) белгілі бір нәрсені естігенде немесе көргенде ғибратлану, көңілденіп, тұщынып, ынтамен ұғу; б) ұққанын іштей бірнеше қайтара ішінен ойланып, көңілге бекіту; в) ой кеселді нәрселерден қашық болу [2, 173-174]. Сипатталған осы әрекеттер білім алушының білу үдерісіндегі ішкі күйіне, психологиялық қалпына қойылатын талаптарды білдіреді.

Ынта ұғымы талап ұғымымен тектес. Талап, ынта тіршілікте өзара шектес, мәндес айтыла береді. Абайдың білім концепциясында олай емес. Абайдың білім концепциясында білім алуға талап қылу, талаптану өз алдына бөлек ұғымды білдіреді. Ал белгілі бір нәрсені естігенде немесе көргенде ғибратлану, көңілденіп, тұщынып, ынтамен ұғу дегендегі *ынта* – белгілі бір процестің нәтижелі орындалуына қажетті амал. Ұғу білгенді ұмытпастықтың, есте сақтаудың алғышарты болғанда, ынта соның сипатын білдіреді. Ынтасыз ұғу, ынтасыз білім, ғылым, өнер үйрену жоқ [1, 203].

«Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап» [1, 91], – дейді ақын. Құлақпен естіген, көзбен көрген жайдың мәнісін ынтамен ұғудың

маңызы үлкен. Ынтасыз, ықылассыз тыңдаған ақыл сөзі бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шыққанмен бірдей.

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес [1, 268], –

дегенде Абай *ынта* ұғымына қатысты өз ұстанымын жаңа бір қырынан аңғартады.

Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар [1, 278], –

дегенде де *ынта* ұғымының аясы нақтылана түседі. Бұл жерде де *ынта* танымдық үдерістерді қамтамасыз етуші тетік (амал, құрал) ретінде қолданылған.

Абайдың білім концепциясында танымдық ойлау әрекеттері – өз алдына бірбүтін күрделі құбылыс. Бұл құбылыстың құрамдастарын анықтау, ол құрамдастардың арасындағы қатынастар, байланыстар заңдылығын саралау, танымдық ойлау әрекеттерінің иерархиялық жүйесін түзу, оның логикалық моделін жасау – аса маңызды міндет. Зерттеу барысында бұл міндеттер ойдағыдай орындалды.

Абайдың білім концепциясы жүйесіндегі білім алушының танымдық ойлау әрекеттерінің иерархиялық жүйесі, оның тарихи, ғылыми мәні айрықша маңызды. XIX ғасырда негізделген осы иерархиялық жүйеге ХХІ ғасырға дейін мән бермей, мәнісіне үңілмей өткеніміз өкінішті.

Абайдың білім концепциясында әр қырынан негізделген танымдық әрекеттердің иерархиялық жүйесін бұзбай, өзгертпей қабылдап, білім беру, оқу үдерісіне енгізудің үлкен әлеуметтік маңызы бар. Абай іліміндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесін **Абайдың таксономиясы** деп атаймыз.

Абайдың білім концепциясындағы танымдық әрекеттердің иерархиялық жүйесі берік: **талап** → **қабылдау** → **білу** → **түсіну** → **есте сақтау** → **қолдану**. Бұл – өз алдына күрделі процестер жүйесі. Оның әр құрамдасы өзінен кейінгі құрамдастың негізі қызметін атқарады және бірінсіз бірі толық болмайды.

Абайдың білім концепциясында *1) білім алушылардың білім алуға дейінгі ішкі-сыртқы қалпы, 2) білім алушылардың білім алу үдерісіндегі танымдық әрекеттерінің иерархиялық жүйесі, 3) білім алушылардың білім алу үдерісіндегі танымдық әрекеттерін қамтамасыз етуші тетіктер (амал-тәсілдер), 4) білім алушылардың білім алғаннан кейінгі құзыреттілігі* өзара тығыз бірлікте.

Ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің бүгінгі жетістіктері биігінен қарағанда, Абайдың білім концепциясының, білу туралы ойлары мен пікірлерінің, талдаулары мен байыптауларының қай заман үшін де өмірлік маңызы жоғары. Білім, білу жайында мұншалық терең, толық негізделген қағидалар, біз **Абайдың таксономиясы** деп атап отырған иерархиялық жүйе ғылыми ойдың отандық кеңістігінде Абайға дейін де, Абайдан кейін де болған емес. Абайдың білім концепциясы, **Абайдың таксономиясы** – отандық оқу теориясы, оқу мен оқытудағы танымдық үдерістер психологиясы саласында пәнаралық деңгейде арнайы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, ұлттық білім беру ісіне методологиялық негіз болғандай ерекше маңызды құндылық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
3. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
5. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
6. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
7. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
8. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Қазақшаға аударғандар: Қ.Сағындықов, М.Жанғалин, М.Ишмұхамедов; аударманың ғылыми редакциясын жасаған А.Тұрғынбаев. – Алматы: Ғылым, 1975. – 455 б.
9. Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснави-ий Ма’нави («Поэма о скрытом смысле»). Четвертый дафтар (байты 1-3855) / Пер. с перс. Л.Г. Лахути, Н.И. Пригариной, М.А. Русанова, Н.Ю. Чалисовой; науч. ред. Я.Эштоса. – СПб., 2010. – 496 с.
10. Аристотель. Сочинения в четырех томах. Том 1 / Ред. В.Ф. Асмус. – М.: Мысль, 1976. – 550 с.
11. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Қазақшаға аударғандар: Қ.Сағындықов, М.Жанғалин, М.Ишмұхамедов; аударманың ғылыми редакциясын жасаған А.Тұрғынбаев. – Алматы: Ғылым, 1975. – 455 б.
12. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. В 2-х томах. Том I. – М.: Педагогика, 1989. – 488 с.
13. Роузенталь Франц. Торжество знания. Концепция знания в средневековом / Пер. с англ. С.А. Хомутова. Предисл. И примеч. А.В. Сагадеева. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1978. – 372 с.

Үшінші тарау

АБАЙҒА АБАЙ БОЛАЙЫҚ

Өмір – өзгермелі. Тіпті, шындық, жақсы, жаман деген мәңгілік сауалдардың өзі заманмен бірге өзгеріп отырады. Әр дәуірдің, әр халықтың, әр ұлттың, әр адамның шаңырақта алған тәрбиесіне, мектепте алған біліміне, әлеуметтік ортасына, атқаратын қызметіне, дініне, туған өңіріне, өмір сүретін табиғи ортасына, заманына байланысты туындайтын өз шындығы бар екеніне бүгінгі күндері көзіміз жете бастағандай. Кеңестік дәуірде қазақтарды жаппай орыстандыру саясаты жүргізілгенде, ұлы Абайдың өзі: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр» деген деп, осы сөзді алға тартып, ақын поэзиясының қыл үстінде тұрған тағдырының дұрыс шешілуіне бірден-бір себепкер болды. Қызықты қараңыз, енді тәуелсіздік алғаннан кейін ақынды осы бағытпен ол ұлт ақыны емес, «орысшыл» деген атаққа іліндірді. Сонда Абайдың «орысша оқу керек» деген бір ауыз сөзі бодандық кезеңде біртүрлі, тәуелсіздік дәуірінде басқаша бағаланды. Абайды айыптаушылар қазақтың бүкіл шер-шеменін айтқан Дулат, Шортанбай, Бұқарларды кемсітті; Абайдың өлеңдерінде, қара сөздерінде орыс отаршылдығы, орыстың қазаққа көрсетіп жатқан ит қорлығы туралы бір ауыз сөз жоқ; Кенесары-Наурызбай көтерілісін қолдамады деген сияқты кінәлар тағып жатқаны да жасырын емес.

«Мен оны ұлы адам деп санамаймын және оның бүгінгі қоғамда алып отырған орнын мойындамаймын...

Абай біздің заманда өмір сүрсе, ары кетсе, атақты блогер ғана болар еді» (Нұрлан Байділдә. «Sputnik», 10.10.2020).

Блогердің бұл пікірін ақын, қоғам қайраткері Мырзан Кенжебай қолдап, «Қолдан данышпан жасауға, бір адамға табынуға қазақ қана құмар» деген ойын ары қарай төмендегіше жалғастырыпты: «Абай ешқандай да Бас ақын емес. Ахмет Байтұрсынов айтты екен деп бір адамды бүкіл ұлттың Бас ақыны деу әрі күнә, әрі надандық болар еді. Мына тұрған орыс, одан әрі неміс, тілі мен діні бір өзбек, әзірбайжан халықтарында Абайдан

артық болмаса кем түспейтін небір данышпан ақындар бар. Парсы, тәжік поэзиясы – әлемдегі ең озық поэзияның бірі. Бірақ олардың ешқайсысы «мынау Бас ақынымыз» деп бір адамды ғана аспанға көтермейді...

Абай дүниеден озғалы 110 жылдан асып кетті. Одан бері табиғат өзгерді, қоғам өзгерді, мемлекет өзгерді. Адамның мінез-кұлқы, өмірге көзқарасы, дүниетанымы, т.б. түгел өзгерді, дамыды. Оның бәріне Абайды үлгі тұтындар деу – барып тұрған надандық» («365info.kz»).

«Абай біздің заманда өмір сүрсе, ары кетсе атақты блогер ғана болар еді», – деп, ақынды өзінің қатарына қосып, айды аспанға бір-ақ шығарған блогер жайлы атақты абайтанушы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы «Бұл жігіт ақша табу жолына түскен, ғылыми жағынан надан. Себебі мұндай сөз наданнан шығады. Ол Абайды тани алмаған. Егер ол шын патриот болса, бұлай айтпас еді. Көп адам Абайды түсіне алмайды», – дей келіп, Абайды танудың дұрыс жолы оның «толық адам» ілімінде жатқанын көрсетеді: «толық адам» ілімі арқылы жастарды тәрбиелей аламыз. Алланың бойындағы сегіз сипат адамда да бар, бірақ Алладағыдай толық емес. Сондықтан бойымыздағы сегіз сипатты Аллаға еліктей отырып күрделендіріп, жөндеуіміз керек. Соған ұмтылуымыз керек. «Толық адам» ілімі содан барып шығады...

Біз дүниетануымызды өзгертуіміз қажет. Бұрынғы сүйеніп келген материалистік, атеистік жалған ғылым болып шықты. Енді оны ұлы сана жолына қарай бет бұруымыз керек. Сонда ғана Абай ашылады, сонда ғана Абайды тани аламыз. Қазіргі танып келгеніміз философиялық жағынан бәрі жалған болып шықты. Ал Абайды әдеби жағынан танып жатырмыз» (сонда).

«Менің Абайда «алты аласы, бес бересім» жоқ. Шынымды айтсам, қазақтың бір адамды жеті қат көкке көтеріп, Абай, Абай, Абай деп, ауыздарын арандай ашып, бір айтқанын мың айтып шуылдайтыны жынымды келтіреді. Бұл да – надандықтың, соқыр көргенінен жазбастықтың, ақыр соңында қанға сіңген табынушылықтың, құлмінездіктің айқын нышаны» («Фейсбук», 24.02.2020).

«...Бірақ Абай сын айтуға болмайтын Құдай да, Пайғамбар да емес. Ол – екі қайтара болыс сайланып, қазақтың малын,

мүлкін есепке алып отыратын статистикалық комиссия мүшесі болып, Ресей патшалығына қызмет еткен адам. Ол қазақ деген дана халық туралы бір ауыз жылы сөз айтпаған, керісінше, екі сөзінің бірі – қазақты қорлау. Оның қазақты қорлаған сол сөздерін орыстар да өзгелер де сенің Абайың сөйдеген деп, қазір де бетімізге басып жүр» («Фейсбук», 08.03.2020), – деген сияқты пікірлер де айтылып жатыр.

Осы сияқты пікірлер хақында кезінде Акселеу Сейдімбек мынадай пікірін білдірген екен:

«Абайда мынадай сөздің бары рас: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр».

Осы сөзді қолданушылар Абайдың есімін бетке ұстап, орысшыл болу керек дейтін ниетті өзеурей насихаттап жүр. Ондайлар бара-бара «өз тіліңді білмесең де, орыс тілін біл» деген пиғылын көлденең тарта бастағандай. Мұндай сорақылықты қазіргі саясат аңшының итін сипағандай еркелететін болып алды. Бұларға бүтін дүниетаным, бүтін тұлға керек емес. Керек болса, сол Абайдың келесі сөзін оқыр еді ғой. Келесі сөзі былай: «Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек».

Қандай «зарарынан қашық болуымыз керек? Мұны ойлап жүрген де ешкім көрінбейді, ойлауға мұрша беретін заман да байқалмайды» [3, 593].

Абайды айыптаушылар мына бір жағдайларды да ескермей жүр. Сол кездегі тарихи жағдайда қазақтарға отаршыл болғанымен де орыстан басқа жақтан білім-ғылым үйрену мүмкіндігі жоқтың қасы еді. Қазақ даласындағы медреселерде көбіне мұсылманшылық негіздері оқылды. Қазақ даласындағы алғашқы зайырлы мектепті ХІХ ғасырдың ортасында Ыбырай Алтынсариннің Торғайда ашқаны белгілі. Міне, осындай тығырықты жағдайда Абай орыстың тілін, білімін, ғылымын үйрен деуге мәжбүр болумен бірге «Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деп те ескертіп отырғаны көп нәрсені аңғартса керек. Оның үстіне екінші қара сөзіндегі «Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі қадарлы да жоқпыз» деген сөзді жетіскендіктен айтып отырмағаны да түсінікті.

Өртүрлі пікірлердің айтылып жатуы – демократиялық қоғамда ой еркіндігінің басты көрсеткіші. Десек те мына бір нәрсеге назар аударғанды жөн көреміз: кезінде Абай барынша сынаған қазақтың бойындағы кертартпа жағымсыз қылықтардан әлі күнге дейін арыла алмай келе жатқанымыз – өмір шындығы. Заман өзгерсе де осы бір «надандық» қалыптан қалай шығудың жолдарын көрсетіп берген ұлы Абайдың ғибратты ойлары күні бүгінге дейін өзінің өміршеңдігін жоймай, керісінше, өткірлене түсуде.

Керек десеңіз мына өмірде кемшіліксіз нәрсе жоқ. Өмір дегеніміз қарама-қайшылықтардан тұратындығы сияқты кез келген адамның, кез келген ұлттың бойында болатын кемшіліктер де жеткілікті. Мәселе сол кемшіліктерді көре білуде, жоя білуде жатыр.

Ұлтының бойындағы осындай кемшіліктерді алдымен, көре біліп, аһ ұратын да, соларды жоюға шақыратын да ақындар, жазушылар. Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі Ғабит Мүсірепов кезінде қойын дәптеріне: «Туған елін ең жақсы көретін адам елінің ең бір болымсыз кемшілігіне де ең қатал сын айту керек. Өттең, соны біз істемей отырмыз» [4, 109], – деген қанатты сөз жазып, қалдырған екен. Мұндай әрекеттер ұлтын шексіз сүйе білген ұлыларының ғана қолынан келеді. Мысалы, орыс халқының бойындағы кемшіліктерді А.М. Горькийден батырып, жеріне жеткізе айтқан адам жоқ. Сонда да оған бір орыс М.Горький орыстарды жек көреді екен деп, оны күналаған жоқ. Керісінше, орысқа жаны ашығандықтан күйіне айтқан орыстың нағыз патриоты, жанашыры деп бағалады.

Ұлылар екі түрлі болады: ойшылдар мен көсемдер. Ойшылдар таза ой еңбегімен айналысып, адамның бақытты, халықтың тыныш өмір сүруіне көмектесетін ойларын еліне ұсынып отырады. Өзі тіршіліктің жақсы да, жаман жақтарын да көп көріп, таяқ та жеген, өмірдің ащысын да, тұщысын да көріп, қинала жүріп, биіктерге шыққан, өмірлік, білім, тағлымдар алып, қорытылған ойларын идея ретінде ұсына білгенімен де сол ойларын жүзеге асыруға келгенде, епетеісіздеу, тіпті қолынан келмеуі де мүмкін. Ойшылдар көбіне гуманистік ойлардың жетегінде жүрсе, ұлттың, халықтың намысын жыртып, сөзін сөйлеп, кегін қайтаратындар, абыройын асырып, биіктетіп, қол

бастайтындар қайтпас-қайсар, батыр-шалыс, өр мінезді келеді. Бұл жерде ойшыл Абайдың ұлт-азаттық күреске шығып, сол кездің тарихи жағдайында күшпен жеңіске жетудің мүмкін еместігін біле тұра, Кенесары-Наурызбай қозғалысына қарсы шықпағандығын түсінуге болады. Өйткені қолыңнан келмесе ұмтылу – жеңіліс. Оның үстіне гуманистердің, мұсылмандардың қантөгіске шақырмайтындығы, қарсы екендігі, мұндай қиын жағдайлардан шығудың бейбіт жолдарын іздейтіндігі де есте болып, иманды Абайдың сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайда болашақ қазақ үшін бірден-бір дұрыс бағытты көрсете білгеніне назар аударған жөн. Абайдай ұлы тарихи тұлғаға артық-кем кетпей, сол кездің тарихи жағдайы, ол бізге, бүгінгі күнгі қазаққа несімен қымбат тұрғысынан бағалауымыз керек.

Тағы бір бәріміз мойындайтын мәселе – Абай да ет пен сүйектен жаралған пенде. Идеал адам біздің миымызда ғана. Өмірде бәрі – басқаша, тіпті керісінше. Өмір дегеніміз – тұнған қайшылықтар. Әр адам заманына қарай бейімделіп, өмір сүре алады. Өмірге бейімделе алмай, қиындықтан алып шығар тура жолды көре алмай, көрсе де халқының жарқын болашағы үшін қайтпас-қайсар мінезімен заманына ашық қарсы шыққан қаншама арыстарымыздың опат болғанын тарихтың сарғайған беттерінен енді оқып жатырмыз.

Демек, кез келген адамның бойында да осындай қайшылықтардың, тіпті, пендешіліктердің болуы да – диалектиканың заңы. Абайдың кезі түгілі, қазіргі заманның өзінде де адамның адам болып өмір сүруінің өзі сын болып жатыр; Шыңғыс Айтматов айтқандай, «адам қайткенде, адам болып қалады?» деген сауал бұрын да, бүгін де күн тәртібінен түспей өткір тұр: «Адамдық жаратылыстың табиғатына – сүріну, құлау, құлдырау, шарықтау арқылы, дәуірлеудің қайта өрлеуі, күнелар мен өкініш-опыныстар арқылы кемелдіктің биіктеріне талпыныс тән».

Ары бармай-ақ, ұлт мақтанышы деп жүрген не бір азаматарымыздың өзі күні кешегі Желтоқсан көтерілісінің кезінде-ақ сыр беріп қалғандығын жасыра алмаймыз. Өмірде сайрап жатқан тура жол жоқ. Халқым деген нағыз ұлтжанды азаматтар басын бәйгеге тігіп, елі үшін нар тәуекелге барады; адасады; адасып жүріп, ұлтының өсіп-өркендейтін бірден-бір сара жолын табады. Иә, өмір жолы – осындай. Өмірде таза алтынның болмайтыны

сияқты, аяғын шалыс баспайтын адам да жоқ. Бар мәселе сол, байқамай шалыс басып кеткен аяғын дер кезінде тартып алып, мұны өмірдің ескертуі, сабағы ретінде ұғынып, тура жолға түсуінде жатыр. Сондықтан да басты мәселе Абай бізге несімен қымбат деген сауалға қазақтың көзімен қарап, дүниетанымымен келгенде ғана дұрыс жауап ала алатынымыз әрдайым есте болғаны жөн.

Қазақ даласындағы қарама-қайшылықтардың барынша өріс алған қилы заманда өмір сүрген Абай «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» атты өмірмен қоштасу, кейінгілерге өсиет мазмұнды өлеңінде:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!
Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!
Ішім – толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмесе кетермін түк өндірмей.
Өлең – шіркін, өсекші жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей [1, 280], –

деп, өмірінің қандай жағдайда өткені, нені атқарып, нені атқара алмай кетіп бара жатқаны жайлы ағынан жарылыпты. «Жұмбақ адам» Абайды түсіну үшін алдымен, оқылатын өлең – осы. Керек десеңіз, Абай біздің қорғауымызды керек етпейді; керісінше, Абай еліміздің ел болып, қазақтың қазақ болып қалуы үшін бізге қажет. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған Абай» қазақ бар жерде жаңғырып, жасарып, бұзылып бара жатқан заманда адам болып, қазақ болып жасай беруімізге қызмет ете беретін болады.

* * *

Абайдың ұлылығын алғаш танып, «Қазақтың бас ақыны» атап, мақала жазған ұлт көсемдерінің бірі А.Байтұрсынов: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға

шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі» [5, 136], – деп, жазыпты.

Бұл турасында қазіргі заманның айтулы ақындарының бірі Серік Ақсұңқарұлы ағынан жарылыпты: «Абайдың томын ашқан сайын өзімнің ақымақтығым мен дарынсыздығымды аңғара бастағандаймын (бас қойып оқымайтыным – содан!), мына опасыз дүниеден көресініңді көрген сайын Абайдың кітабын жаңа ашқандай боласың! Басына күн туғанда ғана Алласын еске алатын өлімге бола туған маңдайы қушық пенде құсап, мен де тағдырдың тәлкегіне түскенде, Абайдың қара томдарына үңілемін, сонда ол сол сәттегі көңіл күйді тап басады!» [6].

Шынында да Абайды бірден оқып түсіну қиын. Абайды асықпай, ниет қылып оқу керек, ойланып-толғанып оқу керек, қайталап, ойға тоқып, сезініп оқу керек. Оқу барысында «ақын не айтыпты» деген оймен оқысаң, мәтін де мені «қалай түсінер» екен деп, саған сынай қарап тұрғандай болады. Сондықтан да Абай әлеміне үлкен дайындықпен келіп кірісуге тура келеді. Өйткені данышпандардың ой тереңінде жатқан даналық иірімдерін түсіну, игеру кез келген оқырманның маңдайына жазылған, қолынан келе беретін оңай шаруа емес.

Қазақ руханиятының көгінде жарқырап тұрған жарық жұлдызына айналған ұлы Абайдың «Отыз жетінші сөзіндегі» мына бір иірімі терең нақыл сөздерін тағы да бір қайталап оқып көрейікші:

«Кісіге біліміне қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстық адамды бұзады»;

«Әкесінің баласы – адамның дұспаны. Адамның баласы – бауырың»;

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың»;

«Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват»;

«Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»;

«Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені»;

«Биік мансап – биік жартас, Ерінбей еңбектеп, жылан да шығады, Екпіндеп ұшып қыран да шығады»;

«Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел, Алдыңғы толқын – ағалар, Артқы толқын – інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер»;

«Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық»;

«Жаман дос – көлеңке, Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың; Басыңды бұлт шалса, Іздеп таба алмайсың»;

«Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, Қайғылыға жақ бол»;

«Қайратсыз ашу – тұл, Тұрлаусыз ғашық – тұл, Шәкіртсіз ғалым – тұл»;

«Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң өзің ғана тілейсің», т.б. [2, 183-185].

Зымырап замандар, «кезекпенен» ұрпақтар ауысып жатыр. Бірақ та он тоғызыншы ғасырда айтылған осы бір сөздер жиырмасыншы ғасырда да күні кеше ғана айтылғандай. «Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп, ақынның өзі айтпақшы, Абайдың келер ұрпаққа жазып қалдырған өсиеттері де – қазақпен бірге мәңгі жасайтын «өлмес сөздер».

Единица – жақсысы,
Ерген елі – бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл [1, 125], –

дейді данышпан. Өзі айтқандай, Абайдың өзі де – қазақтан шыққан «единица» ұлылардың бірі, бірі ғана емес-ау, бірегейі.

Иә, халқының болашағын оймен барлап, дұрыс жолға бастайтын идеялар туғызып, ақыл айтып отыратын ойшылдарсыз, сол өміршең озық ойларды бойына сіңіріп, халқына жеткізіп, іске асыру үшін көш бастайтын хакім көсемсіз халық – жетім; яғни – басшы «единицасыз» халық – нөл. Абай ел-жұртының осыншама құлдырап кетуінің басты себебінің бірі ретінде халықтың ішінен жарқын болашақты бетке алатын көсемдердің шықпай жатқанын өкінішпен еске салады.

Шығыста: «Барлығын білетін, білгенін іске асыруға ұмтылатын адам – данышпан, оны ұстаз тұт», – деген сөз бар. Абай – қалың елдің ішінде жүріп, азып-тозып бара жатқан қазақты қайткенде, адам болып қалатын, бақытқа жеткізер, надандықтың ми батпағынан шығарар жолдарын іздеп, «басын тауға да, тасқа да ұрған», оны халқының даналығынан, исламның имандылығынан, Батыстың ғылымынан тауып, «толық адам» ілімін жасаған, жұртын осы адамзат дамуының сара жолына түсуге шақырған данышпан. Абай бастап, одан кейін алашшылдар жалғастырған қазақтың қасқа жолымен адаспай жүру бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған үлкен сын болып отыр.

* * *

Үстіміздегі жылы елімізде аталып өтіп жатқан қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы рухани өміріміздегі елеулі оқиғаға айналуда. Ақынның өмір жолы, шығармашылығы жайлы жан-жақты зерттеулер жасалынып, абайтану ілімі тың деректермен, қызғылықты байқаулармен толығуда. Қазақ өмірімен өріліп XIX ғасырда айтылған терең ойлар XXI ғасырда да өміршеңдігін жоғалтпай, дала данышпаны ұлт тіршілігінің жасампаздық жолдарын көрсетіп тұратын жарық жұлдызына айналып жатыр.

Қазақта «Атың шықпаса, жер өрте» деген сөз бар. Бұрындары осы сөздің мағынасын онша түсіне бермейтін-тұғынбыз. Жерді ақыл-есі дұрыс адам өртемейді деп, ойлайтынбыз. Сөйтсек, бұл сөздің мағынасы тереңде жатыр екен. Мұны дұрыс түсінуге қазір өмір сүріп жатқан атын шығарудың не бір «тамаша үлгілерін» көрсетіп жатқан заманымыз көмектесуде. Адамның ойына кіріп шықпайтын айла-амалдармен атын шығарып, «өмірде жолы болып», «басына бақ қонып», атаққа, мансапқа, лауазымға, байлыққа барынша кенелетін заманның келетінін дана халқымыз қалайша болжап біліп айтқан деп, таң қалмасқа амалымыз жоқ. Қоғамдық өміріміздің барлық саласында орныға бастаған осы бір рухани кесел әдебиетімізде де көріне бастады.

Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойын бүкіл еліміз болып, элемдік деңгейде өткізіп жатқанымызға қарамастан, ол орысшыл болды, ұлт-азаттық күреске шақырмады, қазақты жек көргені соншалық, барынша сынады деген сияқты әртүрлі пікірлердің

күні бүгінге дейін де айтылып келе жатқандығының куәсі болып отырмыз. Тіпті, қызды-қыздымен қазақтың Абай атты ақыны өмірде болмаған, ол кеңес өкіметінің саяси мақсаттарымен отызыншы жылдары қолдан жасалынған ақын; біздің Абай деп жүргеніміз Әлихан Бөкейханов деген сияқты тіпті, ақылға сия бермейтін пікірлер де айтылып жатыр. Ендігі әңгіме Абайға күмән келтіріп, айтылып жатқан көп пікірлердің ішінде соңғы кездерде көрінген З.Батаеваның Абай деген ақын өмірде болмаған, Абай деп, жүргеніміз – Әлихан Бөкейханов деген пікірінің негізсіз екендігі жайында өрбімек.

З.Батаева алдымен, қазақта Абайдай ұлы ақынның болғандығына күмән келтірген, оны Әлихан Бөкейхановпен шатастырған.

З.Батаева айтады:

«...қазақтардың Абай жайлы оқығаны, білері өте аз, соған карамастан Абайға сын айтқан адамға тарпа бас салудан ешбір именбейді. Тіпті білімді деген мырзалар мен ханымдардың өздері мақаланы оқымай жатып, мәселенің мән-жайына бармай жатып, жаппай шабуылға, тіл тигізуге кіріседі. Осы құбылыстың өзі қазақ қоғамында, қазақ мәдениетінде, қазіргі қазақ менталитетінде бір кілтипанның бар екенін айғақтайды...

Өкінішке орай, Абайға қатысты ұрыс-керіс, сондай-ақ көптеген ағайынның мәдени деңгейінің аса төмендігін көрсетіп, қоғамдағы сұмдық дөрекіліктің, білімсіздіктің, еш негізсіз менмендіктің, бәрінен де бұрын – қазақтардың КСРО құндылықтарына беріктігін ашып берді. Неге десеңіз, сайып келгенде, Абай – пайғамбар емес, ақын ғой, яғни, өнер иесі...

Қаншама дарынды ақыны бар ұлттың бір ақынға осынша табынуының себебі не? Әрине, бұл – ұзақ уақыт жүргізілген кеңес идеологиясының нәтижесі. Абай – көптеген қазақтар үшін ақын емес, пұт, ескерткіш...

Сонымен, мәселе менің кәсіби әзірлігімде емес, мәселе қолданылған әдістемеді болып тұр» («Стан.кз». 09.09.2020).

Сұхбатта Зәуре өзінің «кәсіби әзірлігінің» төмендігін зерттеуде «қолданылған әдістемесінің» мықтылығымен ақтапты. Бұл жерде Абайды тануға жол ашатын ол қандай әдістеме екен деген сауал көлденеңдейді. Осындай мықты «әдістемені» қолдану барысында зерттеуші «Абайдың мерейтойына арналған

онлайн-конференцияларды қараңыздар, бір де бір ғылыми баяндама ұсынылған жоқ, құр мақтан. Абай жайлы жазылған мақалаларды оқыңыздар: бір-бірінен айнымайды» («Стан.кз». 09.09.2020), – деп, мерейтой аясында елімізде өтіп жатқан түрлі шараларға, жазылып жатқан еңбектерге көңілі толмайтынын білдіреді. Абай туралы, абайтану туралы атқарылып жатқан қыруар жұмыстарға көңілі толмай, жоққа шығаратын З.Батаеваның осы ойларын оқығанда, ойымызға келгені – әркімнің көтере алатын шоқпары болады, ойын «осындай сөзді айтуға осы мен кіммін, құқым бар ма, айта аламын ба» деп, ойланып барып айтқаны жөн болатын еді

З.Батаева осы сияқты ойларын алдымен, «Абай жұмбағы: Қазақстанның белгісіз ұлы ақыны» (Зағадка Абая: величайший неизвестный поэт Казахстана («Экспресс», 16.07.2020) тақырыбындағы көлемді мақаласында жайып салып, кейіннен «Идеология и наука. Зағадка величайшего неизвестного Абая» деген тақырыппен Вера Савельеваға («ЦентрАзия», 18.12.2020), «Абай шығармалары Әлихан Бөкейхановтікі болуы мүмкін» «Стан.кз», 09.09.2020) деп берген сұхбаттарында әрі қарай дамытып, насихаттай түсті.

Автордың айтқан ойы мен оған келтірген пікірлерінің сын көтермейтіндігі көрініп тұр. Әртүрлі пікірлердің айтылуы демократиялық қоғамдағы дамудың негізгі шарты дегенімізбен де ұлтымыздың рухани символына айналған Абайға қарай топырақ шашып, оны өмірде болмаған деп, мүлде жоққа шығарып жатқан жағдайдың орын алуы – кімді де болса ойлантарлық жайт.

Өкінішке орай, ұлттық әдебиетімізге қарай шашылған топырақ деп бағалауға тұрарлық З.Батаеваның мақаласын қолдаушылар да табылыпты (factcheck.kz).

Рухани өміріміздегі мұндай келеңсіздіктерге тиісті тойтарыс беріліп те жатыр. Гүлзия Пірәлиеваның [7], Сұлтан Хан Аққұлының «Геростратова слава» Зауре Батаевой [8], Асан Омаровтың ««Абай болмаған» деген не сұмдық!» [9], Амангелді Сейітханның [10] т.б. мақалаларында З.Батаеваның ашқан «жаңалығы» түбірімен жоққа шығарылып, талқандалды десе де болғандай.

Ақпарат құралдарында айтылып жатқан пікірлерде ең бастысы З.Батаеваның мақаланы дұрыс пиғылмен жазбағандығы әшкереленіп, ойларының ақылға симайтындығы сыналған:

«Зәуре Батаеваның 75 беттен, бірнеше тараудан тұратын «Абай жұмбағы: Қазақстанның белгісіз ұлы ақыны» атты мақаласының атының өзі ат үркітеді.

Дархан Қыдырәлі айтқандай «бір блогердің жеке пікірі» деп те қарауға болатын шығар, не «ит үреді, керуен көшеді» деп көнбіс жаратылысымызға салып жұмған аузыңды ашпай-ақ отыруға болар еді. Бірақ З.Батаеваның: «... Біз осы күні «Абай» деп атайтын адам кім болған? Біз Абайға тиесілі деп сенетін шығармалардың барлығын осы адам жазды ма?» – деген қияңқы сауалдарына жауап бермеске болмайтындай» (Г.Пірәлі);

«Шикі материалдың авторы – Зауре Батаева деген қарындасымыз. Автор айды аспанға бір-ақ шығарыпты: «Абай деген ақын өмірде болмаған, Абай мұрасы дейтіндеріңіз алаш арыстары шығармаларының жинағы» деп! О, тоба-ай, Абай болған жоқ дегенді де естідік-ау. Мәссаған мәмпәси, жай ғана сүйкей салмаған, жоқ-барды теріп «ғылыми жаңалық» ашқан. «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деген осындай-ақ болар!..

Абай – қазіргі қазақ қоғамындағы қазақ ұлтына деген құрметтің төмендігіне ғана емес, оған қоса, қазақтардың көшпенді ата-бабаларына деген сый-құрметтің жоғалуына да жауапты» деп түйеді. Міне, Абайды тану деңгейіміздің сиқы осы!» (Асан Омаров).

«Дүниедегі істің ең оңайы – Абайды жеңу. Жеңу үшін шартың толуы тиіс. Түйсіне алса, пендеге Абайды жеңгеннен артық абырой да болмақ емес. Шындық қой. Тұтас бір ұлттың бағына біткен тұлғаның осал тұсын тапқандай, шаттануыңа мүмкіндік бар. Ұпайың түгел. Мұртыңды балта шаппайды. Ұртыңды тілмен кез де, ілкімді істің авторы атанып жүре бер. Міне, сенің орның қоғамдағы. Адамдық бір өлшем ол да. Надандық талабымен таныса білгенің..

«Абай бәрін қайдан біле қойды?» деген күдікке ұрынған шығар. Мұндай күдік уызға жарымағанның талайынан табылады...

Абай атам да тым биіктеп кеткен. Анау-мынауға ұғынықты бола салмай. Шынында да, күрделі құбылыс. Былайғы жанның бәрінен бір бас жоғары тұратыны қалай? Биік болатын жөні де бар. Ондағы таным, түсінік, парасат, пайым бүгінгі қазақтың басым көпшілігінде кезікпейді. Ол тіпті, әлгі Зауре замандас айтпақшы, қазақтілді қазақта да, орыстілді қазақта да аз, мүлдем аз. Өзге тілді қазақтан да ондай өре таба алмайсың. Таппайтыныңыз – әкесі Құнанбай емес. Құнанбайдан жаралып, Ұлжаннан туып, Зеренің тәрбиесін көріп қана Абай боласың және тек осы үш шарт па екен?

Алғыр Абай ұстаз біткеннен үйренгені бар, өзіндік жаратылысы, табиғи талантымен алысқа кетті. Зәуре замандас 1933 жылы жарық көрген «Қара сөздер» ғақлиясына тоқталып, «Жалқаулық, іштарлық секілді жаман әдеттерді жалаулатып жібереді екен», – деп налиды...

Батаева да Абайдан көп қателік көреді... Абайды түсінетін адамды кейде емге таппайсың. Сондықтан да Абайды жеңтіндерге тіпті қызығасың... Өйткені ол жеңімпаз ғой. Басқа емес, Абайдың өзін жеңді. Міне, чемпион! Медаль жоқ, әйтпесе, ұсынудың да реті келіп еді» (Амангелді Сейітхан).

С.Аққұлы мақаласына «Зәуре Батаеваның «Герострат даңқы» («Геростратова слава» Зауре Батаевой) деген тақырып қойыпты. Мұндағы Герострат – танымал болуды, тарихта қалуды армандап, Эфесс қаласындағы әлем кереметтерінің бірі саналатын Артемида храмын өртеп, қылмыс жасап, атын шығарған адам. Геростраттың аты шулы болғандығы соншалық, гректер оның есімі еш жерде аталмасын деген заң шығарғанына қарамастан, ол қалайда шығару мақсатына жету үшін ақылға сыймайтын кез келген айлалы амалға баратын адамның символына айналып, тарихта қалған. Автор қазақтың даласынан Абайдай ақын шығуы мүмкін емес деп, аты шыққан З.Батаеваның танымал болғандығын «Геростраттың даңқына» балап, өте орынды теңеу жасаған. Қазақтар мұндайда: «Атың шықпаса, жер өрте», – деген.

З.Батаева көтерген ең басты мәселе Абай өмірде болмаған, Абай деп жүргеніміз Әлихан Бөкейханов деген ақылға сыймайтын солақай пікір болса, Сұлтанхан мақаласын нақтылы түрде мұның ешқандай да сын көтермейтіндігін дәлелдеуге құрыпты.

Бұл жерде С.Аққұлының жиырма жылдай уақыт Ө. Бөкейхановтың өмір жолын, шығармашылығын зерттеп, өмірбаяндық екі томдығын, жиырма бес томдық толық шығармалар жинағын шығарған әлихантанудың бірден-бір білгірі екендігін айта кеткен жөн. Зәуре сөз қылған Ө.Бөкейхановқа қатысты пікірлердің ақ-қарасын бүге-шігесіне дейін ажыратып бере алатын Сұлтанханның мақаласы түгелдей дерлік тарихи құжаттар негізінде жазылыпты. Нәтижесінде автор зерттеу нысанына қатысты тарихи деректерге, көз көргендердің естеліктеріне сүйене отырып, З. Батаеваның Әлиханға, Абайға қатысты «зерттеуіндегі» ойдан шығарылған болжамдарының ешқандай ғылыми негізі жоқ екендігін соқырға таяқ ұстатқандай дәлелдеп берген.

С.Аққұлы «Так и объемная статья Зауре Батаевой *«Загадка Абая: величайший неизвестный поэт Казахстана»* не стоила бы выеданного яйца, если бы автор с претензией на всемирную славу первооткрывателя неслыханной «научной сенсации» не опубликовала её на всеобщее обозрение, да еще прокомментировала свою статью в интервью порталу Stan.kz.

Подчеркну, что в жизни и творчестве Абая (Ибрагима) Кунанбайулы едва ли осталось столько загадок и странностей, сколько ничем необоснованных сомнений, фантастических гипотез, домыслов, неверных или преднамеренно искаженных дат тех или иных событий, имён, ошибочных суждений, анализов, поспешных выводов, порой и откровенных глупостей в работе самой Зауре Батаевой. В своих пристрастных поисках сенсационных «загадок» в биографии и творчестве не только поэта-мыслителя, но и лидера «Алаш» А.Н. Букейхана и других, она часто «ищет черную кошку в темной комнате, где её просто нет». В доказательство своей правоты она не без пристрастия, но совершенно не к месту приводит мнения далёких от абаеведения лиц, ещё лучше – некоего загадочного блогера» («Абай.кз»), – дей келіп, З.Батаеваның Абайға қатысты ашқан «жаңалықтарының» әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, келтірген дәйектемелерінің, қолданған мысалдарының, айтқан пікірлерінің түкке тұрмайтындығын дәлелдеп береді.

Абайды Шекспирмен салыстыруын, әңгіме өзегіне айналдырып отырған Ө.Бөкейхановтың өзінің өмірбаянын, шығармашылығын жақсы білмейтіндігін, белгілі қоғам қайраткері, публи-

цист Дінмұхамед Сұлтанғазинді «Сұлтан Ғазин» (сонда «Сұлтан» аты, «Ғазин» тегі болып шыққан) деп жазып, онымен тұрмай, Әлиханның көп лақап атының бірі деп, шатасуын, Абайдың аты Ибрагим емес, Ыбырай («...его настоящее имя могло быть Ыбырай, а не Ибрагим») деп, күдік келтіруін, алашордашылардың ішінен сталиндік зұлматтан М.Әуезов қана аман қалды деген сияқты толып жатқан білместіктерін санамалап тұрып, тізіп берген. Абай деген қазақтың он тоғызыншы ғасырда өмір сүргеніне күмән келтірген авторға ұлы ақынның бізге жеткен суреттерін көрсетіп, кейбір жазба деректерді де алға тартқан.

3. Батаеваның орыс тілінде жазған мақаласына сол тілде жауап жазған Сұлтанхан ерінбей отырып, ондағы дұрыс ниетпен айтылмаған негізгі ой-пікірлердің барлығын дерлік, жоққа шығарып, арам пиғылды өрге бастырмайды. Көлемді (30 бет) мақалада Абайтанудың осы уақытқа дейінгі жетістіктерін жоққа шығарып, өзінше «Американы ашып», өзіндік үнімен, жолымен жаңа бағытты бастамақ болған жаңа әрекеттің түкке тұрғысыз екендігінің бет пердесі барынша ашылған.

Қазақта «Ит үреді, керуен көшеді» деген сөздің мәні тереңдігіне бүгінгі замана көші көзімізді жеткізіп отыр. Заманмен бірге қазақтың бар сән-салтанатымен Абай көші де келеді. Көштің «көлікті болып», ұзаққа баратынына сенім мол. Оған Абайдың әлемдік деңгейдегі аренаға шыға бастауы – дәлел. «Іштен шыққан жау – жаманға» көзіміз жетіп, олар Абайдың шаужайына жабысып, қаралап жатқанда, осы бір ұлттық әдебиетіміздің аса бір маңызды мәселесіне шетелдік ғалымдар да пікір білдіре бастапты. Солардың бірі жапон ғалымы Томохико Уяма-ның осы мәселеге орай білдірген пікірін сол күйінде ұсынып отырмыз:

«Өкінішке орай, Батаеваның мақаласы мұқияттықтан алыс. Біріншіден, ол негізгі маңызды фактілерді білмейді. Мен олардың кейбіреулерін ғана келтіремін.

– Ол бірқатар мұрағат құжаттарында кездесетін «Волостной управитель» Ибрагим Құнанбаевтың барын білмейтін сияқты. Ибрагим (Ибраһим) есімі қазақ фонетикасына сәйкес келмейді деп болжай отырып, Батаева бұл нақты адамның аты емес деп болжайды, бірақ сол кездегі қазақ тілі «тазартылмаған» еді,

көптеген сөздер мен атаулар басқа мұсылман түркі тілдеріндегідей жазылды.

– Ол Абайдың алғашқы кітабын 1909 жылы Санкт-Петербургте И.Бораганскийдің баспадан шығарғанын растау мүмкін емес деп айтады, өйткені Орталық академиялық кітапхананың сайтында басылымның мәліметтері бар титулдық парақ кітаптың екі электронды нұсқасында жоқ. Бірақ басқа кітапханаларда, соның ішінде Санкт-Петербургтегі орыс ұлттық кітапханасында да бұл кітап бар. Қ.Мұхамедхановтың Бораганский туралы кітабында титул парағының фотокошірмесі бар (<http://pushkinlibrary.kz/docs/Boraganskii.pdf>).

– Батаева Абайдың орыс жер аударылғандарымен кездескендігі туралы және олардың хаттарында Абай жайында табылмағандықтан ешқандай дәлел жоқ деп жазады. Бірақ біз Лобановскийдің Абайдың портретін, Михаэлистің ескерткішіндегі Абайға егжей-тегжейлі сілтемені және Абайдың ұлы Мағауияға жазған хаты туралы білеміз. Батаева олардың түпнұсқалығы туралы дауласуға құқылы, бірақ ол үшін ол оларды тексеруі керек.

– Ол Мұхтар Әуезов Абай туралы 1933 жылға дейін жазбаған дейді, бірақ оның Абай туралы бірнеше шығармалары бар, олар 1918 жылы «Екеу» бүркеншік атымен шыққан, Тұрағұл Құнанбаев пен Әуезовтікі деп саналған немесе Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтікі. Тағы да, ол бұл анықтамамен дауласуы мүмкін, бірақ алдымен оларды оқып шығуы керек.

– Ол «Сұлтан Газинді» «Дала Уалаятының» газетіне үлес қосушылардың бірі Бөкейхановтың бүркеншік аты деп санайды. Бірақ Сұлтан Газин Дала генерал-губернаторының кеңсесінде қазақ тіліне аудармашы болып жұмыс істеген Дінмұхамед Сұлтанғазин болды.

Батаеваның зерттеуіндегі ең жағымсыз тұсы – оның араб графикасында қазақшаны оқымауы (ол араб жазуын транскрипциясы үшін басқа адамға алғыс білдіреді). Оның дәлелдерінің көпшілігі Абайдың алғашқы кітабы мен Мүрсейіт қолжазбалары жалған деген болжамға негізделеді, бірақ қалай ол өзі оқымаған кітап пен қолжазбаның шынайылығына дау туғызуы мүмкін? Ол мағыналы текстологиялық және лингвистикалық талдау жүргізбейді, стилистикалық талдауға тырыс-

қаны ыңғайсыз. XX ғасырдың үш онжылдығында қазақ тілінің орфографиясы мен лексикасы тез өзгерді, осы кезеңнің қолжазбаларының түпнұсқалығын тексеру үшін лингвистикалық талдаудың маңызы зор. Бұрын мен 1911 жылы жазылған және қазақ жерінің тәуелсіздігіне шақырған құжатта кейінгі кезеңдердің орфографиясы мен сөздік қорын қолданғандықтан оның жалған болып көрінетінін байқадым. Мен Мүрсейіттің қолжазбаларын мұқият зерттеген жоқпын, бірақ әлі күнге дейін ешқандай күмәнді белгіні таба алмадым.

Абай мен Жамбылдың ұқсастығы дұрыс емес. Абайдың жазған еңбектері Совет өкіметін қуанта алмады. Қазақ совет насихаттаушылары Абайды қайта түсіндіруге көп күш жұмсады және оның антифеодалдық, исламға қарсы және толығымен ресейшілдік бейнесін жасады. Өкінішке орай, бұл бұрмаланған бейне белгілі бір дәрежеде жұмсартылғанына қарамастан, әлі де сақталуда. Абай жазуларының маңызды, бірақ елеусіз қалған жағы – олардың діни сипаты. Алаш зиялыларының да, советтік насихатшылардың да күрделі ислам терминологиясын қолдана отырып, діни философияға енген мәтіндерді жасауға ешқандай негізі болмады (мүмкін, шамасы да келмеді) (Ағылшыншадан аударған С.Ыбырай. «Abai. kz». 2020/07/30).

Зәуре Батаева мақаласының өн бойында халық ақыны Жамбылмен бірге Абай да «отызыншы жылдары қолдан жасалынған ақын» (Зауре Батаева. Загадка Абая: величайший неизвестный поэт Казахстана. «Экспресс», 16.07.2020) деген өзінің үлкен жаңалық ретіндегі «ғылыми болжамын» дәлелдеуге барын салғандығы көрінеді. Бірден айтарымыз, мақала авторы қаншама «жаңа әдістеме» («...мәселе менің кәсіби әзірлігімде емес, мәселе қолданылған әдістемеді болып тұр») қолданғанымен де мұнысынан ештеңе шығара алмаған, керісінше, онысы біраз нәрсені бүлдіруге апарып соқтырған. Бұл жерде ақынның отызыншы жылдарға дейін жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ не бір саяси «тар жол, тайғақ кешулерден» өтіп, «ұлы ақын» ретінде таныла бастағанынан қазақ мектебін бітірген кез келген көзі қарақты оқырман хабардар екендігін айтсақ та жеткілікті.

Төңкерістен кейінгі жылдардағы қазақ мәдениетіндегі негізгі тақырыптардың бірі әдеби мұра болды. Өйткені билік басына келген большевиктердің пролеткульт теориясы марк-

сизм-ленинизм ілімінің таптық принципін басшылыққа алды да әдеби дамудың дәстүрлі сабақтастығын, жалғастығын жоққа шығарып, өткендегінің бәрін ескі, бізге керегі жоқ деп жариялады. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жасаған, тірнектеп жүріп жинаған әдеби мұрасының барлығы ескірген, көнерген, ал жаңа заманның жаңа ұрпағы өз әдебиетін жаңадан жасауы керек делініп, басты міндет ретінде алға қойылды. Басқасын былай қойғанның өзінде ұлы Абайдың өзі феодализмнің ақыны деп танылды.

Ә.Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинские записки» жарық көрген қазанамасынан бастау алып, кейіннен К.Ысқақұлының, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың парасатты пайымдауларынан кейін Абай қазақ әдебиетіндегі өзіне лайықты орнын ала бастаған болатын. Ақындар Абайды жырға қосты. М.Жұмабаев 1912 жылдың өзінде-ақ «Алтын хакім Абайға» деп, жыр жырлады (М.Жұмабаев. Шығармалары. – А., 1989).

1918 жылы ақпан айынан бастап, Семей қаласында Ж.Аймауытовтың редакторлығымен «Абай» журналы шыға бастады. Журнал ақын Абайдың атымен аталды. «Абайдың» алғашқы саны «Журнал туралы» деген «Екеудің» беташар мақаласымен ашылды. Онда: «Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп, азды, тозды. Сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды. Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қиңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жөн берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, характер қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда, Абай қазақтан шыққан философ (данышпан) екендігін айта келіп... кемеңгердің атына арнап, журналымыздың атын «Абай» қойдық» – деп жазады. «Басқа жұрттың атақты білімдісінен Абай кем емес, білімдіні құрмет ете алмасaq – тоғышарлығымыз» [11], – деп, Абайды аса жоғары бағалайды.

«Екеу» Абайдың сыр-сипатымен таныстыра түскен: «Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін, айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң журналды Абайға арнадық, Абайды қай жерінен болсын ұстаз қылып, бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан жүруге талап-танғандығын көрсетеді... Еңбек қылған ер қадірін білу – ел борышы. Абайды құрметтеуге бүкіл қазақ, оның ішінде көңілі жетік оқығандар борышты. Абайды бетке ұстасак, білгішке ергіш нысанамызды көрсетеміз – бір, адамдық борышымызды атқарамыз – екі». Мақалада Абайдың өлеңдері талданылмайды: оның халыққа, әдебиетке сіңірген еңбектері санамаланып, үлгі тұтылады. Мақаланың соңы «мандайыма ұстаған ақын Абай – қазағым» деп, үмітпен шығарып отыр» деген жолдармен аяқталады.

Абайдың 1909 жылы Қазанда, 1922 жылы Қазанда және Тәшкенде басылып шыққан басылымдарын салыстыра отырып профессор Әбдірахман Сағди салмақты ойлар өрбітті. Оның «Абай» атты көлемді зерттеу мақаласы «Ақжол» газетінің 1923 жылғы 6 нөмірінде жарық көрді. Ә.Сағдидің «Абай» атты мақаласы ұлы ақынның поэзиясын ғылыми тұрғыдан танып білуге жасалған алғашқы қадамдардың бірі еді.

1922 жылы басылған Абайдың өлеңдер жинағына пікірлер көріне бастады. Соның бірі – І.Жансүгіровтің «Абай кітабы» атты Тәшкен басылымына жазылған рецензиясында С.Мұқановтың атақты «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» атты мақаласындағы Абай туралы айтқан теріс ойларына қарсылық білдірді (І.Жансүгіров. Абай кітабы. «Тілші», 08.05.1923).

Бүкіл жиырмасыншы жылдары толассыз жүріп, отызыншы жылдардың орта шеніне шейін жалғасқан қазақ әдебиеті қай бағытта дамуы жайлы айтыстарда орталық мәселе Абай болды. Пролеткультшылдар Абайды өршелене қаралап, «тарихтың қоқысына тастауға» әрекет жасаса, ұлтшылдар оны жанталаса қорғады. Өйткені қазақ ұлтының, мәдениеті мен әдебиетінің болашақ тағдыры қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, арман-мүддесін шынайы жырлаған Абай тағдырының шешілуімен байланысты болатын; Абайды жоққа шығару арқылы қазақ

халқының ұлттық даму жолын жауып тастау пролеткультишылдардың негізгі мақсаты-тұғын.

«Еңбекші қазақ» газетінде Б.Кенжебайұлының редакциялық «Абайдың өлеңдері туралы» мақалалары жарық көрді. Бейсенбай «Абай – өте ақын кісі, бұған өлеңдерінің суреттері, ұйқасымдары, ойына келгенді қиналмай толқытып, түйдектеп шығаратындығы дәлел. Осымен бірге Абай – сыршыл ақын... Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады, соған негіз салды. Сондықтан Абай – қазақ жазба әдебиетінің ағасы. Бұл орын Абайға үлкендік те, кішілік те қылмайды. Абай өлеңдерін қарап келіп шығаратын қорытындымыз: Абай – халық ақыны», – [12] деген тұжырым жасаған.

М.Жұмабаев жасаған «Алқаның» бағдарламасында «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап өмірден үміт үзуге, тұңғыық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да тереңдігі осындай. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолмен, екі үмітпен алысқандығы, сондықтан қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі.

Абай жиын-тойдың ақыны болмағандықтан, әсіресе баспа-сөздің жоқтығынан, Абайдың әдебиеттегі бағыты, әсіресе түрі елге тарай алмайды» (Қараңыз: Д. Қамзабекұлы. Руханият. Алматы, 1997, 75-бет). Ақынға жоғары баға берілді. Абай поэзиясының өзіне лайықты бағасын алуға жиырмасыншы жылдары әдеби айтысқа белсене араласқан Қошқе Кемеңгеровтің 1925 жылы шыққан «Қазақ тарихынан» атты кітабының төртінші бөлімінде осы мәселе бойынша парасатты ойлар айтты (Қ.Кемеңгерұлы. Қазақ тарихынан. 1925, 73-бет). Әдебиет туралы айтысқа қатысып, С.Сәдуақасов Абай туралы бірнеше жерінде оңды пікірлер айтты (С.Сәдуақасов. Әдебиет әңгімелері. «Еңбекші қазақ», 15-16.02.1927).

С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» («Еңбекші қазақ», 01.03.1923), Хамза Жүсіпбековтің «Әдебиет тексеру ережелері. Әдебиетті Маркс, Ленин жолдарымен сынаудың негіздері», Ілияс Қабыловтың «Қазақ ақыны

Абайдың философиясы және оған сын» («Советская степь», 02.08.1928), «Тағы да Абай және байшылдар туралы» («Еңбекші қазақ», 20.11.1929), т.б. бірнеше қазақша, орысша жазылған көлемді мақалаларда Абай бастан-аяқ саяси тұрғыдан қараланды. Абайдың философиясын дінмен ұласқан буржуазиялық идеалистік философияның қазақ даласындағы көрінісі деп бағалап, партия ұйымдарының жуық арада міндеттерінің бірі буржуазияның қалдығы ретінде Абай ілімін, оның жақтастарын талқандау алға қойылды.

Ы.Мұстамбаев Абайдың ақындық тағдырына осындай қауіп төніп тұрғанда, оны қорғау үшін барын салды. Абайды жоққа шығаруға тырысқан осы сияқты пікірлерге қарсы «Ақын Абай және оның философиясы» (Ы.Мұстамбаев. Ақын Абай и его философия («Советская степь», 22.08.1928), «Абай» (Ы.Мұстамбаев. Абай («Жаңа әдебиет», 1928, №7-8) мақалаларын жазып, марксизм-ленинизм іліміне сүйене отырып, ақынды жала жабушылардан ақтап, Ілиястың пікірлерін жоққа шығарады. Абай қазақ әдебиетінің негізін салушы деген өз пікірін қорғап шығады.

1930 жылы Мәскеуде жарық көрген «Әдеби энциклопедияда» Абайдың мұрасы әлеуметтік тұрғыдан түсіндірілді. Ол қазақ буржуазиясының идеологы, ұлтшылдық бағыттағы қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, сондықтан да ол қазақ халқының өткен өмірін артық көріп аңсайды; өлеңдерінде марапаттайды, өмірге еніп жатқан жаңалық атаулыға қарсы күреседі. Абай негізін салған қазақтың буржуазиялық әдебиетін жалғастырушылар қатарында Байтұрсынов, Дулатов, Құдайбердиев, Қарашев, Жұмабаев, Дөнентаев, Мәжитов, Сейфуллин есімдері аталып, олардың шығармашылықтарының негізгі сарыны менмендік, ұлтшылдық, діншілдік деп сипаттаған (Литературная энциклопедия. I том. – Москва, 1930).

Жиырмасыншы жылдардағы әдеби пікірталастар барысында Абайдың әдеби мұрасы жайлы бір-біріне кереғар екі бағыт көрінді. Әдебиеттегі ұлттық дәстүрді ұстанып, Абайды қорғағандар әдебиет сахнасынан күшпен қуылып, ақыннан безгендер биліктің күшімен үстемдік алды. Қазақ әдебиетін Абайдан айыру деген сөз оны ұлттық даму арнасынан айыру екендігін түсінген ұлт зиялылары ұлы ақынды ақтап қалу үшін барын салды.

Ақын мұрасы хақындағы өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында алғаш айтыла бастаған пікірлерді таратыңқырап айтып жатқандағы себебіміз – Әлихан Бөкейханов есімінің Абайға қатысты бірде-бір жерде кездеспеуіне назар аудару. Егер де жағдай З.Батаева айтқандай, алаш көсемінің ақын поэзиясына қалай да бір қатысы болса, Абайды байшыл, ұлтшыл, ескішіл, феодал деп, өз пікірлерін дәлелдей түсу үшін сөз таппай, ештеңеден тайынбай, барынша ғайбаттап жатқан пролеткультшілдер мұндай жайтты міндетті түрде пайдаланған болар еді. Осы жерде тағы да айтарымыз, Абай үшін айтысқа түскендердің барлығы дерлік, Әлихан Бөкейхановтың замандасы, Абайды, оның ақындық мұрасын жақсы білетіндіктен де З.Батаева айтқандай жағдай болса, бірде болмаса, бірде қылаң беріп қалуы әбден мүмкін-тұғын. Әлиханның есімі Абайға, немесе сол кездегі әдебиетке қатысты дау-дамайлардың бірде-бір жерінде кездеспейді.

Абайды қаралаушы автордың Әлихан мен Абайды бір адам деп келтірген дәлелдері мүлдем сын көтермейтіндігі көзі қарақты оқырманға алыстан-ақ айқайлап тұр. Шындығын айтқанда, қазақтың біртуар ұлы ақынын мансұқтаған бұл мақаланы қазақ әдебиетінің тарихынан, абайтанудан онша хабары жоқ, не болмаса, қазақ руханиятына деген пиғылы онша дұрыс емес адамның жазғаны көрініп тұрғандай.

Рас, абайтанудың басында Ә.Бөкейханов тұрып, қалғыған қазақ даласының бір түкпірінде ғұмыр кешіп, артына өлмес әдеби мұра, рухани құндылықтар қалдырған ақын қайтыс болғанда, ақынның ұлылығына алғаш бас иіп, қазанама жазып, мақалалар жариялап, кітабын шығарудың басы-қасында болып, жалпақ жаһанға жар салып, ұлттың рухани өмірінде тарихи рөл атқарды. Кейін алаш көсеміне айналған Ә.Бөкейхановтың алаштық идеяларының негізіне Абай жырларының идеялық бағыты өзек болды. Осылай болды екен деп, Абайды Ә.Бөкейханмен шатас-тыру ақылға сия бермейді.

Кеңес өкіметінің алғашқы он жылдығындағы әдеби өмірге қысқаша шолу мақала авторының Абай ғасыр басында есімі белгілі болғанымен, шын мәнінде ақын ретінде 1933 жылы өлеңдері кітап болып шыққаннан кейін ғана танылды («Он стал знаменитым писателем только в 1933 году, благодаря

государственному проекту публикации текстов Абая») деген пікірінің біржақты екендігін көрсетеді. Шындығында, Абайдың ұлы ақын екендігі ғасыр басында-ақ Ө.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың т.б. еңбектерінде барынша айтылғанымен де таптық қоғамда пролеткультшылардың солақай әлеуметтік сындарына ұшырап, көп теперіш көрді. Тек 1933 жылы Қазақстан жазушыларына басшылық жасап келген ҚазАП тарағаннан кейін 1936 жылға, яғни жеке адамға табынушылықтан туындаған сталиндік зұлматқа дейін созылған «жылымық» кезінде қазақ қаламгерлері көп жұмыстар жасап үлгерді. З.Батаева әңгіме өзегіне айналдырып отырған Абайдың толық шығармалар жинағы ҚазАП-тың орнына жаңа жазушылар ұйымын құру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің төрағасы І.Жансүгіровтің алғысөзімен жарық көрді. Тіпті, 1936 жылы басталып, 1937 жылы ұлттық атаулыны қынадай қырғаннан кейінгі қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі Абайдың тарихи биік орны кешегі тәуелсіздік алғанға дейін де сан-саққа құбылып келді.

Иә, өткен ғасыр басында-ақ «қазақтың бас ақыны», «қазақтың ұлы ақыны» деп, таныла бастаған ұлт ақыны Абай кеңестік кезеңде салтанат құрған таптық идеологияның сұрапыл шабуылынан да аман-есен өтіп, тәуелсіз Қазақстан дәуіріне де жетті. Енді қазақ бар жерде Абай да бар. Абай аңсаған, ашына жырлаған өміршең ойлар енді қазақтың қазақ болып, мәңгілік өмір сүру жолына қызмет етіп, жасай беретін болады.

З.Батаеваның қазіргі қазақ қоғамы тілдік, мәдени ұстанымдарына қарай қақ жарылып отыр дегенімен келіспеске амалыңыз жоқ. Ал енді осы ойын айтып болар-болмас, артынша осы жағдайға Абайды кіналауы көңілге кірбің ұялатады («В настоящее время казахское общество расколото по языковому и культурному принципу, и хотя трудно определить, до какой степени за этот раскол ответственен Абай, очевидно, что в его текстах можно найти элементы, привлекательные для обеих сторон...

Поэзия Абая могла бы объединить казахскую нацию – она могла бы наполнить каждого казаха чувством гордости, что он казах. Но в постсоветский период Абай стал фигурой, вызывающей разногласия, символом культурного и лингвистичес-

кого раскола в казахском обществе» («Стан.кз»). Бұл енді басқа рухани әлемде жүргендердің, шалақазақтардың өздерінің кемшіліктерін көре алмай, көргісі келмей немесе мойындамай, бар күнәні Абайға жабуы – кешіріңіз, күлкілі жағдай. Мақала авторы Абай өмірде болмаған, Абай деп жүргеніміз – Әлихан Бөкейханов дей келіп, артынша-ақ ақын мұрасы дұрыс зерттелмеген, орыс тіліне дұрыс аударылмаған, ақын орысшыл болды, оның шығармаларын оқыған қазақ қауымы орыс тілді, қазақ тілді болып қақ жарылды деген сияқты сыни ойларын ортаға сала келіп, ол қазір қақ жарылған қазақтардың басын қоса алатын бірден-бір ұлы ақын дегенді мойындауға мәжбүр болған.

Мақалада «негатив сөздер», сонысына қарамастан, бастауыш сыныптардың оқулықтарына дейін кірген деп, ең қатты сынға ұшырағаны Абайдың қара сөздері: «В сорока пяти пронумерованных текстах, составляющие «Слова назидания», казахи часто именуются «ленивыми», «невежественными», «завидующими друг другу» и даже «врагами друг другу». С точки зрения критикующих, то внимание, которое казахские школы на протяжении нескольких десятков лет уделяли антиказахскому содержанию прозы Абая, нанесло удар по самоуважению нескольких поколений казахов и создало отрицательные стереотипы о казахах среди других этнических сообществ, тем самым углубив раскол в обществе Казахстана», – дей келіп, «То внимание, которое казахские школы на протяжении нескольких десятков лет уделяли анти-казахскому содержанию прозы Абая, нанесло удар по самоуважению нескольких поколений казахов и создало отрицательные стереотипы о казахах среди других этнических сообществ».

Осылай дегенімен де автор «Как мог кто-либо поверить, что кочевник-казах XIX века, который, согласно официальной биографии, всегда оставался верен кочевому образу жизни своей семьи и предков, мог подвергать свой народ такой критике?» – дей келіп, тіпті, ақынның кейбір қара сөздерін Ж.Аймауытов сияқтылар, «Отыз сегізінші қара сөзін» молда жазған деген сәуегейлік жасайды. «...кто написал «Слово тридцать восьмое»? Исходя из его интонации и содержания, весьма вероятно, что его написал мулла», – дей келіп, қалада емес, қазақтың кең даласында өмір сүрген көшпелі қоғамның өкілі Абайдың

осындай ойлы, философиялық толғамдары терең өлеңдерді, қара сөздерді жазғанына, халқының бойындағы кемшіліктерін түп-тамырына дейін сынай алғанына күмәнмен қарайды.

Сын айтқанның барлығы жау емес. Өйткені әрбір адамның, ұлттың бойында жақсы жақтарымен қатар кемшіліктерінің де болуы – өмірдің заңы. Өз кемшіліктерін көре білген, соны уақытында жоя алған адам ғана, ұлт қана жетістіктерге жете алады. Сын айту, өзара сын – дамудың бірден бір шарты. Сыннан қорытынды шығарып, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену – өсіп-өркендеудің, жетістіктерге жетудің кепілі. Сондықтан да адамның бүкіл ғұмыры өзінің бойындағы, қоғамдағы жөнсіздіктерге қарсы күреспен өтеді дерлік. Ал қоғамдағы рухани кеселдерге қарсы ашық күрес – кез келген адамның қолынан келе бермейтін, ұлтын шын сүйгендердің ғана пешенесіне жазылған мәртебе. Бұған адамзаттың күллі тарихы – куә. Бұрын да солай болған, қазір де – солай. Абай да – қалың халықтың арасынан шығып, ұлтын рухани өрлеуге шақырған ұлылардың бірі.

Тарихтың аумалы-төкпелі замандарында не бір сын сәттерде қиындықтардан аман-есен өтіп, бүгінгі күнге жеткен ұлттардың барлығы да өздерінің арасынан шыққан рухани көшбасшыларын көкке көтеретіні де осы себептерден. Отаршылдықтағы халқының азып-тозып бара жатқанына шын жаны ашып, шырылдаған Абай одан шыға білудің жолы білім ғылымда, рухани байлықта, «ақыл бірлігінде» екенін көре біліп, ұлттық дамудың даңғыл жолын көрсетті. Мұндай құбылыстар ғасырлар көгінде сирек көрінсе, Абай қазақ тарихында халқының рухани көгінде жарқыраған жарық жұлдызға айналды.

Мақалада бүгінгі таңдағы қазақ мектептерінде Абайдың қалай оқытылып жүрген мәселесі көтеріледі. Шындығында да тәуелсіз Қазақстанда жаңа мазмұндағы оқулықтардың сын көтермейтіндігі ақпарат құралдарында кеңінен талқыланып жатыр. З.Батаева да үшінші сынып оқулығында Абайдың екі өлеңімен қатар, 9-10 жасар бала түгілі ересек адамның өзі әрең түсінетін «Отыз сегізінші қарасөзінен» берілген қысқа ғана үзіндіде тоғыз, қосымша тапсырмаларды қосқанда, он жеті негатив сөздің кездесетінін, онда да мұның барлығы қазақтың адресіне айтылатындығын орынды түрде қатты сынға алыпты. Осы сияқты алтыншы сыныптағы «Жетінші қара сөздегі»

Абайдың пессимистік ойларын оқыған оқушы қазақ туралы қандай қорытындыға келер еді деген сауал тастауы да – ойландырарлық.

«Стан.кз» тілшісіне берген сұхбатында З.Батаева: «Мен осы тәуелсіз ұлттың өкілімін және ұлт мәдениеті туралы мақала жазуға 100% еріктімін. Қазақтар демократиялық қоғам құрғысы келе ме? Онда демократияның негізгі шарты – сөз еркіндігін құрметтеп үйренсін.

Мен мақаланы пайда табу үшін немесе «хайп» үшін жазған жоқпын. Мақаланы жаза бастағанда, мақсатым мүлде басқа болған еді. Зерттеу барысында қандай да мамандардың көмегі қажет болғанда, қаламақыны өз қалтамнан төледім», – депті. Бұл жерде біз автордың қазақтың ұлы ақыны Абай туралы өзгеше пікір білдіруге хұқы бар екендігін жоққа шығармаймыз. Керек десеніз, көп пікірдің, оның ішінде сыни пікірлердің де айтылуы ғылымның, қоғамдық дамудың даңғыл жолы екендігі белгілі.

Бұл жердегі бізді ойландыратыны – бұрын қазақ әдебиеті, оның проблемалары жайлы еңбектерімен көрінбеген аудармашының ұлы ақынның 175 жылдығын ұлықтап жатқанда, жаңаша зерттеу «әдістемесін» қолдана отырып, қазақ әдебиетінің классигі Абай өмірде болмаған, Абай деп жүргеніміз Әлихан деп, айды аспанға бір-ақ шығаруы. Мақаланы оқып отырғанда, ең алдымен байқалатыны, автордың абайтану ілімімен, әсіресе тәуелсіздік дәуіріндегі соңғы еңбектермен, осы салада атқарылып жатқан соңғы шаралармен, қазіргі таңдағы ғылыми ізденістердің барысымен онша таныс еместігі, көбіне бұрындары жарық көрген орыс тіліндегі зерттеулерге сүйенгендігі көрінеді. Мейлі десек те әдебиеттің ғылыми мәселелерімен бұрын айналыспаған адамның бірден анау-мынау емес, қазақ әдебиетінің классигі Абайға жармасып, оны жоққа шығаруға ұмтылуы көңілге күдік ұялатады.

Тағы бір мәселе, отыз беттік бір мақаланы жазуға тұтас бір кешенді бригада – бірдей 7 адам көмектесіпті. Атап айтқанда, Абай Мырзағали тиісті әдебиеттермен қамтамасыз етіп, араб графикасымен жазылған материалдарды кирилл жазуына түсіріпті; Лаура Бердіқожаева тамаша аудармалар жасап, мақалада көтерілген тақырыптар бойынша пікір таластырып отырыпты; Мөлдір Өскенбаева қажетті әдебиеттерді іздеп табуға қолғабысын тигізіпті; орыс және қазақ әдебиетінің маманы Вера

Савельева Қазақстанның белгісіз ақынының 130 жылдық тарихына сүнгіткен құнды кеңестер беріпті; кеңестік және одан кейінгі дәуір әдебиетінің маманы Евгения Добренко кеңестік дәуір әдебиетіне қатысты кеңестерін аямапты; Рауан Есірқенов жабық материалдарды тиісті адамдармен тіл табыса білу арқасында қол жеткізіп, тауып беріп отырыпты; Алексей Терещенко мақаланы орыс тіліне тамаша аударған; Қазақстанның Орталық ғылыми кітапханасы мен Ұлттық кітапханасының электрондық ресурсынсыз мұндай зерттеудің жазылуы мүмкін болмаған болар еді. Сонда «зерттеуші» автор осыншама адам дайындаған материалдарды тек қана қазақ тілінде қағазға түсірген болып шығады.

Автор мақаланы дайындауға қолғабыс тигізгендердің барлығына алғыс айтып, «Зерттеу барысында қандай да мамандардың көмегі қажет болғанда, қаламақыны өз қалтамнан төледім» – дейді. Сонда автордың бір мақаланы жазуы үшін осыншама тұтас бір бригаданы жалдап, қалтасынан ақша шығарып, төлеп, шығынданатынындай, басына не күн туған. Қызметіне қатысты жазды дейін десең, ғылыми мекемеде немесе университеттің ғылыми-зерттеу институтында қызмет жасайтын ғылыми қызметкер емес. Осыншама адамға төленген қыруар ақша қайдан келді, не қажеттіліктен осындай материалдық шығынға барып отыр, қазақша жазылған мақаланы неге қазақ тілінде жарияламай, орысша бастырған деген сияқты сұрақтар да көлденеңдей береді.

Осы сияқты кілттипандардың барлығы жиналып келіп, бұл мақаланың игі ниеттен тумай, теріс пиғылмен жазылған деген ойларға қарай жетелейді. Бұл мақала тегіннен-тегін жазылып отырған жоқ, ұлтымыздың ардақтысы, халқымыздың қасиеттісі Абайға қарай топырақ шашқан «Іштен шыққан жау жаманның» бір көрінісі емес пе екен деп те қалдық.

Сонымен алдағы уақыттарда мұндай келеңсіз жағдайларды болдырмау, алдын алу үшін не істеу керек? Ең алдымен, Абайдың өмірбаяны, шығармашылығы жайлы зерттеулерді жандандырып, жоспарлап, үйлестіріп отыратын ғылыми орталық ашу керек. Мұндай орталық М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы Абайтану бөлімі, не жеке Абайтану ғылыми-зерттеу институтын ашса да болады. Мұндай

тәжірибелер туысқан елдерде бар. Қырғыздарда манастану, сахаларда Олонхо ғылыми-зерттеу институттары жұмыс жасайды. Бұл институттар тек зерттеу жұмыстарымен ғана айналысып қоймай, «Манас», «Олонхо» жырларындағы ұлттық құндылықтарды насихаттаумен бірге оларды бүгінгі күннің ұлттық иілігіне жарату мәселелерімен де айналысады. Якутияда жыл сайын 21 маусымда өтіп тұратын сахалардың «Ысақ» ұлттық мейрамының (біздің наурыз сияқты) сценарийі Олонхо институтында осы жырдың мазмұнын бүгінгі күнге қарай жаңғырту бағытында жазылып, кейбір тұстары театрландырылған түрде өтеді. Оның үстіне әр жылы әртүрлі тақырыпқа арналады. Біз қатысқан 2015 жылғы «Ысақ» мейрамы сахалар өміріндегі жылқы тақырыбына арналып, «Олонхо» жырынан тарихи оқиғалар сахналанып, халық өміріндегі оның алатын ерекше орны бейнеленді. Көршіміз Қырғызстанның жаңа президентінің таққа отыру рәсімінде бастан-аяқ қырғыздың ұлттық ырғағындағы манасшының оптимистік рухқа толы жырының ойналып тұруы ұлттық рухтың салтанат құрып тұрғанындай әсер етті.

Екіншіден, негізгі абайтанушылар шоғырланған бұл институт Абайдың өмірбаянын, шығармашылығын кешенді түрде зерттеумен айналысумен бірге, оны насихаттау, өміршең идеяларын ұлттық даму жолына түскен халқымыздың игілігіне айналдыру, ақынның таңдамалы шығармаларын шет тілдеріне – БҰҰ-ның негізгі тілдеріне, әсіресе ағылшын, түрік, орыс, қытай тілдеріне аудару, насихаттау жұмыстарын жоспарлы, ғылыми негізде жүргізіп, осындай жұмыстардың нәтижелеріне сүйене отырып, көптомдық «Абай» энциклопедиясын қазақ, орыс, түрік, ағылшын, қытай тілдерінде шығаруды қолға алу керек. Абайды әлемге таныта алсақ, қазақ та таныла түседі. Әлемге ұлттық болмысымызбен, мәдениетімізбен ғана таныла алатындығымыз – аксиома.

Ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы қарсаңында бұл салада бірсыпыра игілікті жұмыстар атқарылды. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абайдың көптомдық академиялық жинағын дайындаса, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай институты «Абайтану» саласындағы таңдамалы еңбектердің 50 томдығын шығару үстінде. Осы сияқты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Абай институттары да қыруар жұмыстар бітірді. Абай университетіндегі Абай институтының қызметкерлері оқу орнының барлық шәкірттеріне абайтанудан дәрістер оқып, жақсы үлгі көрсетіп келеді.

Үшіншіден, жыл сайын жалпыхалықтық мейрам ретінде Абайдың туған күніне орай, «Абай күндерін» өткізіп тұру. Мейрам кезінде өткен жыл (уақыт) ішінде қазақ әдебиеті мен өнерінің жеткен жетістіктері қорытындыланып, үздіктеріне көркем әдебиеттің проза, поэзия, сын-зерттеу, сахна өнері, эпостық жырларды жатқа жырлау, көркем шығармаларды мәнерлеп оқу, жатқа айту, күй-айтыс, ән-айтыс, колөнері, сурет номинациялары бойынша сыйлықтармен марапатталып жатса, «Абай күндері» нағыз жалпыхалықтық мейрамға айналып, ұлттық рухтың салтанат құруына қызмет еткен болар еді.

Сөздің тоқетері С.Торайғыровтың мына бір өлең жолдарында жатқандай: «Асыл сөзді іздесең, // Абайды оқы, ерінбе. //Адамдықты көздесең, // Жаттап, тоқы көңілге».

Абай – ұшы-қиыры жоқ сахараның бір түкпірінде жатып-ақ қазақ әдебиетін ХІХ ғасырдың өзінде-ақ әлемдік деңгейге көтерген ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге, қазақтың мәңгілік ойы мен сөзін өркениеттің биігінде тұрып айтқан дала данышпаны да. Қазақтың халық болып жұрт қатарлы өмір сүруі үшін адал еңбек етіп, озық білім мен ғылымды игеріп, ұлттық рухани құндылықтар мен имандылықтың асыл қасиеттерін бойына сіңірген «толық адам» болуы керектігін ескерткен де – дана Абай. Абайдың ұлылығы оның сөз өнерінің інжу-маржанына айналған поэзиясының әрбір сөзінің ойымызға, бойымызға адамгершіліктің, ұлттық рухтың нәрін сеуіп, санамызды жаңғыртып, өмірге деген құлшынысымызды арттыра түсуінде жатыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
3. Ақселеу Сейдімбек. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2010. – 584 б.
4. Мүсірепов Ғ. Күнделік. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 288 б.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар / Құраст., түсінік. жазғ.: П.Бисенбев, Е.Кәрібозов, Л.Мұсалы, Н.Нұрәлі; жауапты ред. Ә.Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж.Дәднбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 136-143 беттер.
6. Ақсұңқарұлы С. Менің Абайым // Егемен Қазақстан. – 20.01.2020.
7. Пірәлиева Г. Жаңсақтықтарға жол берілмесе екен // Егемен Қазақстан. – 17.08.2020.
8. Сұлтан Хан Аққұлы. «Геростратова слава Зауре Батаевой» // «Абай.кз», 30.11.2020.
9. Омаров А. Абай болмаған деген не сұмдық! // «malim», 23.07.2020.
10. Сейітхан А. Абайды жеңген кім? // «Абай.кз», 28.07.2020.
11. Екеу. Журнал туралы // Абай. – 1918. – № 1.
12. Кенжебайұлы Б. Абай // Еңбекші қазақ. – 28-29.08.1925.

Төртінші тарау

АБАЙДЫ БІЛУ МЕН ТҮСІНУДІҢ ДЕРЕКНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Абай ілімін білу мен түсінудегі 130 жылға жуық уақыт айналымға түсіп отырған дерекнамалық негіздерді жалпы ғылыми және жеке бағыттар бойынша нақтылап отыру қазіргі абайтанудағы жаңа бір үрдіске айналу қажеттілігін сезінеміз.

«Жеке бағыт» дегенде белгілі бір деңгейде шарттылыққа жүгініп отыратынымыз анық. Әйтпегенде, жеке бағыттар өзара тұтастық құрайтындығы, осыдан «Абайтану» атты қазақ әдебиеттану ғылымының аса ауқымды, мол зерттелген, ендігі заманғы танымға тартуды күн тәртібіне шығару үрдісі үзілмейтін тұтас бір ғылым саласын қалыптастырғандығы ұғынықты.

Жеке саланың бірі – бұл Абайдың өмірбаянына қатысты деректердің жиналу, қорлану, саралану, ғылыми міндеттерге «жегілу» үрдісі.

Негізінде бұл саланың ғылыми арқауы Абай өмір сүрген дәуір, Абай жасаған орта, Абай ақындығының өмірлік негіздерінде тұғырланады.

Абайдың дүниеге келген күнінен басталып, ақын дүниеден озғанға дейінгі уақытта «Абай өмірбаяны» атты салаға негіз еткенде де бұл уақыттың кеңістігі (кең мағынасындағы уақыт кеңістігі де, географиялық аумақтың кеңістігі де кірігуі тиіс кеңістік – Қ.М.) Абай дәуірінен тым әріге, ататек, арғы тарихқа тартып жатады.

Абайдан соңғы кезең – ақындық дәстүр, рухани ұлағат маңыздылығында күні бүгінге, келешек өрістерге бастай беретін кеңістік.

Абайдың шығармашылық өмірбаянындағы нақтылы даталы уақыт шегі таңбаланған сәттер, оқиғалар, кезеңдерден, тарихи тұлғалар, адам есімдерінен, жеке туындының мәтіннамалық тұғыр, басылым тарихынан т.б. тұтастанған дерекнамалық талаптарда тұтас қарайлап зерделеу мүмкіндігі шектеліп, шет жағалап ғана меңзелген фактілерді, қилы себептерден орнығып қалған жекелеген жаңсақтықтарды, абайтанудың тарихи

тәжірибесінде, осы заманғы өзекті бағыттарында арнайы зерделеу қажеттілігі бар.

Абайтанудың тарихындағы дерекнамалық негіздердің абайтанудың қазіргі заманғы зерттеу ұстанымдарын қалыптастырып дамытудағы ықпалды мәні Абайдың соңғы үш томдық академиялық басылымын (2020) әзірлеу барысында да Абайдың шығармаларын баспадан шығару үрдісінде ұдайы көлденең түсіп отырған Абай шығармаларының текстологиялық мәселелері өзектілігінде айқындала түсті.

Мұхтар Әуезов Абайдың өмірбаянын 1933, 1940, 1945, 1950 жылдарда қайыра өңдеп, қайта қарап, төрт нұсқасында жазуының түп себебінде кезеңдік саяси идеологиялық талаптардан өмірбаяндық фактілердің қолжетімсіздігі болғандығы сынды бірнеше мәселе бар. Абайдың әдеби мұрасының таралу, сақталу, жиналу, баспа жүзін көру деректері жылма жылғы ыждаһатты еңбектің нәтижесінде біртіндеп түзілді. Қилы дереккөздерді Абай өмірбаянының 1933 жылғы алғашқы нұсқасы жазыла бастаған 1924-1927 жылдарда тұтас қамтып қарау, зерттеу, зерделеу де қолжетімді бола қойған жоқ.

Мұхтар Әуезов жазған өмірбаяндық төрт нұсқада қамтылмаған деректер де (негізінен архивтік деректер) кейінгі кезеңде айналымға түскеннің өзінде қайсыбір мәселеде деректің нақтылығы бойынша келісіп, келіспейтін пікірлер де туындады.

Абайды тануда ақын тұлғасының жеке бас өмірбаяндық деректері де, шығармашылық ғұмырбаянына қатысты деректер де елеулі маңызға ие болатындығы тұрғысында абайтану тарихындағы дерекнамалық негізді арнайы зерттеудің қажеттілігінде Абайдың жеке бас өміріне, қалыптасып өскен ортасына, Абай дәуіріндегі тарихи-әлеуметтік мәселелерге, руханияттағы өзекті күйлердің дерекнамалық негіздеріне; Абай шығармаларының жазылу мерзімі, туу себебі, сақталу жолдары, жиналу реті, баспа жүзін көруі, жеке жинақ болып шығу фактілері және Абай мұрасының текстологиялық мәселелерінің түп себебі турасында, сонымен бірге абайтанудағы іргелі зерттеулердің осы мәселелерді қамту, қозғау дерегі мен деңгейі; Абайдың әдеби мұрасын шет тілдерге аударудың өзекті мәселелерінің абайтану саласы мәнінде әлі күнге арнайы зерттеу нысаны есебінде қамтылмай, қарастырылмай отырғандығы;

абайтану бойынша толықтырылған жаңа библиографиялық көрсеткіштің қажеттілігі; абайтану тарихын толықтырып, тұтас-тандырып жазу өзектілігі сынды күн тәртібінен түспейтін басым зерттеу проблемалары мен жүзеге асырылуы тиісті міндеттері бар.

Мұхтар Әуезовтің Абайдың туысы мен өмірі мәселесінде 1933 жылғы жинақта тұлғалық өрісіне кең тоқталған Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлының өмір тағылымын Абай өмірбаянының кейінгі нұсқаларында шектеп баяндауына тура келді. Абайдың болыстық қызметі туралы да тартына сөйлеске болмайтын.

Мұхтар Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағында ел арасынан жиған Абай туралы естеліктердің басым көпшілігі басылым көрді. Абай туралы естеліктер жеке жинақтарда да шығып келеді. Мерзімді басылымдарда да жарияланып отырды. Абайдың ресми өмірбаянына кірмей қалған көп дерек атаулыны тықпалай беру, ретсіз. Ал ақындық тұлға болмысын ұғыну, тану, тұтас, бүтін бітімінде білмекке ұмтылуда, әлемдік тұлғатану тәжірибесіндегі дерек атаулыға зеректік, ұсақ-түйек әңгіме деп қарамай, тұлға тағдырына тиесілі ірілі-ұсақты дереккөздердің барлығын қисынды тұтастықта ғылыми негіздеу өнегесінде естеліктердің мейлінше толық қамтылып, қорытылуы абайтануда Абай өмірбаянын толықтырып жазудың өзіндік бір факторы есебінде мәнді.

Қазіргі абайтанудағы белгілі бір фактілерге қатысты болжал деректердің қосарланып келуі; нақтылы адам есімдеріне қатысты жаңсақтықтар; шығармалардың жазылу мерзімін көрсетудегі сәйкессіздіктер; бір туындының шығу тарихына қатысты қосарлы деректер, қосалқы мағлұматтар; өлең мәтінінің әр басқа болып хатқа түсу фактілерінен туындайтын текстологиялық түйткілдер, бір сөздің жазылу фактісінде мәтін аясындағы мағынасынан түпнұсқа мәнін айыру қиындығы туындайтын тілдік қолданыстың күрделі иірімдері; туындының түпнұсқалық немесе аударма туынды мәніндегі айқындалуы тиіс шығармашылық сырлары; Абай мұрасын шет тілдерге аудару үдерісіндегі мәтінтанымдық ұстанымдар мәселесін арнайы зерделеу; т.б. өзекті шығармашылық мәселелер бар.

Абайтануда кейінгі кезеңде зәру деректермен толыға түскен Абайдың ақындық кітапханасы мәселесінде де арнайы, мақсатты зерттеулер қажет. Қолда бар деректің ізімен түгендеудегі салғырттық; қолда жоққа аса ынталы емес екендігіміз бір мәнде ғылымның қаржыландыру жағынан қағажу көріп келе жатқандығына да байланысты.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының гранттық жобаларға «байланып» қалуы, жаппай әлеуметтік желіде топтасып түскен сурет шығару әлегімен өтетін қилы атүсті ғылыми конференциялар да түбегейлі ғылыми зерттеулерге деген сұранысты көзден таса етіп, көлегейлеуін қояр емес.

Абайды тануды күрделі философиялық категорияларда қамдаудың алдында Абайдың шығармашылық ғұмырбаянын айқын ғылыми жүйеде сіңіру өзектілігі тұр. Абай өлеңдерінің таралу, жиналу, сақталу фактілерінде Абай мұрасын арнайы көшіріп, қолжазба кітап етіп ел арасына таратуда көп еңбек жасаған, Мұхтар Әуезов ол адамның көшірме қолжазбаларын Абай шығармаларының түпнұсқасы мәнінде тануға болады деп айрықша мән берген Мүрсейіт Бікеұлының осы бағыттағы еңбегіне қатысты Мұхтар Әуезовтің белгілі бір себептерден көшірмеші еңбегін екінші планға ысырып сөйлеген тұсы да бар. Сонымен бірге Абай мұрасының бас текстологы Мұхтар Әуезовтен кейінгі жоқшысы Қайым Мұқаметханов Мүрсейіт қолжазбалары дегенде ұдайы «құрақ ұшып» тұрмайды. Абай шығармаларының 2020 жылғы толық академиялық басылымын дайындау барысында Мүрсейіт Бікеұлының 1905 (1906), 1907 жылғы, Абайдың тұңғыш жинағы жарық көргенге шейінгі (1909) көшірме қолжазбаларының қазіргі жазуға тұтас көшірілген нұсқасында текстологиялық салыстырулар жүргізе отырып жұмыс істеуге тура келді. Үш томдық толық жинақтың баспадан шығуын ақпараттандыруда бұл фактілер де аталып отырды. Осы мәнде көпшіліктің көкейінде жұмыс тек Мүрсейіт көшірмелері арқылы жасалған, Мүрсейіт көшірмелеріне қатысты Қайым Мұқаметханов ескертпелері ескерілмеген ғой дегендей де сауал тұрды деп ойлаймыз. Себебі кейінгі бір ашық дәріс тұсында осы сұрақ қойылды да. Академиялық басылымның жұмыс тобына Абай шығармаларының 1933, 1939-40, 1954, 1957, 1977, 1995

жылдардағы ресми, ғылыми толық басылымдарының барлығымен жұмыс істеуге тура келді.

Басылым шыққан соң «1995 жылғы жинақты қайта шығара салыпты» деген де ескертпелер естуге тура келді. Абайдың көп жаңадан табылған өлеңі қосылмапты деген де айыптау дауыстары естіліп қалып жатты. Басқадай да сырттан тон пішулер бар.

Абай – бар қазақтың Абайы. Абай жалғыз. Асықпай, аптықпай қарайлатын қарасы қалың мәселелері бар Абай тұлғасының. Бұл – ортақ шаруа. Бар қазақтың жоғы – Абайдың жоғы.

Абайдың мерейтойлы жылдарында жинақтары шығып жатады. Баспалар көбейген заман. Бұл мәнде Абай мәтініне бақылау жасап отыратын құқы бар бір Орталық болғаны жөн көрінеді. Ойласу қажет. Аударма ісінде, шет тілге аударуда Абай шығармаларының қай басылымы алынатыны қадағалануы керек. «Махаббатсыз, дүние бос», «Махаббатсыз – дүние бос». Осы екі мәтін Абай туралы айтқан адамның аузына алдымен түсетін тіркес. Өнімді айналымда жүретін тіркес. Осы екі нұсқасында қатар алынып келеді, тоқтаған жоқ, толастаған жоқ. Кім өзіне қай нұсқа ұнайды, соны кірістіреді сөзіне. Жалпы көпті былай қойғанда, Абайды аударатын мамандар қай нұсқаға жүгінгені жөн?

Текстологиялық саралауда түпнұсқа мәнді мәтіндер болып табылатын Абайдың немере бауыры Кәкітай Ысқақұлы мен баласы Тұрағұл Абайұлы шығарған 1909 жылғы тұңғыш жинақ пен Мүрсейіт Бікеұлының көшірме қолжазбаларындағы басым нұсқасы – «дүние дос». Бұл тіркес Абайдың қара сөздерінде де бар. «Махаббатпен жаратқан адамзатты» дейтін Абай Алласына шәк келтірмесе керек. Дүниенің махаббаттан тұратынын бір білгенде Абай білер. Дүние қай махаббатсыз бос? Ол Алланың махаббатымен жарылқанып жаралды емес пе! «Дүние достың» мәселесі басқа. Материалдық игілікке құнығу. Махаббатпен жаратылған дүниені сезінбеу. Қара сөздің қисыны да көп, қиюы қашып, қасаң ұғымдарға байланып қалғандары да бар.

Осы мәндес екі сөздік қосарлы ұғымдар Абай шығармаларының әр басылымында «өріп» жүр. Солай әр басқадан

айнымай, бірі-біріне «бағынбай» келе жатқан басылымдар бар, бола да беретін сияқты.

Жинақты дайындау барысында жұмыс тобы мүшелерінің кейде бір сөзді сағаттап, табандап отырып талқыға салған уақыттары болды. Бұл басылымның да уақыт тығыздығына қарамастан ғылыми ұстанымдарда дайындалғандығы, ілгерідегі басылымдар өнегесі де, әлемдік тәжірибе де, кейінгі кезеңнің текстологиялық қолайлы мүмкіндіктері де ескеріліп, кәдеге асып отырып дайындалған басылым болғандығы айтылуы керек.

Қаншама сөз салыстыру, қолжазба нұсқалар қолдан өтті. Қилы қисындар, өзекті мәселелер қарасы қалыңдап, малтықтырып тастаған күндер болды. Біртіндеп жүйесі сұлбаланып, сұрыпталып отырды.

Абайтану тарихында текстологиядан тысқары тұрған дерекнамалық негіз жоқтай болып көрінеді кей тұста. Өмірбаян да, архив те, естелік те, т.б. текстологиялық түйткілге әлдебір ыңғайында қатысты болып шығып отырады.

Абайдың әдеби мұрасын хатқа түсіруші Мүрсейіт Бікеұлы туралы деректер тапшы. Соның өзінде бірқанша мағлұмат бар. Бұл адам кім еді? Абай өлеңін көшіру жұмысын қашан бастаған? Қолжазба көшірмелерінің мәтіндік ауытқулармен жазылуы не себептен? Мүрсейіт Бікеұлының тегі нендей себептерден әр жылдардағы Абай басылымдарында, естеліктерде, Абай энциклопедиясында әр қалай, бірде Бекіұлы, бірде Бікейұлы, бірде Бікіұлы, енді бірде Бікеұлы болып жазылып жүр?

Адам есімдерінің ресми деректерде әрқилы жазылуы абайтануда бір бұл емес. Абай өлеңдерінің көшірме қолжазбалары XIX ғасырдың соңында Санкт-Петербургке де жеткен. Осында Абай өлеңдерінің Сәдуақас Шормановтың 1897 жылғы қолжазба жинағынан көшірілген Қудашев деген адамның да қолжазбасы бар. Осы Қудашевтің «князь» титулын өзіне есіміп жазған деректер бар. Бірде С.Кудашев, бірде В.С. Кудашев, бірде К.В. Кудашев деп жазылады.

«Кудашев В.А. (т.-ө. ж.б.) – князь. Қазақ халық әдебиетінің үлгілерін жинақтауға атсалысқан. К. қазақ әдебиеті мұраларын Садуақас Мұсаұлы Шормановтың қолжазбасынан көшіріп алып, «Қырғыз әндері мен аңыздарының аудармасы» деген атпен (1897) Санкт-Петербургтегі геогр. қоғамның архивіне тапсырған.

Онда Абай өлеңдері де бар. Қолжазбаның фото-көшірмесі Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы [1, 293].

Мұхтар Әуезов энциклопедиясында Кудашев туралы дерек берілмеген [2].

М.Мырзахметов құрастырған «Абайтану» библиографиялық көрсеткішінде Кудашев есімі аталмаған [3].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты А.Әбдігаппарова «Абай Құнанбаевтың естілік мәселесі төңірегінде жазған қара сөздері» атты зерттеу мақаласында К.Н. Кудашев еңбегіне сілтеме жасайды [4, 108].

«Абай шығармаларының аудармасы туралы айтатын болсақ, орыс тілінде ең алғаш аударма 1897 жылы Абайдың көзі тірісінде жасалған. Оны 1946 жылы Әлкей Марғұлан тапқан К.Н. Кудашевтың «Перевод киргизских песен и легенд» қолжазбаларынан көруге болады» [4].

Князь Кудашевтің есімі абайтану тарихында әр уақытта да аталып келеді. Және жазылуында ұдайы өзгеріс бар.

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы ақынның көзі тірісінде баспа жүзін көргенімен, текстологиялық мәселелерде нақтылайтын түйткілдерінің аз емес екендігі де айтылып келеді. Бұл – өз алдына кең тақырып. Арап Еспенбетовтің Шәкәрім мұрасын текстологиялық тұрғыдан зерттеу мәселелерін ғылыми негізде қисындау ұстанымдарында Зәки Ахметовтің Абай текстологиясына орай келтірген деректерінің бірінде К.Н. Кудашевтің аты-жөні «Кудашев» деп берілген (Техникалық, типографиялық қате болуы да ықтимал – Қ.М.) [5, 268].

Содан барып Сәйфи Кудашев деп жіберген зерттеулер де бар. Кейінгі бір деректе, Абай мұрасының орыс тіліне аударылу фактілеріне қатысты аударма мәселелері бойынша зерттеуде бұл есім К.Н. Кудашев болып жазылып жүр. Қайсысы дұрыс дегенді арнайы қарастыру қажет.

Белгілі абайтанушы ғалым Қайым Мұқаметқановтың тегі де бір жинақ, бір зерттеуде Мұхамедханұлы, бірінде – Мұхаметқанов, тағы бірінде тағы басқаша?

Мұқаметханов (Ғибадулқайым) Қ. [1, 415].

Мұхаметханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері», кітаптар топтамасы [6].

Мұхаметханов Қ. Көп томдық [7].

Мұхамедханов Қ. Хаттар сөйлейді [8].

Мүрсейіт (Нүрсейіт) Бікеұлы (1860-1917).

«Ол екеуі ақылдасып, Абай ауылдары жайлайтын жерін жақсы білетін Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт Бікеұлының бел баласы Рақымбайды Қасқабұлақтан шақыртып алдырды» [9, 21-24].

«Жазуы өте жақсы екенін әрі өлең өнеріне Мүрсейіттің бейімділігін таныған Абай балаларын оқыттырып, оны қолында ұстаған. Мүрсейіт Біке баласының бойына біткен зор қасиет ертек пен қиссаларды айта жүріп оларды көшіріп алуға ерінбеген. Келе-келе ол Абай шығармаларын көшіруге кіріседі. Сөйтіп, оны таратуға көп еңбек жасағандығы тарихтан аян. Күні бүгінге дейін Абай өлеңдерінің баспа жүзін көргендері тегіс Мүрсейіт қолжазбасымен салыстырылып отырылады. Мүрсейіт Бікебаласынан Мұхтар да сабақ оқып, алғаш сауатын ашқан мектеп үйі осы Ескі Там» [9, 24].

«Мүрсейіт (Нүрсейіт) Бікеұлы (1860-1917) – Абай өлеңдерін қағазға түсіріп, бүгінгі ұрпаққа жеткізуге орасан зор еңбек сіңірген кісі. Мүрсейіттің 7-ші атасы – Әнет баба. Әнет – Абайдың 7-ші атасы Әйтекпен бір туыс. Әнеттің бір ұлы – Байболат, Байболаттан – Бақай, Бақайдан – Тоққожа, Тоққожадан – Көбікен, Көбікеннен – Біке. Бікеден – Мүрсейіт. Орыс мектебінде 4 жыл, содан соң Бұхарда оқып, білім алған. Семей облыстық әкімшілігінде қызмет істеп жүрген кезінде Әбдіқызы Зағипа дауына байланысты Абайдың тапсыруымен Зағипа атынан арыз жазып, ұлықтарға жеткізген. Тағы да бір қыздың дауында қызға көмектесіп, жандаралдың сыртынан оның мөрін басып, азат етеді. Сол үшін Өскемен уезіне жер аударылады. Сұлу шоқы болысы Терістаңбалы елінің Көпен руындағы нағашы атасы Рай деген кісінің қолында тұрып, бала оқытып, молда болады. Бірнеше жылдан кейін Тобықты еліне қайтып келеді. Сол күннен бастап оны Абай өз ауылына алғызып, бала оқыттырады. Мүрсейіттің балаларға жазып берген «Жарапазан» өлеңін көрген Абай оған өз өлеңін жинап, жазып жүруді тапсырып, қалам ақысын төлеп тұратынын айтады. М. бұл тапсырманы ыждағатпен орындайды. Өлең жазылған дәптерді сұраушылар көбейген соң М. оларға да көшіріп беріп отырады. Абай өлеңдері

5 дәптерге жазып алынған, олардың екеуі – қазірде Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның сирек кездесетін қолжазбалар қорында, біреуі – М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайы қорында. Абайдың Семейдегі мемлекеттік әдеби-мемориалдық қорында сол дәптердің фото-көшірмесі бар. 1909 ж. Абайдың С.-Петербургте жарық көрген тұңғыш өлеңдер жинағын даярлау кезінде ол Тұрағұл мен Кәкітайға көп көмек көрсеткен. М. қолжазбалары Абай шығармаларының басты да негізгі нұсқасы болып саналады» (М. Бейсенбаев) [1, 422].

Мұхтар Әуезов С.Нұрышевтің Абай мұрасына қатысты ескертпелеріне орай жазғанында Мүрсейіт Бікеұлының Абайдың мұрасын жеткізудегі орнына қатысты Абай шығармаларының қолжазба көшірмелері 1896 жылдан бастап жазыла бастағанын, Мүрсейіт көшірмелері кейіндеу жасалғанын айтады.

Мүрсейітті көшірмеге Абай қайтыс болғаннан кейін кірісті дегендей қабылданатын деректер де бар. Мүрсейітке 1909 жылғы жинақтың қолжазбасын дайындау тапсырылғанына орай жасалған ұйғарым да болуы мүмкін. Қайым Мұхаметхановтың Мүрсейіт Бікеұлы туралы пікірінде Мүрсейітті терістеу жоқ. Барды барынша айтқан деуге болады.

«Мүрсейіт Абай шығармаларын ақынның түгел өз қолжазбасынан көшірген емес. Басқа адамдардың да жазбаларын пайдаланған және ақын өлеңдерінің ел аузында сақталғандарын қағаз бетіне түсірген. Абайдың 1909 жылғы жинағымен Мүрсейіт қолжазбаларын салыстырып қарағанда, сөз қайшылықтары кездесіп қалып отыратыны да сондықтан» [7, 316].

Қайым Мұхамедханов Абай өлеңдерін көшірушілерден Р. Жандыбаев, Оразке Уақбаев, Әкімал Мамырбаев, т.б. қолжазбаларын пайдаланғанын айтады.

«Сонымен қатар Абай өлеңдерінің көбін ерте кезден жаттап, естеріне сақтаған Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Шәкір Әбенев ақындардың, Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов, Шабдан Әлмағамбетов, Рахымжан Мамырзақовтардың мағлұматтарын ескердік. Абайдың шәкірттері, жақын достары – Көкбай, Кәкітайдың жазбаларына ерекше көңіл аудардық» [7, 317].

«Мүрсейіт (Нүрсейіт) Бікеұлы (1860-1917). Абайдың пікірлес замандасы. Абай шығармаларын көшіріп, ел арасына таратумен тарихта аты қалды. Абай өлеңдерін жинап, көшіріп, елге

таратуды кәсіп етеді. Абай оның ақысын төлеп отырған. М. көшірген Абай шығармаларының қазір 3 данасы белгілі. Соның біреуі Қазақстан ұлттық кітапханасы мен ҒА-ның қолжазбалар қорында және Мұхтар Әуезовтің ғылыми-мәдени орталығындағы жазушының жеке мұражайында сақтаулы. М-тің осы еңбегін Ә. өте жоғары бағалады, өзінің ақын туралы зерттеулерінде үнемі еске алып отырады.

...Сондайлық тәрбие, үлгі-өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Пәкизат, Уәсила, Әсия, Рахила сияқты оқымысты, тәлімді қыздар өсіп, ұзатылар уақыттарында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп Абайдың өлең жинағын әкететін болған» дейді «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904)» монографиясында. Осындағы жасау ретінде алып кетіп отырған жинақтар негізінен М-тің көшіруіндегі қолжазбалар еді. Сондықтан ұлы суреткер: «Жалпы Абай мұраларын көшіріп, таратушылар арасында Мүрсейіт Бікеұлының еңбегін айрықша атап өту керек», – деп бекер айтпаған» (Т. Әкім) [2, 453].

Қайым Мұхамедханұлы «Абайдың бір өлеңі» атты зерттеу мақаласында Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден» атты күні бүгінге шейін кімге арналғаны тұрғысында әр қилы дерек айтылып келе жатқан бір өлеңінің мәселесінен ой қозғайды.

Осы ойтүрткі мақала бізді де біраз ойландырған кезінде. Жазба дерегі тапшы беймәлім уақыттың қай сыры қайда қалмаған. Белгісіз дүние бір бұл емес деп «жылы жауып» қойғанбыз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастаны қайта ой қозғады [10].

Қазақтан қажылық сапарға барған адамдар туралы дастандар топтамасында берілген бұл туындыда Нүсіпхан атты Тобықты елінің адамы саудамен Омбы барып, қайтар жолда қатты науқастанып қалып, ел-жұртымен, сапарлас жігіттермен қоштасып жатып досы Ыбырайға сәлем жолдайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинағында берілген [10] «Нүсіпхан» дастанында баяндалатын оқиға, Тұрсын Жұртбайдың «Құнанбай» кітабында [11] айтылған «Түсіпхан» дастаны, оның шығу тарихы, Бейсенбай ақын туындысы екендігі туралы дерек, дәйектер Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында әр қилы түсінік беріліп жүрген, 1995 жылғы 2

томдық толық жинақтың бірінші томында [12] басылған «Немере інісі өлгенде айтқаны» тақырыбы жақша ішінде берілген «Көз жұмғанша дүниеден» деп басталатын жоқтау сарынды жырдың бір сыры осы бірде «Нүсіпхан», бірде «Түсіпхан» аталып жүрген дастанға қарай тартады. Қайсыбір айырмашылықтары болғанымен, екі дастанның да әңгімесі бір. Қызылжар жағына саудамен барған Тобықты елінің бір жас адамының жолда ауырып қайтыс болуы, төрт жамағаты бар екендігі, жасының жиырма беске келгендігі, баласыз екендігі, бейсенбіден жұмаға қарағанда дүниеден өтіп, өлерінде Ыбырайға (Абайға – Қ.М.) сәлем айтып кеткендігі, Құнанбайдай үлкеннің қажылық парыз өтеуге баруын қалайтыны, кіші әйелі Жамалды қоса ала баруды аманат еткендігі, әрі қарай өлімін естірту, қажылық, Меккедегі қонақ үй, Жамалдың Меккеде бақилық болуы баяндалады. Шығарманың негізгі желісі – мұсылмандық жолы, дін, иманның жайы.

Авторы кім болғанда да, бір адам сияқты. «Нүсіпханның» да, «Түсіпханның» да шығу тарихына, сақталу жайына қатысты қилы деректер бар. Не дегенде де осы дастандағы оқиға жаңғырығы Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден» өлеңінде байқалатындай.

Дастан кейіпкері – Тобықты елінің кісісі. Ыбырайдың – Абайдың ең жақын, дос адамы. Сауданы кәсіп етіп, мол дәулет жиған, Қарынбайлығы жоқ, жұрт аузына іліккен, көпке жаққан бір жан.

Қайым аға Мұхамедханов 1933 жылғы жинаққа кірген бұл өлеңге ол жолы түсінік берілмегенін, «Жылы белгісіз өлеңдер» ретінде басылғанын хабарлайды. 1939 жылғы жинақта «Әкімбай өлгенде» деген атаумен басылған. «Әкімбай өлгенде» өлеңі 1939 жылғы жинақта басылып (1 том, 235-236 б.), былайша түсінік берілген:

«Әкімбай өлгенде» деген өлең дәл Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ басқа бір жақынының өліміне арналған ба, осы күнге шейін анық емес. Әкімбай өз баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ысқақ асырап алып, соның қолында жүргенде жас шағында өлген екен. Сөз қисынына қарағанда, өзінің екі бауыр жақыны туралы өлең сияқтанғандықтан айтушылар Әкімбай деп ұйғарды», – деген (275 бет).

1945 жылғы жинақта да «Әкімбай өлгенде» деп басылған (261-262 бет), 487-бетте «Әкімбай (1865-1874) Ділдадан туған Абайдың баласы...» деген түсінік берілген» [7, 333].

Қ.Мұхамедханов бұл өлеңнің 1957, 1977 жылғы жинақтарда «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» болып басылғанын да айтып өтеді.

Және өлеңнің көпшілік сол тұста (1956 жыл) біле бермейтін бір тың дерегін келтіреді.

«Ал шынында бұл өлеңді алғаш рет Мұхтар Әуезов 1925 жылы, Семейде шығып тұрған «Таң» журналының екінші санында (73-74 бет) жариялаған. Өлеңнің басында: «Абайдың басылмаған өлеңдері» (Бір немере інісі өлгенде айтқан) деп анық түсінік берген» (335 б.)

Бұл өлеңге қатысты өлең Абайға туыс, дос, сауда кәсібімен айналысқан ауқатты, жомарт мырза Түсіпхан дейтін Тобықты елінің азаматының қайғылы қазасына арнап шығарылған жоқтау үлгісіндегі туынды деген ойымызды болжам ретінде 2020 жылғы толық академиялық жинақтың бірінші томының түсініктер бөлімінде шет жағалап айтқан едік [12, 534].

Бейбіт Сапаралының дерегіне қарағанда осы болжамымыз шындыққа жақындайтындай көрінеді [13].

Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден» өлеңінің кімге арналып айтылғандығы тұрғысында Б.Сапаралының аталған еңбегінде бірқанша толымды дерек бар.

«Оу, әке, өрістен жау әкетті саяғынды», – деп келетін тұсына қарағанда ел ішінде кең тараған «Түсіпхан», «Түсіпханның қоштасуы» деп аталатын жыр Абай ауылының Қайролла Әліпбаев, Қабден Есенғариннің айтуында Абайдың немере інісі болып келетін Түсіпхан Сәдуақасұлы туралы дейді автор. Және бұл жырдың толық нұсқасы белгілі архивші Бейсенбай Байғалиевтің қолында екендігін, ШҚО Тарбағатай ауданында ақын, термеші Тіләш Мәткәрімов орындап жүргенін баяндайды. Түсіпханның төртінші әйелі Жамал Ноғайқызының, Құнанбай Өскенбайұлының қажылық сапарында күйеуінің өсиет етуімен сол кісіге ілесіп уәкіл қажылыққа барғаны, сол жерде қайтыс болғаны туралы да М.Ж. Көпейұлының «Нүсіпхан», Абай еліндегі «Түсіпхан»

дастандарындағы оқиға желісін өмірлік негізде қанықтыра түскен деректермен бөліседі.

Бұл – Абайдың бір туындысының жазылу тарихына қатысты әлі де айқындауды күтетін бір дерек.

Абайдың әр туындысының жазылу, сақталу, таралу, басылым көру деректерін, сондағы текстологиялық ауытқуларды түгендеп, салыстырып отыру – қазіргі Абай текстологиясының жалпы әлемдік текстология теориясы мен тәжірибесіне ұштасып жатқан бір міндеті.

Абайдың әдеби мұрасында текстологиялық түйткіл көп дегендік – Абай шығармаларының авторлық құқықтағы абайлық маңызына күдік, күмән келтіретін факт есебінде қабылданбауы керек. Тұтас сүйегі мығым туындыдағы бірер сөз, бірлі-жарым тыныс белгісінің қойылуындағы әрқалыптылық шығарманың төлтумалығына сенімсіздік тудыратын факторлар болып табылмайды.

Әлем әдебиеті тарихында әдеби мұраны жадқа сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру тәжірибесі арғы замандардан қалыптасқан ықпалды шығармашылық дәстүр. «Институт жади» деп те зерттеулерде аталып отырады [14].

Ауызша туып, ауызша сақталған «Манас», мыңдаған эпикалық озық туындылар... Абай дәуірінде жазба дәстүрде туған шығармалар жалпы халық арасында кітап болып емес, ауызша, әнге қосып айту, көшірме қолжазбалар қалпында таралды.

Бірер сөз Абай өлеңінің өзгермейтін өзіндік поэтикасын, авторлық стилистикасын орнынан «қозғай» алмайды. Бұл – сөз арасындағы бір ескерту. Ұшқары пікір ауарайын құбылтпағанымен, көңілде кірбің қалады. Сол үшін де Абай текстологиясы бойынша табанды салыстырулар, ғылыми негіздеме қажет.

Абайтану тарихындағы дерекнамалық негіздердің Абайдың әдеби мұрасын зерттеушілерге қатысы тұрғысында да өзіндік шешімін табуы тиіс мәселелері бар.

Абай туралы бүркеншік есіммен жазылған немесе ұжымдық еңбектегі монографиялық тараулардың авторлығы тұрғысында да жеке дерекнамалық зерттеулер қажеттігі бар.

XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдарда бір автордың бірнеше туындысы жариялануы себепті, басқа да саяси себептері

болуы мүмкін бүркеншік есіммен берілген материалдар жиі кездеседі.

Абайтану тарихында арнайы зер салуды қажет етіп отырған бір сала – Абайдың әдеби мұрасының шет тілдерге аударылу тәжірибесінің дерекнамалық негізі. Бұл бағытта арнайы библиографиялық көрсеткіш түзу қажеттілігі де бар.

Абай сөзін орыс тіліне аудару тарихы бойынша деректерді жүйелеп, реттеу осы бағыттағы жалпылама, кей тұста жалаңдау, бір зерттеуден бір зерттеуге «көшіп» жүрген дайын трафарет пайымдаулардың түпнегіз тереңдегі мәніне қарайлауға мүмкіндік туғызар еді.

Абайтану тарихында ескерілуі тиіс бір сала құнды жәдігер – Мұхтар Әуезовтің «Абайтану» арнаулы курсынан оқыған дәрістерінің конспектілері. Осындай конспектілердің негізінде жазылған Бексұлтан Нұржекеұлының «Әуезовтің үш лекциясы» эссесі лектордың «Абайтану» курсының бағдарламасында көзделген дәріс мазмұнының шартараптан, шалғайдан қамтып, еркін шығармашылық кеңістікке «шығып кететін» сәттерін қазқалпында, қаймағын алмай жеткізілуімен өтімді [15].

1960 жылғы 3 желтоқсанда жазылған дәріс конспектісінде студенттердің бірі Мұхтар Әуезовке Шәкәрім туралы сұрақ қойған екен. Бұл ұзақ жылдардан кейінгі, 1958 жылы Шәкәрім алғаш ақталғаннан кейінгі уақыт.

«–Студент жолдастар, – деп бастағаны есімде. Сұрақ Шәкәрім жайында болатын. – Шәкәрім Мағаштардан ірі ақын болған. Орысша көп оқымаған кісі. Орыс поэзиясынан алатын нәрі онша болмаған. Мағауия орысша оқыған. «Медғат-Қасым» – романтикалы аса күшті роман. Ол – сол білімнің жемісі. Шәкәрім «Еңлік-Кебекті» қайта өлең етеді. Онда Мағауиядағыдай Кеңгірбайды қабан демейді. Өзінше билердің бұрынғы жолына тартып Кеңгірбайды ақтайды, заман айыпты, Кеңгірбай айыпты емес дейді. «Қазақ айнасы» дейтін Шәкәрімнің өлеңдері бар. Біраз скучныйлау. Абайдың өткір тілі жоқ. «Қалқаман-Мамыр» деген поэмасы бар. Ол заманды кінәлайды, айыптайды, бірақ Мағауиядай қатты кінәламайды...

– Кейін келіп аударма да жасаған. «Дубровскийді» өлеңмен аударған. «Ләйлі-Мәжнүнді» жырлап, «Шолпан» журналында бастырған отызыншы жылдары. Ол өзі Физули негізінде

жырладым деуші еді, кейін тексеріп көрсем, ол олай емес екен. Нағыз сопылық үлгісіндегі жыр – Асанкарим варианты (нұсқасы). Шәкәрім жазған – осы вариант. Шәкәрім жай «Физули жырлаған» дегенді естіген ғана болуы керек.

Осы Асанкаримнің (бәлкім, Асан Карим де болар) кім екенін анықтауға ынтам да, мүмкіндігім де болған емес. Зерттеушілер ендігі анықтаған да шығар, кім біледі.

«Үш анық» деген кітабы бар. Нағыз діни кітап. Қолжазба түрінде ғана қалған. Пьеса жазбақ болған. Тек қолжазбада ғана. Қалай жазуды білмейтін. Бірнеше шығарған әні бар. «Сегіз аяқ» үлгісіндегі шығарған өлеңі бар. Кейбіреу оны Абайдікі деп қайта-қайта ұсынады. «Сегіз аяқты» әуелі мен жазып едім. Абай: «Сегіз аяқ» олай емес, былай жазылады, – деп, «Сегіз аяқты» сонан соң жазып еді, – дегенін естуші едім».

Осы шағын үш дәрісте абайтану, абайтану мәселелерінде Абайдың ақындық мектебі; Абай поэзиясындағы өлеңдік өлшем; Абайдың ақындық кітапханасы; Абайдың ән өлең дәстүрі; Абай қара сөздерінің жанрлық тегі, жазылу тарихына қатысты көл-көсір құнды дерек, толымды танымдық тоқтам қамтылған.

«Бұл мәнде Мұхтар Әуезовтің «Абайтану» курсына арнап жазылған «Абайтану дәрістері» бағдарламасында қамтылған дерек, дәйектер ұдайы жаңғыртылып, толықтырылып, бүгешігесіне шейін, түбінен қопара тартып баяндалып отырғанын көреміз. Шығыс пен Батыстың ілім-білімін жетік меңгерген ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов Абайға соғатын әр сөз, әр тыныс, әр дыбыстың арқау, астарына жайған бай мазмұнды танып, игеруде «елеусіздеу» көрінетін елеулі деректердің ғылыми айналымға тартылуы өзекті.

«Абай қазақ музыкасы жайында» деген тақырыпта Мұхтар Әуезов мән берген мәселелердің Абайдың музыкалық мұрасы бағытындағы жаңашылдық мәні қазіргі музыкатануда қаншалықты ескеріліп жүргендігі ойландырады.

«Қатты шырқауға баспай, сезімталдықпен айтуға бейім әндерді Абай шығара бастағанын айта келіп:

– Сол жайды сезе бастаған адамның бірі – Жаяу Мұса, – деді. – Өзгеден ол Абайға жақын, камерный сезімді, айқайсыз келеді әндері.

«Содан қазіргі әндерге ойысты. Шәмші Қалдаяқовтың әндерін ел сүйіп айтады. – Осы арада біраз сөзін жаза алмай қалсам керек. – Абай көшесінде тұрсам, «Өзің, сәулем! Өзің, сәулем» деп боздап айтып келе жатыр СХИ-дің студенттері. Маусымның аяқ кезінде Фрунзеден (қазіргі Бішкек – Б.Н.) келе жатсам, бір топ қол ұстасып алған балалар Ұзынағаштың ар жағында, «Самсыда «Өзің, сәулем! Өзің, сәулем!» – деп өкіріп айтып жүр. Білімі болмаса да, халықтың сезім пернесін дәл басқан әндер. Мұның бәрі – Абай бастаған камерная музыка».

1960 жылдың 12 желтоқсаны. Бұл күні және бір конспект жазылады.

Абайды танудағы алыс уақыттарда қалған дерек, дәйектері бас көтереді.

«– Абайдың қара сөздерінің бәрін ғақлия деу дұрыс емес. Қара сөз деп атаған – Абайдың өзі. Бұл сөз еш жанрмен үйлеспейді. Абайдың 90 процент сөзі өлеңімен тамырлас. Сатира қара сөзі де бар. 1. Ұғымдырақ айту үшін жазған, соған тырысқан; 2. Қара сөзде молдалардың өз тілдерімен өздеріне қарсы шығады. Бұл жағынан православиеге қарсы шыққан Толстойға ұқсайды. «В чем моя вера?» деген кітабын Абай оқыған. Мен осы ескі кітапты қыстаудан тауып алып оқығам. Толстойдың көрме үйінде қолжазбасын көрдім. Бір хат Семейден жазылыпты. Ол Елікбаевтікі екен. Ол дауласыпты, «Сіз неге Мұхаммедті ұнатпайсыз?» – деп жазыпты».

Толстой еңбегінің осы дәрістегі атауын абайтану тарихында кездестіреміз бе? Семейден хат жазған Елікбаев кім? Шәкәрім Толстоймен хат алысқан дегенді естігенбіз.

Мұхтар Әуезов дәрісінде «Жазғытұры» өлеңіндегі поэтикалық тәсілдерге берілген түсінік те тосын танымдық аспектілерде маңызданыпты.

Осылайша, 1960 жылы 1-курста оқитын Бексұлтан Нұржекеұлы ғұмыры есінен шықпаған бір сәттерді сағынышпен баяндап отырып, оқушысын абайтану тарихындағы өзіндік мәні бар беймәлім деректерге кенелтеді.

«Көп ұзамай 2-курсқа Мұхтар Әуезов лекция оқып жүргенін білдік. Біздің кезегіміз келесі жылы келмек, оны күтуге кейбіріміздің шыдамымыз жетпеді. Біразымыз тәуекел деп өз

сабағымыздан қашып, Өуезов лекция оқитын аудиторияға алдын ала кіріп, арт жағын ала жайғасып алдық.

Алғаш барған күнді дәптеріме белгілеместен жазып отырған екем. Шамамен не қарашаның аяғы, не желтоқсанның басы болуы керек».

2-курста Бексұлтан Нұржекеұлы Мұхтар Өуезов дәрісіне қатысқан жоқ.

«Келесі жылы Мұхаң бізге лекция оқымады. Бірінші курсты бітіріп жатқанымызда Мәскеуде қайтыс болды.

Ұрланып қатысқан сол үш лекция маған айрықша ыстық. Бәлкім басқаларды да бей-жай қалдырмас. Кім біледі бір керегіне де жарап қалар. 12.07.2001».

Бұл эссе жарық көргелі де он бір жылдай уақыт өткен екен. Осы үш дәрістің мазмұнын түзген үзік-үзік деректердің абайтанудың жоталы салаларымен сабақтасып жатқан елеулі маңыздарына мән берілді ме?

Бұл естелік сынды студент дәптеріндегі жазбалар (Р. Рүстембекова, А.Қанафин, т.б.) конспекттері бір-екеу еместігі де даусыз, алайда жылдам уақыт, ағынды жылдар ол жазбаларды да, оны жазған Абайға, Өуезовке ынтық авторларды да арадан алыстатып барады.

Абайтану тарихында жеке салалар бойынша дерек жинау, қорыту, толықтыру тәжірибесінде жүйелі сабақтастықта жұмыс жүргізіп отырудың толыққанды жүргізілмегендігі туралы мәселе қозғалуы керек.

Абайдың орыс тіліне, әлем тілдеріне аударылу үрдісі тарихи теориялық-тәжірибелік аспектіде зерделеніп, арнайы танымдық мазмұн түзуінің қажеттілігі де бар.

80 жылға жуық оқытылып келе жатқан «Абайтану» арнаулы курсында Абайдың әдеби мұрасын шет тілдерге аудару оқу бағдарламасында қамтылған емес. Абайтанудың бір мәселесі мәнінде Абайдың орыс, Батыс әдебиетінен аударма шығармалары қамтылады, ал Абайды аударудың тарихы, өзекті поэтикалық талап-шарттары, тәжірибесі оқытылмайды.

1914 жылы Нұқ Рамазанов мазмұнын қара сөзбен орыс тіліне аударған Абайдың «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Адамның кейбір кездері», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма»

өлеңдері «Әл шарихат» («Восточный сборник») жинағында жарияланған.

Семейлік ағайынды Белослюдовтардың Абай шығармаларын орыс тіліне аудару, орыс жұртшылығына Абайды таныстыру, жеткізу бастамашылдық ынтасы анықтамалық ақпараттар ауқымында айтылып келеді.

Абай мұрасының қытай, қарақалпақ, басқа да туысқан түркі халықтары тілдеріне аударылу тәжірибесі туралы шетелдерде жазылған толымды тарихи-теориялық саралаулар жасаған еңбектер [16], [17] абайтану айналымына түсіп отырғандығы туралы да ауыз толтырып айтарлық танымдық зерттеулер отандық абайтануда әзірге жазылған емес.

Абай шығармаларының шет тілдерге аударылу, басылым тарихы, Абай мұрасын насихаттау шараларына қатысты жекелеген деректердің қайшылықтары кездесіп отырады. Бұл мәнде басын ашып, айғақтайтын, айғақтау мүмкін болмаған жағдайда ескертпемен көрсетіліп отыруы тиіс бұрмаланған мәліметтер бар.

«Косталецкий Николай Федорович (19 ғ.б. – ө.ж.б.) – орыс демократы, педагог. Қазіргі Павлодар облысы ауылдарында қазақ балаларымен аралас өсіп, жергілікті тілді жете меңгерген. Қазан университетінің Күншығыс факультетін бітірген соң Омбыдағы кадет корпусында Күншығыс тілдерінің оқытушысы болған. Осында Ш.Уәлихановқа, Халиулла Өскенбаевқа дәріс берген. Ол Халиулладан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» қиссаларын, «Есім-ханның ескі жолы», «Қазақ билерінің ерте кездегі шешімдері» туралы материалдармен қатар, Абай өлеңдерін жаздырып алған. Ол Абай өлеңдерінің көшірмесін кітап етіп бастыру мақсатымен 19 ғасырдың 60-жылдары Петербург университетінің профессоры И.Н. Березинге табыс еткен. Бұл қолжазба атақты ғалымдар П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің, П.М. Мелиоранскийдің қолдарынан өтіп, жақсы баға алған. Бірақ қолжазба белгісіз себептермен жарық көрмей қалған. К. тапсырған бұл қолжазба қазір С.-Петербургтегі Орыс геогр. қоғамының архивінде сақтаулы. Абайдың інісі Халиуллаға жазған хаты, Құнанбай мен Ғабитхан молданың С.-Петербургтегі Күншығыс халықтарын зерттейтін институттың кітапханасындағы хаттары да осы К. арқылы келіп түскен (*Т. Барақұлы*)» [1, 279].

Бұл деректі осы ыңғайлас басқа деректермен салыстырып қарау қажет. Басқа мәліметтер жөн де болар, ал Абай өлеңдерін кітап етіп бастыру мақсатымен XIX ғасырдың 60-жылдары Березинге табыс етті деген ақпарат Абайдың сол 60-жылдарда, тіпті 60-жылдардың соңына қарай болғанда да өлең жазуға түбегейлі кіріспегендігін ескергенде, сенімсіздеу.

Косталецкий абайтану тарихында аталып жүр ме?

И.Н. Березинге Абай өлеңдерінің көшірмесін тапсырған кім болғандығы тұрғысында келесі бір деректе осы анықтама авторы князь В.А. Кудашевті атайды [1, 157].

Нақтылап, басын ашатын тұстары бар.

Абай өлеңдерін С.-Петербургке алып барған Косталецкий ме? Кудашев пе? Шорманов па? Үшеуінің де қатысы бар екендігі басы ашылып, нақтылы жағдай, іс барысында айғақталғаны жөн болар еді.

«Садуақас Мұсаұлы Шорманов (1849-1927) – Абай шығармаларын баспадан бастырып шығарушылардың бірі. С.-Петербургке қазақ әдебиетінің көптеген нұсқасын алып барған. Олардың ішінде Абай өлеңдері мен Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жырлары да болған. С. бұл шығармаларды орыс оқымыстыларына табыс етіп, баспадан бастырып шығару ісін ұйымдастырған. Бұл қолжазбалар қазір С.-Петербургтегі Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана қорында сақтаулы. «Кудашев өлеңдер жинағын Абай аулынан, оның балаларынан жазып алған болу керек деп жорамалдаған едік. Кейін С. жинағы табылғаннан кейін оның С. жинағынан басынан аяғына дейін көшіріліп алынғаны мәлім болды, – деп жазады академик Әлкей Марғұлан өз еңбегінде. С. нұсқасының көшірмесі Абайдың Семейдегі мемлекеттік қорық музейінде сақтаулы. (М. Бейсенбаев)» [1, 501].

Бұл мәселеде арнайы салыстыру, саралау, зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі бар.

Халиулла Өскенбаевқа қатысты анықтамада Н.Ф. Косталецкий аталған [1, 590].

Түп ізіне түсетін дерекнамалық фактілер абайтану тарихында аз емес сияқты.

«Қазақ» газеті Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты мақсатты түрде материалдар беріп отырғаны белгілі.

Осында жарияланған бір әдебиет кеші туралы кім жазған дейтін мәселеде бір жаңсақтық бар деп ойлаймыз. Салыстыра қарағанда қай ақпараттың Абай кешіне қатыстылығы мәселесі бой көтерді.

«Соңғы екі жылда бұл айдармен оншақты материал жарық көргені оқырманға аян. Бұл жолы беріліп отырған екі материалдың бірі – 1915 жылы 13 ақпанда ұлы ақынның туғанына 70 жыл толуына арналған кеш жайында. Мұны, абайтанудың білгірі Мекемтас Мырзахметовтің айтуынша, Нәзипа Құлжанова жазған. «Қазақ» газетінде сол жылғы 28 наурызда жарияланған» [9, 35].

Бұл кеш туралы хабардың «Қазақ» газетіндегі басылымында авторы «М» болып жазылған. Әрі бұл кештің Абайдың туғанына 70 жыл толуына арналған кеш болғандығы хабарламада көрсетілмеген. Райымжан Мәрсеков осы кеште жасаған баяндамада Абайға тоқталып өтеді, баяндама негізінде тұтас қазақ әдебиетінің жай-күйінен.

«Қазақ» газетінде басылған кеш туралы ақпарат-мақаланың кіріспесінде кештің мән-жайы қысқаша айтылған.

«13 февральда Семейдегі саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын. Кеш басталарда сағат 8 жарымда Райымжан мырза Марсеков шығып, қазақ әдебиеті туралы біраз сөз сөйледі» [18,159].

Жаралыларға жәрдем үшін өткізілген кеш. Бірінші дүниежүзілік соғыстың жаралыларына.

Хабарды «М» деп жас шәкірт Мұхтар Әуезовтің де жазуы мүмкін көрінді. Әлде, Мәрсеков пе? Мақаланың «Қазақ» газетінің қазіргі қаріпке көшіріліп басылған жинағындағы нұсқасы мен «Абай» журналында жарияланған мәтінінде бірнеше текстологиялық ауытқу бары көрінді. Араб қарпінен қазіргі жазуға көшірудегі «дәстүрлі» түйткілдер сияқты. Газет нұсқасының көшірмесіндегі «Есеп пайдасы» деген тіркес «Абай» журналында «Саф пайдасы» деп берілген. Таза пайда дегені. Осы дұрыс көрінеді.

Ғылыми басылымдардың түпнұсқаны сақтау, соған қарайлау мәдениетінде ойласатын, ықтияттаитын мәселелер баршылық.

Абай энциклопедиясындағы мәліметте Нәзипа Құлжанованың 1915 жылғы Семейдегі әдебиет кешін «Қазақ» газетіне жазғандығы туралы мағлұмат жоқ. Ал «Қазақтың» 1916 жылғы №164-нөмірінде шығарды дейтін «Әдебиетімізге көз салсақ» дейтін мақаласының дерегін де нақтылау қажет сияқты. «Қазақ» газетінің қазіргі қаріппен шыққан жинағынан ол мақаланы таппадық. «Ол Абайдың «Желсіз түнде жарық ай...», «Жазғытұры» деген өлеңдерін алғаш орыс тіліне аударды («Сибирьский студент», 1915, Кн.3-4. с.82-83)», – деген дерекке орай ағайынды Белослюдовтар Абай өлеңдерін орыс тіліне аударатын адам іздегенде бұл істі Нәзипа Құлжановаға тапсырулары да мүмкін деген ой түседі.

Әр деректің абайтану тарихында белгілі бір деңгейдегі ғылыми айқындамасы жасалып отыруы жағынан да кенжелеп келеміз. Кезінде саяси тұсаулардан сескендік. Ендігінің де толып жатқан өз «себебі» бар.

Абай дәуірі, Абай ортасы, Абай өмірі, Абай шығармашылығы ұзын тарихтың өлшемімен келгенде «қол созым» жерде тұр. Түгендеймін, табамын, келер ұрпаққа табыстаймын деген ынта болса, сол жолда қамсыз, «мұңсыз» еңбек жасап, тер төгуге мүмкіндік болса...

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Абай. Энциклопедия (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З. Ахметов, Л.М. Өуезова, Б.Т. Ерзакович т.б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
2. Мұхтар Өуезов энциклопедиясы (Бас ред. С. Қасқабасов; ред. алқасы: Б.Қ. Майтанов, Н.Е. Ақбай, Р. Әбдіғұлов т.б.). – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
3. Мырзахметов М. Абайтану (Библиографиялық көрсеткіш). – Алматы: Ғылым, 1988. – 240 б.
4. Әбдіғаппарова А. Абай Құнанбаевтың естілік мәселесі төңірегінде жазған қара сөздері (орыс, ағылшын тілдеріне аудару жолдары) // «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 27 қараша, 2020 жыл (Құраст. және электр. баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Г. Қасымқын, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 130 б.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
6. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы, РГЖИ «Дәуір», 1995. – 320 б.
7. Мұхаметханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Алаш, 2005. – 344 б.
8. Мұхамедханов Қ. Хаттар сөйлейді / Письма говорят. – Алматы. 2016 – 336 б.
9. «Абай» журналы. – 1992, №3.
10. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш. – Том 3: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар. 2004. – 326 б.
11. Жұртбай Т. Құнанбай (Тарихи және әдеби тұлға). – Алматы: Алаш, 2004. – 400 б.
12. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матъжанов К.І., Мәдібаева Қ.Қ. (түсініктерін жазған), Шапай Т.М., Қыдыр Т.Е., Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А.Н. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 640 б.
13. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. – Алматы: Ер-Дәулет, 1995. – 288 б.
14. Гринцер П.А. Древнеиндийский эпос. Генезис и типология. – Москва: ГРВЛ «Наука», 1974. – 422 с.
15. Нұржекеұлы Б. Өуезовтің үш лекциясы. Эссе // Қазақ әдебиеті, 42 (2724), 19 қазан, 2001.
16. Ван Юн. Абай Құнанбаев в Китае // Созвучие творчества Абая и Пушкина. Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Семипалатинский государственный университет имени Шакарима. – Семипалатинск, 2006. – 515 с.
17. Жұмажанов Қ. Абай және қарақалпақ әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1995. – 137 б.
18. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

Бесінші тарау

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ, БІЛУ МЕН ТҮСІНУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ

1

Абай шығармашылығын, «Абайтану» пәнін оқытудың дидактикалық негіздері – бүгінгі білім беру ісі саласындағы ғылыми және өмірлік маңызы зор, өзекті мәселелердің бірі. Оны зерттеу ғылым үшін қандай маңызды болса, өмірлік тәжірибеде де сондай пайдалы. Бұл пәнді оқытудың әдістерін зерттеу бағытында қазіргі кезеңде едәуір тоқырау бар деп білуге тура келеді. Өйткені аталған пәннің мазмұны, оны оқытудағы мақсаттар жүйесі білім берудің тиісті стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларында, оқулықтарда лайықты дидактикалық шешімін таба алған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Өнердің ең алды – сөз өнері. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан», – дейді. Енді бірде: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. Ақылға. 2. Қиялға. 3. Көңілге». Осыдан кейін ойын былай жалғастырады: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу – суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау» [1, 242]. Осындағы үш үзік ойдың әрқайсысы білу, білім беру, оқу мен оқыту ісі үшін маңызды және олар өзара тығыз байланысты. Білім беру, оқу мен оқыту ісі үшін білу, білгенді түсіну, біліп түсінгенді есте сақтау, күнделікті қолдану басты шарт екені белгілі. Ахмет Байтұрсынұлының қағидалары білім беру, оқу мен оқыту ісіндегі осы шарттардың бәрінде маңызды қызмет атқарады. Оқыту әдісін анықтауда пән оқытушысы үшін Ахмет Байтұрсынұлының қағидаларын ескерудің және тиімді қолдана білудің маңызы үлкен.

Білу, білгенді түсіну, түсінгенді есте сақтау, есте сақтаған білімді қолдану – Абайдың ілімінде әр қырынан ашылған танымдық ойлау деңгейлері. Ақынның шығармаларының екі

томдық жинағында бұл мәселелер жайында негізделген ойлардың тұтасқан сілемі бар.

А.Байтұрсынұлы Абайдың шығармашылығы туралы мынадай пікір білдірген: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. (...) Ол... – Абайдың айта алмағандығынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» [2, 136].

А.Байтұрсынұлы көрсеткен ахуал жағдайындағы оқушының Абайды түсінуі үшін мұғалім қандай әрекет жасауы керек екені бағытындағы ізденіс – оқытудың, түсіндірудің әдісін іздеу. Бұл орайда мұғалімнің жаңа сабағында түсіндірілетін ұғымдар жүйесін ұғуға септігі тиетін тетіктерді өткен сабақтарда игерілген ұғымдармен сабақтастырып табуы тиімді болмақ.

Оқыту, оқыту әдісі Ахмет Байтұрсынұлы көрсеткен үш негізге – ақылға, қиялға, көңілге сай жүргізіледі. Оқыту әдісі – оқу мен оқыту, білу мен түсіну, білім беру ісінің құрамдас ірі мәселелерінің бірі. Пән мазмұны маңызды болмайынша, ақылға негізделмейінше ол пән бойынша білім мазмұны да маңызды, ақылдың дегеніне сай болмайды. Ал пән көлемінде берілетін білімнің мазмұны маңызды бола тұра оны білім алушыға жеткізудің әдісі жетілмеген болса, онда сапалы білім беру, оқушының білім сапасының талапқа сай болуы мүмкін емес. Сондықтан пәнді оқыту әдістемесінің сапалылығы, оқу мен оқыту ісінің ақылға, қиялға, көңілге бірдей негізделуі оқу мен оқыту, білу мен түсіну, жалпы білім беру жүйесінде үлкен қызмет атқарады. Оқыту әдістемесінің жоғары деңгейде болуы, ақылға, қиялға, көңілге негізделуі білім беру, оқу мен оқыту, білу мен түсіну сатыларының барлық кезеңдері үшін міндетті.

Абайтану, Абай ілімі пәндерін жоғары мектепте оқыту ісін Ахмет Байтұрсынұлының қағидаларына сай әдістемелік тұрғыда жеткілікті негіздеу аса өзекті. Пәнді оқыту әдістемесінің кейбір қағидалары жоғары мектепке арналған оқу құралдарында өз дәрежесінде көрініс тапқанын атап өткен дұрыс.

Абайтану пәнін орта мектептегі оқыту әдістемесінің жоғары сапалы болуы – білім беру ісінің нәтижелілігінің басты шарты.

Орта мектептің оқу пәндері қатарында абайтану пәнін жете білу басқа пәндер бойынша сапалы білім алудың қажетті негізі болып табылады. Оқушының өз ойын әдеби тіл заңдылықтарының талаптарына сай лайықты жеткізуі, баяндауы, айтуы, жазуы, негіздеуі – орта білім алудың басты нәтижесі. Абайтану пәнін оқыту қазақ әдебиеті, қазақ тілі, орыс әдебиеті, орыс тілі ғана емес, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытудағы мақсаттармен өзектес, сабақтас. Сондықтан орта мектепте абайтану пәні бойынша білім мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне аса зор көңіл бөлінуге тиісті.

Қазақ тілін оқытудың бірнеше бағыттары бар: а) ана тілі ретінде оқыту; ә) екінші тіл ретінде оқыту; б) шет тілі ретінде оқыту. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны, әдістемесі, құралдары бар. Оларда бірқатар ойлар, пікірлер жинақталған. Бұл ойлар мен пікірлердің өзектілігі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақ әдебиеті, абайтану пәндері бойынша да ізденістер жоқ емес. Алайда орта мектептегі қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жұмысының сапасы бүгінгі талаптар деңгейіне көтерілді деп айтуға ерте [3, 112-124].

Қазақ тілі пәні – қазақ мектептерінде білім беру ісіндегі басты пән. Қазақ тілінің басқа пәндерден айырықша айырмашылығы бар. Ол айырмашылық қазақ тілінің білім жүйесіндегі белгілі бір пән ғана емес, сонымен қатар барлық басқа пәндерді оқып-үйренудің бірден-бір құралы екендігінде. Осы себепті қазақ тілін оқытудың сапасы оқушылардың тек осы пән ғана емес, басқа барлық оқу пәндері бойынша алатын білімдерінің деңгейіне ықпал етеді. Ал қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін білім алушының ақылына, қиялына, көңіліне негіздеп оқу мен оқытудан алатын рухани байлықты, кісілік негіздерін орта мектеп оқушысы басқа бірде-бір пәннен ала алмайды.

Жоғары мектепте қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану пәндерінің мұғалімін даярлау ісі өте күрделі құрылымдық тұтастығымен ерекшеленеді. Негізінде, жоғары білімді маман даярлау ісі қай мамандық бойынша да оңай емесі рас. Әйтсе де қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерінің болашақ мұғалімдерін даярлау басқа сала мамандарын даярлаудан күр-

делі ғана емес, сонымен қатар өзіндік қиындығы бар, жауапкершілігі үлкен іс болып есептеледі. Өйткені осы аталған пәндердің болашақ мұғалімдерін даярлау оларды оқыту ісін Ахмет Байтұрсынұлы қағидаларына сай ақылға, қиялға, көңілге негіздеуге, осы негізде мектеп оқушыларымен кәсіби деңгейде жұмыс істей білуге баулиды. Ал қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің, абайтанудың мұғалімін даярлау ісі болашақ мұғалімдердің мектеп оқушыларын өмірдің түрлі салаларында қазақ тілі мен әдебиетінің, абайтанудың мазмұны мен мәнін дұрыс, тиімді пайдалана білуге қабілетті болып шығуын көздейді. Мұндай мақсаттың мейлінше маңызды, өмірлік мәні зор болатын себебі – дүние есігін ашып келген қазақ баласы қазақ мектебінде өзінің өмірі үшін қажетті адамшылық қасиеттердің бәрін қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану арқылы табады, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану арқылы қалыптастырады. Адамзат қоғамы тарихында адамның өмір тәжірибесі мен ақыл-ойы негізінде жинақталған ақпараттық құндылықтар, білім қоры тіл арқылы сақталады, тіл арқылы игеріледі, тіл арқылы болашақ ұрпаққа беріледі. Білім беру мекемелеріндегі оқу пәндерін меңгерудің құралы да тіл. Осының бәрі тілдің адамзат өміріндегі маңызы мен мәнінің қаншалықты жоғары екеніне көз жеткізеді. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, абайтану пәндерінің мұғалімін даярлау ісінің осындай өзіне ғана тән ерекшеліктері және үлкен жауапкершілігі болады. Сондықтан қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқыту ісіне, бұл пәндердің мұғалімдерін даярлау ісіне абай болу, оған үлкен жауапкершілікпен қарау – білім беру жүйесіндегі әрбір маманның, әрбір басшының басты міндеті.

Бүгінде жоғары білім беру жүйесінде зерттеу университеті туралы айтылуда. Зерттеу университеті Ресейде бізден бұрын қолға алынып, арнайы құқықтық-нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілді, зерттеу университеті болуға талапты университеттер арасында конкурс жарияланды, қажетті қаржы көздері анықталды. Бүгінде Ресейде зерттеу университеті ретінде қызмет атқарып жатқан университеттер аз емес. Олардың ішінде ілгеріден келе жатқан іргелі университеттер педагогикалық ғылымды дамытуға ерекше назар аудара бастады. Оның да өзіндік негізі бар екені дау тудырмайды. Олар өздерінің отандық білім беру жүйесін дамытуда.

Қазақстанда зерттеу университеті жайында ауық-ауық айтылады. Сондағы ойлардың негізі мынадай: бүгінгі классикалық университеттер зерттеу университеті болу үшін педагогикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлауды тоқтатуы керек. Білім және ғылым министрлігінің ұстанымы осындай болғанға ұқсайды. Ұстанымның жөні барын жоққа шығарудың жөні жоқ. Ғылыми-зерттеу университетінің жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесінде өзіне тән ерекшеліктері болуы заңды. Бірақ зерттеу университетінің оқу мен оқыту теориясы саласында зерттеу жүргізуіне шектеу қойылмақ емес. Өйткені оқу мен оқыту зерттеу университетінің басты міндеттерінің бірі болып қала береді. Оның үстіне оқу мен оқыту теориясы – Қазақстанның ғылыми-зерттеу жүйесіндегі артта қалған сала. Мұндай саланы дамытуда зерттеу университеттері мен ғылыми-зерттеу институттары өз әлеуеттеріне сәйкес ұдайы ғылыми ізденіс үстінде болуы шарт.

Ғылыми-зерттеу университетінде жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру деңгейлерінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерінің мамандарын даярлаудың мынадай құрамдас бірнеше саласы бар: а) қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндері бойынша жеткілікті теориялық білім; ә) қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқыту әдістемесінің теориясы; б) қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқыту әдістемесін іс жүзінде пайдалана білу дағдысы; в) қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқыту құзыреттілігі. Бұлар өзара тығыз байланысты. Бұлардың бірі жоқ жерде басқалары да болмайды.

Студент, болашақ жоғары мектеп оқытушысы өз пәнінің теориясын білмейтін болса, онда ол қалған салалар бойынша да білімсіз болып қалмақ. Ал егер де ол өз пәнінің теориясын білгенмен, оны оқыту әдістемесінің теориясын білмейтін болса, онда бұл оның әдістемелік ойлауының қалыптаспағандығын көрсетеді. Ал әдістемелік ойлауы қалыптаспаған оқытушы әдістемелік ұғымдардан бейхабар қалады. Әдістемелік ұғымдардан бейхабар оқытушы білім алушыларға сапалы білім бере алмайды. Айналып келгенде, әдістемелік ойлауы, оқыту әдістемесінен тиісті білімі қалыптаспаған болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі де қалыптаспайды. Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндері оқытушыларын даярлау дегеніміз болашақ

маманға қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану бойынша білім беру ғана емес. Студент ғылыми-зерттеу университетінде мол білім жинағанмен, сол білімін іс жүзінде пайдалана алмайтын болса, онда оны білімді деп есептеуге болмайды. Пайдаға аспаған білімнен қайыр жоқ. Маман өзінің бойындағы білімді іс жүзінде пайдалануы, пайдаға жаратуы үшін, оған арнайы құрал керек болады. Пәнді оқыту әдістемесі маманның өз бойындағы білімді іс жүзінде пайдалануын, пайдаға жаратуын қамтамасыз ететін осы құрал қызметін атқарады. Пәнді оқыту әдістемесі бойынша теориялық білім беру болашақ оқытушының өз пәнін оқыту үдерісі туралы іргелі ғылыми-әдістемелік білім қорының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, пән оқытушы білім алушыларға тиісті білім беріп қана қоймайды, сонымен бірге пән мазмұны арқылы тәрбие берудің негізін үйретеді. Бұл өте маңызды. Бұл жерде білім беру мен тәрбие берудің өзара сабақтастығын анық түсінудің пайдасы зор. Бүгінде білім беру мекемелерінде білім беру ісі бір бөлек, тәрбие беру ісі бір бөлек жүріп жататыны бар. Бірақ мынаны ескеру керек: білім беру ісі – адам, маман тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Білім беру ісінен тыс, білімсіз тәрбие беремін деу – үлкен қателік. Білімсіз беруге болады деген тәрбие құмға құйған су сияқты болмақ. Тәрбие адамға ізгі білім, игілікті дағды, біліктілік арқылы беріледі. Тәрбиелеудің білім беруден басқа жолы жоқ.

Тәрбиесіздік білімсіздіктен шығады. Білімнің жоқтығы – ақылдың жетімсіздігі деген сөз. «Ақылмен аңдау, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау» – білудің, білім алудың басты құралы. Білім ақылмен *аңдау, ойлау*, нәрселердің жайын *ұғу, тану* болмаған жағдайда білім де, тәрбие де жоқ. Қиял ісі деген *меңзеу*, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне *ұқсату, бернелеу – суреттеп ойлау*, болмаған жерде қиял ісі де болмайды, қиял ісі болмаған жерде ақылмен аңдау, ақылға салып ойлау, ұғу, тану да мүмкін болмайды. Ақыл ісі мен қиял ісі қатар жүзеге асқанда және оған көңілмен талғау, көңілге түю ісі серіктес болғанда ғана білім беру мен тәрбие беру мақсатына жетуге жол ашылады. Осындағы А.Байтұрсынұлы негіздеген *ақыл, қиял, көңіл* туралы үш үзік ойдың әрқайсысы білу, білім беру, оқу мен оқыту ісі үшін маңызды және олар өзара тығыз байланысты. Қазақ тілінің, қазақ

әдебиетінің, абайтанудың болашақ маманы осыны есте мықтап ұстауы шарт.

Болашақ маман үшін қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру жолдарын игерудің қажеттілігі даусыз. Сондықтан жоғары оқу орындарында қазақ тілінің, қазақ әдебиетінің, абайтанудың оқытушыларын даярлауда оқу үдерісінің барлық кезеңдерін қамтитын оқыту әдістемесінің жалпы мәселелерін оқытуға ерекше жауапкершілікпен қарауға тура келеді.

Зерттеу университетінде білім алушылардың тілін, тілдік ойлауын дамытудың әдістемесін, олардың білімін бақылау мен бағалаудың әдістері мен тәсілдерін арнайы зерттеу, оның нәтижелерін өндіріске енгізу, тиімді пайдалану әрқашанда ерекше өзекті мәселелердің қатарында тұрады. Оқытудың қазіргі құралдарын пайдалана білу, қажетті дидактикалық құралдарды жасаудың, іс жүзінде пайдаланудың амалдарын, тәсілдерін меңгеру – өз алдына бір сала. Осындай әр сала бойынша қалаптасатын білім, дағды, біліктілік негіздері аясында оқытушы үшін оқыту әдістемесінің жалпы теориялық қағидаларын, соны жетістіктерін озық тәжірибемен ұштастыра отырып, өзінің кәсіби қызметін жоғары сапалық деңгейде атқаруға ұдайы ұмтылу қажет. Оның мынадай себептері бар: белгілі бір пәнді оқыту әдістемесі ғылыми тұрғыда қаншалықты толық зерттелгеніне қарамастан, ол зерттеулер бүгінгі күннің даму қарқынына ұзақ шыдас бере алмайды. Бүгін жаңа болып есептелген ғылыми-әдістемелік үлгі ертең де сол жаңа, пайдалы болып қала алмайды. Екіншіден, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқыту әдістемесі ғылым пәні, оқу пәні ретінде қаншалықты маңызды екеніне қарамастан, бұл салада осы күнге дейін іргелі ғылыми зерттеуге немесе сапалы оқулыққа қолымызды жеткізе алмай келе жатқанымыз рас. Қолда бар еңбектер бүгінгі күннің өскелең талаптарына жауап бере алмайды десек, артық айтқан болмаймыз. Мұндай жағдайда қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндері оқытушысының кәсіби білімі мен дағдысын, біліктілігін жоғары оқу орнынан кейін өздігінше ұдайы жетілдіріп отыруының өмірлік пайдасы үлкен. Оқыту әдістемесі пәннің адам өміріндегі, қоғамның әлеуметтік дамуындағы маңызы, тіл мен сана, сөз бен ойлау арақатынасы туралы қағидаларға сүйенетіні

белгілі. Бұл ретте оқыту әдістемесі пәннің әлеуметтік қызметі мен мәні жайындағы теориялық қағидаларына сүйенеді. Бірақ оқыту әдістемесін қазақ тілінің, қазақ әдебиетінің не абайтанудың құрамдас бір саласы ретінде түсінуге болмайды. Іс жүзінде оқыту әдістемесі пәні мен қазақ тілі немесе қазақ әдебиеті, я болмаса абайтану пәндерін бір санап, жоғары оқу орындарының оқу жоспарынан бірін шығарып тастауды жаңалық, инновация деп есептеу тәжірибесі де кездеседі. Мұндай тәжірибе жалпыға міндетті мемлекеттік стандартты (білім беру бағдарламасын) орындаудан бас тарту ғана емес, мұндай тәжірибенің болашақ пән мұғаліміне, оның болашақта оқытатын оқушыларына қиянат болатынын ескеру артық емес.

Оқыту әдістемесі педагогикалық ғылымдардың саласына жатады. Зерттеу университеті пәндерін оқыту әдістемесі, оқытудың мазмұны, оқытудың нормативтік негіздері – жоғары мектеп дидактикасындағы іргелі мәселе. Онда білім алушылардың дұрыс ойлау, дұрыс сөйлеу, бір-бірінің сөзін дұрыс түсіну, ауызша да, жазбаша да ойын дұрыс, жүйелі жеткізе білу қабілетін дамытып, қажетті дағдыларын, білігін, жеке тұлға ретінде дүниеге көзқарасының, дүниетанымының негізін қалыптастырудың жолдары оқу мен оқытудың теориясына, озық тәжірибесіне негізделеді. Бұлар – оқу үдерісінің бөлектенбес құрамдас бөліктері. Оқыту әдістемесінің, оқу, оқыту теориясының нысаны – оқыту үдерісі.

Жоғары мектептегі Абай ілімі, абайтану пәні – білім алушылар үшін ақылға, қиялға, көңілге бірдей әсер ететін мазмұн әрі таным құралы, білім, тәрбие алу құралы, ойлау жүйесін қалыптастыру құралы. Білім алушылардың болашақ маман ретінде дамуы, қоғамның лайықты мүшесі болып қалыптасуы оның тілінің, ақыл-ойының, ойлауы мен сөйлеуінің, қиялы мен қиялдауының, көңілі мен көңіл күйінің тиісті талаптарға сай жетілуімен, кемелденуімен тікелей байланысты. Абай ілімі, абайтану пәндерін оқу мен оқыту ісін осы тұрғыдан бағалау ләзім.

Ахмет Байтұрсыновтың: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. Ақылға. 2. Қиялға. 3. Көңілге», – деген қағидасының ғылыми маңызын, теориялық тереңін жоғары

бағалай отырып, оны Абай ілімі, абайтану пәндерін оқу мен оқытуға қатысты қолданудың да жөні бар.

Абай ілімі, абайтану пәндерін оқыту теориясы осындай мақсаттарды көздейді. Сондықтан оқыту теориясы оқыту үдерісін тұтас қамтиды. Сөйте тұра оқыту үдерісінде оқыту әдістемесінің мазмұны білім алушылар үшін беймәлім болып қала беруі мүмкін. Білім алушы пән мазмұны аясында тиісті білім, дағды, білік алғанмен, пәнді оқыту әдістемесінің мәніне бойлай алмауы ғажап емес. Оқыту әдістемесі оқытушының пән мазмұны бойынша тиісті білімді білім алушылардың меңгеруіне қызмет ететін құралдар мен әдістерді тиімді пайдалану әрекетінде жүзеге асады.

Оқыту әдістемесі оқу үдерісінің барлық кезеңдерін, құрамдас бөліктерін тұтас қамтиды дедік. Оқу үдерісінің құрамдас бөліктері мынадай болады: а) білім мазмұны (білім, дағды, білік); ә) оқытушы әрекеті; б) білім алушылардың әрекеті. Білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау әдістері де оқыту үдерісі аясында қарастырылады. Бұл жерде мынаны ескеру дұрыс: оқу үдерісінде білім алушының әрекеті мен оқытушының әрекеті екі дара емес, бір-бірімен тығыз байланысты, өзара бірлікте жүзеге асады. Сондықтан оқыту әдістемесі оқу үдерісіндегі білім алушы мен білім берушінің әрекеттерін өзара үйлескен, бірлескен әрекет ретінде қарастырады. Айтылған жайлар негізінде оқыту әдістемесінің мынадай бірнеше міндеттерін атауға болады: а) оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау; ә) оқытудың мазмұнын анықтау: оқу бағдарламаларын, оқу кешендерін жасау, оқулықтар жазу; б) оқытудың әдістерін, тәсілдерін, дәріс үлгілерін, әдістемелерін, құралдарын әзірлеу; в) оқу нәтижелерін бақылау әдістері мен бағалау өлшемдерін анықтау. Сөйтіп, оқыту әдістемесі дидактикалық мақсаттар мен міндеттерді, білім мазмұнын анықтайды, әдістерін жасайды, бақылау мен бағалау өлшемдерін қалыптастырады.

Оқу үдерісін оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз студенттің маңызы жоғары. Сонымен қатар мынаны ескеруге тура келеді: білім алушыларға қажетті білімді белгілі бір жүйеге түсіріп, оның құрамдастарын модельдеу, сол арқылы білім алушылардың ұзақ мерзімді есте сақтау және қолдану

қабілетін дамыту аса маңызды. Әсіресе білім беру жүйесін ақпараттандыру кең қанат жаюы жағдайында білім мазмұнын, білім берудегі мақсаттар мен міндеттерді, білімге деген әлеуметтік қажеттілік пен сұранысты ескере отырып, пәннің оқу-әдістемелік құралдарын тұтастай жаңғыртудың, ақпараттық кеңістік шарттарына бейімдеудің өзектілігі ұдайы күшеюде. Қалыптасқан жағдайда әр тақырыпты, әр дәрісті, жалпы пәнді педагогикалық дизайн үлгісінде жасалған дидактикалық құралдармен қамтамасыз студия маңызы өлшеусіз жоғары. Осы орайда белгілі тақырыптың мағыналық-құрылымдық болмысын модельдеудің практикалық қажеттілігі өте жоғары.


Мұндай модель үлгісі білім алушылардың өмірлік тәжірибесі мен танымына лайықты болуы – басты шарт. Осы орайда «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасы бойынша орындалған жұмыстардың нәтижесінде жоба жетекшісінің Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық жүйесі, тетіктері бойынша жасаған модельдерінің бірін мысалға келтіргенді оң көреміз.

Модельде Абайдың бес асыл ісі шегіндегі бес категория (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) [4, 65] жүйесі бейнеленген. Бес асыл – бес категория.

Бейнеленген үлгіде аталған бес категорияның әрқайсысы бір үшкіл түрінде көрініс тапқан.

Үшкіл жайы басқа модельде сипатталған, ол «Абай үшкілі» деп аталады. Тақырыптың мағыналық-құрылымдық бірліктері үш не бес болған жағдайда осы модельді қолдануға болады. Мысалы, әдеби шығарманың тақырыбын бір үшкіл мысалында, өзекті ойын (идеясын) бір үшкіл мысалында талдап, жинақтауға болады. Сюжетке, композицияға, образ жасау жолдарына, т.б. мәселелер бойынша тиісті үшкілдерді пайдалануға мүмкіншіліктер бар.

Бес асыл іс категориясының моделі бес үшкіл жүйесінде ұсынылған.



Педагогикалық дизайнның тиімділігінің ең бір қарапайым түрлерінің бір көрінісі осындай. Бұл бағытта жүргізілетін ізденіс жұмыстарының ұшы-қиыры жоқ десек, қателеспейміз.

Оқыту әдістемесінің жалпы ұстанымдары дидактикада негізделетіні түсінікті. Оқу мен оқытудың ұстанымдары жалпы дидактикалық ұстанымдарды негізге ала отырып, пәнді оқытудың өзіне тән мақсаттары мен міндеттеріне сай анықталады. Дидактика ұстанымдары жалпы болғанда, пәнді оқыту ұстанымдары жалқы ерекшеліктерімен сипатталады. Пәнді орта мектепте оқытуда мынадай дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады: а) оқытуда теориялық білімге сүйене отырып, практикалық бағытты ұстану; ә) қатынас құралы ретінде оқыту; б) сөйлеу әрекеті ретінде оқыту. Оқыту әдістемесінің даму кезеңдеріне байланысты аталған ұстанымдар өзгеріп отырады. Әр кезең оқытудың жаңа ұстанымдарын ұсынады. Жалқы дидактикалық ұстанымдар пәнді оқытудың құрамдас бөліктерін қамтып, басты бағытты белгілейді.

Абай ілімі, абайтану пәндерін оқыту әдістемесі пәнінің маманы өзінің кәсіби қызметінде оқытушының, әдіскердің, педагогтың, психологтың, тілші мен әдебиетшінің ісін бірдей атқаратыны сырттан қараған қарапайым адамның көзіне де шалынбай қалмайды. Бұл мәселеге арнайы көңіл бөліп, ғылыми тұрғыдан қараған жағдайда, оқу әдістемесінің арнасында бірнеше ғылым салаларының ұштасқан қызметі аңғарылады. Мұның өзі Абай ілімін, абайтануды оқыту әдістемесінің ғылым ретінде бірнеше ғылым салаларымен тығыз байланыста, бірнеше

ғылым салаларының тоғысында тұрған, пәнаралық сипаты басым пән екендігін көрсетеді.

Оқу мен оқыту теориясы педагогика ғылымының бір саласы ретінде жеке тұлғаның қалыптасуының белгілі бір қырларын қарастыратыны белгілі. Оның басқа ғылым салаларымен байланысы осыдан басталады. Бұл ретте пәнді оқыту әдістемесінің ғылым ретінде тіл білімімен, әдебиеттанумен, педагогикамен, психологиямен байланыстарының тамыры тереңде және барынша анық екендігі түсінікті. Сонымен бірге бұл пәннің философиямен, мәдениеттанумен, әлеуметтанумен тығыз байланысы бар. Пәнді оқыту әдістемесінің пәнмен байланысы мына салалар бойынша жүзеге асады: а) оқу пәнінің ғылыми ұғымдары, терминдері пайдаланылады; ә) пәннің даму деңгейі оны оқытудың мазмұнын анықтайды; б) оқытудың әдістері, түрлері, дидактикалық құралдары пәнінің мазмұнына сәйкес анықталады; пәнді оқыту әдістемесінде жалқы-дидактикалық ұстанымдар қолданылады.

Философия бар ғылымның әдіснамалық негізі қызметін атқаратыны бұрыннан айтылып келеді. Қазіргі заманда да бұл қағиданың өзектілігі жоғары. Оқыту әдістемесінің әдіснамалық жүйесі философияға негізделеді. Оқушының жаңа тақырып негізінде жаңа білім алуы, өзіне бұған дейін белгісіз болып келген құбылысты қабылдауы, тануы, білуі, түсінуі, ұғыуы – күрделі үдеріс. Оқушының жаңа білімді игеру үдерісі, жалпы сипаттағанда, сезімдік және ойлау сатылары арқылы өтіп, нәтижесін тәжірибе жүзінде тексерумен аяқталады. Басқаша айтқанда, баланың білім алуы өмірдің шындық құбылыстарымен тығыз байланыста болады [5, 138-140]. Философияда бұл таным үдерісіне сәйкес келеді. Оқушылардың білім алу әрекетін осы үдеріс сатылары туралы философиялық қағидаларға сүйене отырып тануға болады. Ал бұл үдеріс тілдік формалар түрінде жүзеге асады. Сондықтан оқушының таным үдерісінде тілдік бірліктер (сөз, сөз тіркесі, фразеологизм, сөйлем, мәтін) арқылы алған білімін өзінің өмір тәжірибесінде, іс жүзінде (оқуда, ойында, еңбекте және басқа салаларда) орнын тауып пайдалануына ерекше көңіл бөлінеді.

Тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың арасындағы байланыс бары да ертеден айтылып келеді. Адамның ойы тек тіл ар-

қылы ғана нақтыланады, тіл арқылы ғана ұғылады. Оқушы тіл арқылы өзінің ойын жүйеге түсіреді, нақтылайды, негіздейді, басқаларға жеткізеді. Тілдік бірліктерсіз, тілсіз оқушының ойын, ойлауын дамыту, танымын байыту мүмкін болмайды. Оқыту әдістемесі ғылым ретінде өзінің әдіснамалық ұстанымдарын философияның осы бағыттағы іргелі қағидалары негізінде анықтайды. Оқыту – оқыту әдістемесі оқушының пән туралы білімді қабылдау, білу, түсіну, есте сақтау, еске түсіру және өзінің өмір тәжірибесінде пайдалану, ойлау қабілетінің даму үдерістерін бақылау мен бағалауда психология ғылымының қағидаларына сүйенеді.

Білім беру ісінде оқушылардың білуі, түсінуі, тиісті дағдылары мен біліктерінің қалыптасуы, білуге деген ынталарының, талаптарының оянуы мәселелерін пайымдауда пәнді оқыту әдістемесі психология ғылымының заңдылықтарын негізге алады. Психология ғылымында оқушылардың ақыл-ой еңбегінің үдерісін зерттеу саласында жинақталған білім қорын лайықты пайдалана білу де оқыту әдістемесінің дамуына, жетілуіне игі әсерін тигізеді. Бұл орайда оқушылардың жас мөлшеріне қарай салыстыру, талдау мен жинақтау, жалқыдан жалпыға, жалпыдан жалқыға көшу, белгіліден белгісізге, белгісізден белгіліге ауысу, ой тую, пікір негіздеу секілді ойлау операциялары да ескеріледі. Осы және оқыту әдістемесіндегі қызығу, талап, ынта, қабылдау, түсіну, есте сақтау, білім, дағды, білік, қалыптасу, даму секілді негізгі ұғымдар психологиядан енген ұғымдар қатарына жатады. Оқушының білім алу үдерісінің сатыларын, құрылым-жүйесін сипаттайтын ұғымдар да психологиядан алынған. Осының бәрі оқу әдістемесінің жүйесінде оқушының білім алу үдерісін, жалпы оқыту үдерісін ұймдастыруда, оның нәтижелілігін бақылау мен бағалауда психология ғылымының алатын өз орны барын көрсетеді.

Пәнді оқыту әдістемесінің дидактикамен байланысы ерекше назар аударуды қажет етеді. Оқытудың мақсаты, оқытудың мазмұны, оқыту үдерісі, оқыту ұстанымдары және басқа осылар секілді ұғымдардың түп негізі дидактикадан шығады. Дидактиканың ұстанымдары дегенде, еске оқытудың ұстанымдары келеді. Дидактикада оқу пәндеріне ортақ оқытудың бірнеше ұстанымдары негізделген. Олардың құрамы туралы түрліше пікірлер бар.

Солардың ішінде зор мағыналы ұстанымдар мынадай: а) ғылымилық; ә) жүйелілік; б) жалғастылық; в) қолжетімділік; г) беріктілік; д) көрнекілік; е) теория мен практиканың байланыстылығы; ж) оқытудың жеке тұлғаға бағытталуы; з) мақсаттың қолжетімділігі. Бұл ұстанымдар оқу пәндерінің бәрінде, солардың ішінде қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқыту ісінде де жетекші, анықтаушы қызмет атқарады. Көрсетілген ұстанымдар оқытудың тәрбиелік мәні, дамытушылық мәні сияқты жалпыдидактикалық мақсаттарына қызмет етеді.

Оқу теориясы, оқыту әдістері туралы аз айтылып жүрген жоқ. Оқыту әдісі дегеніміздің оқу мазмұнына сай білім, құзыреттілік, білік қалыптастыру жолында мұғалім мен оқушының өзара бірлесе жүргізген жүйелі, мақсатты әрекетінің үдерісі екендігі білім беру саласындағы мамандарға түсінікті. Бірақ оқыту ісіндегі оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекетінің тәжірибе жүзіндегі нақты, жаңашыл үлгілері мұғалімдер үшін қолжетімді деп айтуға ерте. Оның үстіне оқыту әдістері туралы теориялық қағидаларды мұғалімдердің іс жүзінде пайдалануына лайықтап, өндіріске енгізуге дайындау ісі саласында да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізе алмай отырғанымыз белгілі. Қолда бар жетістіктерді насихаттау, мұғалімдерге ұсыну жағы да жетісіп тұрмағаны рас. Тіпті пән бойынша мемлекеттік стандарттың өзін мұғалімдердің қолына ұстауына, көруіне жағдай жасалған деп айту қиын. Мұндай жағдайда мұғалімдер корпусы оқыту әдістері туралы азды-көпті қолда бар еңбектерді оқу үдерісінде толық пайдаланып жүр деп айту артық. Соған қарамастан қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқыту әдістері саласында бүгінге дейін жинақталған маңызды ойларды, негіздемелерді, үлгілерді жетілдірудің, бүгінгі күн талаптарына сай жаңарған әдістеме, оқыту технологияларын жасаудың әлеуметтік маңызы жоғары.

2

Абай шығармашылығының негізін тану мектепте қалыптасады. Оқушының мектептен Абайды танымай, білмей шығуына жол беруге болмайды. Абайды білу, Абайды тану –

мектеп бітірген жастардың өзінің адамгершілік, кісілік қасиеттерін өмір бойы жетілдіруінің, кемел деңгейге жетуге талпынуының бірден-бір негізі. Сондықтан Абай шығармашылығын мектепте оқу да, оқыту да мемлекеттік, жалпы-халықтық, ұлттық мәні бар игілікті іс.

Абай шығармашылығын мектепте оқу мен оқыту, білу мен түсіну – әрқашан өзекті ғылыми мәселе. Мектеп оқушыларының көркем шығарманы оқып-білуіне, білгенін түсінуіне қол жеткізу – мұғалім үшін үлкен дайындықты талап ететін күрделі жұмыс. Мектепте көркем шығарманың мәтінін оқуға, оқығанын біліп, терең түсінуге оқушылар айтарлықтай қызығушылық, ынта білдірмейтін жағдайлар болатыны рас. Кез келген жағдайда пайда ойлау ыңғайында өсіп келе жатқан жас Абайды, жалпы тіл мен әдебиетті оқу мен оқытудың бағасын тиісті деңгейде біле бермеуі, білуге ұмтылмауы мүмкін. Оның үстіне қазір ғаламтордан кез келген көркем шығарманың мазмұнын тауып алуға болады. Оқушы сол дайын мазмұнды әңгімелеуге бейім, образ жайын да сол мазмұн бойынша талдауды оңай көреді.

Мұғалім, ата-ана білім алушылардың тіл мен әдебиет пәндеріне салғырт қарауына жол бермеуге тиіс. Адамзат баласы үшін дүниедегі ең қымбат байлық – адамшылық, кісілік. Адамшылығы жоқ, кісілігі жоқ жандарды адамзат баласы қатарына қосу артық. Адамшылық, кісілік сабағының жарқын үлгісін тіл мен әдебиет пәндерінен ғана алуға болады. Әдебиет пәнінің өзекті желісін Абай шығармашылығын тану арқылы табудың өмірлік маңызы жоғары. Негізгі орта білім, жалпы орта білім беру жүйесінде Абай шығармашылығын дұрыс оқып, дұрыс оқытпаған жағдайда әдебиет те, тіл де оқу пәні болудан қалады.

Абай өлеңдері мен қара сөздерін оқу мен оқытудың, оқыған өлең мен қара сөздің мазмұны мен пішінінің ерекшеліктерін анықтап білу мен түсінудің өзіндік қиындығы бар. Мұғалім осы жағдайларды ескере отырып, Абайдың өлең сөздері мен қара сөздерін оқытудың, талдаудың, түсіндірудің өзіндік үлгісін пайдалануға мүдделі болуы орынды.

Өлеңді қара сөзбен мазмұндау, жаттату немесе буын санын, ұйқасын, көркемдеуіш құралдарды тауып көрсету оқушылардың көркем шығарманы өнер, сөз өнерінің үлгісі ретінде эстетикалық

қабылдауына жеткілікті негіз бола алмайды. Абайдың қара сөздерін оқытуда пішін ерекшеліктерін айта отырып, білім алушылардың автор ойларының маңызы мен мәнін, логикалық қисынын, адамгершілік негізін анық, нақты, бейнелі, толық түсінуіне қол жеткізуге күш салу қажет. Ақынның көркем дүниетанымы, образдар жүйесі, көркем ойлауының даму сатылары туралы ұғымдар білім алушының білу үдерісінен тыс қалмайтын болуы шарт. Білім алушылардың Абай шығармашылығын меңгеру деңгейін бақылауға қажетті бақылау құралдарын жасауының қажеттілігі зор. Мысалы, Абайдың қара сөздері бойынша бақылау құралдарын, тест тапсырмаларын жасауда білім алушылардың Абайдың қара сөздерінің мәтінін өздерінше оқып білу деңгейіне баса назар аударуы дұрыс болмақ. Тест тапсырмалары бақылау құралы ғана емес, білім алу құралы болуын ескерудің де артықшылығы жоқ. Оның бір үлгісін осы тарауға қосымша ретінде ұсынып отырмыз.

Өлеңді талдау барысында шын мәніндегі өнер туындысында мазмұн мен форманың бірлігі ұғымы бір-бірінен ажыратуға келмейтін тұтастықта түзілетінін оқушы санасында қалыптастыру үлкен еңбекті талап етеді. Өлең мәтінінің мазмұнын оның пішінінен бөлек қарастыруға болмайтыны секілді пішінді де мазмұннан тыс түсіндіру оның жасырын терең сырын білуге мүмкіндік бермейді. Оқушының эмоциялық көңіл-күйіне, қиялына, ассоциативті ойлауына өлең мәтінінің әсерін мұғалім өз бақылауында ұстауға тиіс. Бұл оңай емес.

Абайдың өлеңдерін оқушы мен оқытушыға да, түсінуші мен түсіндірушіге де үлкен жауапкершілік жүктеледі. Өлең сөзді, поэзияны оқу мен оқыту, білу мен білдіру, түсіну мен түсіндіру ақындық пайымды, поэтикалық сауаттылықты, поэтикалық қызығушылықты қажет етеді. Мұндай қабілеттің негізі дамымаған жағдайда поэзияның өзіне тән ерекшелігін, өлеңнің мазмұны мен пішініне тән басты қасиеттерді білу, түсіну мүмкін емес.

Өлең сөзді, поэзияны оқу мен оқытудың өзіндік ерекшелігі, тіпті қиындығы бар. Бұл жерде үш актант бар деп білу керек: бірі – поэзия; екіншісі – оқушы; үшіншісі – оқытушы. Оқу нысаны – біреу. Оқытушы, түсіндіруші тұлға – біреу. Ал оқушы, түсінуші тұлға – екеу. Бұл екеуінің оқитыны біреу болғанмен, олардың

әрқайсысының түсінуі әр басқа. Сөйте тұра бұл екеуінің түсінулерінде қарама-қайшылық жоқ. Осы аталған үштік қарым-қатынаста көзге көрінбей тұрған тағы бір тұлға бар. Ол – автор. Оқытушы өзінің оқушыларымен бірлесе жүргізетін іс-әрекетінде автор тұлғасын да ұдай есте ұстауы шарт. Поэзиялық шығарманы оқу мен оқыту ісінде оны түсінудің деңгейі бірдей бола алмайтыны рас. Алайда оқу нысаны болып отырған поэзиялық шығарманы тереңге бойлап түсіну басты міндет болып қала береді.

Өлең мәтінін оқушының оқып қабылдауы бірнеше кезеңнен тұрады. Әр кезең мәтіннен көркемдік бейнелеу құралдарды іздеп табуға, олардың мәтіндегі қызметін, басқа да тілдік бірліктермен арақатынасын талдауға әкеледі.

Абай өлеңдерін оқушының эмоциялық қабылдауы қандай жағдайда тиімді болатыны ассоциативті қабылдау теориясы заңдылықтарына сай анықталғаны оңды. Білім алушының білім алу үдерісінде белгілі бір құбылыстың қыры мен сырын қабылдауы оның екі жақты, бір-біріне қарама-қарсы белгілерін қатар, салыстыра отырып анықтау барысында барынша тиімді, толымды болатынын ескеру дұрыс. Бұл мәселе ассоциативті қабылдау психологиясында ғылыми тұрғыда жеткілікті негізделген [6, 363-381]. Өнер туындысын, өлең сөзді эстетикалық қабылдаудың басты психологиялық заңдылығын, әдістемелік негізін осы арнадан іздеген дұрыс.

Абайдың өлеңдерін, шығармашылық мұрасын оқытуда адам болам деген баланың асық болатын бес асыл ісі мен қашық болатын бес жаман ісі есте тұруы қажет. Бұл айтылғандар адамның адамдық қасиеттері туралы басты рухани құндылықтарды танып, білуде өте маңызды. Мұны ақынның бір өлеңі көлемінде оқып, содан кейін оған қайтып оралмау дұрыс болмайды.

Ақын: «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап» [4, 267], – дейді. Осы ойдың бейнелі, жарқын мысалы – Абайдың И.А. Крыловтан аударған «Қарға мен түлкі» өлеңі. Мақтаудың, ішке қулық сақтап өтірік мақтаудың айрықша үлгісі осындай. Өлеңде бір-біріне қарама-қайшы екі мінез, екі болмыс, екі тұлға жете дараланған. Бірі – ішіне қулық сақтап өтірік мақтаудың қас шебері. Екіншісі – мақтаншақ, өтірік

мақтағанға имандай сенген алаңғасар, ақымақ. Бір-біріне қарама-қарсы осы екі мінезді, екі тұлғаны даралай түсіп, олардың әрқайсысының эмоциялық мазмұнын жеке-дара және бір-біріне қатысты терең ашуға тура келеді. Қулық, өтірік дегенде, мақтау, мақтаншақ дегенде, оқушының ойында олардың мәнісі ақынның бір шығармасы ғана емес, бар шығармашылық мұрасы көлеміндегі білім, ақпаратты тұтас жаңғыртып, нақты бейне, нақты сурет, образ, қарама-қарсы эмоциялық күй түрінде бір-бірімен тоғысып, бір-бірімен қайшыласып, бірін-бірі толықтырып тұратын жағдайға қол жеткізу – оқу ісіндегі, білу мен түсінудегі, түсінгенді күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданудағы басты жетістік. Осындай жетістікке жеткеннен кейін, ақынның қандай өлеңін оқытуда қандай тиімді ахуал қалыптасатынын ескеру орынды.

Л.С. Выготский оқушы санасында қарама-қарсы эмоциялардың күресі туғызатын эмоциялық қозғалысты эстетикалық әсер алу деп атайды. Осы заңдылықты негізге алғанда, көркем шығарманы талдаудың кез келген түрі қарама-қарсы екі бағытты іздеп, табудан басталады [7, 181]. Өлең мәтінінде оқушы санасында бір-біріне қарама-қарсы эмоцияны, көңіл-күйді тудыратын жағдайлар әртүрлі болуы мүмкін: жағымды-жағымсыз бейнелер, мақсат-мүдделер, іс-әрекет, табиғат көріністері, т.б.

Оқушылардың ассоциативті ойлау қабілетіне әсер ете алатын тақырып олардың ассоциативті эмоциясын тудырып, қиялын қозғайды. Л.С. Выготскийдің пікірінше, көркем мәтіннен осындай бір-біріне қарама-қарсы екі полюсті табу оны қабылдаумен тікелей байланысты болады. Автордың қиялы тудырған көркем шығарманың оқырманға қатты әсерінің сырын да осы психологиялық заң түсіндіреді [8, 13].

Ойдан шығарылған образ неғұрлым жарқын, биік болған сайын оның эмоциялық әсері де күшейе береді, оқырман өмірінің әртүрлі жағдайларының белгісі ретінде есінде қалған түйсік-сезімдер, бейнелер өлең мәтінінде ашылатын сырлармен тоғысып, ассоциациялар тудырады. Өлең мәтініндегі бейнелі сөздің әсерінен туындаған елес-сезімді, ассоциацияларды дамыту – мұғалімнен тиянақты ізденісті, терең білімді, педагогикалық шеберлікті талап етеді. Бейнелі сөздің астарында

жатқан терең мағынаны ашу, оны оқушылардың білуі мен түсінуін қамтамасыз ету жұмысы да оңай емес.

Бастауыш сыныптан басталатын қиын да күрделі әрі жауапты жұмыс жоғары сыныптарда өзінің жүйелі жалғасын табуы үшін мұғалім қазақ әдебиеті пәнінен сыныптан тыс оқуды ата-анамен бірлесе отырып ұйымдастырады. Ата-аналарға сыныптан тыс оқитын көркем әдебиет тізімін ұсынып, оны уақытылы тексеріп отырған орынды.

Өлең мәтініне талдау жасауда оның образдық жүйесінің құрылымына, сөздің мағынасына, мәтіндегі тірек сөздің көпмағыналылығына, бұл көпмағыналықтан туындайтын сөздің түрлі мән-мағыналары мен ассоциациялар тізбегін мәтіннен түсініп табу іс-әрекеті оқушылар үшін бірнеше кезеңнен тұрады:

- 1) Оқушы өлең мәтінінің әрбір сөзіне мән беріп оқиды.
- 2) Мағынасын түсінбеген сөздерін дәптеріне теріп жазады.
- 3) Ол сөздердің түсініктемесін сөздіктерден қарайды немесе мұғалім көмектеседі.
- 4) Өлең мәтінінен тірек сөзді табу міндетті.
- 5) Тірек сөз ақын ойының дамуына байланысты әр тармақта көріне ме келесі тармақта әлде басқа сөзбен ауысты ма деген сұраққа жауап іздейді.
- 6) Өлең мәтінінде тармақтар арасындағы байланыс тізбектеле немесе жарыспалы байланысатынына мән береді.
- 7) Мұғалім оқушыларға осы байланыс түрлерін түсіндіреді, үш-төрт шумақтан тұратын өлең мәтіндерінен мысалдар келтіріп, байланыс түрлерін ажыратуға жаттықтырады. Мысалы:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп [4, 103].

Берілген шумақтың алғашқы екі тармағы тізбектеле байланысқан. Екі тармақты бір жай сөйлем жүйесінде (*желсіз түнде жарық айдың сәулесі суда дірілдеп тұр*) оқыту арқылы олардың араларындағы мағыналық байланыстың сипатын оқушылардың байқап, аңғаруына қол жеткізуі қажет. Бірінші тармақта құбылыстың ерекше сипаттары көрсетілген, ондағы басты

мағына екінші бунақта берілген құбылысқа (жарық ай) тән (желсіз түндегі жарық ай), екінші тармақта алдыңғы тармақтағы басты мағынамен байланысты құбылысқа тән іс-қимыл суреттелген. Енді өлеңнің осы екі тармағы арасындағы мағыналық-құрылымдық байланысты шартты белгілермен белгілейтін болсақ, мынадай құрылымдық жүйе белгілі болады:

$A \leftrightarrow B$

Мұндағы А – құбылыс (нәрсе), В – сол құбылысқа (нәрсеге) тән іс-қимыл. Кейінгі екі тармақтың мағыналық-құрылымдық пішіні дәл осы әуелгі екі тармақ арасындағы мағыналық-құрылымдық үлгімен бірдей.

8) Өлең мәтініндегі шумақтар араларында байланыс қалай жүзеге асқанына да оқушылардың назарын аудару маңызды. Шумақтар арасындағы байланыстың қандай ретпен жүзеге асатынын мұғалімнің көрнекі мысалдармен түсіндіргені қажет.

8) Өлең мәтінінің құрылымы мен мағыналық тұтастығы әр шумақтағы тірек сөздің (образдың) келесі шумақта басқа бір образға (тірек сөзге) ауысуынан түзілуі мүмкін. Талдау барысында образдар арасындағы байланыс жүйесі салыстырмалы түрде тұтас аяқталған мағыналық тұтастыққа тән үлгі болып шығатынын көрсету орынды.

9) Өлеңді мағыналық бөліктерге бөлдіру. Осы тапсырманы орындауда мұғалім оқушылардың назарын өлеңнің тақырыбы мен поэтикалық ойдың дамуына, олардың қандай тірек сөздермен берілгендігіне аударады. Бірақ кез келген өлең мәтіні мағыналық құрылымдық бөліктерге бөлшектеуге келе бермейді. Көлемі шағын өлеңдер бір ғана мағыналық құрылымнан тұруы мүмкін.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіне мағыналық құрылымдық талдау жасаудың жолдары әртүрлі. Оны білу маңызды.

Өлең мәтінін әрбір оқушының бес-алты рет оқуын мұғалім қадағалайды. Өлең мәтінін мәнерлеп оқығаннан кейін оқушылардан өлең не туралы екенін сұрайды. Өлең ғылым туралы деп оқушылар қиналмай, тез жауап береді. Өлең мәтінінен тірек сөздерді табындар деген тапсырманы да жылдам орындайды. Ол тірек сөздер – «ғылым», «бала».

Түсінбеген сөздерін дәптерлеріне жаздырады. Өлең мәтінін мағыналық бөліктерге бөлуге тапсырма беріледі. Оқушылар өлең мәтінін үш мағыналық бөлікке бөледі. 1 – мағыналық бөлік – мен (ақын) және ғылым туралы. 2 – мағыналық бөлік – мен (ақын) және бала туралы. 3 – мағыналық бөлік – ақынның өзі туралы. Өлең мәтінінің алғашқы мағыналық бөлігіндегі тірек сөзді (ғылым сөзін) өлеңнің әр тармағына қатысын анықтап, даралау маңызды.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім? [4, 43]

Енді осы алты тармақты мұғалім оқушыларға қайталап оқытады. Алты тармаққа ортақ мағынаны – ақынның жас кезінде білім алып оқымаған өкініші туралы ойды оқушылар мұғалім көмегімен қорытады. Тармақтар арасындағы байланыстың тізбектелу арқылы жүзеге асқанын мұғалім оқушыларға сұрақтар қою арқылы аңғартады. Өлеңнің алғашқы алты тармағына ортақ мағына – «ақынның жас кезінде оқымаған өкінішіне», «кім жазалы» екеніне оқушылар жауап іздеп пікір алмасады.

Өлең мәтінінің одан кейінгі 7, 8, 9, 10-тармағын мұғалім оқушыларға қайталап оқытып, осы тармақтағы тірек сөзді табуға тапсырма береді. Тірек сөздің «бала» екенін оқушылар тез табады, себебі «бала» сөзі әр тармақта қайталанатын. Мұғалімнің көмегімен «адамның бір қызығы – бала» деген тармақты оқушылардың қалай түсінетіні талқыланады. Баланың ата-ана үшін болашағы, үміті болуының мәнісі ашылады. Бұл 7, 8, 9, 10 – тармаққа ортақ мағына – ата-ананың баласына үміт артуы. Ақынның «Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», – деген жолдарымен ақынның екінші бір өлеңіндегі «Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы – Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой, Я тілмаш, я адвокат, Болсам деген бәрінде ой» дегенмен мағыналастығын көрсету үшін де өлең мәтіндерін қайтадан оқыту да артық болмайды. Екі өлең мәтіндерінде келтірілген тармақтарда бір-біріне қарама-

қарсы екі ойдың қатар тұрғандығын көрсету де дұрыс. Алғашқы өлеңнің екі тармағында «біл» сөзіне (ғылым мағынасындағы) қарсы мағынада қандай сөздер қолданылғанына арнайы назар аударуға болады. Оқушыларға «қызмет», «шен» сөздерінің қарсы мағынада қолданылғандығын табу қиындық туғызған жағдайда түсінік беру артық емес. «Интернатта оқып жүр» өлеңіндегі «Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой, Я тілмаш, я адвокат, Болсам деген бәрінде ой» дегенде де «Салтыков пен Толстой» сөздеріне «тілмаш», «адвокат» сөздері қарсы мағынада қолданылғандығын табуға мұғалімнің көмегі керек болуы мүмкін. Бірақ бұл сөздер осы мәнмәтіннен /контекстен/ тыс басқа кезде бір-біріне қарама-қарсы қолданылмайтынына, дәл осы контексте ғана олар қарама-қарсы мағыналық қатынаста тұрғанында түсінік берілсе болады.

Ақын «қызмет», «шен», «тілмаш», «адвокат» сөздерін қандай мағынада қолданған, не себепті деген мұғалім сұрағына оқушылар ойланып жауап іздейді. Сонымен қатар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіндегі «біл» сөзі «Интернатта оқып жүр» өлеңіндегі «Салтыков, Толстой» сөздерімен бір мағынада қолданылып тұрғанын дәлелдендер деген тапсырма беріледі. Осы тапсырмалармен қатар мұғалімнің «Пайдасын көре тұра тексермедім» – деген тармақта ақын ғылымнан түсетін қандай пайданы айтып тұр деген сұрағына оқушылар ойланады. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде ақын: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге», – дейді. Осы екі өлеңде ақын «пайда» сөзін бірдей мағынада қолданған ба деген сұраққа жауап іздетеді. Күнделікті өмірде пайда табу жақсы ма, жоқ әлде жаман ба? Пайданы қалай тапқан жақсы деген сұрақтар төңірегінде оқушыларды ойландыртады. Ол тапсырмаларға жауапты табу үшін мұғалім Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқуға кеңес беріп, өз ойларын эссе түрінде жазуды ұсынады.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңнің соңғы шумағын білім алушыларға тағы бір қайталап оқыту артық емес. Білім алушылар шумақтың кім туралы екенін анықтаған соң «Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазаққа қара сөзде дес бермедім» деген жолдарға талдау жасалады. Тармақтар бір-бірімен қалай байланысқандығына (тізбектеле не жарыспалы) назар аударады. Осы тармақтардағы «басқа шауып, төске

өрледім, қара сөз, дес бермедім» тілдік бірліктерінің мағынасын білім алушылардың қалай түсінетінін анықтау маңызды. Өлеңнің 11,12,13,14-тармағы ақының өзі туралы екенін оқушылар өлең мәтінін мағыналық бөліктерге бөлген кезде де тапқан болатын. Әсіресе өлеңнің соңғы екі тармағына тоқталып, «Еңбегінді білерлік еш адам жоқ, Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім» жолдарына да ортақ мағынаның тағы да «өкініш» екеніне тоқталады. Сонымен қатар бұл екі тармақтың Абайдың бүкіл шығармаларындағы ойлармен үндестігін мұғалім ақын өлеңдерінен мысалдар келтіріп түсіндіреді. Бұл соңғы төрт тармақтың 11,12-тармағы мен 13,14-тармағы да бір-біріне қарсы мағынада қолданылған. «Басқа шауып, төске өрлеген», «қара сөзге дес бермеген» мықты, шешен ендігі тармақтарда «тыныш жүргенді /үндемеуді/ теріс көрмейді». Бұл тармақтардағы бір-біріне қарама-қарсы ой – «сөйлеу және үндемеу». Не себепті ақын үндемеу жолын таңдайды деген сұрақ та оқушыларды ойландырады. Ақын жалғыздығының себебі оның сөзін тыңдайтын, түсінетін ортаның жоқ екендігі жайлы ой қорытындысын оқушылардың өздері жасауына қол жеткізу шарт.

Өлеңнің қай жақта айтылғанын, қандай шақ формасында тұрғанын ажырату туралы тапсырма оқушылар үшін аса қиындық туғызбайды. Өлең 1-жақтан, яғни ақынның өзінің атынан айтылғанын, баяндауыштарының барлығы жедел өткен шақта тұрғанын табады. Келесі тапсырма өлең мәтіні сөйлемдерінің мағыналық құрылымын анықтау. Бұл – күрделі тапсырма. Себебі өлең мәтінінде сөйлемдер бір немесе бірнеше тармаққа, шумаққа созылуы мүмкін. Өлең мәтінінің алты тармақтан тұратын алғашқы «Өкініш» мағыналық құрылымы салдар-себеп қатынасты үш құрмалас сөйлемнен құрылған. Бірақ осы грамматикалық формалардың барлығы өлең мәтінін байланыстыруға қызмет етіп, бір кеңістікте қабылдауға үлес қосқанын мұғалім түсіндіреді. Келесі төрт тармақтан тұратын «Бала, үміт» мағыналық құрылымындағы «Адамның бір қызығы – бала деген» тармағының қандай көркемдік құрал деген мұғалім сұрағына оқушылардың ол тармақтың метафора екенін білмеуі де мүмкін. Ғалым З.Қабдоловтың: «Метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге

затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту», – деген пікірімен таныстырады. Мұғалім «Адамның бір қызығы – бала» метафорасы өзінен кейінгі үш тармақты бір-бірімен байланыстырып, жалпылау мәніндегі сөйлемнің қызметін атқаратынын, өлеңнің соңғы «ақынның өз өкініші» туралы үшінші мағыналық құрылымдық бөлігінде тармақтар бір-бірімен себеп-салдарлық қатынаста құрылғандығын түсіндіреді.

Өлеңнің бірінші мағыналық-құрылымдық бөлігіндегі ақын өкініші туралы ой мен соңғы үшінші мағыналық бөлігіндегі ақынның өз өкініші туралы ойдың қайталануы арқылы өлең мағыналық тұтастыққа жетіп, өзінің көркемдік шешімін тапқандығына мұғалім оқушылар назарын аудартады. Көркем мәтіннің мағыналық тұтастыққа қалай жететіні, көркемдік шешімі туралы ұғымды мұғалім қосымша мысалдармен дәлелдейді.

Көркем поэтикалық мәтінді талдау барысында оқушылардың күнделікті шындық өмір туралы, білім, ғылым, шен-шекпен алу, халыққа адал қызмет ету жайлы ой-толғаныстырын ортаға салып, пікір алмасуға шақыруға болады. Ақын Абайдың өз дәуіріндегі арман-тілегі бүгінгі күнде өзекті ме деген сұрақ төңірегінде де оқушыларды ойландырған орынды.

Қазіргі компьютерлік технологияны оқушылардың шектеусіз көп қолдануы олардың интеллектуалдық дамуына кері әсер етіп жатқаны белгілі, соған байланысты қалаларда жеке тұлғаның эмоционалды интеллектін дамытатын орталықтар пайда болды. Д.Б. Эльконин – В.В. Давыдовтың, Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйесін қолдаушы әдіскерлер де осы бағытта, оқушының эмоциясы мен қиялына әсер ететін тапсырмалар жүйесін құрудың маңыздылығына назар аударады.

Өлеңнің тақырыбы мен идеясын оқушылар әдетте қиналмай табады. Шын мәнінде тақырып пен идея кез келген, көркемдік деңгейі әртүрлі шығармаларда болады. Көркем мәтінді алғаш рет оқығанда пайда болатын әсер – оның бергі бетіндегі мазмұндық жағы, яғни негізгі поэтикалық ойдың дамуының бірінші баспалдағы екендігін мұғалім түсіндіреді. Мұғалімнің міндеті – оқушыларға автор ойының даму кезеңдерін аңғарту, оның мәтінде қандай тілдік бірліктермен көрініс тапқандығын байқату,

шығарманың маңызды, терең, астарлы философиялық қабатына бойлату.

Көркем өлең мәтінін алғашқы эмоциялық қабылдаудан басталатын үдерісті мұғалім оның тереңіне бойлауға, қиялдауға, интерпретациялауға дейін алып барады. Осы тұста оқушылардың ассоциативті ойлау қабілетіне қозғау салу өте маңызды. Қыран бүркіт мықты, алғыр, адал бейне де, ал оған қарама-қарсы топтың іс-әрекеті соншалықты жеккөрінішті. Қарқылдаған қарға да, шықылықтаған күйкентай да күнделікті өмірде кездесетін, үнемі өзінен күштілердің айтқанын бұлжытпай орындайтын, еш нәрсенің байыбына бармайтын, өзіндік пікірі жоқ, іс-әрекетіне ойланбайтын адамдар бейнесі екені түсінікті болады.

Өлең мәтінінде қыран бүркіттің іс-әрекетіне екі-ақ тармақ арналса, оған қарама-қарсы топтың іс-әрекеті өлеңнің он бір тармағын алып жатыр. Бұл топтағылардың іс-әрекетін суреттеуге ақын не себепті көп орын берген деген сұрауды оқушыларға қоюға болады. Оқушылар оған нақты жауап айтуға қиналғанмен, ойланады, ізденеді, жақсы мен жаманды айыруға талаптанады.

Күйкентай мен қарға бейнелері оқушы санасында жеккөрінішті, жандайшап адамдармен астасады. Ақынның сол кездегі толғанып жабырқаған көңіл-күйін оқушылар да сезінеді. Көркем шығарманы оқығанда пайда болатын ассоциативті байланыс әркімде әртүрлі.

Оқытудың инновациялық технологиясы қағидаларының бірі – әр оқушы жеке тұлға екені, оқыту үдерісінің жеке тұлғаға бағытталатыны. Оқушының қателесуге құқығы бар екендігін ұмытпау да маңызды. Әр оқушының тек өзіне тән білім алу траекториясы, жаңа білімді меңгеру жолы болады. Мұғалім өлең мәтінін талдауда барлығына бірдей жоғары талап қойғанымен, әр оқушының қабілет-қарымы, мүмкіндігі ескеріледі. Көркем шығарманы оқуда өзінің жеке сезініп түсінуіне сүйенеді. Әсіресе уақыт жағынан алыс, өзі куә болмаған тарихи кезеңде жазылған шығармаларды оқығанда, сол тұста өмір сүрген адамдардың ойлау ерекшелігімен жете таныс еместігі оның білуі мен түсінуіне үлкен қиындықтар келтіреді. Соған қарамастан сауатты мұғалімнің міндеті – автордың түпкі ойына, көркем ойлауына оқушыларды барынша жақындату, оқушылардың оқып отырған

шығарманың мазмұнын ғана емес, құрылым-жүйесін, көркемдік табиғатын танып білуіне, білгенін терең түсінуіне қол жеткізу.

Пән бойынша білім беру ісіндегі әр сабақ – өзінше біртұтас күрделі әлем, білім беру үдерісінің белгілі бір уақыт пен кеңістік шегінде мақсаты мен міндеттері анық, логикалық тұрғыда аяқталған, мағына мен мазмұны нақты бірлігі. Оның тиімділігі білім мазмұны, оқудағы мақсаттар мен міндеттер, оқу аяқталғанда қол жететін нәтижелер, оқытудың әдістері мен құралдары, нормативтік негіздері бойынша жүйелілігіне, тереңдігіне, өмірлік маңызы мен мәніне тікелей байланысты. Бұлардың бірінде орын алған олқылық бүкіл білім беру ісінің сапасына кері әсерін тигізеді. Мысалы, мына сұраққа жауап іздеп көрейік: Негізгі, жалпы орта білім беру ісінде нормативтік негіз ретінде Блумның таксономиясын қабылдау дұрыс па еді, Абайдың таксономиясын қабылдау дұрыс па еді?

Қойылған сұрақтарға мамандардың өздері әрқалай жауап береді. Білім беру саласындағы бастаушылар мен басқарушылар да әрқалай ой айтуы мүмкін. Бірақ бұл бағытта нақты, жүйелі, ұлттық қағидалар жүйесін жасау әзірге мүмкін болмай тұрғаны белгілі. Бұл – ұлттық маңызы бар аса іргелі мәселе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П.Бисенбаев, Е.Кәрбозов, Л.Мұсалы, Н.Нұрәділ; жауапты ред. Ә.Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 136-143-беттер.
3. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері. Мақалалар жинағы / Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев; баспаға дайынд. Л.Мұсалы, Б.Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 254 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Олеңдер мен поэмалар / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған: З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, М.Жармұқамедов, М.Мырзахметов, М.Мағауин, Қ.Сыдықов; баспаға дайындасуға көмектескен Г.Тұрсынова мен С.Дәуітов; жалпы редакциясын басқарған, алғы сөзін жазған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған: З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, М.Жармұқамедов, М.Мырзахметов, М.Мағауин, Қ.Сыдықов; баспаға дайындасуға көмектескен Г.Тұрсынова мен С.Дәуітов; жалпы редакциясын басқарған, алғы сөзін жазған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
6. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.І. Вопросы теории и истории психологии / Под ред. А.Р. Лурия, М.Г. Ярошевского. – М.: Педагогика, 1982. – 488 с.
7. Выготский Л.С. Психология искусства / Предисл. А.Н. Леонтьева; коммент. Л.С. Выготского, В.В. Иванова; Общ. Ред. В.В. Иванова. – 3-е изд. – М.: Искусство, 1986. – 573 с.
8. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: Психол. Очерк: Кн. для учителя. – 3-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 93 с.
9. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М.: Педагогика, 1986. 240 с.
10. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М.: Издательство Московского университета, 1975. – 344 с.
11. Ильясов И.И. Структура процесса учения. – М.: Издательство Московского университета, 1986. – 200 с.

Тарауға қосымша

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

(Тест тапсырмалары)

1. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

Ұрлықпен мал табам деп жүр

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақы
Қара халық

2. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

Артылып алып тағы да байимын деп жүр

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақылар
Қара халық

3. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

Алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақылар
Қара халық

4. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

Ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып «пайдаланам» деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақылар
Қара халық

5. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

Біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқат-тыларды азғырғалы әлек болып жүр.

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақылар
Қара халық

6. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

Кім азса мен соған керек боламын деп, к... қыздырып алып, өзін біраз ғана азық қылайын деп жүр

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақылар
Қара халық

7. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

«Пәлі-пәлі», бұл табылған ақыл екен, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақылар
Қара халық

8. Баяндалған іс-әрекеттің иесін көрсет:

Менің сонша үйім бар, сонша ауыл таяғынды соғайын, дауынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын, баласын сатып жүр.

Қарапайым жұрт
Ұлықтар
Мал иесі
Ұры
Бұзақылар
Қара халық

9. Баяндалған іс-әрекеттердің орындалу шартын көрсет:

Жұртқа ой да түсер еді. Шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді.

Ұрылар жоғалса
Бұзақылар жоғалса

Ұлықтар жоғалса
Ұры, бұзақы жоғалса
Байлар жоғалса
Мал иесі жоғалса

10. Абайдың мына сұрағына жауап бер:
Осы елдің үнем қылып жүргені немене?

Еңбек
Өнер
Кәсіп
Білім, ғылым
Ұрлық
Ұрлық, бұзақылық

11. Мына іс кімнің, ненің ісі?
Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек

Адамның ісі
Жанның ісі
Жүректің ісі
Ақылдың ісі
Көңілдің ісі
Жақсының ісі

12. Мынадай жағдайда қандай нәтиже шығады?
Тіл жүректің айтқанына көнсе

Жаман шықпайды
Жақсы болады
Жалған шықпайды
Дұрыс болады
Теріс емес
Игілікті болады

13. Адам баласы мынадай іс қылғанда, жүрек қандай жағдайда болады?
Амалдың тілін алса

Қайғырады
Дерттенеді
Алқынады
Ұмыт қалады
Қапа болады
Жараланады

14. Мына әрекеттердің анықтамасын тап:
Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын

бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау

Ерлік, батырлық
Батылдык
Еркіндік
Қайсарлық
Қаһармандык
Қайраттылық

15. Мынадай жағдайдағы адамның не күйге ұшырайтынын анықта:

Ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан

Азады
Тозады
Бұзылады
Оңбайды
Көгермейді
Өспейді

16. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта

Болады
Болмайды
Кем болады
Болуы мүмкін
Болмауы мүмкін
Аз болады

17. Мына кісі тәуір ме?

Құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі

Тәуір
Тәуір емес
Тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?
Тәуір болуы мүмкін
Тәуір болып көрінуі мүмкін
Тәуір бола алмайды

18. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей

қоймайды
тұра алмайды

кете алмайды
жүре алмайды
қала алмайды

19. Мына сөз қандай адам туралы айтылғанын тап:

Орынды іске қызығып, құмарланып, іздейді екендағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Ақылды адам
Білімді адам
Есті адам
Парасатты адам
Данышпан адам
Кемел адам

20. Мына сөз қандай кісі туралы айтылғанын анықта.

Орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екендағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен.

Ақылсыз кісі
Ақымақ кісі
Надан кісі
Есер кісі
Жаман кісі
Білімсіз кісі

21. Мына сөзде не нәрсе жайында айтылғанын тап:

Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен.

Әрбір нәрсеге қызықпақтық
Әрбір нәрсеге көз салмақтық
Әрбір нәрсеге ұмтылмақтық
Әрбір нәрсеге талпынбақтық
Әрбір нәрсеге қол созбақтық
Әрбір нәрсеге әуестік

22. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Әрбір құмарлық өзіне бір түрлі

қызық болады екен
ыстық болады екен
шет болады екен
дерт болады екен
жел болады екен
желік болады екен

23. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде, яки эне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі

мастық пайда болады екен
шаттық пайда болады екен
жаттық пайда болады екен
мәрттік пайда болады екен
сақтық пайда болады екен
тоқтық пайда болады екен

24. Мына сөйлемде не туралы айтылғанын анықта:

Бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төніректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, мынаны» дегізіп, бойды сына-татұғын нәрсе екен.

мастық
шаттық
жаттық
мәрттік
сақтық
тоқтық

25. Мына сөйлемде баяндалған ой кім туралы екенін тап:

Есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен.

Ақылды кісі
Есті кісі
Ойлы кісі
Білімді кісі
Тәжірибелі кісі
Көпті көрген кісі

26. Мына жерде кім туралы айтылғанын анықта:

Ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Ақылсыз кісі
Ақымақ кісі
Надан кісі
Есер кісі
Жаман кісі
Білімсіз кісі

27. Мына сөйлемдердің алдында не айтылғанын тап:

Күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзін

өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзін де білмей қалыппысың?

Егерде ақылды кісілердің қатарында болғың келсе
Егерде білімді кісілердің қатарында болғың келсе
Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе
Егерде сабырлы кісілердің қатарында болғың келсе
Егерде рақымды кісілердің қатарында болғың келсе
Егерде қанағатты кісілердің қатарында болғың келсе

28. Ғылымға келіп жүгінген үшеудің аттарын ата:

Үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті.

Қайрат, ақыл, жүрек
Ғылым, білім, өнер
Ақыл, ғылым, кәсіп
Жан, жүрек, тән
Жан, тән, рух
Жүрек, ұят, ақыл

29. Мына сөзді айтушының атын ата:

Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын әуел өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?

Қайрат
Ғылым
Жүрек
Жан
Ақыл
Өнер

30. Мына сөзді айтушының атын ата:

Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?

Қайрат
Ғылым
Жүрек
Жан
Ақыл
Өнер

31. Мына сөзді айтушының атын ата:

Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейібаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?

Қайрат
Ғылым
Жүрек
Жан
Ақыл
Өнер

32. Бұның қандай іс екенін анықта:

Адам баласына жыртқысыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек.

Жақсы іс
Дұрыс іс
Оң іс
Жағымды іс
Ұнамды іс
Игілікті іс

33. Бұның қандай іс екенін анықта:

Өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ.

Сыпайының ісі
Әдептінің ісі
Кербездің ісі
Мақтаншақтың ісі
Тәртіптінің ісі
Үлгілінің ісі

34. Мынаның кімнің ісі екенін тап:

Бет-пішінін, сақал-мұрттын, мүшесін, жүріс-тұрысын, қас-қабағын қолдан түзеп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ.

Сыпайының ісі
Әдептінің ісі
Кербездің ісі
Мақтаншақтың ісі
Тәртіптінің ісі
Үлгілінің ісі

35. Мынаның кімнің ісі екенін тап:

Атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардың ішін күйдіріп, өзінен кейінгіге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Сыпайының ісі
Әдептінің ісі
Кербездің ісі
Мақтаншақтың ісі
Тәртіптінің ісі
Үлгілінің ісі

36. Мына пікірдің Абайдың қара сөздерінің қайсысында айтылғанын көрсет:

Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.

Оныншы сөзінде
Он екінші сөзінде
Он төртінші сөзінде
Он алтыншы сөзінде
Он сегізінші сөзінде
Жиырмамыншы сөзінде

37. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам

есті болады
білімді болады
білікті болады
ақылды болады
көргенді болады
тағылымды болады

38. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де

есті болады
білімді болады
білікті болады
ақылды болады
көргенді болады
тағылымды болады

39. Мына сөйлемнің жалғасын тап:
Әрбір естілік жеке өзі іске

аспайды
жарамайды
ұласпайды
жалғаспайды
айналмайды
бастамайды

40. Мына сөйлемнің жалғасын тап:
Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны

кісі десе болады
адам десе болады
жақсы десе болады
азамат десе болады
есті десе болады
ақылды десе болады

41. Сөздің не нәрсе туралы екенін анықта:
Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі жора тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласының құтылмағы қиын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де ақырында тағы келіп жеңеді.

Қамығу
Сағыну
Жалығу
Жабығу
Табыну
Бағыну

42. Мына сөйлемнің жалғасын тап:
Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңілі аз ба, көп пе

қалады
қайтады
суиды
жалығады
тояды
басылады

43. Мына сөйлемнің жалғасын тап:
Бірақ осы жалығу деген әр нені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен

білімді адамнан шығады
ақылды адамнан шығады
көзі ашық адамнан шығады

саналы адамнан шығады
ойлы адамнан шығады
көргенді адамнан шығады

44. Осы сөздің Абайдың қай қара сөзінде айтылғанын анықта:

Хаттаки ғұмырдың баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шولاқтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет екен деп ойлаймын.

Оныншы сөзінде
Он екінші сөзінде
Он төртінші сөзінде
Он алтыншы сөзінде
Он сегізінші сөзінде
Жиырмамыншы сөзінде

45. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы –

дұрыс іс
керек іс
кажет іс
ауыр іс
қиын іс

46. Мына сипаттағы мінездің атын ата:

Надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек.

Үлкендік
Кішіктік
Сыпайылық
Сабырлылық
Менмендік
Мақтаншақтық

47. Мақтаншақтардың мына түрінің атын ата:

Жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді.

Надандығы толық, адамдығы толық емес
Надан, надан да болса адам
Адам емес
Надан
Наданның наданы, өзі адам емес
Жаман

48. Мақтаншақтардың мына түрінің атын ата:

Өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді.

Надандығы толық, адамдығы толық емес.

Надан, надан да болса адам

Адам емес

Надан

Наданның наданы, өзі адам емес

Жаман

49. Мақтаншақтардың мына түрінің атын ата:

Өз үйіне келіп айтпаса, яки аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді.

Надандығы толық, адамдығы толық емес.

Надан, надан да болса адам

Адам емес

Надан

Наданның наданы, өзі адам емес

50. Мына сөйлемде жетіспей тұрған сөзді тап:

Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп

ойладым

қиналдым

толғандым

іздедім

сұрадым

отырмын

51. Мына сөйлемде жетіспей тұрған сөзді тап:

Байды қадірлейін десең

бай көп

бай жоқ

бай бар

бай аз

бай жетерлік

байдан көп нәрсе жоқ

52. Мына сөйлемде жетіспей тұрған сөзді тап:

Ешбір байдың өз малының еркі

өзінде жоқ

өзінде емес

өзгеде емес

басқада емес

біреуде емес

өзінде болмайды

53. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан

сабылып, малын шашып жүр
жабығып, малын жоғалтып жүр
шашылып, малын жоғалтып жүр
аңырып, малын баға алмай жүр
жалынып, малын үлестіріп жүр
жағынып, малын тықпалап жүр

54. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр. Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрссесі жоқ

амалсыз әркімге жем болып жүр
еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр
амал жоқ әркімді сауғалап жүр
еріксіз әркімге мал беріп жүр
еріксіз әркімге бір емізіп жүр
амалсыз әркімге бір талтайып емізіп жүр

55. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза

иттен көп
мүлде жоқ
қаптап жүр
мүлде көп
бірен-саран ғана
аз емес

56. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Біреу бір пайдама келтірем деп

мырза болып жүр
ыза болып жүр
шапқылап жүр
сараң болып жүр
үнемшіл болып жүр
жомарт болып жүр

57. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік

әркімде бар
ілуде біреуде ғана бар

ешкімде жоқ
біреуде бар, біреуде жоқ
ешкімде жоқ
елде жоқ

58. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің

ешбір қасиеті жоқ
ешбір қадірі жоқ
ешбір пайдасы жоқ
ешбір игілігі жоқ
ешбір абыройы жоқ
ешбір игілігі жоқ

59. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

**Мықтыны сыйлайын десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты,
жақсылыққа мықты кісі**

халықта жоқ
қазақта жоқ
еш жерде жоқ
жұртта жоқ
қайда жоқ
елде жоқ

60. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі

халықта жоқ
қазақта жоқ
еш жерде жоқ
жұртта жоқ
қайда жоқ
елде жоқ

61. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Құлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де

ағып тұр
епті
есті
жүйрік
дайын
құмар

62. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Ғарып-қасар бишараны құрметтейін десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол

пысықтыққа есеп емес
кісілікке есеп емес
ғарыптыққа есеп емес
момындыққа есеп емес
ғарап-қасарлыққа есеп емес
жамандыққа есеп емес

63. Мынадай жағдайда біздің қазақ қайтеді?:

...елде бір жаманды тауып я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса

қайғырады
қапа болады
қуанады
күйінеді
күледі
жылайды

64. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

... жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ, болады-дағы деген сөзді

медет қылады
сүйеніш қылады
жұбаныш қылады
қуаныш қылады
тірек қылады
тілек қылады

65. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып

жүреміз бе?
өтеміз бе?
өсеміз бе?
өшеміз бе?
тұрамыз ба?
жатамыз ба?

66. Мына сөйлемнің жалғасын тап:

...қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн

болар ма екен?
туар ма екен?
шығар ма екен?

келер ме екен?
жетер ме екен?
кайтер екен?

64. Мына сөйлемнің жалғасын тап:
Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы

басқа халықтарға ұқсайды.
Еуразия халықтарына ұқсайды
орыс халқына ұқсайды
ешбір халыққа ұқсамайды
түркі халықтарына ұқсамайды
орыс халқына ұқсамайды

65. Мына сөйлемнің жалғасын тап:
Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп

үйрену керек
оқу керек
еңбек ету керек
білім табу керек
мал табу керек
адам болу керек

66. Мына сөйлемнің жалғасын тап:
Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең,

білім бер!
білім, өнер үйрет!
жастайынан дұрыс жолға сал!
оқыт, мал аяма!
еңбекке баулы!
атаның емес, адамның баласы болсын!

Алтыншы тарау

АБАЙ ІЛІМІ: ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ұлт ұстазы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлы өз шығармаларын «ермек үшін емес», «қалың еліне» айтары бар болғандықтан, «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деп тыңдаушысы бар екенін сезінгендіктен де қолына қалам алғаны белгілі. Бүгінде қазақтың бас әдебиеттанушысы атанған А.Байтұрсынов әйгілі «Әдебиет танытқышында» қазақ әдебиетінің «сындар дәуірін» сөз еткенде: «Қазақ әдебиетінің асылдануына әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері. Абаймен қатар басқалар да шыққанмен, олар асыл сөздің жаңа сипатын Абайдай айқын көзге түсерлік етіп көрсете алған жоқ» [1, 446 б.], – деп Абай шығармаларының интенциональді әлеміне үңіледі. Абай үлгісін айта отырып, «айтушы», «тыңдаушы» жайын да қозғайды: «Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды, олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтып та жұртты хабардар» [1, 447], – деп Абай өлеңдеріндегі эстетикалық толғамдарды куәлік етеді. А.Байтұрсынов «тіл қисынын» пайымдағанда: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс» [1, 347], – тіл заңдылықтарымен қоса, «адресат-адресант» қарым-қатынасындағы рефлексивті қабылдау үдерісі де меңзелгенін аңғаруға болады. Осыған қарағанда, қазақ ғұламалары Абайдың да, Ахметтің де ой-толғамдарының герменевтика мәселелерімен ұштасып жатқанын бағамдауға болады. Олардың «айтушы», «тыңдаушы» ұғымдары филологиялық герменевтикадағы «оқырман», «парасатты оқырман», «мінсіз оқырман», «қабылдаушы», «рецепиент», «адресант» тағы басқа да терминдермен сәйкеседі. Демек, қандай да өнер туындысы коммуникативтік сипатқа негізделеді. Сондықтан да өнер туындыларын авторға ғана емес, оқырманға қатысты қарастырудың бастауы ежелгі дәуірде және орта ғасырда (мифтер, діни мәтіндер) жатқанымен, герменевтика

(ежелгі грек етістігі – «түсіндіремін») ілімі ХІХ ғасырда неміс философтары Ф.Шлейермахер, В.Дильтей еңбектері негізінде қалыптасқаны мәлім. Ал ХХ ғасырда Г.–Г. Гадамер, П.Рикер, Г.Г. Шпет, М.М. Бахтин еңбектері негізінде дамыды. Жаңа уақытта автор – шығарма – оқырман мәселесі герменевтика ілімінің әрқилы аспектілері тұрғысынан қарастырылып келеді.

Осыған қарағанда, Абай шығармаларындағы оқырман мәселесі рецептивтік эстетика ілімі тұрғысынан әлі шешімін таба қоймаған күрделі ғылыми мәселе болып табылады. Тіпті абайтану ілімі қалыптасып, дамып келе жатқанымен аталмыш мәселенің нақты ғылыми айналымға түспей келе жатқаны белгілі. Бұл мәселе, әрине, Абайдың өз заманының оқырманы, кеңес дәуірі кезеңіндегі оқырмандары, тәуелсіздік кезеңіндегі оқырмандары Абайдың шығармаларын қалай қабылдады, қалай түсінді, қалай талқылады деген сауалды алға тартар болсақ, бұл сауалдар қазақ әдебиеттануындағы Абай мұрасын тану, түсіну, білу, бағалау мәселелеріне келіп тірелері анық. Әрине, нақтырақ айтсақ, Абайдың өз заманындағы оқырмандары «Абай мектебінің шәкірттері», Абайдың айналасы, Абай шығармаларын жинаушылар, қолжазбасын бастырушылар, көшірушілер, жалпы алғанда, «қалың елі, қазағы» болғаны мәлім. Одан кейінгісі Абай кітаптары жарыққа шығып, қолға тигеннен соңғы оқырмандары аса мол. Сондықтан қазақ әдебиеттануында Абай герменевтикасының тарихы әріде жатқанын айтсақ та жеткілікті. Десек те, Абай шығармаларын ғылыми-теориялық, әдеби тұрғыдан зерттеп-зерделеген А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Қ.Мұхамедханов, М.Мырзахметов, Ж.Дәдебаев, Р.Сыздықова, Т.Жұртбай сынды т.б. көптеген абайтанушылар еңбегінің маңызы айрықша деуге болады. Дегенмен солардың баршасын сөз етпесек те, абайтану іліміне айтарлықтай мол олжа салған, Абай мұрасын тарихи-функционалдық зерттеу деңгейінде қарастырған бірнеше ғалымдардың ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, Абай ілімінің жаңаша интерпретациялануын қарастырмақпыз. Осы орайда, қазіргі Абай мәтіндерінің интенционалды сипаты, Абайдың парасатты оқырманының ойы, Абайды түсінуі мен түйсінуі, талдауы мен талқылауы, жаңашыл интерпретациясы қалың оқырманға да игі әсерін тигізсе керек.

Көрнекті ғалым А. Жақсылықов герменевтиканың дінтану, философия, эстетика, антропология, языковедение, психолингвистика және басқа да әр алуан ғылымдармен туыстас екенін, оның басты мәселесі гностицизм и агностицизмнің адамның болмысты құбылыс сипатында танудағы ментальді стратегиясының тұғырнамасы іспетті болып табылатындығын пайымдайды. Бұл мәселе адам санасының көпқырлылығын, вербальді ойлаудың жүйесінің ашықтығы мен жабықтығын, түпсана аясының мәнін, ойлаудағы семантизация және мағыналық құрылым үдерістерін, идентификациялар мен интерпретациялар сипатындағы түсінуді, бір индивидуумның басқаны түсінуін, бір мәдениеттің басқа мәдени құндылықтарды қабылдаудағы өзіне тән ерекшеліктерін, қазіргі заман адамдарының өткен дәуірдің ойлау жүйесін қабылдауын және түсінуін, тағы басқа да мультимәдени қарым-қатынастарда абберациялардың мәнін, тіл мен ойлаудың біртұтастығын белсендендіре түсіп, адамның өзін-өзі тану саласында ерекше өзекті болып табылатынын тұжырымдайды [2, 63]. Зерттеуші: «Гадамер в результате своих исследований говорит о восприятия любого дискурса как об интерпретации. То есть по Гадамеру, понимание – это интерпретация, ибо в нем присутствует элемент нового» [2, 66], – дегенмен, автор егер кез келген түсіну сипатындағы мотивация немесе мағыналық құрылым интерпретация мәнінде болса, онда біртұтастықты қалай түсінеміз деп сауал тастайды. Бірақ мәтінді қабылдайтын машина емес, тіршілік иесі болғандықтан, жеке қабылдаушының қабілетіне қарай мәтін өзгеріске түсетіндігі белгілі. Себебі бастапқы мәтінді әрқилы субъектінің оқуы мен түсінуі бірдей емес және олардың парасаты, мәдениеті, ес мен түйсінуі, көзқарасы ұқсас болмауы, тіпті перцепиенттің жынысы мен жасы теңдес болмауы, қабылдау сәтіндегі психологиялық жағдайы, т.б. да әсер етуі мүмкін [2, 66].

«Литературная герменевтика – достаточно сложная и развивающаяся часть герменевтики в области философии, эстетики, культурологии и антропологии. На развитие литературной герменевтики в двадцатом веке и начале двадцать первого века повлияли достижения и прорывы в смежных науках, в общем языковедении, философии и эстетике, теории информации

и семиотике, кибернетике и др.» [2, 63], – деп жазады А.Жаксылықов.

Зерттеушілер герменевтиканың негізгі тетіктері: рефлексия, түсіну, интерпретация, мәтіннің риторикалық аспектілері туралы ой толғайды. Мәселен, рефлексия қабылдау ұғымымен сәйкеседі. Рефлексия – рецепиент санасында өтетін ішкі үдеріс. Сол рефлексивті қабылдау үдерісі «сыртқы» болған жағдайда рефлексия интерпретация сипатын иеленеді.

Көркем шығарманың риторикалық аспектілерін сөз еткенде, кез келген шығармада ой өзегі бар екенін ескереміз, ол – жазушы шығармашылығының жемісі. Көркем мәтіннің ой өзегі жабық мағыналық жүйе болуы мүмкін. Расында, әдеби ой өзегі бірден пайда болмайтыны белгілі. Ол жазушының дүниетанымына байланысты қалыптасып дамиды. Мәтіннің риторикалық аспектілері хақында М.Ю. Шульженко: «Проблема риторичности – это проблема активной роли языка и способ минимизировать пассивность рецепиента в процесса освоения содержательности языка. Риторичность служить для расширения возможностей воздействия текста на рецепиента, как гаранта этого воздействия и как средство регулирования интенсивности воздействия» [3, 60], – деп мәтіндегі поэтикалық тілдің қабылдаушыға ықпалын айрықша атап өтеді.

Герменевтиканың басты ұғымы түсіну (понимание) екені белгілі. Түсіну айтылған сөздің немесе мәтіннің тұтас мағынасын түсіну болып табылады. Әрине, мәтінді түсінуде, мағынаны (смысл) түсіндіруде, талқылауда (интерпретация) оқырманға дайындық қана емес, таным мен білім, дарын да қажет. Сондықтан М.Ю. Шульженко: «Процесс понимания для нас представляет выполнение определенной конструктивной, интерпретативной деятельности субъекта на основе имеющихся у него знаний» [3, 41], – деп ой түйеді. Герменевтикада түсіну аспектісі адамдардың қарапайым әңгімесінен бастап, жазба мәтінді түсіну қырларына дейін қарастырады. Өлемдік әдебиеттануда түсіну, түсіндіру (объяснение, истолкование), түпкі мән мәселесін Г.– Г.Гадамер, А.А. Ухтомский, А.В. Михайлов, Ф. Шлейермахер, А.Ф. Лосев, Л.С. Выготский, Г.И. Богин, В.Е. Хализев, М.Ю. Шульженко т.б. зерттеушілер пайымдайды.

В.Е. Хализев интерпретацияның түсінудің екінші компоненті екенін, герменевтикадағы маңызын, әдебиет пен өнердегі мәнін пайымдай келіп: «Интерпретация – это *избирательное* и в то же время творческое (*созидательное*) овладение высказыванием (текстом, произведением) [4, 129], – деп жазады. Алайда мәтін, көркем шығарма түріндегі өнер туындыларын талқылаушының (истолкователь) оның авторынан да терең, артық түсінуі герменевтикада мағына (смысл) ұғымымен тікелей байланысты болып табылады. Философиядағы ең күрделі категория саналатын мағына (смысл) туралы В.Е. Хализев: «Смысл высказывания – это не только вложенное в него говорящим (сознательно или непреднамеренно), но также и то, что извлек из него толкователь» [4, 130], – деп байыптайды.

Герменевтикадағы ұғымдардың бірі – диалогтылық. Әлемдік гуманитарлық ойға қозғау салған М.М. Бахтиннің әдебиетті диалогтық қарым-қатынас сипатында түсіндірген концепциясының герменевтика мәселелерін талқылаудағы маңызы зор екені белгілі. В.Е. Хализев: «Характеризуя науку и искусство в аспекте теории общения, Бахтин утверждал, что диалогичность составляет основу гуманитарных дисциплин и художественного творчества» [4, 131], – деп тұжырымдайды. М.Ю. Шульженко түсіну жөнінде: «Процесс понимания носит интерсубъективный характер взаимодействия когнитивных систем автора и рецепиента. Конкретизируя этот принцип М.М. Бахтин обращается к диалогической природе понимания» [3, 42].

Қазақ әдебиеттануында да М.М. Бахтиннің диалогтық концепциясы жан-жақты талқыланады. Көрнекті қазақ ғалымы, әдебиет теоретигі, профессор Б.Қ. Майтанов Бахтиннің диалогтық тұжырымдамасының әлемдік гуманитариядағы маңызын гуманитарлық және жаратылыстану ілімдерінің тоғысында қарастырып, әлемдік деңгейдегі Толстой, Достоевский, Чехов шығармаларының және ұлттық әдебиетіміздегі М.Әуезовтің «Абай жолы», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М.Мағауиннің «Көк мұнар» т.б. шығармалар мысалында талдап түсіндіріп, Бахтин ілімін жаңаша интерпретациялайды. М.М. Бахтин ілімінің Ч.Пирс, Р.Якобсон көзқарастарымен ұштасып жатқанын пайымдай келіп, Б.Майтанов: «Демек, М.Бахтин бүкіл өмір, өркениет, руханият, тарих оқиғалары мен философиясын

сұхбаттасу құрылымының шеңберінде қызықтау арқылы бүкіл әлемдік даму заңдылықтарын тартыс пен келісім, қайшылық пен қақтығыс нәтижесі ыңғайында зерделейді. Интеллект күдіретімен ұйымдастырылған метадеңгейдегі тілдесу парадигма түрінде, дау жоқ, диалектика қағидаларын еске түсіреді. Дүние – қарама-қарсылықтардың бірлігі» [5, 1856], – деп Бахтин диалогизмінің мәнін ашады. М.Бахтиннің романдандыру тезисінің мәнін «романдандыру» нәтижесінде өзге жанрлық құрылым мазмұн, пішін жағынан, сөз жоқ байи түсуімен, «өзге жанрлар романға тән диалогтық бітімге қол жеткізетіндігімен» түсіндіреді [5, 187].

Соңғы уақытта шет елдерде түсіну және келісім сипатында емес, керісінше адамдағы барлық адамдықты аяқ асты ететін және оны төменшік ететін герменевтика туралы өзге де түсініктер, дәстүрлі емес герменевтика орнықты деуге болады. Бұл ретте 1960-1970 ж. француз философы Мишель Фуконың постмодернистік бағыттағы тәжірибесін айтсақ болады. Поль Рикер дәстүрлі емес герменевтикалық ойдың бастауын адам өмірі мәнінің доминантынан, экономикалық мүддесінен, билікке ұмтылысынан, сексуалдық импульстарынан көретін Маркс, Ницше, Фрейд ілімдерінен іздейді. П.Рикердің айтуынша, археологиялық бағыттағы герменевтиканың міндеті адамның санамен танылмаған және тереңдегі құпия құбылыстарын көпшіліктің көз алдына шығару болып табылады. Рикерше, дәстүрлі емес герменевтика көбінесе психоаналитикалық интерпретацияларға қатысты болады. П.Рикердің айтқанына қосар болсақ, Жак Дерриданың деконструктивизмі де әшкерелеуші, редукционистік герменевтиканың қатарынан табылады. Дәстүрлі емес герменевтикада интерпретациялар тікелей түсіну және диалогтық белсенділігі байланыстарын жоғалтады, ең бастысы, өзара түсіністікке жетуге деген ұмтылысынан ажырайды. Бахтин лексикасы бойынша, герменевтиканың бұл бұтағын «монологтық» деп атауға болады. Егер дәстүрлі герменевтика бөгденікін өзінікі етуге, өзара түсінісу мен келісімге ұмтылса, «жаңа» герменевтиканың айтылып отырған мәселеге айнаымалылық мен күмәндануға бейім, жасырын және құпия құбылыстарды әшкерелеуде этикалық тұрғыдан мінсіз еместігі көзге түседі [4, 132-133].

Автор және оқырман мәселесі А.А. Потебня, И.А. Ильин, Г.А. Товстоногов, Н.К. Бонецкая, В.Е. Хализев, А.П. Скафтымов сынды т.б. ғалымдардың өзекті ой-пікірлерінде орын алады. Көркем әдебиеттегі автор-оқырман мәселесін талқылауда ғалымдардың да пікірі әрқилы бағытта екенін, оқырманның шығармашылық қарымының абсолют сипатын танытқан А.А. Потебня пікірін саралаған В.Е. Хализев: «Это представление о независимости читателей от намерений и устремлений автора доведено до крайности в современных пост-структуралистических работах, в особенности у Р.Барта с его концепцией смерти автора» [4, 134], – деп ой толғайды. Анығында, Р.Барттың автор өлімі туралы концепциясы оқырман белсенділігін абсолют деңгейге көтеріп, авторды мәтіннен шеттетуге барын салатыны белгілі. Әдебиет теориясының білгірі Б.Қ. Майтанов та А.Потебняның авторды қабылдаушы-реципиент ұғымымен матастырып қойғанын пайымдайды [5, 206]. Б.Майтанов Ю.М. Лотман, Ф.Гүлен, У.Бут, В.Изер, Х.–Р. Яусс, М.Фуко, С.Малларме, М.Пруст, У.Эко, т.с.с. ойшылдардың автор-оқырман мәселесіне қатысты көзқарастарын кең ауқымда саралай қарастырып, Р.Барттың автор өлімі концепциясын жан-жақты талқылап: «Оқырман туады, автор дүниемен қош айтысады. Жазуды жүргізетін автор емес, «скриптор». Автор мен оқырманды жауластыру сәнге керек болғанмен, нақты тарихи-шығармашылық үдерісте нәтиже бермейді» [5, 15], – деген тоқтамға келіп, Р.Барт тұжырымының да «белгілі бір дәрежеде ойын-қалжыңға ұқсастығын» аңғартады [5,207].

Жалпы, әдебиеттануда автор образымен қатар оқырман образы да қарастырылады. Кейбір шығармаларды оқырман мен автордың жанды қарым-қатынасынсыз көзге елестету де мүмкін емес. Автордың меже тұтатын ойдағы оқырманның туынды тұтастығында орын алады [4, 136]. 1970 жылдары неміс ғалымдары Х.–Р. Яусс пен В.Изер оқырман-адресат мәселесін түпкілікті зерделейді, рецептивтік эстетика мектебін құрады. Олар эстетикалық теорияның екі тегін ажыратады: бірі, жаңа – қабылдау теориясы, оның орталығына авторды емес, оның адресатын қояды, адресатты имплицитті оқырман деп атайды, көркем шығармаға жанама түрде қатысушы және оған имманентті болады. Ал авторға оқырманға ықпал ету энергиясы

тән, атап айтқанда, оқырманға шешуші мән беріледі. Сондықтан автор кейінгі орынға ысырылғанмен мәтіннің құрылымы оқырманға қаратылған апелляция сипатында қарастырылады. Сондықтан оқырман мәселесі әдебиеттанудағы тарихи-функциональдық зерттеулерге негіз болды [4, 136-137].

Көрнекті абайтанушы Мекемтас Мырзахметов «Абайдың толық адам» ілімі деген еңбегінде абайтанудың кеңестік жүйе тұсындағы «тар жолды» талайлы тағдырын кеңінен шола келіп, ақынның «толық адам» ілімінің негіздерін ежелгі шығыс ойшылдары мен ақындарының шығармаларындағы жәуанмәртлік ілімімен сабақтастырады. Зерттеуші: «Себебі XII ғасырда парсы тілінде жазылған «Кабус-наме» кітабында жәуанмәртлік ілімі жайында арнайы тоқталып, өз танымын баяндап беретіні бар» [6, 36], – деп жазады. Ғалым жәуанмәртлік («жомарт» ұғымы) ілімінің бастауы Жүсіп Баласағұндың «Құтты білік» дастанында «ақи ілімі» түрінде айтылғанын дәйектейді. Сондай-ақ Абайдың «ғұламалық негіздегі толық адам жайлы танымында жәуанмәртлік белгілері елеулі орын алатынын байқатады» [6, 38]. Абайдың «толық адам» ілімінің іргетасы болған жүрек культі туралы ой-танымдарын әл-Фарабидің жүрек жайындағы байламдарымен салыстырып, стильдік ерекшеліктерін ажырата қарастырады. Осы орайда, Абайдың он жетінші қарасөзінде айтар ойын ақыл, қайрат, жүректің пікірталасына төреші ретінде сөйлей, үшеуінің басын қоспақ болған айтушының аты ғылым екен деп байлам жасайтынын сөз ете келіп, Абайдың жүрек культі «толық адам» ілімінің елеулі қайнары екенін пайымдайды. Ал Абайда жәуанмәртлік сөзінің бір рет қана аталатынын ескергенмен, ғалым ақынның он жетінші сөзіндегі ақыл мен қайраттың жүрек қалауымен жүргізіп отыруының төркінін жәуанмәртлік іліміне телиді [6, 40-41].

М.Мырзахметов Йассауидің хәл ілімін, әл-Фарабидің парасатты адам туралы ілімін қарастырады. Йассауи өзінің хәл ілімін айналасына насихаттап, тыңдаушыларымен бас қосып отырғанын, өзінің хикметінде сыр шертетінін пайымдайды. Зерттеуші бұл жайдан: «Айтушы мен тыңдаушының білік деңгейі сай келгенде, айтушы өз ой-танымын толық жеткізуге құштарлана ұмтылатын жағдайын көз алдымызға келтіріп, психологиялық болмысын аша түсетін жағдайын көз алдыға

әкелетін әрекетін де жеткізе біледі» [6, 44], – деп жазады. Демек, зерттеуші пайымы сөйлеуші мен тыңдаушы қарым-қатынасы ежелгі ойшылдардың хикметінде суретті сөзбен, өлеңмен өрнектелгенін ұқтырады. М.Мырзахметов Абайдың Йассауиге қарым-қатынасын пайымдау арқылы Абайдың Шығыс руханиятынан нәр алғанын жоққа шығаруға болмайтыны анық. Бірақ кеңес дәуірінде Абайдың Шығыспен байланысын айтуға тосқауыл қойылғаны, Абай жайына келгенде М.Әуезовтің де тағдыры тығырыққа тірелгені ғалым еңбегінде орынды байыпталады. Абайдың Шығыстың қайнарына бас қойғанымен, «сопылық поэзия белгілерінен бас тартпай қажет жерінде творчестволық жолмен пайдалана отырып беруден қашпаған қалпын көреміз» [6,53]. Зерттеуші «Абайдың суфизмге қарым-қатынасын, тіпті оның дүниетанымымен ортақтасатын жақтары барлығын Абайда өзекті желідей тартылатын камили инсани, яки «толық адам» немесе инсанияттың кәмәлаттығы мен бенделіктің кәмәлаттығы жайлы ой толғаныстары да айғақтап жазады» [6, 54]. Ғалым Абайдың үш сүюін де өзіне ұстаз тұтқан Әлішер Науаидің де шығармаларында орын алғанын тілге тиек етеді. Дегенмен зерттеуші Абайдың хақ нұрына ғашық болған сопылық жолды қолдамайтынын қара сөздерінде баяндайтынын ұқтырады. Ал Абайдың «толық адам» ілімінің бастауы «Құтты білікте» жатқанын қадай айтумен болады.

М.Мырзахметов: «Абайдың суфизмге қарым-қатынасын білдіретін аса күрделі де қиын мәселенің бірі исламият пен суфизмдегі жан мен тәнге байланысты таным болып келеді» [6, 54], – деп нақты аңғартады. Осы тұрғыда, Абайдың жиырма жетінші қара сөзіндегі пайымдарын алға тартады. Абай мен Шәкәрімнің жан туралы бір бағыттағы танымын аңғартады. Абай жанды тәңірінің берген сыйы деп те, психикалық жан құбылысы сипатында да пайымдағанын танытады. «Жан мен тәннің, «мен» мен «менікінің» арақатысы мен мән-мағынасы туралы мұсылмандық дүниетаным негізі» Құранда, «Құдатғу білікте» көрініс тапқанын пайымдайды [6, 61]. Дегенмен зерттеуші Абайдың бұл таным деңгейінен табыла бермейтінін, жанның мәңгілігі жайындағы жаңаша ұғымға ұластыратынын байыптайды. Зерттеуші Абайдың «толық адам» ілімінің іргетасының бірі – ақыл, нұрлы ақыл, ол суық ақылға қайшылықта

танылады, екіншісі әділет, үшіншісі рақым (қанағат-сопылық таным) деп саралай танығанда да, Абайдың ой-танымдарының, ақындық шеберліктерінің бастауы көне Шығыс мәдениетімен, өзі ұстаз тұтқан түркі ойшылдарының дүниетанымымен ұштасып жатқанын жан-жақты, толымды ғылыми біліктілікпен зерделейтінін пайымдаймыз. Көрнекті әдебиеттанушы Мекемтас Мырзахметов абайтану іліміне қомақты олжа салған абайтанушылардың бірі ғана емес бірегейі екеніне төл еңбектеріндегі ғылыми мәнді құндылықтар куә бола алады.

Көрнекті әдебиеттанушы Жанғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» атты еңбегі «Абай ілімі» деген ұғымды ғылыми категория деңгейіне көтерген іргелі зерттеу болып табылады. «Абайдың антропологиясы» еңбегінің құндылығы мен маңыздылығы оның жаңашылдығында. Абай шығармаларының тарихи-әлеуметтік, философиялық-эстетикалық, мәдени-этикалық, эпико-психологиялық, лингво-поэтикалық құрылым ерекшеліктерін пәнаралық зерттеу негізінде әлем таныған ақын мұрасының барша адамзат игілігі үшін мәңгілік құнды жәдігер болуының сыры мен сипатын ғылыми-теориялық тұрғыдан тұжырымдайды.

Ж.Дәдебаев Абайдың «әділет туралы», «адамгершілік туралы», «толық адам» туралы тұжырымдарын философиялық-эстетикалық, тарихи, тарихи-әлеуметтік, психо-физиологиялық, жалпы антропологиялық тұрғыдан тұтастықта қарастырып, адекватты интерпретациялайды.

Зерттеуші Абайдың «адам туралы ілімінің» үш негізін ажыратады: «Абайдың антропологиясы мен ақындығы өрісінде ақын ілімінің мынадай құрамдас бөлімдері анықталады: ақыл, қайрат, жүрек (махаббат). Бұл үшеуі – ақынның шығармашылығында адамға тән басты қасиеттер. Олардың бірін алып тастауға немесе олардың қатарына тағы бір қасиетті алып келуге болмайды». Ғалым еңбегінің «Өмірбаян өрнектері және ақындық тұрғы» аталатын тарауында «Абай өмірінің мәдени өрісін, мәдени мерзімі мен мекенін» пайымдайды. Сондықтан да бұл «артына өлмейтұғын сөз қалдырған» Абайдың жалаң биографиялық-ақпараттық деректерге құрылған өмір сипатынан өзге мәндегі рухани-мәдени өмірі екенін жаңаша пайымдау екенін түсінуге болады. «Ақын өмірінің мәдени өрісі, мәдени

мерзімі мен мекені белгілі бір тарихи дәуір шегіне сыймайды» [7, 5].

Ал зерттеуші әдебиеттануда ертеден белгілі «ақындық тұрғы» ұғымын Абайдың ақындық, шығармашылық тұрғысы негізінде кеңейте, толықтыра тұжырымдайды. Абайдың ерекше ақындық тұрғысы туралы сабақтай келіп, Ж.Дәдебаев: «Абайдың ақындық тұрғысы дегеніміз – Абайдың адамзат тарихында, адамзаттың өмірлік тәжірибесінде атам заманынан бері жинақталған, сұрыпталған ілім қорын, рухани асыл құндылықтарды бойына сіңіру, олардың жарығы мен жылуында жетілу, сөйтіп қайта түлеу нәтижесінде өз өмірінің мәдени өрісінде, өз өмірінің мәдени кезеңі мен кеңістігінде қалыптастырған айрықша ақындық қасиеті» [7, 5], – деп Абайдың ақындық тұрғысын жаңаша қырынан танытады. Аталған тарауда Абай өмірі мен шығармашылық қызметін, Абайды өз заманының құбылысы мен тіршілік тынысында туған халқының тағдырымен тұтастықта поэтикалық үлгіде суреттеген ғасыр эпопеясы «Абай жолын» жазу мақсатында Абайдың өмірбаяндық және шығармашылық тарихын зерттеп, монография жазып және де өз шығармаларының жазылу тарихын толғап, мол мұра қалдырған ұлы жазушы М.О. Әуезов еңбектеріндегі өмірбаяндық, тарихи ақпараттардың әдеби-мәдени құндылықтарын саралайды. Мәселен, зерттеуші М.Әуезовтің «Абайдан соңғы ақындар» мақаласын қарастыру барысында, мақала авторының «ақындық өнерге қойылатын өлшемдерді Абайдың ақындық шеберлігіне негіздеп ұсынатынын» байыптайды [7, 9].

Зерттеуші «Абайдың антропологиясы» еңбегінде «адам келбеті һәм заман сипаты» жайынан философиялық тұрғыда кең пайымдауларға жол ашады: «Адам баласын замана өсіреді. Өсіп, қуаты толған адам заманға билік жүргізуге құлшынады. Кейбіреу билігі, дәулеті өскен сайын өзін заманнан биік санай бастайды, билігі заманға жүргендей, заман соныкі болып тұрғандай күйде болады. Ақылы өскен кісі өзінің мұндай қылығынан мін таппай қалмайды. Бірақ, кісінің билігінің, дәулетінің, ақылының бірдей өсуі, бірдей кемелдікке жетуі өте сирек. Өйткені мұндай кемелдікке кісі өзімен-өзі болып, жеке-дара жете алмайды, жетсе қоғамымен, заманымен, заманының адамымен жетеді» [7, 26]. Зерттеуші осы пайымдауларының негізін Абайдың адам туралы

ілімдерінен іздейді. Абайдың адамның мінезінің күрделі психологиялық құбылыстарын өз заманының болмысымен тұтастықта танытындығын аңғартады. Абайдың «адам өмірінің мәні мен мағынасы» туралы ілімнің «концептуалды қағидалар жүйесін жасап, өзінің ілімін қалыптастырғанын» байыптап, оның өзегі ақынның қара сөздері мен өлеңдеріне жатқандығын ізерлейді: «Адамды сүй, алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа?» [7, 28]. Абайдың адамның адамдық ең ізгі қасиеттері туралы адамзат дүниесінде жинақталған ілімдерді өз бойында даналықпен қорыта отырып: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [7, 29], – тектес өлеңдерінде ақынның «толық адам» қағидасының шарты ғана емес, терең философиялық астар мен семиотикалық мән жатқанын бұтарлай түсіндіреді. «*Ынсан, ұят, ар, гадалат, шапағат, жақсылық* ұғымдарын ақын Құдай жолымен байланыстырып айтатыны рас», – дей келіп, олардың бүгінге дейін қасиетін жоймаған асыл құндылықтар екенін дәйектейді [7, 28]. Ақынның «толық адам» ілімінің өзегі: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек... Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» [7, 28], – дейтін өлеңінде өрнектелгенін байыптайды. Ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық ойлардың бастауы, қазынасы мол екенін ұқтырады. Зерттеушінің осы пайымдары Абай өлеңінің мәтініндегі реминисценциялық элементтер мен дәстүр сабақтастығы белгілерін де аңғартады. Заман мен заман адамының болмысын тұтастықта танып, адамзатты зұлымдық пиғылдан аулақ болуға, ізгілікке, жақсылыққа, дос-тыққа бейіл болып, «адамзаттың бәрін сүюге» үндеген Абайдың «достан, дұшпаннан да көңілі қалғанда, сенісерге жан таппағанда, Аллаға жалбарынатыны рас» [7, 46]. Зерттеуші Абайдың адам туралы ілімінің «заман жайын, адам құлқын» толғаған Қожа Ахмет Йассауидің, Ахмед Йүгінекидің еңбектерімен үндестігін аңғарғанмен, арғы-бергі уақытта заман сырына, адам болмысына Абайдай терең бойлаған ақынды табудың қиындығына көз жеткізеді. Абайдың «толық адам» қағидасын оның өз шығармаларының бойымен тарқата талдаған ғалым: «Адамзаттың, адам баласының адамдық мәні, адамдық қасиеті туралы мұндай кемел ілім Абайдың заманында бір-ақ адамда болды. Ол – Абайдың өзі» [7, 46], – деп тұжырымдайды.

Ж.Дәдебаевтың бұл зерттеуі нақты талдауларға құрылуымен ерекшеленеді. Абай іліміндегі адам ерекше «таным, түзеу, тәрбиелеу, суреттеу субъектісі» сипатында қарастырылады. Жақсы мен жаман категориясы жан-жақты сараланады. «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып» [7, 46], – деген Абай өлеңінің екі жолынан ғана зерттеуші ақынның суреткерлік шеберлігімен қоса, жаман адамның жан шошырлық әрекетін әшкерелеген ақынның сұңғыла дүниетаным байлығының сырына оқырманды қанық етеді. Ақынның осы өлеңінің рефлексивті ерекшелігін: «Ақынның сөзінен, ақын шығармаларының мәтінінен туындайтын мазмұннан, оның астарынан, ақынның образды ойынан туындайтын және қабылдаушының интерсубъективті ойлау қызметі деңгейінде ғана ашылатын мағына әлдеқайда күрделі, терең» [7, 46], – деп байыптайды.

Еңбекте Абайдың адам туралы ілімінің негізі саналатын жан мен тән мәселесі, ақыл, махаббат мәселесі, Абай және құран жайы, адамның бес асыл ісі, адамның бес дұшпаны, ақындық дүниетаным, мән мен мағына поэтикасы мәселелері кең ауқымда интерпретацияланады.

Көрнекті әдебиеттанушы Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» атты еңбегі Абай ілімінің антропологиялық қырларын терең танытып, алғаш рет ғылыми категория деңгейіне көтеріп, тарихи-функционалды және пәнаралық зерттеулерінің маңыздылығымен танылады. Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» еңбегі герменевтикалық талдаудың биік үлгісі ғана емес, өзінің заманауи жаңашыл ғылыми-теориялық тұжырымдарымен Абайтану ілімінің деңгейін көтергеніне көз жеткізуге болады.

Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан интерпретациялаудың да азды-көпті тарихы бар екені белгілі. Дегенмен біз солардың бірі және бірегейі саналатын Қайым Мұхамедхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайынан» деп аталатын еңбегіндегі Абайдың «Қара сөздерін» текстологиялық тұрғыдан зерттеуде қандай герменевтикалық әдістерге сүйенгенін пайымдамақпыз.

Қ.Мұхамедхановтың Абай өлеңдерінің текстологиясы бойынша бірнеше талдауларына тоқталып өтейік. Зерттеуші

Абай өлеңдерін кітапта басылу реті бойынша талдайды. Мәселен, 1954 жылғы жинақты «ертеден белгілі қолжазбалармен» салыстыра тексереді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін Оразке қолжазбасымен салыстырады. Жинақта: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі – қан, бірі – май боп енді екі ұртың. Оразке қолжазбасында: Қазағым, қалың елім, қайран жұртым, Аузыңа ұстарасыз түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмайсың, Бірі – қан, бірі – май боп енді екі ұртың. Бастапқы екі жолдағы айырма-шылық өлеңдегі сөздердің орын ауысуында екені көрініп тұр» [8, 38]. Зерттеуші Оразке қолжазбасындағы өлең өрнегінің ақынның ақын ойының негізгі мағынасын дәл беріп тұрғанын уәж етеді. Ал 1954 жылғы жинақта осы төрт жолдан кейін келетін: «Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың» [8,39], – деген жолдар Оразке қолжазбасында мүлде жоқ екенін айтады. Ал осы өлеңнің жетінші, сегізінші жолдарындағы: «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың [8, 40] (?), – деген жолдардағы «қыртың» сөзінің қолжазбада «қыртым» болып берілуінің дұрыстығын көрсетеді. Кітаптағы: «Көрсө қызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн жыртың [8, 40] (?)», – деген он бір, он екінші жолдар қолжазбада және 1945 жылғы жинақта: «Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың» [8, 40], – деп келеді. Ғалым Абайдың тұрақсыз, байлаусыз адамның мінез құбылысын айтып отырғанын дйттейді. Өйткені, өлеңнің он жетінші жолында: «Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың» деп «бұртың» сөзі тағы қайталанатындықтан оның орынды екенін ескертеді. Ал, «жыртың» сөзінің жиырма сегізінші жолда қолдануын орынды санайды. Өлеңнің он бес, он алтыншы жолдары 1954 жылғы жинақта: «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кетпесе (?) енді өз ырқың» [8, 41], – деп басылса, қолжазбада: «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» [8, 41], – деп жазылған. Зерттеуші осы өзгешеліктерде «үлкен саяси-әлеуметтік мағына жатқанын» аңғартады. Оқырманға рито-рикалық сауал тастайды. «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» деген қолжазбадағы жолдардың сол кездегі өмір шындығына жақын екенін зерттеуші 1868 жылғы қазақ елінің

реформадан кейінгі ауыр жағдайынан нақты деректер келтіре отырып, дәйектейді.

Ғалым ең алдымен, Абайдың қара сөзбен жазған еңбектерін Мүрсейіттен басқа да көшіріп жазушылар көп екенін, алайда оларды салыстыра отырып, «Абай бұл шығармаларын қалай атағанын шешу қажет» деген мәселе қояды [8, 122]. Сондай-ақ қара сөздерінің хронологиясын анықтауды да алға тартады. Шынында, бүгінгі таңда текстологияда бұл мәселе шешілді ме деген сұрақ тууы да заңды. Тіпті, жинақтарда басылып жүрген «Қара сөздерінің» сөз реті ауысып жүргенін ескертіп, Мүрсейіт пен Рахым Жандыбаевтың қолжазбаларындағы ретін салыстырып, кесте арқылы нақты көрсетеді. 1954 жылғы жинақтың II томында басылған «Отыз екінші сөздің» де жай-жапсарын нақты деректермен дәйектейді. Аталған сөзінде Абай «нұсқап отырған «Он тоғызыншы сөзін» дұрыс қалпына келтіру» жайын ұсынады. Сөйтіп, «Абай сөздерінің басылу реті Р.Жандыбаев қолжазбасындағы жазылу ретімен сәйкес келмейді» [8,126], – деп жазады. Сонымен 1954 жылғы жинақта «кітапта болса, қолжазбада жоқ, қолжазбада болса, кітапта жоқ» сөздер кездеседі.

1933 жылдан бері ғана ақын жинақтарына кірген «Қара сөздері» 1940, 1945, 1954 жылдары да басылғаны белгілі. Қ.Мұхамедхановтың пікірінше Р.Жандыбаев қолжазбасы, 1940, 1945 жылғы басылымдармен дәл келгенімен, 1954 жылғы жинақпен «қайшы келген». Сондықтан зерттеуші 1940, 1945 жылдардағы жинақ Мүрсейіт қолжазбасы негізінде басылғанын, Р.Жандыбаев қолжазбасы Мүрсейіт қолжазбасымен сәйкес келетінін топшылайды. Сөйтіп, Абай қара сөздерінде қате басылған кемшіліктерді ашатындығын пайымдайды [8, 126-127]. Демек, мәтінтанушы ғалым 1954, 1940, 1945 жылғы жинақтарды нақты мәліметтер негізінде салыстыра қарастырып, қажырлы ізденістердің нәтижесінде текстология іліміне тың үлес қосады. Осы орайда, зерттеуші «жинақтарда болсын, қолжазбада болсын Абай сөзіне көрінеу нұсқан келіп тұрған жерлері байқалған жағдайда ғылыми жорамалға сүйенетінін» ескертеді. Олай болса, «герменевтикалық шеңбер» тәсілі, салыстыру, болжам әдістері де арқылы интерпретацияға жетелейтінін, жаңашылдыққа жол ашатынын пайымдауға болады. Олай болса, текстолог ғалым

Қ.Мұхамедхановтың текстология бағытындағы бірнеше герменевтикалық талдау үлгілерін қарастырайық. «Екінші сөздің» 1954 жылғы жинақта: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақтар сартты көрсе, (?) күлуші еді...» – делінген, Жандыбаев қолжазбасында, 1940, 1945 жылдардағы жинақтарда: «...қазақтар сартты көрсе, сартқа күлуші еді», – деп сөйлем ұғымды, толық, дұрыс берілген. Осы сөздің екінші абзацының бастапқы екі жолы жинақта: «...бізден басқа халықтың бәрі антұрған (?) екен...», – деп басылып, екі сөз қалып қойған.

Қолжазбада және 1940, 1945 жылдардағы жинақтарда: «...бізден басқа халықтың бәрі антұрған жаман келеді екен...» – деп дұрыс берілген.

Осы абзацтағы ақырғы сөйлем жинақта: «Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлгенінің ақірет (?) тірісінің киімін (?) жеткізіп тұрды», – деп басылса, қолжазбада 1940, 1945 жылдардағы жинақтарда: «...өлісінің ақіреттігін, тірісінің киімін ол жеткізіп тұрды», – деген» [8, 126-127], – деп, 1954 жылғы жинақтағы «Екінші сөзді» қолжазбамен, жинақтармен салыстырып, қалып қойған сөздерді, сөздің дұрыс, бұрысын қадағалап, жіті тексереді. Текстологтың мақсаты да болашақ басылымдарда түпнұсқаны анықтау, оқырманды адастырмау, «сөз түзеу» болса керек.

Қ.Мұхамедханов Абайдың 1954, 1940, 1945 жылдарғы жинақтардағы қырық бес сөзіне түгел дерлік текстологиялық талдау жасайды. Дегенмен, біз қара сөздердің әр ондығынан бірнешеуін ғана назарға ала отырып, автордың парасатты оқырман сипатындағы мәтінді түсінуі мен түпкі мәнін ашудағы білім, таным байлығы мен дарын-қабілеті ерекшеліктерін тануға ұмтылыс жасамақпыз. Сол іспетті автордың «Жетінші сөзді» талдауын алайық: «Жетінші сөздің» абзацындағы: «бұл жанның тамағы еді», – деген сөйлем 1954 жылғы жинаққа кірмей қалған.

Төртінші абзацтың бесінші сөйлемі 1940, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарда: «Жанды түнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көзбен де жақсы (1940, 1945 жылдардағы жинақтарда «көзбенен» – «көзбен» деген. «Жақсы» деген сөз жоқ. – Қ.М.) қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік, – деп басылған. Жандыбаев қолжазбасында: «...ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік», – деп жазылған. Сөздің мағына,

мазмұнына қарағанда түпнұсқаны осы қолжазба дұрыс беріп отыр. Абай бұл арада көзбен қарауды айтып отырған жоқ, көңілмен қарауды айтып отыр. Көзбен қарап, сыртына мәз болма, көңілмен қарап, сырын ұқ деген пікірді айтады. Ақын өлеңінде де: «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ», – демей ме? Және осы айтылған сөйлемнен кейін келетін: «Көзбен көрген нәрсенің сыртын көргенде-ақ тойдык», – деген сөйлем біздің осы келтірген жорамалымызды тағы да бекіте түседі. Осы жоғарыда айтылған сөйлемнен кейінгі сөйлемдер 1940, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарда: «Сыры қалай болады деп көңілге салмадық. Оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу көргенін айтса да ұқпаймыз», – деп басылған. Жандыбаев қолжазбасында екінші сөйлем: «Біреу кеткенін айтып тұрса да ұқпаймыз», – деп жазылған. Осы сөйлемдегі сөз мағына, мазмұнына қарағанда түпнұсқа қолжазбада дұрыс берілген деуге әбден болады» [8, 132], – деп түйіндегенде, зерттеуші Абайдың сөзі мен ойының философиялық-эстетикалық мәнін ғана емес, ақын сөзінің семантикалық өрісін жіті аңғарып, дәйекті, дұрыс мағынаны таниды. Қайым Мұхамедхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайынан» деп аталатын еңбегінде Абай шығармаларының текстологиясы «тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараланып, жалпы әдебиеттанудағы қазақ мәтінтану саласының негізі қаланды. Осында айтылған пікірлер бойынша Абай шығармаларының кейінгі басылымдарында ішінара өзгертулер енгізілгенімен, 1995 жылғы академиялық басылымға дейін сол қалпында жарияланып келді» [9, 348]. Рецепттік эстетика ілімі тұрғысынан Қ.Мұхамедхановты Абай шығармаларының интерпретаторы сипатында танығанымызда ең алдымен М.Әуезовтің берген бағасын айту абзал [9, 297]. Сонымен қатар ғалымның замандастары да оның еңбектерін әлемдік гуманитарлық ғылымдағы озық классикалық, іргелі зерттеулерден кем санамайды. Оны дүниежүзіне танымал В.В. Бартольд, Е.Э. Бертельс, И.Ю. Крачковский, Д.С. Лихачев, В.В. Радлов қатарындағы ғалым» [9,314], – деп бағалайды.

Көрнекті лингвист Р.Сыздықова «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» еңбегінің алғы сөзінде: «Қазақ филологиясында күні бүгінге дейін белгілі бір ақын өлеңдерінің

немесе жеке поэзиялық шығармаларының синтаксистік құрылысын арнайы зерттеген монографиялық еңбектер жоқ. Бірақ жалпы өлең құрылысына немесе өлеңнің жеке белгілеріне арналған жұмыстарда поэзия тілінің синтаксистік құрылысы, әсіресе оның жеке мәселелері жайында айтылған пікірлер мен талдаулар бар» [10, 3-4], – дей келіп, Абай өлеңдерінің синтаксисі мәселесін кең ауқымда қарастырады. Бұдан біз жалпы тіл білімі жетістіктерінің заманауи әдеби герменевтикаға ықпалын аңғарамыз. Р.Сыздықова өз еңбегіне Б.В. Томашевский, М.Жирмунский, В.В. Виноградов, Л.В.Щерба, Ф.Е.Корш секілді орыс ғалымдарымен қатар, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, З.Ахметов тәрізді әдебиетші, жазушылармен қоса Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев т.с.с. тілші ғалым-дардың да еңбектерінде поэзиялық шығармалардың синтаксисі сөз болғанын пайымдай келіп, соның ішінде Абай поэзиясының құрылысын арнайы зерттеген З.Ахметовтің «Қазақ өлеңінің құрылысы» еңбегінің өз талдау үшін әдіснамалық мәні зор болғанын атап өтеді [10, 4].

Р.Сыздықова Абай поэзиясының синтаксисін саралағанда «жалпы өлең табиғатына сай барлық тілге ортақ факторлармен қатар, өлеңнің әр тілдегі ұлттық ерекшелігін қоса тауып» талдайды. Соған орай, Абай поэзиясының синтаксисіне қатысты факторларды ескереді. Соның бірі «синтаксистік тұтастықтың жігін ажыратып талдауда өлеңнің белгілі бір тәртіппен шумаққа бөлінетін-бөлінбейтіндігінің және қандай шумаққа бөлінетіндігінің мәні бар» екенін түсіндіруін айтуға болады. Мәселен, «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» деп басталатын өлеңіндегі «11 буынды, төрт тармақты шумақта көбінесе алдыңғы екі тармақ жеке-жеке екі сөйлем немесе синтаксистік параллель құрайтын екі сөйлем болады, соңғы екі тармақ бір сөйлем болып келеді және ол көбінесе құрмалас сөйлем болып келеді» [10, 12 б.], – деп ақын өлеңіне тән синтаксистік құрылымды айқындайды. Ал Абай өлеңінің синтаксисіне қатысты ерекшелік өлең өлшеміне де байланысты болғандықтан, өлеңінің тармақтарындағы буын санының аз-көптігі де сөйлем құрылымының шағын я күрделі болып келуіне ықпал ететіндігін тұжырымдайды. Сондай-ақ өлең өлшемінің поэзия синтаксисіне әсері тармақтағы бунақтарға да байланысты екені

пайымдалады [10, 14]. Әрине, зерттеуші Р.Сыздықова бұл тұжырымдарын өз еңбегінде Абай өлеңдерінің мәтінін нақты талдау арқылы дәйектейді. Ұлттық әдебиет пен тіл біліміндегі және орыс әдебиеттанушы, тілші ғалымдарының поэзия синтаксисі жайындағы тұжырымдарын назарға алады және олардың пайымдауларын Абай өлеңінің ұлттық сипатына, синтаксистік ерекшеліктеріне: симметрия, ықшамдау (үнемдеу, тығыздалу) принциптеріне, сыйыстыру тәсіліне, инверсия, шумақ, өлең өлшеміне (тармақ, буын, бунақ құрылысына) қарай жаңғырта байыптайды.

Ғалым Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Т.Қордабаев сынды қазақ поэзиясын зерттеушілердің шумақ туралы түсініктерін қарастырып, қазақ өлеңдерінің шумақтарында ұйқас бірден-бір белгі болғанмен, ырғақтың рөлі күшті екенін тұжырымдаған З.Ахметов пікірінің толымды екеніне назар аударады. Сондай-ақ синтаксистік тұтастық туралы М.В. Ломоносов, А.А. Потебня, В.В. Виноградов, Н.С. Поспелов, В.М. Жирмунский тағы басқа да орыс зерттеушілерінің шумақ туралы тұжырымдарын саралай келіп, Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Әбдірахманға», «Қор болды жаным», т.с.с. өлеңдерін айтыс, жыр, халық ақындары өлеңдері шумақтарының ритмикалық-синтаксистік ерекшеліктерімен салыстыра қарап, Абай өлеңдерінің ритмикалық-синтаксистік оқшаулықтарын айқындайды. Сөйтіп, Абайдың қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған шумақтар түрін жасағанын тұжырымдайды [10, 32]. Абай өлеңдерін тармақтарды тұтастыру жағынан шумақты және шумақты болып келетін екі түрге ажыратып, олардың әрқайсысына жеке тараулар арнайды. Сондықтан Р.Сыздықова Абай өлеңдеріндегі «сөйлемдердің өз іштеріндегі құрылымы және өзара іліктесу түрлері өлеңнің ұйқас суретіне, композициялық құрылысына және стильдік мақсаттарға тікелей қатысты болатынын, ақынның творчествосына тән принцип түр мен мазмұн гармониясы өлеңдерінің құрылысында да көзге түсетінін, тармақтардың ұйқас фигурасы олардың синтаксистік құрылымына, ұйқас суреті мен өлшем варианттары шумақтың композициялық құрылысына әсер тигізетінін, шумақтың өз ішінен композициялық бөлімдерге ажыратылуы оның синтаксистік құрылымын әлдеқайда күр-

делендіруі, Абайдың қазақ поэзиясының бұрынғы кәнігі өлшемдерінің синтаксисіне де бірнеше жаңа амал-тәсілдер енгізіп, оларды системаға айналдырғанын қорытындылап» [10, 158], Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылымын герменевтиканың аспектілерінің бірі саналатын өлең теориясы, синтаксистік, тілдік-стильдік бағытта интерпретациялап, жаңаша қырынан түсіндіріп, құндылықтарын танытуы герменевтика ілімдерінің дамуына қосылған зор үлес болып табылады. Көрнекті лингвист Р.Сыздықова «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» атты еңбегінде: «Күрделілігі, сыйымдылығы, көркемдік эффектілігі жағынан Абай өлеңдерінің синтаксисі – жазба поэзияға қойылатын талаптарға сай түсетін, өзіне дейінгі поэтикалық дәстүрден жоғары көтерілген, кейінгі қазақ поэзиясына бағыт-үлгі» [10, 158], – деп жазады.

Көрнекті жазушы, абайтанушы Т.Жұртбай: «Адамның бойындағы қасиетсіздіктің бірі – қызғаныш. Бұған ем тауып, елін дауалаған данышпан жоқ. Бірақ, оның себебін ашып кеткен оқымыстылар да өткен» [11, 294], – дейді. Адамды сүйкімсіз әрекетке жетектейтін рухани кедейлік қана емес, кәдімгі жетімсіздік дейді. Пиғыл, қаскүнемдік, қанағатсыздық туралы ой толғап: «Әр ұлттың бойында бар мұндай қасиетсіз түйсікті тудыратын себеп рухани мұқтаждық па, әлде, табиғи заңдылық па?» [11, 294], – деп сауал тастайды. Адамның тәбетіне тәуелділігін айтып, Абайдың: «Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?» деген «Жиырма бесінші сөзімен» түсіндіреді [11, 294]. Абай мен Ницшенің мұқтаждық, қызғаныш, игілік, қайырым, мейірім туралы ойларын салыстыра қарап, Абайдың игілік иелеріне: «Өзінде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден. Күндестігін қоздырып, Азапқа салма езбеден [11, 295], – деп ақыл беретінін байыптайды. «Бұдан шығатын қорытынды: пиғыл мен құмарлық, қызғаныш пен көрсеқызарлық іспетті жексұрын мінездер адамға туа бітпейді, оны бұзатын – рухани және тұрмыстық мұқтаждық. «Толық» адам», тәуелсіз азамат атану үшін рухың тәуелсіз болуы керек. Рухың ақылыңа, пиғылыңа билік ете алмаса, онда «ақ бұйрықты өлім де» бұйырмайды. Демек, пендешіліктің күйкі тірлігіне түспеу үшін тәуелсіз ұлт, «толымды қоғам», «толық адам» болуы шарт екен» [11, 301].

Сонымен, біз Абай ілімін түсіну, білу, тану, бағалау, талқылауды герменевтикалық тетіктер негізінде саралауға және оны рецептивтік эстетика ілімінің танымы бағытында автор-оқырман мәселесі тұрғысынан талдап, тануға тырыстық. Дегенмен бұл мәселелер Абай әлемін зерттеуде әлі танылмаған көкжиектер болғандықтан, әр дәуірдегі Абай оқырмандарының (әрине, интеллектуалды оқырмандарының) Абай ілімі жөніндегі көзқарастарын жинақтай танудың күрделілігі бой көрсеткенімен, Абайтану ілімінің қазіргі уақытта қарқынды дамуы біз ұшығын ғана шығарып отырған мәселенің – Абай мәтіндерінің герменевтикасын зерделеудің Абай ілімін терең тану, түсіну, бағалаудағы мәнін арттыра түссе керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Жаксылыков А. Аспекты литературной герменевтики //Тамыр журналы, выпуск №4 (12) 2012. – С. 63-70.
3. Шульженко М.Ю. Процесс понимания художественного текста как постижение риторико-герменевтической организованности смыслов (на материале романа О. Уайльда «Портрет Дориана Грея»).
4. Хализев В.Е. Теория литературы. 4-е издание. – М: Высш. шк., 20057 – 405 с.
5. Майтанов Б. Тәуелсіздік күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Құс жолы», 2012. – 490 бет.
6. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХІ том. Мырзахметов М. «Толық адам» ілімі / жалпы ред.басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, – 2017. – 290 б.
7. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 238 б.
8. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХVІІІ том. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында /жалпы ред.басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 290 б.
9. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: «Алаш». 2005. – 352 б.
10. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХХV том. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Абайдың сөз өрнегі /жалпы ред.басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 350 б.
11. Жұртбай Т. Күйесің жүрек, сүйесің. – Алматы: «Санат», 2001. – 408 б.

Жетінші тарау

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БЕРНЕЛЕУ МЕН БЕЙНЕЛЕУ: ҚАБЫЛДАУ, ТҮСІНУ, ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы бернелеу мен бейнелеу, қазіргі әдеби терминология бойынша символ және метафора жөнінде айтқанда, ақынның жекелеген туындылары, жеке образдар мысалында ғана емес, тұтас көркемдік әлеміне тереңінен бойлай отырып, жалпы шығармашылығының контекстінде алып қарастырған жөн деп санаймыз. Себебі Абай әлеміне зер салып қарағанда ұлы ақынның әдеби-көркем әрі философиялық шығармашылығы өзара сабақтастасқан көркем бейнелер мен бернелер жүйесінен құралғанын байқау қиын емес. Осы жүйенің ажырамай, бірін-бірі толықтырып, бірінен бірі өрбіп отыруы Абай шығармашылығына концептуалды тұтастық дарытады. Ақын тудырған берне-символдардың беріктігі мен тереңдігі уақыт өткен сайын Абай сөзінің өзектілігі мен өміршеңдігін арттыра түспек. Замана жылжыған сайын Абай сөзін қабылдау, түсіну, зерделеу үдерісі де әр бағытта дамып, жаңғырып отырады.

Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы бейнелеу (метафора – А.Байтұрсынұлы осылай атаған) және оның түрлері туралы әдебиет зерттеушілері айтып жүргені белгілі, ал ақын поэзиясындағы бернелеу (символ) жөнінде ара-тұра аталып өткенмен, тереңірек, жан-жақты танытылмай келеді. Ал шындығына келгенде, біздіңше, ұлы Абайдың шығармаларында бұл екі көркемдік әдіс аса жиі кезігеді әрі олар өзара сабақтасып, ақынның концептуалдық идеяларын аша түседі. Басқаша айтқанда, Абай метафоралары ол тудырған символдармен тығыз байланыста көрінеді, бірінен бірі туындап, біріне-бірі ұласады. Осылайша, жоғарыда айтқанымыздай, ақынның бүкіл шығармашылығында түрлі образдарбен өрілген, авторлық идеяны танытатын бейнелер мен бернелер жүйесі түзіледі. Сондықтан да, біз өз зерттеуімізде Абай шығармаларындағы бейнелеу мен

бернелеуді қатар алып, ерекше салмақты да өзекті көркемдік категориялар ретінде тығыз байланыста қарастырамыз.

Алдымен, осы аталған екі көркемдік құралдардың өзара байланысы мен айырмашылығына аздап тоқталып өтсек. Құбылту түрлерінің ішінде метафора мен символдың поэтикалық мәні де, қызметі, күші мен әсері де басқа көркемдік құралдарға қарағанда терең болып келеді. Бұл орайда, ең алдымен, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» айтылған «тіл көрнектілігі» әдістерін негізге аламыз. Осы зерттеуінде ғалым «бейнелеу мен бернелеу» пәнсөздерін алғаш атап, оны ғылыми негіздеп береді:

а) **бейнелеу**. Бір нәрседі болмайтын күйді екінші нәрседі болатын күйді көрсететін сөзбен айту бейнелеу болады. ...көшкенде көштің көркі, көгершінім (Шернияз); б) **бернелеу**. Бір нәрсенің, көбінесе, адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші бір нәрсенің мысалында көрсетіп айту бернелеу болады», – деп анықтайды [1, 158-161].

Біздің зерттеуіміз үшін маңызды да қызықты болатын тұсы – А.Байтұрсынов тек бернелеудің өзін ғана айтып қоймай, оның бейнелеумен арақатысына да мән бергендігі. Ғалым осы екі тәсілдің байланысын былайша көрсетеді: «Бейнелеу бернелеумен арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді» деп көрсетіп, оны мынадай нақты мысалмен дәлелдейді. «Мағжанның «Шын айт» деген өлеңі де бейнелеуден ұлғайып, бернелеуге айналған сөздің түрі болады. Бейнелеу мен бернелеудің арасындағы айырмасын мынадан көруге болады. Бейнелеу мысалы:

Жан еркем, мен жүремін мынау күймен,
Бар ма екен ғашық жарын мендей сүйген.
Сен – бір шам, айнала ұшқан **мен – пәруана**,
Айналып, аламын деп отқа күйген.

Мұнда «мен – пәруана» дегеннен бастап, аяғына дейін бейнелеу (метафора – Л.М.) болады. Бернелеу мысалы:

Отқа ұшар **көбелек**,
Қарамай сорлы алды-артын.

Ойыңа кіріп шықпайды,
Күйдірер деп от-жалын, —

болып, ұлғайтып айтқанда бүтін мысалға айналып бернелеуге айналады. Бұл екі мысалдың екеуінде де адамның күйінін көбелекке ұқсастығы айтылады. Ол ұқсастығын қысқалап айтқанда, бейнелеу болып кетеді» [1, 158-161].

Міне, осылайша қазіргі тілмен айтқанда, метафора мен символ (**бейнелеу мен бернелеу**) арасын А.Байтұрсынов өте тығыз байланыстырады. Метафора «ұлғайып, бүтін мысалға» айналғанда символ болатындығы жөнінде маңызды тұжырым жасайды.

Ал жалпы, метафора мен символдың ұқсастығы туралы әдебиеттанушылар үнемі айтып келеді. Профессор Қ.Жұмалиев символды теңеу, метафорамен қатар ала отырып, «...теңеуде теңелетін нәрсе мен теңейтін нәрсенің екеуі де көз алдымызда тұрады. Сөз метафоралық ұғымда қолданылса, құбылысты көрсететін бір сөз аралығындағы жақындығы арқылы екінші сөзге ауыстырылады. Ал символда теңеудің бір ғана мүшесі болады. Сол кеңейтіліп, жеке образға айналдырылады...» [2, 127] деген қорытындыға келеді. Жоғарыдағы А.Байтұрсынов пен Қ.Жұмалиевтың пікірлері белгілі дәрежеде тоғысады. Екеуінде де, символдың ұғымдық-образдық өрісі кең екені (ұлғайған – А.Б., кеңейтілген – Қ.Ж.) баса айтылады. Жалпы, зерттеушілердің көбісі символға метафоралық бастау тән екенін ескертеді. Міне, Абай поэзиясындағы метафора мен символды бір-бірінен айырмай, бірге тану қажеттігі де осыдан келіп туындайды.

Ұлы ақын өлеңге «сөз сарасы, сөз патшасы» деп аса жоғары баға беріп, өзіне де, өлеңіне де биік талап қойғаны белгілі. Қазақ өлеңінің көркемдігі мен тереңдігін арттыру мақсатында ұлы Абай өзінің шығармашылық қабілетін аямай жұмсаған. Академик М.О. Әуезов: «...Абай бірде-бір өлең жолында халық творчествосының қалыптасқан дәстүрлі сөз жүйесі мен ақындық ой-бітімін қаз-қалпында ала салмайды. Абай ауыз әдебиетіндегі сөздерді де, образ жүйесін де, стиль тәсілдерін де тереңдетіп, жаңа ой, сезімдермен толықтырады, оның өлеңдерінде өзгеше бір идеялар мен жан сезімдері жүреді... Ол өзіне дейінгі дидактикалық, уағыз поэзиясының канондарын бұзды...» [3, 116]

– деп, Абай Құнанбайұлының қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы мен тереңдігін атап өтеді. Ұлы ақын өз поэзиясындағы «жаңа ой, сезімдерді, өзгеше идеялар мен жан сезімдерін» жеткізуде көптеген көркемдік ізденістерге барып, сөз құбылту (троп) әдістерін жанаша, өзінше пайдаланды. Сондықтан да, ақын «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп жар салды. Демек, ұлы ақынның сырлы да нұрлы, құпия да көркем әлемін жай қабылдап қана қоймай, түсініп, талдап, зерделеуге апаратын күрделі де терең танымдық қабілеттерді іске қосуға тура келеді. Ұлы Абайдың өлең шумақтарына жасырынған поэтикалық-философиялық астарды жай логикалық талдау арқылы ғана емес, түйсік пен көкейкөз (интуиция) арқылы, ерекше зерделілікпен қарастырған жөн.

Осылайша, Абай Құнанбайұлы өлеңдеріндегі бейнелеу мен бернелеудің (метафора мен символ) мәнін жай ғана ақылдың күшімен аша алмаймыз. Әрине, метафора мен символдың образдық табиғатын жоққа шығаруға болмайды, олар образ құрылымынан бөлінбейді әрі олар образға қосуға немесе бөліп алуға болатын қандай да бір рационалды формула емес. Себебі олар, әсіресе символдар заттар мен оқиғалардың жай репрезентациясы емес, ақын санасында пайымдалған нәтижелері болып қабылданады. Символдың таңба категориясына қатысты ерекшелігін де осы жерден іздеуге тиіс боламыз. Көркем емес таңбалар жүйесі үшін полисемия таңбаның рационалды қызметіне зиян келтіретін кедергі ғана болса, символ мазмұнды болған сайын көп мағыналы бола түседі. Метафора символға ұласатын болса, символ тұтас мәтін шеңберінен асып кетеді немесе мәтін кеңістігін шексіз мән-мазмұнға дейін кеңейтеді. Осындай күрделі де қызықты көркемді құбылыстарды тану үдерісі де оңай болмақ емес, ол оқырманнан үлкен дайындықты талап етеді, Образдық табиғаты күрделі болып келетін көркемдік категорияларды тану да оңай болмайды. Оқырман алғашқы қабылдаудан терең түсініп зерделеуге дейін ұзақ жолдан өтуі тиіс, болмаса негізгі мәніне жете алмай, орта жолда қалады. Жай ғана түсіну емес, ұғынып, көкейге тоқу, зерделеу, қайта жаңғырту, сабақ алу, қолдану сияқты ақыл-ой операциялары іске аспақ. Қазақтың данышпан ойшылы, әлемдік ой-таным биігіне көтерілген Абай Құнанбайұлының туындыларындағы бейнелеу

мен бернелеу тәсіліне құрылған астарлы да терең мәнді образдарды табу мен тану үдерісі де аса жоғары талғам мен танымды талап етеді.

Зерттеушілердің пайымдауынша, көркем туындыдағы метафора мен символды қабылдау және пайымдау кезеңдері келесі сатыларға бөлінеді:

1) алдымен, сезімдік (сенсорлық) қабылдау;

2) содан соң қосымша мән-мағыналармен интеллектуалдық тұрғыдан толығырақ түсуі. Образ одан ары толығындай қосымша мағыналар туындаса ғана ол символ болады. Символды сөзжұмбақ шешкен тәсілдермен ашуға болмайды, онда символ мәні тарылып кетеді.

Абай шығармаларындағы бейнелеу мен бернелеуді қабылдау, түсіну деңгейлерінен соң зерделеу (интерпретация) сатысы басталады. Бейнелеу мен бернелеу интерпретациясының диалогтық сипаты бар және ол субъективизмге де, объективизмге де қарсы тұрады әрі екеуін біріктіре отырып оқырман санасында іске асады.

Метафора мен символдың бұрыннан белгілі мағыналарын: бәріне таныс, күнделікті мағынасын, мифпен астасып кететін аллегориялық мағынасын, түсіндіруге келмейтін, рухани, киелі болмысқа жақын мистикалық мағыналарын ескеретін болсақ, **символды талдау мен зерделеуді күрделі жүйе ретінде** құруымыз керек. Зерделеуге дейінгі ойлау-тану сатыларына шолу жасайтын болсақ:

а) Алдымен қабылдау кезінде символдың сөзбе-сөз мағынасы қамтылады (символ ұжымдық бейсанада сақталған архетиптік формалар бойынша қабылданады);

ә) Екінші сатысында нақты көркем туындыда автор қайта жасаған символдың жаңа мән-мағыналары толықтырылады. Символдың нақты мағынасын өзі жасалған контексте ғана анықтай алатынымыз сөзсіз;

б) Содан соң осы символ құрылымы мен құрамындағы көптеген образдарға қатысты оқырманның жан-дүниесі мен санасында туындайтын өзіндік мән-мағыналар ашыла бастайды;

в) Төртінші саты – жалпы шығарманың символикалық өрісінде ашылатын әлем туралы қандай да бір сакралды білімге жету жолындағы ең күрделі саты. Символ-бернеден туындаған

алуан түрлі мән-мағыналардың ұшқын-жарқылынан біз адам санасының күші жете бермейтін, өлшеусіз тереңдік пен кеңдік сезінеміз;

г) Символ-бернелеуді талдау мен зерделеудің соңғы, ең биік сатысы рефлексивті ойлауға ұласады. Көркем образ арқылы көрінген символ, қашан да рефлексивті пайымдау тудырады. Оқырманға өзінің ішкі «меніне», өзінің жеке құндылықтарына, сырттан бақылауға, үңілуге мүмкіндік береді.

Ендігі жерде осы аталған екі көркемдік құбылыстың Абай поэзиясындағы туындау, көріну, даму барысын қал-қадарымыз жеткенше зерделеп көруге ұмтыламыз.

Абай шығармашылығындағы алғашқы кезеңіндегі метафора-бейнелеу мен символ-бернелеудің көркемдік-идеялық сипатына мән беретін болсақ, бұл кезеңде бейнелеу мен бернелеудің музыкалық, онтологиялық, репродуктивті, бояу сипаты басым болып келеді. Жыл мезгілдеріне арналған пейзаждық суреттеулер, азаматтық лирикасында символ-бернелеудің өзі емес, алғашқы символикалық белгілері бар образдар (эпитет-символ, метафора – символ, символикалық аллегория т.б.) көрінеді. «Күз» өлеңіндегі «*дымқыл тұман*», «Жаз» өлеңіндегі «*көкорай шалғын бәйшешек*», «Қыс» өлеңіндегі «*соқыр, мылқау, кәрі құда*» т.б. образдарда, «Әсемпаз болма» өлеңіндегі «*бес асыл, бес дұшпан*», «Жасымда ғылым бар деп» өлеңіндегі «*қолымды кеш сермедім*» т.б. көркем детальдардың бейнелік-бернелік астары бар десек артық айтпаспыз. Себебі, шығармашылық шеберлігі мен ізденісі тереңдей түскен ақын, жоғарыда М.Әуезов айтқандай, «өзіне дейінгі дидактикалық, уағыз поэзиясының канондарын бұзып», қазақ өлеңіне жаңаша өрнек, сырлы сипат дарытуға күш салды. «Күз», «Жаз» тағы басқа пейзаждық лирика философиялық сипат алып, метафораланып, символдана бастайды, басқа мағыналарға ауысып, бернеленеді. Мәселен, Абайдың «Қарашада өмір тұр» өлеңін алатын болсақ, алғаш оқығанда-ақ әдеттегі пейзаж шегінен асып, оқырманды ойландыра бастайды. «*Қараша, май*» образдары бұл өлең контекстінде әдеттегі ай атаулары емес, адам ғұмырының кезеңі ретінде кең мағынаға өтеді, ғұмырдың өткіншілігін көрсетіп, философиялық сипат алады.

Қарашада өмір тұр
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме.
Арттағы майда көңіл жүр
Жалынсаң қайта келер ме... [4, 110]

Келесі шумақтарда поэтикалық ой одан ары күрделеніп, метафоралық сипат тереңдеп, символ-бернеге айнала бастайтындай:

Майдағы жұрттың іші – қар,
Бәйшешек қарға өнер ме? –

деген тармақтардағы *«іші – қар»*, *«бәйшешек»* образдары оқырман ойын сан-саққа жүгіртіп, ойландырады. Өртүрлі ассоциация туындайды, ақын тудырған бейнелеу мен берне-леумен диалог құра отырып, оны қабылдап, түсінген әрбір оқырман өзінше зерделей бастайды. Контекстен туындайтын сан түрлі мән-мағына, адам өмірінің жастық кезеңі, *«майда жүрген көңілі»*, суықпен, қаталдықпен астасатын *«қар»* образы, нәзіктікпен, жастықпен, тағы да басқа сезімдермен астасатын *«бәйшешек»* образы әр қырынан ашылады.

Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?

Бұл тармақтарда автордың негізгі оптимистік идеясы *«қар жауса да сөнбейтін от»* бернесі арқылы жеткізілген. Бұл шығарманың кейінгі шумақтарында ақын ойы басқа бағытқа бұрылғандай басқаша өріліп, оқырманды ойланта түседі.

Талаппен ұшып талпынып,
Шартарапты көздемес
Пайданы қуып алқынып,
Өзгені есте сөз демес, –

деп жалғасқан ойларында ақын өзіне тән сыни сарынға ауысады. *«Қараша мен май»* арасындағы адам өмірінің *«шалықтап, шалқып, шатумен»*, *«қулығын бұлдап сатумен»* өтетіндігін айта келіп, шығарма соңын:

Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда, –

деп аяқтайды. Қай заманның да жағымсыз кейіпкерінің бет-бейнесін тап басқан, «*арсыз, алдамшы*», «*атақ, бақ*» деген концептілері арқылы берілген бұл сөздер оқушыға ащы шындықты шыжғырып бетіне басқандай ауыр тисе де, оны терең ойландырады, «жаманнан жирендіріп», өз-өзіне сын көзімен қарауға жетелейді. Шығармадағы «*қараша, май, қар, от, арсыз, атақ, алдамшы, бақ*» образдары бір-бірімен астасып, метафораланып, оқырман санасында одан ары тереңдеп, дерексіз берне-символға айнала бастайды.

Жалпы, Абай шығармаларында бұндай бернелер бірте-бірте кеңейіп, тереңдеп, ақынның шығармашылығына дендей береді. Табиғат фонынан ақынның жан дүниесінің әлеміне, «көңілінің жайлауына» көше береді. Мәселен, осы аталған «көңілімнің жайлауы» метафоралық тіркесі «көңілімнің жайлауынан ел көшкен бе» деген суретті де мазмұнды күрделі образға айналады. Адам жан-дүниесіндегі құлазыған, жалғызсыраған халді бернелейтін образдың да бернелік сипаты басым, ұлттық бояуы қалың. «*Жайлау*» образы – жеке алып қарағанда да, қазақтың өзі мен көңілінің символ-бернесі болып табылады. Абай даладағы жайлауды адам көңіліне көшіріп, метафоралық тіркес тудырып қана қоймайды, одан ары «*жайлаудан ел көшкендегі*» жағдаятпен астастырып, адам көңілінің ерекше психологиялық халінің бернесін жасап шығарады. Бұл образ да қазір қазақ оқырманының қабылдауы мен санасында Абай тудырған берне болып қалыптасқан. Қазақ үшін «*көңілімнің жайлауынан ел көшкен бе*» болып бернеленген автордың хал-күйі соншалық таныс, етене жақын болып кеткен.

Абай поэтикасындағы осындай символ-бернелер, метафоралық бастаудан тарап, жаңаша әрқилы пайымдалып, бернелене беретін, символдаушы қызметі күшейе беретін, әр қазаққа таныс та бейтаныс «*көңіл жайлауы*», «*адасқан күшік*», «*ұлып жұртқа қайтқан ой*», «*талаптың мініп тұлпарын*», «*ойын арзан, күлкі қымбат*», «*ұстарасыз аузыңа түсті мұртың*», «*бірің – қан, бірің – май боп енді екі ұртың*», «*тиянақсыз, байлаусыз байқұс қылтың*», «*сабырсыз, арсыз*,

еріншек» және басқа көптеген образдардың уақыт өткен сайын мән-мазмұны ашылып, аршылып, таныла береді. Ақынның пейзаждық лирикасындағы *«түсі суық сұр бұлты»*, *«желсіз түндегі жарық айы»*, *«қараңғы түнде қалғызан тауы»*, *«терең сайы»* да жай ғана табиғат бейнесі емес, адам көңіл-күйінің, белгілі бір мезеттегі бернесі ретінде құпия сырға толы. Символдың осындай құпияда сырлы, терең сипатын Абайдай дана ақындар ғана бере алады.

Авторлық идеясын бернелей жеткізу, символдау тәсілімен айту Абай поэтикасындағы ақынның шығармашылық тәсілдерінің болып табылады. Осындай сипат, яғни «бернелілігі (символичность)» сипаты әрқилы символдар арқылы іске асады. Символ-бернелердің көптігі сонша, олардан нақты бір жүйе құруға болады. Шығармашылығы кемелденген сайын Абай поэтикасында ішкі жүйелер берік орныға бастайды, осы жүйелер мұқият зерттеуді қажет етеді. Ендігі жерде осы символ-бернелердің әрқайсысына аналитикалық зерделеу жасап, әр символдың көркемдік қызметін анықтау керек, бұлайша зерттеу Абайдың көркемдік әлемінің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Мәселен, Абайдың «жүрек» тақырыбындағы өлеңдерінің бәрінің де символдаушы-бернелеуші сипаты бар, алдымен адамның дене мүшесі ретіндегі атауыштық мағынада қабылданған образдан бірте-бірте көптеген қосымша, жанама мән-мағыналар туындай бастайды. Бір ғана *«жүрегім менің қырық жамау»* образы әрбір оқырманның қабылдауында түрліше әсер тудырады, әрқилы пайымдалады.

«ЖҮРЕК» символ-бернесі Абайдың ішкі жан-дүниесінің халін, тым жеке әлемін қамтып қана қоймайды, жалпы «толық адам» қасиеттерінің бір өлшеміне, аса бір мәнді, ауқымды символға айналады. Өз өмірі мен шығармашылығында «жүректі» бірінші орынға қоятын ақын оқырманы мен халқына да «жылы жүректі» насихаттап, үшкілдің арасынан Жүректі ерекше бағалап, *«Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде. Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме»* деп нақты ақыл береді. Шығармашылығының алғашқы романтикаға бой ұрған жылдарында ақын үшін жүрек» тек ғашықтық, сүйіспеншілік бернесі ретінде қабылданса, кейінгі кемелденген жылдарында

Жүрек бернесінің мән-мағынасы тереңдеп, ауқымы кеңейіп, қызметі күшейіп, ақынның жан-дүниесінің бернесіне, жалпы адамзатқа деген махаббаттың бернесіне айналады. Жүрек бернесінің көркемдік мәні мен қызметі сан алуан. Адамның дене мүшесі ретіндегі физиологиялық күйден (ауру жүрек) бастап ақын жан-дүниесінің, ой-мақсатының негізгі тірегіне айналған психологиялық сипатын әр өлеңінде тереңдетіп, оқырманға берер қуаты мен әсерін күшейте береді. Мәселен, төмендегі өлеңдерден «жүрек» образының біртіндеп дерексізденіп, биіктеп әрі тереңдеп, символ-бернеге айнала бастағандығын көруге болады.

<p>Ауру жүрек ақырын соғады жай, Шаршап қалған кеудемде тулай алмай. Кейде ыстық қан басып кетеді оны, Дөнбекшіген түндерде тыншыға алмай.</p> <p>Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген, Еркелік пен достықты ауру көрген. Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.</p> <p>Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп, Осы күнді күн демес қарғап, міндеп. Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық, Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп...</p>	<p>Жүрегім менің қырық жамау Қиянатшыл дүниеден. Қайтып аман қалсын сау, Қайтқаннан соң әрнеден.</p> <p>Өлді кейі, кейі – жау, Кімді сүйсе бұл жүрек. Кімі – қастық, кімі – дау, Сүйенерге жоқ тірек.</p> <p>Кәрілік те тұр тақау, Алдымызда айла жоқ. Қайғысыздың бәрі – асау, Бізге онан пайда жоқ.</p> <p>Қан жүректі қайғылы-ау, Қайырыла кет сен маған. Қасиетін ойлан-ау, Қам көңілдің тынбаған.</p>	<p>Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас, Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас. Жүректен қызу-қызба кете қалса, Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.</p> <p>Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі, Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі. Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық, Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.</p> <p>Қартаң тартқан адамнан от азаймақ, От азайса, әр істің бәрі тайғақ. Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып, Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.</p>
---	--	---

Қазақ оқырманы Абаймен сырласқан сайын оны ұғына бермек. Ол үшін ақын талап еткендей «тыңдаушы да түзеліп», ақынның жыр шумақтарын тыңдап, қабылдап қана қоймай, сол

тармақ-шумақтарға жасырынған концептуалды ойларын түсініп, пайымдауға күш салғанда ғана, ақынның телегей-теңіз даналығына бойламақ. Жоғарыда айтқандай, символдық-бернелік образ аса жоғары жинақтаушылық сипатқа ие, демек, символ-бернені қабылдау, талдау кезінде оның бүкіл мағыналық тереңдігін, өз бойына көп мән-мазмұн сыйдырған жинақтаушылық рөлін тануға ұмтылу керек.

Абайды әдетте реалист ақын ретінде танимыз, «символикалық реализм» деген анықтаманы қолдануға болады, бұндай тәсіл, әсіресе ақын шығармашылығының соңғы кезеңдеріне көбірек тән. Осы кезеңде, ақынның кемелденген шағында, Абай поэтикасында белгілі бір символ-бернелер орнығып, беки бастады, доминант бірлікке айналады: **АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕК, БІЛІМ, СЕНІМ, МАХАББАТ, ҒАДАУАТ, ӨМІР, АР, БЕС АСЫЛ МЕН БЕС ДҮШПАН, ҒЫЛЫМ, КӨҢІЛ, КІСІ, АДАМЗАТ, ЖАСТЫҚ, ДҮНИЕ, ЗАМАН, ӘДІЛЕТ, ШАФҚАТ, МЕН, МЕНІКІ**, т.б. концептілердің бернелік сипаты күшейіп, түрлі реңкте, түрлі ыңғайда, түрлі контексте қолданылады. Осы аталған әрбір берне-концептінің құрылымдық-семантикалық мән-мазмұны терең. Қазіргі гуманитарлық ғылымда осы концептілер байыппен, терең қарастырыла бастады. Мәселен, Абай шығармаларындағы осындай маңызды да салмақты ұғымдардың біразы әдебиетші-ғалым Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» зерттеуінде жан-жақты, жаңаша талданады.

Абай тудырған көркем символ-бернелерге деген қызығушылық ешқашан толастаған емес, толастамайды да. Бұл Абай поэтикасының ерекшелігімен байланысты, оның үнемі динамикаға, шексіздікке, «рухани болмысқа» ұмтылатын поэтикалық рухының құпиясына байланысты. Абай шығармашылығының осындай белгілері символ-берненің өзіне де сәйкес келеді, символ көпмағыналы және шексіз.

Символ көркем образдың идеясын толық ашуға қабілетті, себебі символдың мағыналық сыйымдылығы аса жоғары, қалың қабаттарға ие. Ол көркем шығарманың образдық қабаттарымен, яғни стилімен біте қайнасып кетеді. Символдарды қолдана отырып, суреткер заттарды нақты көрсетпейді, оларға тұспал жасайды, оқырманды белгісіз нәрсенің мәнін, құпия мағы-

наларын табуға, тануға мәжбүрлейді, басқаша айтқанда, өз концепциясын, өз стилін символ арқылы жеткізеді. Сондықтан да символда жинақталған ойды зерделеу авторлық сана тудырған дара шығармашылық нәтижені тануға жол ашады. Символ-берне әдебиетте, көркем сөзде ғана емес, жалпы мәдениетте, руханиятта бекіп қалатын бернелер болғандықтан, ол көптеген мәдени-рухани ассоциацияларға ұласады. Сондықтан да Абайдың символ-бернелерін қазіргі рухани жаңғыру кезеңінде ұлттық кодымыз ретінде қабылдап қана қоймай, оны тану мен талдауға күш салуымыз керек.

Сөзімізді қорыта келе, тағы да қазақ әдебиеттануының атасы А.Байтұрсынұлына жүгініп өтейік. «Әдебиет танытқышта» ғалым «Сөз өнері – адам санасының үш негізіне тіреледі. 1) Ақылға. 2) Қиялға. 3) Көңілге. Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бейнелеп, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау» [1, 343], – деген еді. А.Байтұрсынұлының бұл пікірінде өнер атаулының ішінде сөз өнерінің болмыс-жаратылысы аса күрделі екені, көркемдік қызметінің маңызды екені тұжырымдалған деп білеміз. Себебі сөз өнері, ғалым атап көрсеткендей, адам санасының үш бірдей негізін қамтиды, сөйтіп, көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің барлық түрлерін сөзбен бернелеп бере алатындай әмбебаптыққа ие болады деп қабылдаймыз.

Сөз өнерінің табиғатын, оның негіздерін, қызметін танудағы соншалықты бағалы бұл тұжырымның белгілі дәрежеде біздің зерттеу нысанымыз – көркем бернелеу-символды танып-түстеуге де қатысы бар сияқты. Себебі, символ – «ақыл ісі – андаудың», «қиял ісі – меңзеудің», «көңіл ісі – түйю, талғаудың» бірлігінен келіп шығатын аса түйінді шығармашылық нәтиже екеніне көркем символдарды тану-зерделеу барысында көз жеткізуге болады. Абай өлеңдеріндегі «бейнелеу мен бернелеу» мысалдары осы тұжырымға нақты дәлел бола алады. Данышпан Абай тудырған әр берне мен бейнені пайымдап, ұғынып, зерделеген сайын біз Абаймен жақындаса түсеміз, ұғыныса түсеміз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст.: Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XV том. Қ.Жұмалиев. Абай поэзиясының тілі /Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 248 б.
3. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XIII том. М.О. Әуезов. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) / Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 264 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Өлеңдер. Поэмалар / Құраст., алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 242 б.

Сегізінші тарау

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ХРОНОТОПТЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ПОЭТИКАСЫ

Көркем шығарманың негізін уақыт пен кеңістік құрайды. Олар өзара бірін-бірі толықтырып, шығарманың мазмұны мен маңызын ашады. Көркем әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістік дегеніміздің өзі қаламгердің дүниетанымы мен эстетикалық ұстанымында берік орын алған айрықша бір суреттің, сәттің, құбылыстың уақыт шаңына көміліп қалмай, аз да болса кідіріске ұшырауы. Яғни оқырманға эстетикалық ләззат сыйлауы. Қаламгердің эстетикалық ізденісін, туындының көркемдік әлемін сыйғызатын көркем уақыт пен көркем кеңістікті жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін проблема – шығармадағы адам концепциясы. Оған деген қаламгердің қарым-қатынасы, авторлық позициясы. Мысалы, Абай Құнанбаев шығармашылығындағы нақты уақыт пен абстрактылы уақытқа, тарихи уақыт пен мифтік уақытқа, сондай-ақ нақты кеңістік пен абстрактілі кеңістікке көңіл бөле отырып, олардың тығыз байланысына, органикалық бірлігіне кешенді түрде зерделеу жүргіземіз.

Көркем әдебиеттегі уақыт көркем мәтіннің ерекшелігімен, автордың ниетімен байланысты белгілі бір қасиеттерге ие. Мәтіндегі уақыт нақты анықталған немесе өте бұлдыр шекараларға ие болуы мүмкін (оқиғалар, мысалы, ондаған жылдар, бір жыл, бірнеше күн болуы мүмкін), олар шығармада көрсетілуі мүмкін немесе, керісінше, тарихи уақытқа немесе уақытқа қатысты емес, оны автор шартты түрде орнатады.

Көркем шығармада уақыт көп өлшемді болуы мүмкін. Көркем уақыттың бұл қасиеті, біріншіден, авторы бар және оқырманның қатысуын, екіншіден, шекаралары: басталуы мен аяқталуы болатын әдеби шығарманың табиғатымен байланысты. Осылайша, мәтінде екі уақыт осьтері пайда болады. Сондықтан да уақыт пен кеңістік бірге үйлесім таба отырып әрекет еткенде автордың нақты мақсаты айқындалады. Соны Абайдың өлеңдерімен мысал келтіре отырып талдасак. Демек, Абай сөзінің

магиясы күшті. Ол негізінен ақын жанының нәзіктігі, басқа субъектілердің өмірлік уайым, қасіретіне ортақтастық көңілін бүкпелемей, ащы да болса, шынайы жариялай білуінде.

Уақыт пен кеңістік жеке автордың дүниетанымы мен көзқарасына қарай жазушы стилін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады, сол арқылы әлемнің жеке авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды, шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болып, әлемнің көркем бейнесін қалыптастырады.

Бұл туралы Қажым Жұмалиевтің: «Бағытым жаңа түзелді деп ұққан жас талант, ғылым, күшінің өз замандастарынан артық екенін бұл еліктеуінде де көрсетті. Өз дәуіріндегі Шығысқа еліктеушілердің бәрінен Абай асып түсіп, Шығыстың шыңымын деген ақындардың өзімен таласты. Бірақ Абай кемеліне келіп, ой-санасы марқайған кезінде Шығыс әдебиетінің ықпалында түгелдей қалып қоймай, сын көзімен қарап, қазақтың байырғы өз әдебиетіне қайта оралды.

Әрине, Абайға шейін қазақтың әдеби тілінің негізі бар да, өзінше мығым да еді. Мейлінше бай қазақтың ауыз әдебиеті, Бұхар, Дулат, Махамбет тәрізді әдебиет тарихының ірі тұлғалары ұлттық шеңберде әдебиеттің биік шыңы болады десек, көркем тілде де солай болады. «Не нәрсе адамның қасиеті болса, сол нәрсе – міні», – деп ұлы ақын Абайдың әкесі Құнанбай өзі айтқандай, Абайға шейінгі әдебиетіміздің ұлттық тұлғасын берік ұстау міні де, қасиеті де еді. Бұл – тілімізде де тегеуріннің беріктігін аңғартты. Қазақтың мақал, мәтел, нақыл сөздерін, не Махамбет өлеңдерін басқа тілге аударғанда, бұрала біткен емендей июге келмейтіндігі тіліміздің ұлттық тұлға, байырғы қалпын берік сақтауында еді» [1, 81], – деген сөзінде үлкен мән бар деп білуіміз керек. Абайдың тілі – ұлттық тіл байлығымыздың осындай қасиеттерін ашқан жаңа үлгідегі тіл.

Кеңістікте ақынның ортасы, жағдайы, тұрмысы тарихи тұрғыда көрініс табады. Кеңістік қозғалыстың әр сәтін қамтиды, уақыттан тыс кеңістік болмайды. Уақыт ағынында көрініс алған кез келген оқиға, іс-әрекет пен жағдаяттың болған орны осы кеңістіктің негізі болып табылады. Себебі ақын өткен уақытқа, өткен уақыт шегіндегі кеңістікке орала алмайды.

Ақын өлеңдеріндегі уақыт пен кеңістікті талдап, түсіндіру міндетін алға қоя отырып, Абай өлеңдерінің ғылыми талдауларға көп нысан болмаған «Ғабидоллаға (Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын)» өлеңін таңдадық. Абай бұл өлеңді өз ауылындағы Ғабидолла Ғабитханұлы деген жас жігітке арнау ретінде жазған. Сол жігіт бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына масайып, білімді кісімсініп (кісіге ұқсап), қалай болса солай шалқып, сөз таластыра бергенде айтыпты.

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,
Қайдан білсін өмірдің көбін азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Осы бір шумақта ақын уақытты объективті түрде, ал кеңістікті абстрактілі сипатта жасырын беріп отыр. Ал оны оқырман уақыт арқылы анықтай алады. Жалпы шығарманың басты мақсаты – түсінікті болу. Ал ақын шығармаларын тез әрі оңай түсіну үшін ақын өмірінен, жай-күйінен, ортасынан, тіпті қазақтың лексикалық қорынан хабарың, білімің болу қажет.

Бұл өлеңінде ең бірінші уақыт пен кеңістікті білдіріп тұрған тілдік бірліктермен таныс болсақ. Олар: жазғытұрым, қылтиған, жауқазын, өмір, көп, аз, бәйтерек, жылы күн, жазы, күз, жазым.

Өлімнің хақ екені рас. Оның өзі әр ұлт өмірінде түлі салт-жоралғылар арқылы іске асып отырады. Бұны ақын уақыт пен кеңістік тұрғысынан оқырманына қалай жеткізіп тұрғанын талдайық.

Жас қартаймақ, жоқ – тумак, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Абайдың бұл өлеңінде сан мен сапа ұғымының арасындағы тартыс орын ала отырып философиялық түйіндеулермен қазақ өміріндегі қазаға қатысты салт-дәстүрлерді уақыт пен кеңістік тұрғысынан көз алдымызға әкеліп көрсетіп тұр. Абай бүкіл

философиясының алтын қазығын мына өлең жолдарымен нақты береді.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Нақты, айқын таным. Сонымен бірге бүтін бір өмір, ұлт, ел, тағдыр, адам болмысының уақыт сапына кіре отырып қазақ деген жер бетіндегі халықтың ұлттық құндылығы мен танымын көрсетеді. Бұл өлеңде айқындау мен алмастырудың көркемдік-эстетикалық бояуға бай. Осы тәсілдің ойындық табиғаты шығармадағы қайғылы атмосфераны өткір динамизммен суреттелген. Суықтық, үнсіздік, қараңғылық референттері уақыт пен кеңістіктің адам санасы арқылы қабылданатын екі полюсі арасындағы ымырасыз суреттер қоюлығымен психологизм мазмұнын аша түседі. Қорқыныш, үрей, шарасыздық, тәуекел эмоциясы тіршіліктің шідерсіздігі жайлы модернистік эстетикаға тән жатсыну философиясымен тамырластық табады [2, 82].

Ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі уақыт пен кеңістіктің көрініс табу жолдары мен олардың прагматикалық сипатын дұрыс түсінудің маңызы үлкен. Ақынның өлеңдері, поэмалары мен қара сөздерінде уақыт пен кеңістік орасан зор, әрі нәзік түрде үйлескен. Оны қарапайым оқырман байқамауы да мүмкін, оған тереңнен көре алу қабілеті қажет. Кез келген оқиға, іс-әрекет, нысан белгілі бір кеңістікте белгілі бір мезгіл, уақыт шегінде өтеді. Ақиқат шындық өмірдің көркем шығармаға түскенде басқаша өң алып, түрленетіні қаламгердің уақыт пен кеңістікті шебер үйлестіре алуында.

Ақын жалпы адам санасы мен өміріне ортақ болып келетін кезеңдерді, оған тән оқиғалар мен амалдарды ашып көрсетіп, адам бойындағы жақсы және жаман мінездердің көрінуін де нақты кеңістік пен уақыт тұрғысынан шебер суреттейді. Сол арқылы да ақын еңбектері адамзаттың жүрегінен орын алып, өлмес мұраға айналған.

Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі саятшылық туралы жазылған.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда...

Алғашқы жауған қар кезінде саятшылар үшін аң аулауға қолайлы уақытты «Қансонар» деп атайды. Себебі, жаңа жауған қардан аңның ізі анық байқалады. Абай осы өлеңде саятшылықтың қызықты сәттерін табиғат көріністерімен сипаттайды. Саятшылық арқылы, қазақ халқы мекен еткен жердің қысы туралы, аңшылықтың сыры туралы ақпарат береді. Өлеңде қансонарда бүркіттерін алып, аңға шыққан саятшылар түлкіге кезігіп, бүркітті босатады. Түлкі мен бүркіттің арпалысы, екеуінің іс-әрекеттері нанымды бейнеленеді.

Бұл өлеңде хронотопты айқындап тұрған элементтер: қансонар, тау басында, көк (аспан), жер, аспан, ертең. Осы сөздер арқылы оқырман саятшылықтың мезгілін, уақытын айқындай алады. Уақытты білдіретін негізгі тілдік бірліктер арқылы көрініс тапқан мекеншақ өлеңнің мазмұнын ашып қана қоймай, оқырманның ұлттық таным мен түсінігіне де әсер етеді. Сол себептен де өлең кеңінен тыныстап, оқырман жанынан ойып тұрып орын алады.

Авторлық идеяның түп-төркінінде не жекелік, не жалпы дәуірдің, қоғамның мұраттары жататыны белгілі. Осы құбылысты мәтінмен байланыстырған Ю.М. Лотман: «... Мәтін өз бетінше томаға – тұйық қалыпта болмайды, ол міндетті түрде қандай да болмасын контекстен (тарихи реалды немесе шартты) шығады» [3, 204], – дейді. Сондықтан да кез келген көркем шығарманың өзегі – шындық. Ал оны объективті түрде кестелеудің құралы – хронотоптық тілдік бірліктер. Сондықтан да мекеншақтық бірліктерді кеңінен талдау арқылы автордың идеялық шешімін, автор бейнесі мен тарихи шындықты да анықтауға болады.

Болмыстың ақын шығармашылығындағы суретін болмыстың өзі, шындық әлемнің нақты құбылысы ретінде қабылдауға дәйекті негіз жоқ. Екінші жағынан, сөз өнерінің туындысында өмір шындығының айнадағыдай дәл көрінуі мүмкін болмайтыны сияқты, оны дәл көрсетуге талпыну да міндетті емес. Өмірдің шындық болмысын болғандай қалпында көрсету – ғылымның міндеті. Осы ретте Аристотель «Поэтика» атты еңбегінің IX тарауының басында негіздеген мына қағида еске түседі: «Ақынның міндеті болып өткен нәрсе туралы айту емес, болып өтуі ықтимал нәрсе туралы айту» [4, 655]. Аристотель ақын шығармашылығында суреттелген әлемді болмыста болып өткен оқиға ретінде емес, болып өтуі ықтимал оқиға ретінде қабылдауды дұрыс деп біледі. Аристотельден қалған қағида ақындық өнер туындысының табиғатын дұрыс түсінудің, ақынның көркемдік әлемінің ықтималдылығын дұрыс танудың негізі қызметін атқарады. Осы тұрғыдан келгенде, ақынның көркемдік әлеміндегі құбылыстар бір басқа да, өмірдің шындық болмысындағы құбылыстар бір басқа. Ақынның көркемдік әлеміндегі құбылыстар – ақынның көркемдік ойлау қызметінен туған ықтимал әлем құбылыстарының көрінісі.

Абайдың шығармашылық мұрасында көрініс тапқан құбылыс, оқиға белгілі бір кеңістікте суреттеледі. Кез келген құбылыс, оқиға белгілі бір кеңістікте белгілі бір мезгілде болатыны түсінікті. Сонымен қатар болған істің, оқиғаның иесі, мәнісі, орындалу амалы, құралы т.б. болады. Оларды әдебиеттану ғылымының бүгінгі жетістіктері тұрғысынан талдап-таразылаудың, пайымдау мен бағалаудың өзіндік методологиялық мәселелері бар. Олардың қатарында актанттық, нарративтік тұрғыдағы талдаулар, мезгіл мен мекен категориялары тұрғысынан зерттеу өзекті болып табылады. Абайдың өлеңдерін осы тұрғыдан қарастыру оның ілімін білу, түсіну және қолданудың ғылыми негіздерін тануға септігін тигізеді.

Поэзиялық шығармалардан адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін, жан күйзелісін, қоғамдық ортаның жай-жапсарын біліп, түсінуге болады. Әсіресе, өлеңнің мезгілдік және мекендік өлшемдерінің поэтикалық қызметіне үңіле отырып, халықтың аңсаған арман-мұраттарын, өмір сүру деңгейін байқауға болады. Сол арқылы авторлық уақытты анықтап, әдебиеттанудағы жиі

айтылып келе жатқан кеңістік пен уақытты көркемдік категория ретінде тани аламыз.

XX ғасырдан бастап әлем әдебиеттануында «хронотоп» мәселесі кеңінен қарастырылып келеді. «Хронотоп» терминін әдебиеттануда ғылыми айналымға М.Бахтин енгізген. М.М. Бахтиннің айтуынша, хронотоп термині Эйнштейннің ықтималдық теориясының негізінде математикалық жаратылыстануда қолданылған. М.М. Бахтин оған әдебиеттегі мазмұн мен пішіннің келісімі жүйесіндегі категория ретінде мән берген және әдебиеттануға, шамамен, метафора секілді енгізген [5, 341].

Әдеби-көркем шығармашылықта хронотоп өзінше көрінеді және оның қызметі де өзгеше. Грек тілінде «хронос» – уақыт, ал «топос» мекен мағынасын білдіреді. Бұл терминнің мағынасы мен мазмұны туралы Бахтиннің еңбегінде кеңінен айтылған.

Уақыт пен кеңістік автор шығармаларының әлеуметтік, тарихи және мәдени контекстін қамтиды. Сонымен қатар прозалық немесе поэзиялық туындылардың өзіндік ерекшелігін, оның бейнелік жүйесін, поэтикалық құрылымы мен идеялық-тақырыптық ерекшелігін көрсетумен қатар автор суреттеп отырған дәуірдің өзі туралы да ақпараттар береді. Мәселен, қазақ халқының басына түскен ауыр кезеңнің бірі – тәуелділік дәуірі. XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың 60 жылдарында қазақ жері тұтастай патшалық Ресей империясының құрамына қосылды. Яғни, патша әкімшілігі қазақ даласына еркін кіріп, жерді игеру үшін отарлау саясатын жүргізді. Басқарудың аға сұлтандық, хандық тәртіппен келе жатқан ұлттық жүйесі бұзылып, ел өміріне көптеген өзгерістер әкелді. Елде болыстық билік орнады. Қазақ даласындағы болыстық билік суретін сол заманда өмір сүрген ақын Абай Құнанбайұлының шығармаларынан көре аламыз. Абай өз туындыларында ел өмірін көрсете отырып, қоғамдағы келеңсіз жағдайларды сынады. Оның әр өлеңінен кезең шындығын көре отырып, уақыт пен кеңістік болмысын көзге анық елестете аламыз.

XIX ғасырда өмір сүрген ақын, ағартушы Абай Құнанбаев қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық мәселелеріне ерте араласып, үстем тап билеген феодалдық қоғамға қарсы шықты. Өзінің шығармашылығында да, ел арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің барын сынай отырып, озық елдердің мәдениетіне

ұмтылу қажеттілігін айтты. Батыс пен Шығыс мәдениетін жетік білген ақын өз халқын да білім мен ғылымға қол созып, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойға дарыту керектігіне баса назар аударады. Абай шығармаларынан XIX ғасырдың екінші кезеңіндегі елдегі тарихи кезең оқиғаларының салдарында байқай аламыз. Қазақ халқының Ресей империясына бодан болуының салдарынан, елдің тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрлерінде өзгерістер орын алғаны рас. XIX ғасырдың екінші жартысында туған демократиялық ағартушылық бағыттың ірі өкілі Абай Құнанбайұлы өз дәуірінің алуан түрлі мәселесін көтере отырып, өскелең ұрпақтың ұлттық сана-сезімін дамытуға бағытталған шығармалар жазды. XIX ғасырдағы орыстың ұлы ағартушыларының озық ойлы идеясын өз еліне барынша түсіндіріп, олардың шығармаларын қазақ ұғымына бейімдеп аударды. Аударып қана қоймай, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосып, жаңа бағыт әкелді. Ең бастысы әрбір шығармасынан елінің әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігінен хабар бере отырып, қиындықтан шығар жол іздеді. Уақыттың бағытын өзгертіп, болашаққа жол бастады. Халық санасын тар шеңберден шығарып, бәсекеге қабілетті болу үшін өнер мен білім, кәсіп үйренуге бағыттап, әлем кеңістігіне шығу жолды іздеді.

Шетелдік және отандық гуманитарлық ғылымдарда әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларын интерпретациялауға арналған зерттеу жұмысының өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Осы категорияларды талдау арқылы әдеби туындыны, автордың идеясын, шығарманың сюжетін, мәні мен мазмұнын тереңірек және толық түсінуге мүмкіндік туады. Көркемдік кеңістік пен уақытты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін орыс әдебиеттану классиктері қалаған деп айтуға болады.

Әдеби шығармаларда (ең алдымен лирикада) уақыт пен кеңістік көбінесе символдық сипат алатын мотивтер мен образдар түрінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда кескін мен мотивтің құрылымының өзі кеңістік пен уақыттың концепсиясын, олардың ішкі өзара байланысын қамтиды.

Көркем уақыт категориясы Д.С. Лихачевтің «Поэтика древнерусской литературы» еңбегінде ежелгі орыс әдеби шығарма жанрлары, стилі, көркемдік әдісі, тақырыптық ерекшеліктері

қарастырылады. «Стилистикалық симметрия», «метафора-символдар» және көркем уақыт пен көркем кеңістіктің фольклордағы көріністеріне назар аударылады.

В.Н. Медриш «Фольклор мен әдебиеттегі көркем уақыт құрылымы» еңбегінде әдебиет пен фольклордағы кеңістік пен уақыт категориялары, кең ауқымда халық ертегілерінен бастап А.Вознесенский шығармашылығына дейінгі аралықты қарастырған. Ю.М. Лотманның «Поэтикалық мәтіндерді талдау» еңбегінде көркем шығармалардағы кеңістік пен уақыттың көркемдік категориялары функционалды-семантикалық бірлікте қарастырылып, туындының идеясын, бейнелі жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. М.Стеблин-Каменский, В.Иванов, С.Неклюдов, М.Каган, Б.Егоров еңбектері де осыған арналған. Бұл ғалымдар жасаған теориялар мен жүйелер әдебиеттің, өнердің, мәдениеттің жалпы уақыт пен кеңістік категорияларымен қаншалықты байланысты екендігін көрсетеді. Жалпы, 2000 жылдардан бері поэзиядағы уақыт пен кеңістік ұғымына қатысты кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, жекелеген ақындардың шығармалары тереңірек қарастырылуда. Мысалы: И.Рябцева еңбегінде белгілі ақын И.Лиснянскаяның поэзиясының поэтикалық әлемінің ерекшеліктерін зерттеуге, автордың көркем ойлауының маңызды принциптерін ашу үшін кеңістік пен уақыт бейнелеріне жүйелі талдаулар жасалынған. Сондай-ақ, И.Ю. Кондратьеваның «Пространственно-временная организация ранней лирики Б.Пастернака» атты еңбектері ақындардың әлемді қабылдау, түсіну, оқырманға кеңістікті көркемдеп жеткізе білу шеберліктері берілген. Бұл еңбектер поэзиядағы көркем кеңістік пен уақыттың саласындағы іргелі зерттеулерге негізделген. Уақыт пен кеңістік поэзияда ақынның тілін, дүниетанымын, көркемдік әлемін байқатып қана қоймай, ақын өмір сүрген дәуірдің бейнесін де көрсетеді. Шығармалардың мәні мен мағынасына бойлап, тереңірек түсіну, М.Бахтинше айтсақ, тек хронотоп қақпалары арқылы жүзеге асады.

Қазақстандық әдебиеттанушы, профессор Б.Майтановтың әдебиеттегі «Қазақ романы және психологиялық талдау» еңбегі қаһарманның рухани әлеміндегі психологиялық үдерістерді саралау арқылы олардың әдеби мәтін кеңістігіндегі қызметімен

қатар әдебиеттегі «мекеншақ» категориясын анықтауға бағытталған.

Қазіргі филология ғылымдары саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан белгілі, көрнекті ғалымдардың зерттеулерінің таңдамалыларының «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығы жарыққа шықты. Онда ақын шығармалары мәтінтану тұрғысынан да кең көлемде қарастырылған. Абай шығармашылығы негізінде «уақыт пен кеңістік» мәселесін тереңдеп қарастыруда аталған сериялық басылым теориялық тереңдігімен, тарихи үдерістерді сараптаудағы объективтілігімен құнды. Мысалы, Ж.Дәдебаев Абайдың әлемі туралы балай дейді: «Ақынның көркемдік әлемінің семантикалық өрісі өмірдің шындық болмысының өткен немесе осы, болмаса келер шағының нақты мекендік кеңістігінің қалыбына сыймайды, бірақ сай болуы ғажап емес. Ақынның көркемдік әлемінің қастерлі құндылығы – оның нақты мезгілдік және мекендік межеге сыймас мәңгілік мәнінде» [6, 71].

Ж.Дәдебаев мезгіл мен мекен туралы ойлар мен қағидалар төркінін ілкіден бастайды. «Гераклит (б.з.д. 554-483 жылдар шамасы), – дейді ғалым, – болмыстың өткіншілігін негізге алып: «Бір өзенге екі рет түспек жоқ», – дегенге ұқсайды. Мұны өзінше пайымдап, өзінше саралаушы данышпандар аз болған жоқ. Гераклит айтқан деген осындай пікірдің мәні мен мәнісі қазақ халқының даналық сөздерінің де, ақын-жыраулар шығармашылығының да асыл арқауындай ілкіден бүгінге дейін жалғасқан. Осы пікір XVI ғасырдың авторы Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде мына үлгіде айтылды: «Өткен уақыттың тыныс-лебі сол қалпында қайталанбайды. Сол сияқты өткен істі бүгінгі күннің тақтасына қайта әкеліп салу мүмкін емес». Әл-Фараби шын білім деп әрдайым ақиқат, анық болатын білімді айтады. Ал белгілі бір уақытта болатын, бірақ кейіннен болмауы да мүмкін нәрсе туралы білімді шын білім қатарына қоспайды. «Өйткені, – дейді ғұлама, – егер біз қазір ғана бар, бірақ уақыт өте келе болмауы мүмкін нәрсені білсек, онда оның бар, не жоқ екенін біле алмаймыз». Ал Абайдың өзіне келсек, өмірдің өзгермелілігі, бір орнында тұрмайтыны, дүниенің өтпелілігі туралы ой ақынның шығармашылық мұрасының өзекті желісі болып тартылған» [7, 45].

Өзгермелі құбылысты өзгермес құбылыстай етіп суреттеу болмыстың негізіне қайшы екені түсінікті. Ақынның болмыстағы құбылыстарды мезгілдік және мекендік кеңістікте түрлі қалыпта суреттеуге мүмкіншілігі бар: а) сәт сайын өзгеріп, өтіп бара жатқын құбылыстың, нәрсенің болмыстағы бір ғана сәтінің көрінісін суреттеу бар; ә) сәт сайын өзгеріп, өтіп бара жатқын құбылыстың, нәрсенің болмыстағы өзгеру, өту үдерісін суреттеу бар. Алайда шегі мен шеті жоқ тоқтаусыз өтіп жатқан болмыстың әрбір сәтін немесе бар үдерісін суреттеуге мүмкіншілік жоқ. Ақын өзінің шығармасында болмыстың қас қағым бір сәтіне, сондай-ақ өтпелі, өзгермелі үдерісінің тұтас қалпына тән мән мен мағынаны ғана тұтас қамтып көрсетеді. Ақынның «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңіндегі мына екі тармақтың ұсынар ойы да терең: «Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас: өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек» [8, 72].

Ж.Дәдебаевтың пайымдауынша, мекендік және мезгілдік болмыстағы шындық жайлар, құбылыстар әлемі туралы Гераклит пен әл-Фарабиден, Мырза Мұхаммед Хайдар мен Абайдан артық анық айту қиын. Мекендік және мезгілдік шындық жайлардың, болмыстағы нақты құбылыстардың, оқиғалардың қалпы осындай өтпелі, «қайтып келмекке тағдыр жоқ» болғанда, олардың сөзбен суреттелген бейне, ой, сезім ағыны түріндегі сарындарын болмыстың нақты ақиқат шындығы ретінде қабылдаудың өзі шартты сипатқа иеленеді. Болмыстағы шындық құбылыстар білгілі бір сәтте белгілі бір кеңістікте ғана нақты шындық болады да, басқа сәттегі басқа кеңістікте нақ сол қалпында қала алмайды. Соған қарамастан ақынның көркемдік әлемінде шынайылық жоқ деп айтуға болмайды. Өнерпаздың өз өнер туындысында өтпелі өмірдің шындық құбылыстарының білгілі бір кеңістік пен белгілі бір сәттегі қалпын қаз қалпында суретке айналдыруының өзінде үлкен мән бар. Оны өмірдің шындық құбылыстары емес, шындыққа сай келмейді деу ретсіз. Ақын өмірдің шындығын көрсетпейді, ақын өмір шындығының өзінің көркемдік ойлау кеңістігінде ақыл-ой қуатымен өзгерген, жақсарған суретін жасайды, ақын өмір шындығының өз көркемдік ойлау әлемінде өзінше жасаған көркем суретін көрсетеді. Ақынның көркемдік әлемі – ықтимал әлем, ықтимал әлемнің шынайылығы – көркем

шынайылық. Ақынның ықтимал әлемінің көркем шынайылығы болмыстағы шындық құбылыстардың шынайылығынан жоғары.

Абайдың көркемдік әлемі дегенде, оны ақынның көркемдік-бейнелеу құралдарының өрісі, олардың түрлері, ерекшеліктері деп түсінбеу керек. Көркем әдебиеттің құралы сөз болғанда, ол нақты мағыналары аясында көркемдік әлем кеңістігін, оның өзіндік табиғатын жете танытатындай қызметімен ерекшеленбейді. Сөз көркем әдебиет туындысының мазмұндық-мағыналық құрылымын түзуші, сабақтастырушы, байланыстырушы фактор деңгейіне көтеріле алғанда ғана өзінің белгілі бір ерекше қырын, табиғатының көзден таса терең сырын ашады. Ондай жағдайда мәтін жүйесіндегі тілдік бірлік өзінің тура немесе бұрма, не болмаса мәтіннен тыс, жасырын мағынасымен ақынның көркемдік әлемінің құрылым жүйесін басты байланыстырушы, тұтастырушы тетігіне айналады. Тілдің түрлі деңгейдегі категориялары туралы да осыны айтуға болады.

Абайдың көркемдік әлемінде көрініс тапқан құбылыстардың мағынасы, мазмұны, мәні күрделі, көп қатпарлы, көп сатылы. Мұның өзі ақын шығармаларының онтологиялық қырларының байлығын білдіреді. Ал әдеби шығарманың онтологиялық көпқырлылығы оның мағыналық-құрылымдық жүйесінің бүтіндігіне, көркемдік әлемінің кемелдігіне жеткізеді. Ондағы мағынаны табу, анықтау, түсіну, пайымдау, бағалау оңай емес. Ақынның көркемдік әлемінің семантикалық кеңістігіндегі астарлы, ауыспалы, символдық мағынаны танып, білу де, жасырынулы, бүркемелі мәнді табу мен тану да қиын. Өйткені мұның жолдары, әдістері мен тәсілдері, ілгеріде айтылғандай, теориялық деңгейде жеткілікті негізделген емес. Соған орай әр зерттеуші, әр оқырман, әр қабылдаушы әдебиеттің, қаламгердің көркемдік әлеміндегі нақты ашық немесе астарлы, жасырын болмаса мәтіннен тыс мәнді де өзінше, өз танымы деңгейінде пайымдайды. Сол себепті көп жағдайларда көркемдік әлем семантикасының, шығарма мәтінінің немесе оның белгілі бір мағыналық-құрылымдық бірлігінің нақты мазмұны, астарлы мағынасы ашылғанмен, жасырын немесе мәтіннен тыс мәні, оның поэтикалық қызметі айқындалмаған күйі қала береді. Әдеби шығарманың көркемдік әлеміндегі мәтіннен тыс, жасырын мән-

мағына, оның түпнегізі, поэтикалық қызметі пәнаралық іргелі ғылыми-зерттеу нәтижесінде ғана анықталмақ.

Тыңдаушыларына, оқушыларына ұсынып отырған мағынаның ашық, анық және жасырын бөліктерінің арасалмағын өзінің көркемдік әлемінде ақынның өзі мөлшерлейді. Бұл жерде тыңдаушылардың, оқушылардың қабылдау, түсіну деңгейлері ескерілетіні түсінікті. Екінші жағынан, ақынның сөздерінің, образды ойларының мәтіннен тыс, жасырын мағыналары мен мәні оның өз тұсындағы көзі ашық тыңдаушыларына ұғымды болуы ғажап емес. Сонымен бірге Абайдың көркемдік әлеміндегі сөз де, образ да, ой да терең мағыналы. Оны әр тыңдаушы, әр оқушы өзінше қабылдап, өзінше түсінеді. Тіпті бір тыңдаушының немесе бір оқушының өзі оны өмірінің түрлі жағдайында, түрлі кезінде түрліше қабылдап, түрліше түсінуі мүмкін. Осы ретте ақынның көркемдік әлеміндегі сөздің де, суреттің де мағынасы мен мәні қабылдаушының санасында құбылып, бір мағынадан екінші мағына, бір мәннен басқа бір мән туындайтынына көз жеткізуге болады.

Абай Құнанбаев өлеңдеріндегі хронотоп мәселесін зерттеу міндеті ақын поэзиясындағы іс-әрекеттің жай-күйін, сын-сипатын, мезгіл-мекенін, себеп-салдарын, тарихи кезең шындығын тұтастықта талдауды қажет етеді. Уақыт пен кеңістік категориялары арасындағы байланыстың түрі поэзияда суреттеу арқылы жүзеге асады. Мақаламызда кеңістік пен уақыттың көркемдік категориялары функционалды-семантикалық бір-тұтастықта қарастырылып, бұл Абай поэзиясының бейнелі жүйесін осы автордың шығармашылығына сәйкес келетін типологиялық модельдер шеңберінде түсінуге мүмкіндік береді. Ақынның лирикасында кеңістік пен уақыттың көркемдік категориялары ерекше маңызға ие. Себебі, осы категориялардың қызметін анықтау қазақ даласындағы отарлау саясатының салдарын мейлінше айқын ашуға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, уақыт пен кеңістік поэзияда ақынның дүниетанымын, көркемдік әлемін байқатып қана қоймай, ақын өмір сүрген дәуірдің бейнесін көрсетеді.

«Абай таптық қанауды, теңсіздікті, тағы басқа да қайшылықтарды түсіне білді. Оны өзінің бойындағы ақындық шабыттың бар күшімен жырлап берді. Бай мен кедейдің

арасындағы тұрмыс қайшылығын, дәулет теңсіздігін көрді» [9, 848]. Мәселен, жыл мезгілдеріне арналған «Күз», «Қыс», «Жазғытұры», «Жаз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңдерінде мезгіл ерекшеліктерін бай мен кедей тұрмысымен қатар қойып салыстыра сипаттап береді. Абай жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерінде әр мезгілдің өзіндік ерекшелігін, уақыттың бедерін суреттеген. Бұл реттен келгенде, хронотоп ақын өлеңдерінде көркемдік, поэтикалық қызмет атқарумен бірге әлеуметтік сипатқа иеленеді. Соған орай Абай өлеңдеріндегі хронотоптың поэтикалық қызметі мен әлеуметтік мазмұнын өзара сабақтас тану дұрыс болмақ. Профессор А.Б. Темірболат әлеуметтік хронотоп туралы ойларын жинақтай келіп, оның екі түрлі аспектісін атап көрсетеді: а) гносеологиялық; б) онтологиялық [10, 18]. Бұл пікір біздің зерттеуіміз үшін аса бағалы. Абай шығармашылығындағы хронотоп мәселесін осы бағыттарда, дәлірек айтқанда, гносеологиялық және онтологиялық аспектіде пайымдаудың ғылыми және практикалық маңызы жоғары деп білеміз.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңінде жарқыраған жаздың беті қайтқан шақтағы күз бен қыстың тоғысында болатын суықтың қазақ даласындағы шаруаға жайсыздығын көркемдікпен суреттей отырып, ақын белгілі бір мезгіл мен мекен аясында қоғамдық әлеуметтік орта ерекшеліктерін анық көрсетеді. Күздің соңы мен қыстың басында байға қызмет етіп жүрген жалшы, кемпір-шалдың суықта тоңып, берекесі кеткен қалыпта суреттелуі ақынның шындық әлем көрінісінен көркемдік сурет жасау шеберлігін аңғартады. Ақын көз алдындағы белгілі бір кеңістік пен мезгіл шегіндегі шындық болмыс негізінде өзінің көркемдік әлемінің шынайы суретін жасайды. Болмыстағы мезгіл мен мекен көрінісі өтпелі болса, ақынның көркемдік әлемінде туған сурет өзінің мезгілдік және мекендік табиғатын еш жоғалтпайды, өзгертпейді. Хронотоп категориялары арқылы ақын белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғам дамуының қайшылықтарын, әлеуметтік теңсіздік қырларын өзінің көркемдік әлемінде мәңгілік рухани құндылық деңгейіне көтеріп бейнеледі.

Бұл өлең 1888 жылы жазылған. Жазылған жылының өзі қоғамдағы бай мен кедей жағдайынан ақпарат беріп, уақыт ерекшелігін айқындайды. Осы өлеңнен айқындалған уақыттың

белгілері: көшпелі қазақ ауылы, күн суып, қыс басталар тұс, айналысатын кәсібі – мал шаруашылығы. Бай мен кедей жағдайы, жалшының жұпыны өмірі айқын сипатталады. Бай оты жағылған жылы үйде отырса, отыны жоқ, суық үйде тоңып отырған жалшы өмірінің қиыншылықтары байқалады. Өлеңдегі кеңістік мәселесінің көрінісіне назар аударсақ. Өлеңде «Ықтырмамен күзеуде отырар бай» деген сөйлем бар. Ықтырма – малды желден, бораннан, қардан қорғап тұратын ағаштан, не тастан жасалынған қорғаныш. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде қыстау, көктеу, жайлау, күзеу лексиконы бар. Бұл қоныстарға қазақтар әр мезгілде көшіп-қонып отырған. Сол себептен «көшпелі қазақ» деп аталынған. Ал аталған өлеңдегі қыстауға жылжымай, күзеуде отырған бай суреттелінеді. Хронотоп: күзеу, киіз үй, киіз үйдің іші, кедей баласының паналайтын орны: ық жағы (жел жоқ жер), үйген жүктің күн жағы. Уақыт пен кеңістік шегінде табиғат суреті мен адамдар қимылы жымдаса бейнеленген.

Ақынның «Күз» өлеңінде жаздың аяқталып, шуақты күндердің беті қайтып, күздің қара суығының келгенін жалпы, күз мезгілінің белгілерін суреттей отырып, малшылардың тұрмысы, көшпелі елдің күнкөріс әрекеттері бейнеленген. Бұл өлеңнің жазылған уақыты 1888 жыл. Ақын күз мезгілінің көрінісін адамдар тіршілігімен байланыстыра отырып, мекеншағын анық берген. Мәселен: өлеңде ауылдың көңілсіз реңін бере отырып, ауылға ың жайсыз әсерін байқатады.

Өлеңде «Көңілсіз қара суық қырда жүрсең» деген жол бар. Күз мезгілі, оған тән ерекшелік, ойдағы емес, қырдағы ерекшелік. Қырда күздің қара суығына қалқа, ықтасын болар, ық болар биік жоқ. Күзде қырда жүрген адамға қара суық соғады. Күзде қырға шыққан адам қыс киер киімін киіп шықпайды. Ал күздің қара суығы желмен күшейгенде, оның суығына күзгі киіммен жүрген адам шыдас бере алмайды. Оның үстіне қырда өздігінше жүретін адам да болмайды. Сондықтан да күздің қара суығында қырда жүрген адамның көңілсіз болатыны түсінікті. Ақын өз өлеңінде белгілі бір мезгіл аясындағы белгілі бір кеңістіктің ерекше сипаттары, белгілі бір кеңістіктегі мезгіл сипаттары, ондағы адамның жай-күйі өзара шектес, тығыз бірлікте, себеп-салдарлық қатынаста суреттеледі. Ондағы адамның жайы, оның әлеуметтік жағдайы, психологиялық күйі де көрініс тапқан. «Қыс» өлеңінде

үсті-басы ақ қырау, түсі суық қыстың басқан жері сықырлап келіп қалуы, әлек салуы – мезгілдің кеңістіктегі бет алысын, жүріс-тұрысын, сын-сипатын поэтикалық бейнелеудің теңдессіз көркем үлгісі. Кеңістік әлемінде мезгілдің сын-сипатының мейлінше толық, күрделі болмыспен жарасуы ақынның «Жаз» өлеңінде жан-жақты көрініс тапты. «Жаз» өлеңі мезгілдің кеңістіктегі мереке-мейрамы секілді болып шыққан. Өлең жүйесіндегі мезгіл шегінде де, мекен болмысында да кездейсоқ, болмыс аясынан тыс, оқыстан шыға келетін оқшау көріністер жоққа тән. Ондағы әр сурет, әр құбылыс, әрбір қимыл-қозғалыс мезгіл мен мекеннің табиғи жарасымы қалпында көрінеді.

Ақынның жыл мезгілдері туралы өлеңдерінде мезгіл мен мекен құрамдастарының қатары қалыңдап, сипаттары дараланып, күрделеніп тұтасады және өзара тоғысып, бедерлене, айшықтала түседі, болмыс-бітімі барынша толық, анық ашылады. Сонымен қатар онда әлеуметтік ортаның ерекшеліктері де көрініс табады. Осының бәрі өлеңнің көркемдік әлемінің көрікті, эстетикалық әсерінің күшті болып шығуын қамтамасыз етеді.

Ақынның мезгіл сипатын кеңістікте көре білуі мен суреттей білуі – поэтикалық шеберліктің мінсіз көрінісі. Мезгілдің кеңістіктегі алуан түрлі сұлу жарасымын дәл тауып, әсем бейнелеудің мұндай классикалық үлгісі – нағыз классик ақынның асқан ақындық ойлауының жемісі.

Абай өлеңдеріндегі хронотоп белгілерінен ақынның көркемдік ойлау ерекшеліктері, көркемдік әдісі көрінеді. Яғни, Абай поэзиясының поэтикасынан кеңістік-уақыт семантикасын ажыратуға болады: хронотоп – дала, хронотоп – ауыл, хронотоп – тау, хронотоп – қыр, хронотоп – өзен, хронотоп – қора, хронотоп – сай, хронотоп – көл т.б. Осылардан-ақ, қазақтың тұрмыс-тіршілігін, Абай өлеңдерінің мотивін байқаймыз.

Табиғат лирикасына арналған ақынның келесі «Қыс» өлеңінде табиғат мезгілін суреттейді. Бұл өлеңде 1888 жылы жазылған. Қыс суреті жанды адам бейнесінде суреттеледі. Өлеңді оқып отырып, ақ киім киген, ақ сақалы бар, денелі, түсі сұсты адамды елестетеміз. Оның қаталдығынан «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» (іші кең, сырты үлкен еңселі үй) деп сипаттайды. Бұл өлеңнен қазақ өмірінде қыс мезгілінің ауыр болып келетінін, «Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салған, «беті-қолы домбығып үсік

шалған», «бет қарауға шыдамай теріс айналып», «шидем мен тон қабаттап киген малшы», «қар тепкенге қажымас қайран жылқы», «қыспен бірге тұмсығын салған қасқыр» деп қыс қиындығын айтады. Ақын аяздың қаһарына шыдап, азық етер малды қасқырдан сақтап қалу керектігіне назар аудартады. Сондай-ақ, бұл өлеңнің астарынан қыс мезгілінің ерекшелігін ғана емес, әлеуметтік ортаның жағдайын біле отырып, «қыс» болып келген феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілінің бейнесін де көре аламыз. Сипатталған пейзаждың арқасында келесі өлеңде көрсетілген уақытты анықтаймыз. Қыстан кейін келетін «Көктем» мезгілі Абайдың «Жазғытұры» өлеңінде көркемдікпен сипатталады.

Бұл өлеңінде жаз мезгіліндегі көшпелі қазақ ауылының тұрмысы бейнеленген. Жазда қоныстанатын жайлаудың көркем бейнесі суреттеледі. Үйрек ұшып, қаз қонған көлді, қалың жасыл шөп, айнала толған бәйшешек гүл, қасында күркіреп жатқан өзеннің бойына орналасқан ауылды тізбектеп береді. Өлеңдегі хронотоп құрамдастары: жайлау. Жайлау – жазғы қоныс. Қазақтар өмір сүруге қолайлы, мал бағуға ыңғайлы, суы мол, шөбі шүйгін жерді таңдағандығын Абайдың осы өлеңінен де байқауға болады.

Жайлауға жаңадан көшіп келген жұрттың киіз үй тігу, байлардың бұрқылдаған самаурыннан шай, сапырып қымыз ішіп отырған сәттері, кедей баласының тамақ сұрауы, мал соңында жүрген жалшы-жылқышылардың бейнесі, әлеуметтік теңсіздік көріністері.

Профессор А.Темірболат Абай поэзиясындағы хронотопты тарихи, психологиялық, биологиялық деп бөлуді дұрыс көреді. «В стихотворении четко прослеживаются социальный, культурноисторический, психологический, биологический хронотопы. На уровне первого раскрываются особенности бытия различных слоев общества: баев; табунщиков; батраков» [11, 25].

Бұл өлең табиғат лирикасына жатқанымен оқырман көшпелі өмірмен, халықтың салты, тұрмыс-тіршілігімен де таныс бола алады. Бұл өлеңдегі хронотоп қазақ қоғамындағы қайшылықтарды түсінуге көмектеседі. Абайдың табиғатты суреттеп жазған өлеңдерінің көркемдік деңгейі биік, ал әлеуметтік мәні терең, мазмұны бай.

Абайдың табиғат көрінісін бейнелейтін тағы бір өлеңі «Желсіз түнде жарық ай» деп аталады. Өлеңдегі хронотоп: желсіз түн, ауылдың жаны, сай, өзен, жер, тау, жол. Аталған хронотоптар қыз бен жігіт сезімінің куәсі түрінде беріледі. Сүйгенімен жолығуға ауыл сыртына асыққан екі жастың махаббат сезімін түнгі табиғаттың әдемі көрінісімен ұштастыра суреттейді. Автор қыз бен жігіттің кездесетін орнына назар аудартады. Өлеңнің көркемдік уақыты – желсіз түн. Түн мен ай махаббаттың символы іспеттес. Демек, Абайдың поэтикалық тіліндегі контекстті ескере отырып, кеңістік пен уақыт категорияларының семантикасы мен қызмет ету ерекшеліктерін анықтауға болады.

Қазақ өміріндегі құс салып аң аулау өнері – саятшылық деп аталады. Аңға салатын құсты баптаушыны «құсбегі» деп атайды. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі саятшылық туралы жазылған.

Қар жауғаннан кейінгі күн саятшылар үшін аң аулауға қолайлы. Бұны «Қансонар» деп атайды. Себебі, жаңа жауған қардан кейін жортқан аңның ізі анық байқалады. Абай осы өлеңде саятшылықтың қызықты сәттерін табиғат көріністерімен көмкеріп сипаттайды. Саятшылық арқылы, қазақ халқы мекен еткен жердің қысы туралы, аңшылықтың сыры туралы ақпарат береді. Өлеңде қансонарда бүркіттерін алып, аңға шыққан саятшылар түлкіге кезігіп, бүркіттің томағасын тартады. Томағасы алынған бүркіт жан жағына қаранып, қиядағыны шалады. Түлкі мен бүркіттің арпалысы, екеуінің іс-әрекеттері ақынның ұлттық ойлау ерекшеліктеріне сай бейнеленеді.

Бұл өлеңдегі хронотоп құрамдастары: қансонар, тау басында, көк (аспан), жер, аспан. Осы сөздер арқылы оқырман саятшылықтың мезгілін, уақытын айқындай алады.

Абай Құнанбайұлының өлеңдеріндегі хронотоп жүйесіне үңілсек, ақын дәуір шындығымен бірге, өзінің көркемдік әлемін ашып көрсетеді. Әлеуметтік теңсіздіктің салдарынан қара халықтың өз еңбегінен табыс көрмей, азап көретінін, тұрмыс-тіршілігінің нашарлап кеткенін ашына жазғанын байқаймыз.

Абай поэзиясында кеңістік пен уақыт нақты көрінеді, өлеңдерінде жиі айтылатын жол, тау, ауыл, өзен т.б. хронотоптар шартты түрде символикалық мәнімен дараланады, өйткені өлең мәтініндегі барлық кеңістіктік-уақыттық бағдарлар жеке

адамның да, ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамының да өмір жолының шартты бейнесін жасайды. Әр туындысында кеңістік пен уақыт категорияларын белгілеп, кейіпкерлерінің, жалпы сөз етіп отырған халықтың орналасқан шартты мекенін көрсетеді. Осы кеңістікті өзгертуге ғылым мен білімге ұмтылып, жаңа өмірді қалыптастыруды армандайды. Негізінен Абай шығармаларындағы уақыт категориясы белгілі бір нәрсені өзгерту мақсатына қызмет етеді. Мәселен, халықты рухани жетілдіру, қоршаған ортаны өзгерте отырып, көшпелі өмірден отырықшылыққа ауысу. Байқап отырғанымыздай, кеңістік пен уақыт бейнелері Абай Құнанбайұлының поэтикалық әлемінің маңызды бөлігі болып табылады. Құрылымдық-тақырыптық модельдері оның поэзиясында күрделі диалектикалық бірлікті құрап (тарихи, мәдени, мифологиялық), көп қатпарлы синтез ретінде қалыптасқан. Тодоров В.Н. уақыт туралы, уақыттың кеңістікпен байланысы туралы ойларында кеңістікті қабылдауда біз уақыт элементтерін айтатынымыз, уақытты қабылдағанда кеңістік элементтерін табатынымызды аңғартады [12, 529-542]. Уақыт пен кеңістік элементтері Абай поэзиясының астары деуге болады.

Ақын өлеңдерінің көркемдік әлемінің хронотопиялық ұйымдастырылуын талдау оның философиялық көзқарастарын, автордың тарихи оқиғаларға көзқарасын және оның поэтикалық жүйесінің өзіндік ерекшелігін түсінуді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әдебиетте кеңістік пен уақыт мәселесі туралы көптеген зерттеулер бар. Мақаламызда азаматтық парыз, қоғамның мақсат-мүддесі, ар-ождан, ой-арман туралы ақынның тебіренісі, философиялық толғаныстарын талдай отырып, поэзиядағы уақыт пен кеңістік ұғымының маңыздылығы анықталды.

Абай Құнанбайұлы лирикасындағы уақыт пен кеңістікті талдай отырып, оның инварианттарының ерекшеліктерін байқаймыз. Ақын лирикасындағы маңызды хронотоптар – бұл даланың, жайлаудың, өзен-көлдердің, ауылдың іші, сырты, маңы мекеншақ семантикасын жүзеге асыратын элементтер.

Зерттеу барысында алынған тұжырымдарды жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінде жүргізілетін «Абайтану» курсына оқытуда қолдануға болады. Ақын шығар-

маларын жан-жақты зерттеп-зерделеу, гуманитарлық ғылымда өзекті болары анық.

Отандық әдебиеттануда поэзиялық шығармалардағы уақыт пен кеңістік мәселелері тереңірек қарастырылуы дұрыс болмақ. Хронотоп категориясын белгілі бір жолмен жіктеу, сонымен қатар ақындар қолданған заңдылықтар туралы зерттеулерге ерекше назар аударылуы қажет. Қазіргі кезде әдебиеттануда туындыны кеңістік-уақыт аспектісі тұрғысында зерттеуге деген қызығушылықты арттыру үшін, кешенді де іргелі зерттеу еңбектерін жарыққа шығару керек.

Қазақ әдебиетінің даму үрдістерін, жанлық-стильдік толысу жолдарын ғана емес, әдебиеттанушылардың нақты дәуірдегі тарихи жағдайда өрбіген құбылыстардың көрінісін нарративтік тұрғыдан жіті бақылауы, хронотоп категориясының поэтикалық, көркемдік-эстетикалық мәніне лайықты назар аударуы орынды.

Ақын өлеңдерінің тірегі көркем уақыт пен кеңістікті айқындап, түп тамырын көркем шындық құрайды. Тілдік бірліктер сол көркем шындықты таныммен таразылап, сөзбен әрлеп тұрған. Сондықтан да ақын шығармашылығы әрқашан өзекті, құнды. Уақыт пен кеңістік поэзияда ақынның дүниетанымын, көркемдік әлемін байқатып қана қоймай, ақын өмір сүрген дәуірдің бейнесін көрсетіп береді, сол кезеңдегі оқиғалар мен тарихи сәттердің маңызын көрсетеді. Хронотоп арқылы келер ұрпаққа ақын өмір сүрген дәуірдің барлық қыры мен сыры мұра болып қалып отырады. Абай Құнанбаевтың шығармалары адамзаттық мәселелерді қамтуымен құнды, маңызды. Қазіргі таңда ақын шығармашылығын қайта жаңғыртып, жаңа қырынан талдау заман талабы екені белгілі. Жас ұрпақтың санасына сіндіріп, бойына қалыптастыру үшін әлі де тер төгіп, ақын шығармаларын талдап, түсіндіру әр адамның әсіресе ғалымдарымыздың парызы деп білемін. Кез келген шығарма ұлттық болымыстың нышаны әрі ұлттық мұраны сақтаушы, бар әлемге және келер ұрпаққа жеткізуші екендігі белгілі. Сондықтан да әдеби туындылар хабар алу мен танымның төте жолы әрі рухани шығармашылық алмасу болып табылады. Осы себептенде ақын шығармалары негізінде рухани және материалдық мұраларымыз эстетикалық тұрғыда көрініс ала отырып өз оқырманын тәрбиелеп қана қоймай, ұлтымыздың рухани тұғырын әлемдік кеңістікте биіктетіп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Жұмалиев Қ. Абайдың сөз өнері // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXIX том. Ойлар мен толғаныстар / Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 80-94-беттер.
2. Майтанов Б. Абай және уақыт тұғырнамасы // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №1. – 79-83 бб.
3. Лотман Ю. Структура художественного текста. – СПб: Искусство. 1998. – 285 с.
4. Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе // Бахтин М.М. Собрание сочинений. Т. 3. Теория романа (1930-1961 гг). – М.: Языки славянских культур, 2012. – С. 340-511.
5. Аристотель. Поэтика / Пер. М.Л. Гаспарова // Аристотель. Сочинения: В 4-х т. Т. 4 / Пер. с древнегреч.; Общ. Ред. А.И. Доватура. – М.: Мысль, 1983. – С. 645-680.
6. Дәдебаев Ж. Абайдың көркемдік әлемі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар / жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 37-91-б.
7. Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы. Көп томдық. Том I. Дәдебаев Ж. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 307 б.
8. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
9. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
10. Темірболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 б.
11. Темірболат А. Категория хронотопа в поэзии Абая Кунанбаева // Абай институтының хабаршысы. – №1 (7). 2011 – 24-35 б.
12. Топоров В.Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ. Исследования в области мифопоэтического: Избранное. – М.: Издательская группа «Прогресс» – «Культура», 1995. – 624 с.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Абайдың таксономиясы: білу, түсіну, қолдану» – ұжымдық монография. Онда «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (2020-2022) жобасы аясында орындалған жұмыстардың басты нәтижелері көрініс тапқан. Зерттеу мақсаты мен міндеттерін іс жүзіне асырудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері пайымдалды: негіздері сәйкес теориялық зерттеулер жүргізілді: Абай ілімі жүйесіндегі концепциялар пайымдалды: а) құндылықтар концепциясы; ә) білім концепциясы; б) тыңдаушы концепциясы; в) орта шама концепциясы.

Зерттеу барысында Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдерінің теориялық сипаттамасы жасалды. Мағыналық-құрылымдық модельдер теориясы негізделді. Мағыналық-құрылымдық модельдің ғылыми сипаттамасы берілді. Абай ілімі құрамдастарының мағыналық-құрылымдық моделінің үлгісі жасалды.

Абай ілімінің, оның құрамдастарының моделін жасауда Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық жүйесі негізге алынды, Абайдың ілімінің негізін түзетін қағидалар мен қисындар жүйесі ескерілді. Бұл ұстаным Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделінің Абайдың шығармашылық мұрасының, Абай ілімінің құрамдастарының жүйесіне сай жасалуына қол жеткізді.

Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделінің жасалуы Абай ілімінің жүйесін теориялық тұрғыда дәйекті негіздеуге және толық көрсетуге мүмкіншілік берді. Жоба бойынша жасалған жұмыстардың басты нәтижесі ретінде Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделі абайтану ғылымындағы ғылыми және практикалық маңызы үлкен елеулі жетістік ретінде қабылданды.

Зерттеу жұмыстарының келесі бір үлкен нәтижесі – Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктерінің жасалуы, олардың қызметін қамтамасыз ету амалдарының негізделуі, осы аталған ғылыми-әдістемелік тетіктердің жұмыс үдерісі кезеңдерінің логикалық жүйесінің анықталуы. Бұл орайда анықталған танымдық ойлау үдерісінің

иерархиялық жүйесі «Абай таксономиясы» деп аталды. Абай таксономиясы – зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұтас қамтитын, зерттеу нысандарымен, зерттеу нәтижелерімен сабақтас және байланысты өзекті құндылықтар желісі. Ол – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы, Абай ілімін пәнаралық зерттеудегі елеулі жаңалық, жаңа өнім, айтарлықтай жетістік.

Ғылыми зерттеу жобасын орындау барысында қол жеткен маңызды нәтижелердің бірі – Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-ақпараттық базасының әдістемелік негізінің жасалуы. Он томдық «Абайтану антологиясы» басылымы, «жиырма томдық «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы, «Абай таксономиясы», Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың мағыналық-құрылымдық модельдері, ғылыми-әдістемелік тетіктері, Абайдың кісілік кодексі – аталған ғылыми-ақпараттық ресурстар базасының әдістемелік негізін түзеді. Сонымен қатар осы қатарда «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» (2015-2017) ғылыми жобасы аясында жарық көрген 50 томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы барын атап өткенді дұрыс көреміз. Осы негізде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Әл-Фараби кітапханасы» сайтының ашық ақпараттық кеңістігінде «АБАЙТАНУ АНТОЛОГИЯСЫ» интеллектуалдық е-ресурстар базасы ашылды. Ол – абайтану саласындағы ғылыми-ақпараттық құндылықтарды сақтаудың, байытудың, насихаттаудың, зерттеудің, тұтынушылардың пайдалануына ұсынудың, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаудың әлеуметтік маңызы зор ашық ақпараттар қоры.

«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі, абайтану тарихындағы зор жетістік, үлкен құндылық. Оны тетігін тауып пайдалану елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық санамыздың дамуына қызмет етеді.

«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы Қазақстанның білім және ғылым жүйесі үшін, Қазақстанның азаматтары мен дүниежүзі қазақтары үшін игілікті болады деп күтіледі.

Ғылыми зерттеу нәтижелері негізінде «Абай ілімі» оқу пәні өндіріске енгізілді. «Абай ілімі» жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндер циклындағы таңдау пәні ретінде 2021-2022 оқу жылында оқытыла бастады. Жалпы көлемі 5 кредит.

Жоба бойынша орындалған жұмыстардың нәтижелері бұл бағытта жасалар жұмыстың жаңа арналары ашылып, жаңа бағыттары анықталғанын көрсетеді. Бұл орайдағы зерттеу жұмыстары зерттеушілер тобының еркімен жалғаса беретін болады.


«Абайдың таксономиясы: білу, түсіну, қолдану» монографиялық зерттеу еңбегі әдебиеттанушы ғалымдар, жоғары мектеп оқытушылары, білім саласындағы зерттеушілер, магистранттар мен докторанттар үшін пайдалы болмақ. Монографияны жоғары оқу орындарында «Абайтану», «Абай ілімі» оқу пәндерін оқытуда, оқу құралдарын, дәрістер курсы дайындауда пайдалануға болады.

Бірінші тарауға қосымша

МОДЕЛЬДЕР

(Абай ілімінің құрамдас бөлімдері мен негіздерінің, ғылыми-әдістемелік тетіктерінің логикалық модельдері)


1 Абай үшкілі



Шартты белгілердің мәні:
Абай ілімінің үш құрамдас бөлімі
1 – Ақыл
2 – Қайрат
3 – Жүрек

Тең қабырғалы үшбұрышқа сәйкес

Абай үшкілі үш құрамдас бірліктен тұратын басқа да құбылыстардың мағыналық-құрылымдық ерекшеліктерін пішіндеу, сипаттау, түсіндіру үшін қолдануға лайықты.




2 Абай үшкілі

Шартты белгілердің мәні:
Ақыл: сипаттары
мен категориялары
1 – Ақыл
2 – Ақылдың сипаттары
3 – Ақылдың категориялары

Тең қабырғалы үшбұрышқа сәйкес

Абай үшкілі Абай ілімінің үш құрамдас бөлімінің әрқайсысын мағыналық-құрылымдық бірліктерге бөліп, көрнекі пішіндеуге, сипаттауға, түсіндіруге қолайлы дидактикалық құрал қызметін атқарады.

3 Абай үшкілі. Имани гүл



Шартты белгілердің мәні:

Имани гүл құрамдастары

1 – бірінші сүю:

Алла адамды сүйеді

2 – екінші сүю:

адам Алланы сүйеді

3 – үшінші сүю:

адам Алланың сүйгенін

сүйеді: адамды, адамзатты

Тең қабырғалы үшбұрышқа сәйкес

4 Абай үшкілі. Тең қабырғалы үшбұрыш.


Абай үшкілінің пішіні.

Абай үшкілінің жалпы мәні Ақжан Машанов зерттеулері негізінде сипатталды. Абайдың: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста», – деген қағидасындағы үштік бірліктің өзара бірдей қалпын білдіреді.

Бұл пішін ақыл, қайрат, жүрек үшеуіне бірдей ортақ.

Қ-Қайрат


А-Ақыл



Ж-Жүрек


5 Үшкілдің еселенуі

Үшкілдің еселенген моделі күрделі құбылыстың алты бірліктен тұратын мағыналық-құрылымдық жүйесін сипаттауға қолайлы.



6 Төрткіл


Төрткіл болмыстың түгелдігін сипаттайды.



Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында дүниенің төртбұрышы, төрткіл дүние деген ұғым бар. Онда бүкіл дүние кеңістігін түгел қамту деген мағына бар.

7 Төрткіл


Төрткіл болмыстың түгелдігін сипаттайды.



Халықтың дәстүрлі дүниетанымында төрткіл дүние кеңістігі еселеніп, сегіз бірлікке сараланады.

8 Төрткіл

Төрткілдің еселенуі



9 Төрткілдің еселенген моделі

Төрткіл дүниенің еселенген моделі өзара тұтасқан екі төрткіл үлгісінде пішінделді.



Төрткіл пішіні төрт және сегіз мағыналық-құрылымдық бірліктен тұратын құбылыстарды көрнекі көрсетіп сипаттауға, олардың ерекшеліктерін айқындап түсіндіруге қолайлы дидактикалық құрал қызметін атқара алады.


10 Абай таксономиясының моделі

Абайдың таксономиясы



Білім алушының танымдық ойлау әрекетінің иерархиялық деңгейлері Абайдың ілімінде осы жүйеде негізделген. Біз оны еш өзгеріссіз пішіндедік.

11 Бес үшкіл



Бес асыл іс категориясының моделі бес үшкіл жүйесінде ұсынылды.

Әр үшкіл бес асыл істің (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) бірін бейнелейді.

Бес асыл істің әрқайсысының асылдығы ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің теңдігі, бірдей әрекеті негізінде анықталады.

Берілген үлгілерді үш құрамдас, төрт құрамдас, бес құрамдас, алты құрамдас, сегіз құрамдас мағыналық-құрылымдық бірліктерден тұратын құбылыстарды сипаттауға, көрнекі түсіндіруге қолайлы дидактикалық құрал ретінде қолдануға болады. Олар бір мақсатта ғана емес, әртүрлі мақсатта қолдануға лайықталған, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-әдістемелік тетіктері қызметін атқарады. Бұл ретте ұсынылып отырған модельдердің қызметі көп қырлы.

«АБАЙТАНУ. ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР» (XXXVI-Томдар)
сериялық басылымының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған
библиографиялық анықтамалық

XXXVI том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXVI том. Мырзахметов М. Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш / Абаеведение. Библиографический указатель / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 282 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының отыз алтыншы томына көрнекті абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш» / «Абаеведение. Библиографический указатель» атты еңбектері енді. Көрсеткіш Абай мұрасы жөнінде жазылған 1889-1985 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін тақырыптық жүйеде тұтас қамтиды.

Библиографиялық көрсеткіш негізінен қазақ, орыс тіліндегі деректерді қамтуы себепті, екі бөлімге жіктеліп берілді. Әрбір оқырман іздеген дерегін белгілі бір тақырып желісінде тез тауып алуына қолайлы болуы үшін, әр бөлім негізінен 60-тан астам тақырып аясына шоғырландырылған.

Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған.

Том автордың редакциясымен Абай институтының қаржысына шығарылды.

Түсініктер

Библиографиялық көрсеткіш баспаға автордың ұсынған нұсқасы бойынша жіберілді: Мырзахметұлы М. Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш // Мырзахметұлы М. Абайтану. Том 2. – Астана, 2010. – 236-361 бб.

Библиографиялық көрсеткіш «Абайтану, Библиографиялық көрсеткіш» деген атпен бірнеше рет толықтырылып басылып шыққан.

Мазмұны:

Кіріспе сөз

Абай басылымдары (қазақ тілінде)

Абай шығармалары СССР халықтары тілінде

Абай шығармалары шетел тілдерінде

Абай басылымдарына жазылған сын-мақалалар

Абай шығармаларының текстологиясы жайында

Абай өмірбаяны

Абай мұрасының рухани көздерінен

Абай дүниетанымы туралы

Абай – ағартушы, демократ, гуманист

Абай еңбек, тәрбие, ғылым жайында

Абай лирикасы

Абайдың поэмалары

Абайдың қарасөздері
Абайдың жаңадан табылған өлеңдері
Абай туралы жаңа деректер
Абай және СССР халықтары әдебиеті
Абай поэзиясының тілі, шеберлігі
Абайдың өлең құрылысы
Абайдың ақындық дәстүрі
Абайдың әдеби ортасы
Абайдың реализмі
Абай – көркемөнерде
Абай туралы естеліктер
Абай туралы хабарлар
Абай музейі
Абай – қазақ әдебиетінің классигі
Мұхтар Әуезов – абайтанудың негізін салушы
Абай мұрасын насихаттаушылар мен зерттеушілер
Абайтану тарихынан
Абай мұрасы оқулықтарда
Абай мұрасын оқыту жолдары
Абай мұрасы – энциклопедиялар мен сөздіктерде
Абай – библиографиялық көрсеткіштерде
Абай мұрасы – арнаулы жинақтар мен монографияларда
Есімдер көрсеткіші
Библиографиялық көрсеткішті құрастырғанда пайдаланған журналдар

Библиографиялық көрсеткішті құрастырғанда пайдаланған газеттер
Абайдан қалған атамұра
Содержание
Издания Абая (на русском языке)
Критика к изданиям Абая
Текстология произведений Абая
Биография Абая
Идейно-культурные истоки Абая
Мировоззрение Абая
Абай – просветитель
Поэмы Абая
Назидания Абая
Новые данные об Абасе
Сообщения об Абасе
Абай и литература народов СССР
Язык поэзии Абая
Стихосложение Абая
Поэтические традиции Абая
Литературная среда Абая
Реализм и народность Абая
Абай в произведениях искусств

О музее Абая
Абай – великий классик казахской литературы
Об истории абаведения
Творчество Абая в учебниках и программах
Абай в школе
Абай в энциклопедиях и словарях
Библиография об Абасе
Сборники и монографии
Диссертации о литературном наследии Абая Кунанбаева
Указатель имен
Список использованных периодических изданий

XXXVII том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXVII том. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Ғылыми мақалалар / құраст.: С.Б. Жусанбаева, Н.Н. Аитова; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 250 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының отыз жетінші томында көрнекті ғылым қайраткері Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықованың «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Ғылыми мақалалар» атты еңбегі берілді. Онда автордың орталық ғылыми басылымдар мен «Абай» энциклопедиясында жарық көрген ғылыми-теориялық мақалалары топтастырылған. Мақалалар автордың бұған дейін жарық көрген еңбектерінде, көптомдық шығармалар жинағының томдарында жарияланған.

Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған.

Еңбек Абай институтының бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

Автордың редакциясымен шығарылды.

Мазмұны:

Бірінші бөлім

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАРДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛА

Абай тілінің зерттелуі

Абай шығармалары мен XIX ғасырдағы жазу нұсқаларының тілін зерттеудің маңызы

Абай тіліндегі оқу-ағартуға қатысты сөздер (ұлы ақынның туғанына 120 жыл)

Абайдың прозалық шығармаларындағы күрделі ойдың берілуі

Абай шығармаларындағы кейбір шылаулардың қызметтері

Үшін (оның үшін) шылауы

Абай шығармаларындағы ыңғайластық жалғаулықтардың көрінісі

Абай шығармаларында **-ар/-ер** жұрнақты тұлғаның қолданылуы

Абайдың қара сөздеріндегі **-мақ** аффиксті тұлға жайында

Абайдың прозалық шығармаларындағы кейбір морфологиялық тұлғалардың сипаты

Абай тілінің көркемдігі

Абай және қазақ ұлтының әдеби тілі

Абайдың тіл тағылымы

Абай және поэзия тілі

Абай – ұлттық болмысымыздың тіні

Абай және қазақ әдеби тілі

Абайдың «қара сөздері» – қымбат қазына

Абай тілін танудың жаңа қырлары немесе мәтін теориясы бойынша зерттеулер

Екінші бөлім

**«АБАЙ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР**

Абай тілінің зерттелуі

Ауызша әдеби тіл

Ауыстыру

Дулат Бабатайұлы

Жаңа сөздер (неологизмдер)

Қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыру

Қарсы мәндес сөздер (антонимдер)

Лексика

Поэзия тілі, поэтика

Ұйқас

Үндестік бастама, дыбыстық қайталаулар (аллитерация мен ассонанс)

Фразеология

XXXVIII том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXVIII том. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 346 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының отыз сегізінші томында Г.Ә. Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы» еңбегі берілді. Онда Абай дискурсының ұлттық таным мен ұлттық рухты танытатын концептуалды жүйесі және прагматикалық деңгейі антропоэзекті, когнитивтік лингвистика аясында талдауға түскен. Абайдың тілдік тұлғасын ғылыми-лингвистикалық тұрғыда сараптау арқылы оның тілдік әлемінің когнитивтік парадигмасы түзіліп, прагматикалық мәні ашылады. Ол үшін ұлт – тіл – мәдениет, уақыт – кеңістік – адам сабақтастығы басшылыққа алынған. Тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейі тарихи-қоғамдық, әлеуметтік мазмұнға қатысты қарастырылады.

Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған.

Еңбек Абай институтының бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

Автордың редакциясымен шығарылды.

Мазмұны:

Кіріспе

1. Абай тілдік тұлғасын зерттеудің тіл біліміндегі жаңа бағыттармен сабақтастығы

1.1 Қазіргі лингвистика ғылымындағы тілдік тұлға мәселесі

1.2 Абай тілдік тұлғасының негізгі сипат белгілері

1.3 Абайтану – Абай тілін тану

1.4 Абай тілдік тұлғасындағы дүниенің тілдік бейнесі және ұлттық тілдік бейне

2. Абай тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейі

2.1 Абай шығармаларындағы араб-парсы сөздерінің прагмастилистикалық сипаты

2.2 Абай шығармаларындағы орыс тілінен енген сөздердің прагмастилистикалық сипаты

2.3 Абай тілдік тұлғасы және қазақ фольклоры

2.3.1 Мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі

2.3.2 Жоктаудың лингвомәдени мәні

2.4 Абай шығармаларындағы диалектизмдердің лингвомәдени мәні

3. Абай тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейі

3.1 «Толық адам» концептісі

3.2 «Күлкі» концептісінің әлеуметтік-философиялық мәні

3.3 «Қайғы» концептісінің мәдени-ұлттық көрінісі

3.4 «Өтірік» концептісінің әлеуметтік мәні

3.5 «Мақтан» концептісінің прагматикалық уәжі

3.6 «Жағымсыздық» («ит») концептісі – «уақыт» мінезінің көрінісі

3.7 Абай шығармаларындағы бейвербал амалдардың әлеуметтік мәні

4. Абай дүниетанымының ұлттық мәдени концептілер арқылы көрінісі

4.1 «Жайлау» концептісі арқылы рухани әлемді бағдарлау

4.2 «Қымыз» концептісі арқылы рухани құндылықты бағалау

4.3 Саятшылыққа қатысты этномәдени лексиканың концептуалды мәні

4.4. Киім атауларының (вестиалды лексиканың) этнолингвистикалық сипаты, әлеуметтік уәжділігі

4.5 Лингвомәдени бірліктер мәні

5. Абай тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі

5.1 Индивидуалды авторлық метафоралардың когнитивтік сипаты

5.2 Абай дүниетанымының пассионарлық идеямен өзектесуі

5.3 Абай шығармаларындағы прецедентті есімдердің когнитивтік сипаты

5.4 Абай Қарасөздері мен «Қабуснамадағы» дүниенің тілдік бейнесі

5.5 Абай – Монтень шығармаларындағы таным ортақтығы

5.6 Абай қара сөздерінің жанрлық ерекшелігі, лингвотанымдық мәні

5.6.1 Қарасөз жанрын нақтылау. Қарасөздің зерттелуіне шолу

5.6.2 Абай қара сөздерінің эссе жанрымен сабақтастығы

5.7 Абайдың шығармаларындағы афоризмдер сипаты

XXXIX том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXIX том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазған С.Б. Жусанбаева, Н.Н. Аитова; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 225 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының отыз тоғызыншы томына Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 95 жыл, 100 жыл, 125 жыл толуына орай арнайы жазылып, дайындалған еңбектердің таңдамалы бір тобы енді. Олардың мазмұны мен құрылым-жүйесінен Абайдың шығармашылық мұрасына қатысты түрлі кезеңнің тыныс-лебі сезіледі. Абайтану ғылымының тарихында бұл еңбектердің тарихи және танымдық-тағылымдық мәні бар.

Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған.

Мазмұны:

Қонаев Дінмұхамед. Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген кіріспе сөзі
Өбдіқалықов Мұхамеджан. Абай – қазақ халқының даңқты ақыны және ағартушысы (Абай Құнанбаевтың туғанына жүз жыл толуына)

Омаров Ілияс. Абай және қазақ мәдениеті

Сауранбаев Нығмет. Абай – қазақ көркем әдебиетінің атасы

Әуезов Мұхтар. Абай және Еуропа әдебиеті

Машанов Ақжан. Абай – азат ойшыл

Жұмалиев Қажым. Абайдың сөз өнері

Мәметова Әмина. Абай және Шығыс әдебиеті

Ысмаилов Есмағамбет. Абайдың ақындық мәдениеті

Шалабаев Белгібай. Абай мен Пушкин

Кенжебаев Бейсембай. Абайдың қара сөздері

Жақыпбайұлы Б. Абай өлеңдерінің тексті туралы

Ысмаилов Есмағамбет. Кемеңгер Абай

Аманжолов Сәрсен. Абай және қазақтың жазба әдеби тілі

Қуанышбаев Қалыбек. Абай образын жасау жолында

Өмірәлиев Құлмат. Абай афоризмдерінің туу негіздері жайында

Түсініктер

XL том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XL том. Мырзахметұлы М. Абай: толық адам ілімі / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының қыркыншы томына көрнекті абайтанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлының «Абай: толық адам ілімі» атты еңбегі енді. Еңбекте абайтану ғылымының өзекті мәселелесі қарастырылған.

Томға енген еңбек абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған.

Мазмұны:

Кіріспе

Абайтану тарихынан қысқаша шолу

Абайтанудың М. Өуезов дәуірінен кейінгі даму жолы

Абайдың «толық адам» ілімі

Абай, Шәкәрім, Мағжан мұрасындағы жантану ілімі

Абай дүниетанымын танып-білу жолындағы түбірлі өзгерістер

Абай лұғаты

Қорытынды

Библиографиялық тізім

Қосымшалар

XLI том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLI том. Картаева А.М. Абай мен Мұхтар Өуезов әлеміндегі рухани сабақтастық. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті» баспа үйі, 2020. – 382 б

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық бірінші томында А.М. Картаеваның «Абай мен Мұхтар Өуезов әлеміндегі рухани сабақтастық» еңбегі берілді. Зерттеуде Абайдың даналық тағылымының Өуезовтің шығармашылық мұрасында жалғастырылуы қарастырылады. Қазақ әдебиетінің алыптары Абай мен М. Өуезовтің шығармашылық әлеміндегі көркемдік тұтастық, рухани тамырластық, дәстүр сабақтастығының сан сала арналары кеңінен сөз етіледі. Екі дананың ойшылдық, қоғамдық, гуманистік, суреткерлік ортақ қырлары ашылып, дүниетанымының өзектері, эстетикалық танымдары, ой тереңдігі, сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық пен тілдік үйлесімдері арнайы зерттеледі.

Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған.

Мазмұны:

Кіріспе

I бөлім. Абай дәстүрі алаш әдебиетінде

1.1. Абай мен Алаш ақындары поэзиясындағы көркемдік сабақтастық

1.2. Ақын өмір сүрген дәуір болмысының М. Өуезов туындыларында бейнеленуі

1.3. Қара сөздердегі дүниетанымдық ой-түйіндердің М. Өуезов көсемсөздерінде жалғасуы

1.4. Абайдың сөз өрнектері М. Өуезов әңгімелерінде

1.5. Азаматтық сарынның «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы» повестеріндегі көрінісі

1.6. Абайдың көркемдік-идеялық ұстанымдары М. Өуезов драматургиясында

II бөлім. Әдеби үндестік пен рухани сабақтастық

2.1. Шығармашылық қайнар көздер

2.2. Абайдың «толық адам» танымының «Абай жолы» эпопеясында берілуі

2.3. «Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні» ой-толғамының

М. Әуезов туындыларында дамуы

2.4. Көркем мәтіндегі эстетикалық таным тамырластығы

III бөлім. Абай мен М. Әуезов әлеміндегі көркемдік үйлесімділік

3.1. Абай поэтикасының «Абай жолы» эпопеясында іске асуы

3.2. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы «шығармашылық тұлға»

концепциясы

3.3. Ақынның сөз образдарын жазушының жаңартып беру тәсілі

Қорытынды

Библиографиялық тізім

XLII том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLII том. Тарақов Ә.С. Абайдың аудармашылық таланты: оқу құралы / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 256 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық екінші томында Ә.С. Тарақовтың «Абайдың аудармашылық таланты» еңбегі берілді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.С. Тарақов Абайдың Батыс және орыс ақындарынан аударған туындыларын жан-жақты зерттейді, Шығыс пен Батыс әдеби сабақтастығын саралайды. Классиктердің шығармашылық өмір жолымен бірге поэзиясының аудармалары теориялық тұрғыдан терең талданады, Абайдың аудармашылық талантын ерекшелейді. Әр аудармадағы Абайдың ізденісін, балама, сәйкестік табу шеберлігін, аудару тәсілдері мен шешімдерін түпнұсқа мен аударманы салыстыра айқындап, дәлелдейді.

Кітап магистранттар мен докторанттарға, жалпы білім алушы, ізденуші жастарға және көпшілікке арналған.

Мазмұны:

Кіріспе

I тарау. Асыл сырлар, жасын жырлар

Лермонтов поэзиясының аудармасы

Орыс поэзиясының асқар шыңы

Пушкин шығармасы – Абай аудармасында

Полонский поэзиясындағы парасат пайымдаулар

Буниннің бояулы бейнелеулері

И.А. Крылов – көрнекті орыс мысалшысы

Абайдың И. Крылов мысалдарын аударудағы ізденістері

II тарау. Батыс классикасы және Абай аудармалары

Кемеңгер классик Гете

Гете – Лермонтов – Абай: ой, сезім үндестігі

Байрон поэзиясындағы романтизм

Тарихи дәуір күрескері Фридрих Шиллер

Азаттық аңсаған адам (Поляк классигі А. Мицкевич поэзиясы мен Абай ой-ұстанымдарының сабақтастығы)

III тарау. Батыс пен Шығыс сабақтастығы

А.С. Пушкин поэзиясындағы Құран негіздері және шығыстық сарын Гете, Пушкин және Шығыс

В.А. Жуковский – талантты ақын, шебер аудармашы (Ақындық және аудармашылық таланты, шығармашылық ізденістері туралы)

ҚОРЫТЫНДЫ

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

XLIII том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLIII том / А. Машанов. Әл-Фараби және Абай: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 254 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық үшінші томында А. Машановтың «Әл-Фараби және Абай» еңбегі берілді. Кітапта автор әл-Фараби мен Абайдың рухани байланысын, даналықтарының түпкі негізін, ілімдерінің әлеуметтік маңызын ашып көрсетеді.

Еңбек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шәкірттеріне, ғалымдары мен оқытушыларына, зерттеушілеріне, әл-Фараби мен Абайдың даналығынан үлгі алғысы келген барша талапты жасқа, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

Мазмұны:

Алғы сөз

I бөлім.

әл-Фараби ізімен

Түркістан – Отырар төбелері – Арыстанбап

Іздену сапарлары

Таяу шығыс саяхаты

Омиядтар мешіті

Музей, кесене, сарай

Пальмира саяхаты

Бейбарыс қамалы. Крак де Шевалье

Пальмира – Тадмор – Зенубия

Бабаның мәңгі мекені. Баб ас-Сағир зираты

Қоштасу кеші

Ливан жерінде

«Китаб ал-мусики ал-Кабир»

Сапардың жалғасы

Жаңа бастау

Ұлы ұстаздың өмірбаяны

Әл-Фарабиден үлгі

II бөлім.

Ұлы ұстаз Абай

Екі ұстаздың бас қосқан жері

Ғалам бақыс хикаясынан

Мәдениет тарихынан
III бөлім.
Бабалардан бата
Абай үшкілі
Әл-Фараби үшкілі және оның Абай үшкілімен байланысы
Ғалами келісім жолында
Ыдырыстан ғибрат
Ибраһимнен ғибрат
Тұран даласында
Өлшеуін білмек ғылымның асыл тегі
IV бөлім.
Абай – азат ойшыл
V бөлім
Әл-Фараби мен Абай
Фарыздар және Абай
Түсініктер

XLIV том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLIV том. Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық төртінші томында профессор А.Б. Салқынбайдың «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» еңбегі берілді. Зерттеуде Абай поэзиясындағы сөз мағынасы мен мәні мәдени-танымдық бағытта сараланып, лебіздің лингвопоэтикалық сыры зерттеледі. Көркем мәтін семантикалық кеңістігінің негізгі әмбебап сипаты «адам», «уақыт», «кеңістік» тұрғысынан талданып, мәтін мәнінің терең динамикасы, мәтін бүтіндігі мен даралығы айқындалады.

Еңбек студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

Мазмұны:

Үзік сөз

Сөз – Алладан шыққан бу (Шаһкәрім)

Мәтін мәнінің терең динамикасы

Мәтіннің мәндік құрылымы

Қазақ өлеңіндегі «бағалау» концепті

Бағалау және таным

Мәтін семантикасы

Мәтіннің семантикалық кеңістігі: бүтіндік пен даралық

Лебіздегі мән мен мағына

Теріске шығарудың мәні немесе «адам болам десеңіз» концепциясы

Адамды орталық нысан еткен бағыт

Поэтикалық лебіз мазмұны мен мәні

Библиографиялық тізім

XLV том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLV том. Ойлар мен толғаныстар / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 254 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық бесінші томында Абайдың шығармашылығы, жаңашыл ойлары мен ағартушылық еңбегі туралы бір топ зерттеулер берілді. Оларда Абайдың шығармашылығы түрлі қырынан қарастырылып, Абайдың діншілдік, жаңашылдық, ағартушылық көзқарастары мен ойлары талданады.

Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы, ізденуші жастарға және көпшілікке арналған.

Мазмұны:

Әбдімәлік Нысанбаев. Абайдың онтологиясы

Бақыт Ғабдуллин. Абай Құнанбаевтың дін туралы ойлары

Гауһар Барлыбасва. Абай – қазақ рухының жаршысы

Күлзада Шаймерденова. Абайдың ағартушылық көзқарасындағы жаңашылдық

Совет-Хан Ғаббасов. Абай еңбектерінің адамзаттық мәні

Орақ Алиев. Абайға апарар жол. Бейкәсіби абайтанушының ойтолғауы

Еркін Байдаров. Абай және джадидизм: Орталық Азия ойшылдары мұрасындағы білім мен сенім бірлігі

XLVI том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLVI том / Ж. Шойынбет. Абай қара сөздерінің ерекшеліктері; Б. Байғалиев. Абай өмірбаяны архив деректерінде / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 228 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық алтыншы томында Абай қарасөздерінің ерекшеліктері, Абайдың өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты архивтік деректер берілді.

Абай қара сөздерінің жанрлық, стильдік болмысы бүгінгі таным тұрғысынан абайтану саласындағы қол жеткен жетістіктерге сүйене отырып, өзіндік таным тұрғысынан зерттеліп, жаңаша әрі тың ой пікірлер – еңбектің ғылыми ауқымын кеңейтіп, соны қабаттарын аша түскен.

Еңбек студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

Мазмұны:

Алғы сөз

Шойынбет Ж. Абай қарасөздерінің ерекшеліктері

Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде

XLVII том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLVII том / Қасым А. Абай және парсы әдебиеті / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 212 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық жетінші томында А. Қасымның «Абай және парсы әдебиеті» еңбегі берілді. Зерттеуде Абай мен классикалық парсы әдебиеті ақындарының шығармалары тақырып үндестіктері, идея, композиция, сюжет, бейнелілік ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылып, Абай мен парсы ақындарының лирикалық өлеңдеріндегі табиғат, философиялық-дидактикалық, адамгершілік-имандылық және ғашықтық тақырыптағы жырларының үндестіктері мен өзгешеліктері сараланды. Абайдың «Ескендір» поэмасы парсы тіліндегі нұсқалармен, «Әзім әңгімесі» мен «Масғұт» поэмалары фольклорлық туынды «Мың бір түн» негізінде салыстырыла талданып, олардың сюжеттік ұқсастықтары мен өзгешеліктері, кейіпкерлерді бейнелеудегі ерекшеліктері жүйеленді.

Кітап зерттеушілерге, әдебиеттанушыларға, шығыстанушыларға, фольклортанушыларға, студенттер мен магистранттарға, Абай шығармашылығы мен парсы әдебиетіне қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

Мазмұны:

Алғы сөз

Айнаш Қасымның «Абай және парсы әдебиеті» монографиялық зерттеуі туралы

Кіріспе

Абай поэзиясындағы парсы әдебиетінің сарындары

Абай және парсы әдебиеті

Абай мен Рудаки поэзиясындағы табиғат лирикасы

Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой-сарындар

Абай мен Хафиз шығармашылығындағы жүректің әспеттелуі: ғашықтық тақырыбы

Абай поэмаларындағы шығыстық сарындар

Абайдың «Ескендір» поэмасы және парсы әдебиетіндегі «Ескендірнамалар»

«Әзім әңгімесі» поэмасының «Мың бір түн» ертегісімен және парсы ақындары шығармаларымен ұқсастықтары, ерекшеліктері

«Масғұт» поэмасындағы бас кейіпкер бейнесі, шығарманың сюжеті, идеясы

Қорытынды

Библиографиялық тізім

Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты

Резюме

Summary

XLVIII том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLVIII том / Д. Досжан. Абай айнасы / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 384 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық сегізінші томында Д. Досжанның «Абай айнасы» еңбегі берілді. Еңбектегі Абай әлемі – жанның тамағы, жанның жарығы, жүрек сауыты, ақыл қыры, адам саумақ, жүрек айнасы, жан қуаты секілді таным сипаттарына еніп, ақын рухымен іштей шүйіркелесу. Әрі Абай өмірінің ақтаңдақ тұстарын соңғы кезде табылған Тұрағұл, Кәкітай, Ахат деректерімен өрнектеу. Жанры жаңа заман биігінен ақын өміріндегі кезенді оқиғаларға табан тірей отырып, Абай болмысын ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу десе болады.

Кітап зерттеушілерге, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға Абай шығармашылығына қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

Мазмұны:

Бірінші тарау

Абайдың тұқым-тұяғы

Екінші тарау

Қырқыншы сөз үстіндегі сұхбат

Үшінші тарау

1898 жыл. Қастандық

Төртінші тарау

1880 жыл. Екі кісі боп бөлінген Абай

Бесінші тарау

1882 жыл. Абай діні

Алтыншы тарау

1885 жыл. Еуропаның есігі

Жетінші тарау

1887 жыл. Абай мен Пушкин

Сегізінші тарау

1886-88 жыл. Абай күлкісі. Сұлулыққа табыну

Тоғызыншы тарау

1893 жыл. Абай мен Байрон

Оныншы тарау

1895 жыл. Абай өкініші

Он бірінші тарау

1897 жыл. Ақылдың қыры

Он екінші тарау

1898 жыл. Өлеңдерім жиналсын

Он үшінші тарау

1900 жыл. Абай айнасы

Он төртінші тарау

1904 жыл. Отырып ауырған адам

Он бесінші тарау

1934 жыл. Тұрағұлдың мұңы

Библиографиялық тізім

XLIX том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLIX том / Х.Ж. Сүйіншәлиев. Абайдың қара сөздері / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық тоғызыншы томында Х.Ж. Сүйіншәлиевтің 1956 жылы жарық көрген «Абайдың қара сөздері» еңбегі берілді. Кітапта Абай қара сөздерінің мазмұны, түрі, стилі, тілі туралы мәселелер терең әрі жан-жақты зерттелген. Ақын творчествосын толық бейнесінде көрсету үшін оның алуан сырлы қара сөзді мұраларын әлі зерттей түсу – қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл ретте қолыңыздағы кітап осы саладағы тұңғыш қадам ретінде саналмақ.

Кітап студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

Мазмұны:

Бірінші бөлім.

Оқушының есіне

Бірінші тарау. Ұлы ақын – реалист

Екінші тарау. Абай қара сөздерінің текстологиясы мен зерттелуі туралы бір-екі сөз

Үшінші тарау. Абайдың қара сөздерінің тақырыбы мен идеялық мазмұны

Төртінші тарау. Абай прозасының түр, стиль, тіл ерекшеліктері

Қорытынды

Екінші бөлім. Мақалалар

Абайдың қара сөздері мен нақылдары

Абай Құнанбаев (1845-1904)

Үшінші бөлім. Автордың монографиясы туралы алғашқы пікірлер

Уахатов Б. Сәтті бастама

Дүйсенов М. Абайдың қара сөздері туралы еңбек

Сәрсекеев М. Абайдың прозалық сөздері

L том

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. L том. Ойлар мен толғаныстар / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 240 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-4948-0 (50-том)

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының елуінші томы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан», «Абай – рухани реформатор» атты мақалаларымен ашылған. Қазіргі филология ғылымдары саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан белгілі, көрнекті ғалымдардың Абай жылында жазылған және дайындалған зерттеулерінің таңдамалылары топтастырылды.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушыларына, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласында

ізденушілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ көпшілікке арналған.

Мазмұны:

1. Тоқасев Қ.-Ж.К. АБАЙ

1) Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

2) Абай – рухани реформатор

2. Жақып Б. Халқына сәуле шашқан жарық жұлдыз

3. Нұрышева Г. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... (Абайдың экзистенциализмі)

4. Дәдебаев Ж. Абайдың көркемдік әлемі

5. Қалижанов У. Абай ілімі

6. Ысқақұлы Д. Абай мұрасы – қазақ халқының рухани ұстыны

7. Салқынбай А. Абай даналығы және дала шындығы

8. Тарақов Ә. Абайдың шығармашылық мұраты

9. Тебегенов Т. Абай қара сөздерінің халықтық-педагогикалық маңызы

10. Қартаева А. Абайдың сөз өрнектері М. Әуезов әңгімелерінде

11. Мұсалы Л. Абайтану саласындағы ерекше екі құжат

12. Түсініктер

АБАЙТАНУ. АНТОЛОГИЯСЫ / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев (Алматы: Қазақ университеті, 2021. – I-X томдар) сериялық басылымының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған библиографиялық анықтамалық

I том

Абайтану антологиясы. Он томдық. I том. Ойлар мен толғаныстар, естеліктер / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымақын; жауапты ред. Б. Жақып; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 380 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антология Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Абай туралы мақаласымен ашылған.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Тоқаев Қ.-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз

Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев

Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны

Дулатов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев

Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі

Ысқақұлы К. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі

Жанатайұлы К. Абай туралы естелік әңгіме

Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы

Сейфуллин С. Ибраһим Құнанбайұлы (Абай) (1845-1904)

ақынның балалық шағы

Жансүгіров І. Абайдың сөз өрнегі

Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі (Абай туралы кітапшаның үзіндісі)

Тоғжанов Ғ. Абайдың ақындығы

Смайлов Е. Кемелгер Абай

Омаров І. Абай және қазақ мәдениеті

Сауранбаев Н. Абай – қазақ көркем әдебиетінің атасы

Мәметова Ә. Абай және шығыс әдебиеті

Кенжебаев Б. Абайдың қара сөздері

Бекқожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны

Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында

Мүсірепов Ғ. Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны

Қаратаев. М. Абайды армандасак
Нұрғазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев (1845-1904)
Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы
Шалабаев Б. Абай мен Пушкин
Қирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі
Қабдолов З. Абайдың ақындығы
Кәкішев Т. Абайдың сатирасы
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?
Қожақеев Т. Абай – сатирик
Әшімбаев С. Ақын жанын жабырқатқан жайлар
Сейдімбаев А. Абай және ренессанс
Түсініктер

II том

Абайтану антологиясы. Он томдық. II том. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография. Мақалалар / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымқын; жауапты ред. Ә.Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 362 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның екінші томына академик М. Әуезовтің Абай Құнанбаев туралы монографиялық еңбегі және жекелеген зерттеу мақалалары енді. Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны
Кіріспе
Абайды тану
Абайдың өмірбаяны
Абайдың жас шағындағы шығармалары
Абайдың лирикасы
Абайдың поэмалары
Абайдың аудармалары
Абайдың қара сөздері

Ақылбай (1861-1904) шығармалары туралы
Мағауияның (1870-1904) шығармалары
Көкбайдың ақындығы
Мақалалар
Абайдың туысы мен өмірі
Абай ақындығының айналасы
Орыс классиктері мен Абай
Абайдың өмірі мен еңбегі (Ұлы ақынның 100 жылдық юбилейіне жасаған баяндама)
Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904)
Өмірі мен творчествосы
Қазақ халқының ұлы ақыны
Түсініктер

III том

Абайтану антологиясы. Он томдық. III том. Мұқанов С. Абай Құнанбаев. Монография. Жұмалиев Қ. Абай поэзиясының тілі. Монография / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымқын; жауапты ред. А. Жақсылықов; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 366 б.

«Абайтану антологиясы» – эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның үшінші томына С. Мұқановтың «Абай Құнанбаев» және Қ. Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты монографиялық еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Мұқанов С. Абай Құнанбаев

Кіріспе орнына

I тарау. Абайды тану туралы

II тарау. Абайдың ата тегі

III тарау. Абайдың өмірі

IV тарау. Абайдың дүниеге көзқарасы

V тарау. Абай және қазақ өмірі

VI тарау. Абайдың әдебиетке көзқарасы және

ақындық шеберлігі

Жұмалиев Қ. Абай поэзиясының тілі

I тарау. Түсіндірме

- II тарау. Поэтик тілдің қазақ өміріндегі орны мен мәні
- III тарау. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі
- IV тарау. Абай сөздіктерінің әртүрлі салалары
- V тарау. Абай өлеңдеріндегі өзінің тура мағынасында қолданылатын сөздер
- VI тарау. Абай өлеңдеріндегі эпитет және оның түрлері
- VII тарау. Теңеу, оның Абай өлеңдеріндегі түрлері
- VIII тарау. Абай өлеңдеріндегі ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер (тропы)
- IX тарау. Абай өлеңдеріндегі ирония, сарказм, гипербола (әсірелеу) және литота
- X тарау. Абай өлеңдеріндегі фигура және олардың түрлері. Абайға тән кейбір ерекшеліктер
- XI тарау. Абай – қазақтың бірінші психолог ақыны
- XV тарау. Қазақтың әдебиетін және әдебиет тілін дамыту, ілгерілетудегі Абайдың тарихи мәні (Қорытынды)
- Үзінділер алынған материалдар
- Түсініктер

IV том

Абайтану антологиясы. Он томдық. IV том. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Монография. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Монография / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л.Мұсалы, Б.Даутова, Г.Қасымқын; жауапты ред. А.Темірболат; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 380 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның төртінші томына А.Машановтың «Әл-Фараби және Абай» және Қ.Мұхамедхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты монографиялық еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Машанов А. Әл-Фараби және Абай

I бөлім

әл-Фараби ізімен

Түркістан – Отырар төбелері – Арыстанбап

Іздену сапарлары

Таяу шығыс саяхаты
Бабаның мәңгі мекені. Баб ас-Сағир зираты
Қоштасу кеші
Ливан жерінде
«Китаб ал-муסיқи ал-Кабир»
Сапардың жалғасы
Жаңа бастау
Ұлы ұстаздың өмірбаяны
Әл-Фарабиден үлгі
II бөлім
Ұлы ұстаз Абай
Екі ұстаздың бас қосқан жері
Ғалам бақыс хикаясынан
Мәдениет тарихынан
III бөлім
Бабалардан бата
Абай үшкілі
Әл-Фараби үшкілі және оның Абай үшкілімен байланысы
Ғалами келісім жолында
Ыдырыстан ғибрат
Ибраһимнен ғибрат
Тұран даласында
Өлшеуін білмек ғылымның асыл тегі
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында
Бірінші бөлім. Абай шығармаларының
текстологиясы жайында
Екінші бөлім. Абай шығармаларына
ғылыми түсініктемелер
Түсініктер

V том

Абайтану антологиясы. Он томдық. V том. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Монография. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Монография / Бас редакторы Ж.К. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымқын; жауапты ред. Д. Ысқақов; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 416 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның бесінші томына Т.Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» және З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиялық еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан.

Өмірбаяны, өскен ортасы

Абай өмірі – ғажап өмір

Қайталанбас табиғилық

Абайдың эстетикасы

Өлерде өсиетін, өлеңде шынын айтады

Абайдың кейінгіге қалдырған үш дастаны

Ысылған реалистік аударма

Мазмұн мен түр

Музыкалық туындылары

Абайдың ғақлиясы

Тіл табиғаты

Зерттеу, тану, бағалау

Деректер, естеліктер

Абай – қазақ елінің көш бастаушысы, көрегені

Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі

Аңдату

Абайтану белестері

Ақын тұлғасы, адамгершілік мақсат-мұраты

Әлеуметтік әуендер

Сыншылдық та сыншылдық

Ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлар

Сыршыл көңіл мұңаймас

Махаббат сарындары, сұлулық сымбаты

Табиғат көріністері

Ойшылдық сарын, шеберлік қырлары

Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар

Жолға жол жалғасады (Орыс классиктерімен үндестік сарындары)

Тіл бейнелілігі

Өлең өрнектері

Поэмалардың сыр-сипаты

Қарасөздер: тақырыптық, жанрлық өзгешеліктері

Дәстүр жалғастығы

Текстология жайынды бірер сөз

Сөз соңы

Түсініктер

VI том

Абайтану антологиясы. Он томдық. VI том. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Монография. Ысмағұлов Ж. Абай. Даналық дәрістері. Монография / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымақын; жауапты ред. Б. Жақып; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 378 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның алтыншы томына А.Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» және Ж. Ысмағұловтың «Абай. Даналық дәрістері» атты монографиялық еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі

Сөз басы

Абай шығармашылығының дәстүрлік және жаңашылдық сипаттары

Абай тұсындағы ақындар

Абай дәстүрінің арнасында

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы

Соңғы сөз

Ысмағұлов Ж. Абай. Даналық дәрістері

Абай – өз заманының жыршысы (Алғы сөз орнына)

Қалың елім, қазағым

Адам болам десеңіз

Өлең – сөздің патшасы

Қара сөз қисындары

Даналық тағылымы

Түйін (Соңғы сөз орнына)

Түсініктер

VII том

Абайтану антологиясы. Он томдық. VII том. Мырзахметұлы М. Абай: толық адам ілімі. Монография. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы. Монография / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымақын; жауапты ред.

Ә. Тарақ; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 382 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның жетінші томына М. Мырзахметұлы «Абай: толық адам ілімі» және Р. Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы» атты монографиялық еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Мырзахметұлы М. Абай: толық адам ілімі

Абай: «толық адам» ілімі

Кіріспе

Абайтану тарихынан қысқаша шолу

Абайтанудың М. Әуезов дәуірінен кейінгі даму жолы

Абайдың «толық адам» ілімі

Абай, Шәкәрім, Мағжан мұрасындағы жантану ілімі

Абай дүниетанымын танып-білу жолындағы түбірлі өзгерістер

Қорытынды

Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы

Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы

Алғы сөз

I тарау. Абай – қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы

Абай өмір сүрген дәуір мен орта

Абай және қазақ әдеби тілі

Абай және «кітаби тіл»

Абай – жаңа жазба әдеби тілдің негізін салушы

II тарау. Абай шығармалары тілінің лексикасы

Зерттеу объектіміз туралы

Абай шығармалары сөздігінің тілдік қабаттары

Араб-парсы сөздері

Орыс сөздері (русизмдер)

Қазақтың төл сөздері

Абай шығармалары тіліндегі көне сөздер (архаизмдер мен историзмдер)

Абай шығармалары тіліндегі жаңа сөздер (неологизмдер)

Абай лексикасындағы сөздердің тематикалық сериялары

Қоғамның әлеуметтік құрылысы мен әкімшілік системасына қатысты сөздер

Сот-заң істеріне қатысты сөздер
Экономикалық қарым-қатынасқа қатысты сөздер
Сауда-саттыққа қатысты сөздер
III тарау. Абай шығармалары тілінің грамматикалық сипаты
Сөз жасау тәсілдері
Кейбір морфологиялық тұлғалардың қызметі
Шартты рай тұлғасының керек сөзімен тіркесі
Ортақ етіс тұлғасының көптік категорияны білдіруі
Кейбір морфологиялық тұлғалардың сыртқы формасы
жағынан варианттылығы
Кейбір етістіктердің сөздерді меңгеруіндегі ерекшеліктері
Кітаби тілдік (шағатайша) морфологиялық тәсілдер
Абай прозасының синтаксистік құрылысы
Соңғы сөз
Қосымшалар
Библиографиялық тізім
Түсініктер

VIII том

Абайтану антологиясы. Он томдық. VIII том. Сүйіншалиев Х. Абайдың кара сөздері. Монография. Әуезова Л. Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері. Монография / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымқын; жауапты ред. А. Темірболат; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 418 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның сегізінші томына Х. Сүйіншалиевтің «Абайдың кара сөздері» және Л. Әуезованың «Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері» зерттеу еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Сүйіншалиев Х. Абайдың кара сөздері

Оқушының есіне

Бірінші тарау. Ұлы ақын – Реалист

Екінші тарау. Абай кара сөздерінің текстологиясы мен зерттелуі туралы бір-екі сөз

Үшінші тарау. Абайдың қара сөздерінің тақырыбы мен идеялық мазмұны
Төртінші тарау. Абай прозасының түр, стиль, тіл ерекшеліктері
Қорытынды
Екінші бөлім. Мақалалар. Абайдың қара сөздері мен нақылдары
Абай Құнанбаев (1845-1904)
Үшінші бөлім. Автордың монографиясы туралы алғашқы пікірлер
Бекмұрат Уахатов. Сәтті бастама
Мырзабек Дүйсенов. Абайдың қара сөздері туралы еңбек түсініктер
мазмұны
Медеу Сәрсекеев. Абайдың прозалық сөздері
Әуезова Л. Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының
мәселелері
Кіріспе
I тарау. «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи өмір шындығы
II тарау. Екі ғасыр межесіндегі Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық
өзгерістері және олардың эпопеяда бейнеленуі
III тарау. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы
IV тарау. Абайдың саяси жер аударылған орыс достары
Қорытынды
Түсініктер

IX том

Абайтану антологиясы. Он томдық. IX том. Ж. Дәдебаев «Абайдың антропологизмі» Монография. Ә. Тарақов «Абайдың аудармашылық таланты» Монография / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымақын; жауапты ред. А. Темірболат; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 396 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның тоғызыншы томына Ж. Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» және Ә. Тарақовтың «Абайдың аудармашылық таланты» атты монографиялық еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі

Кіріспе

Бірінші тарау. Адам келбеті һәм заман сипаты

(жалпы пайымдаулар)
Екінші тарау. Жан мен тән
Үшінші тарау. Ақыл
Төртінші тарау. Қайрат
Бесінші тарау. Махаббат
Алтыншы тарау. Абай және құран
Жетінші тарау. Адамның бес асыл ісі
Сегізінші тарау. Адамның бес дұшпаны
Тоғызыншы тарау. Ақындық дүниетаным
Оныншы тарау. Мән мен мағына поэтикасы
Қорытынды
Тарақов Ә. Абайдың аудармашылық таланты
Кіріспе
Бірінші тарау. Асыл сырлар, жасын жырлар
Екінші тарау. Батыс классикасы және Абай аудармалары
Үшінші тарау. Батыс пен Шығыс сабақтастығы
Қорытынды
Әдебиеттер
Түсініктер

Х том

Абайтану антологиясы. Он томдық. Х том. Ойлар мен толғаныстар / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев; құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымқын; жауапты ред. Д. Ысқақов; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 362 б.

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның оныншы томына абайтану бойынша жарияланған танымдық-тарихи маңызы бар, пәнаралық сипаттағы ғылыми-зерттеу мақалалары енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары колледжде, жоғары мектепте білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, ғылым мен білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

Мазмұны

Түймебаев Ж.Қ. «Абайтану антологиясы» – Абайтану тарихындағы зор жетістік

Тасмағамбетов И. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы

Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға

Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы

Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі
Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә., Абай дүниетанымының қайнар көздері және
философиясының жалпы мәселелері
Медетбеков Т. Менің Абайым!
Сейітжанов З. Абай мен Ақыт
Мәдібаева Қ. Абайдың қазақ әдеби тілінің дамуындағы еңбегі
Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы
Ерзакович Б. Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі
Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі
Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы
Қабдолов З. Абай һәм Әуезов
Нұршайықов Ә. Шұғылалы шумақтар
Ғабдуллин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек
Бердібаев Р. Кемеңгерлік келбеті
Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы
Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыңы
Сахариев Б. Өшпес мұра
Елеукенов Е. Абайдың эпистолярлық романы аударма ма, төлтума ма?
Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті
Орынбеков М. Абайдың әлеуметті философиясының мәдени-тарихи және
дүниетанымдық алғышарттары
Бельгер Г. Абай мен Гете
Егеубаев А. Адамшылықтың алды – ар, ақыл
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі
Түсініктер

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Жанғара Дәдебаев, филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғылыми жоба жетекшісі, бас ғылыми қызметкер.

Дандай Ысқақұлы, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ғылыми жоба орындаушысы, жетекші ғылыми қызметкер.

Қанипаш Қайсақызы Мәдібаева, филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, ғылыми жоба орындаушысы, жетекші ғылыми қызметкер.

Сәуле Бейсентайқызы Жусанбаева, филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ғылыми жоба орындаушысы, аға ғылыми қызметкер.

Раушан Мәмиқызы Әбдіқұлова, филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры м.а., ғылыми жоба орындаушысы, аға ғылыми қызметкер.

Ләйла Жұматайқызы Мұсалы, филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры м.а., ғылыми жоба орындаушысы, аға ғылыми қызметкер.

Бибігүл Дәулетқызы Даутова, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, ғылыми жоба орындаушысы, кіші ғылыми қызметкер.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе -----	3
Бірінші тарау. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері -----	6
Екінші тарау. Абайдың таксономиясы (Абайдың білім концепциясындағы танымдық үдерістердің иерархиялық жүйесі)-----	52
Үшінші тарау. Абайға абай болайық -----	75
Төртінші тарау. Абайды білу мен түсінудің дерекнамалық негізі -----	105
Бесінші тарау. Абай шығармашылығын оқу мен оқытудың, білу мен түсінудің дидактикалық тетіктері-----	127
Алтыншы тарау. Абай ілімі: герменевтикалық аспектілері -----	170
Жетінші тарау. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы бернелеу мен бейнелеу: қабылдау, түсіну, зерделеу мәселелері -----	192
Сегізінші тарау. Абай өлеңдеріндегі хроноптоптың қызметі мен поэтикасы -----	205
Қорытынды -----	226
Бірінші тарауға қосымша. Модельдер -----	229
Қосымша. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» (XXXVI-L томдар) сериялық басылымының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған библиографиялық анықтамалық -----	234
«Абайтану антологиясы» / Бас редакторы Ж.Қ. Түймебаев (Алматы: Қазақ университеті, 2021. – I-X томдар) сериялық басылымының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған библиографиялық анықтамалық -----	249
Авторлар туралы мәліметтер -----	261

Ғылыми басылым

АБАЙДЫҢ ТАКСОНОМИЯСЫ

Білу, түсіну және қолдану

Абай институтының
электрондық басылымдары
1-том

АБ 01

Жариялауға 28.09.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84/16.
Көлемі 16,4 б.т. Электрондық басылым. Тапсырыс №01.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай институты, 050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

